

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ

АЗАМАТЫМ –  
АСҚАРЫМ

**Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ**

**АЗАМАТЫМ –  
АСҚАРЫМ**

**Қарағанды, 2013 ж.**

**ЖАНЫСБАЙ Сүйіндік.**

**«Азаматым – асқарым».**

Қарағанды: «Tengri ltd.» баспасы. 2013 ж. 268 бет.

**ISBN 978-601-7449-21-6**

Бұл кітапқа белгілі қаламгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Сүйіндік Жұмабайұлы Жанысбайдың әр жылдары Арқаның асқар азаматтары туралы жазған шығармалары енгізіліп отыр. Автор бұл жинақта облысымыздың белгілі ұстаздары мен еңбеккерлері, әр түрлі мамандық иелері, майдангерлер туралы портреттік жазбалары мен сұхбаттарын топтастырған.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналады.

УДК 821 512.122

ББК 84(5 Қаз)-4


ISBN 978-601-7449-21-6


©Жанысбай С. 2013.

**Бірінші бөлім**

-----

**ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЛҒАН  
ЖАЛЫҚПАС**





## ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ІСКЕР БАСШЫ

Өмірде өзінің еңбегімен, карапайым мінезімен жұртшылықты баурап тұратын жандар болады. Солардың бірі, Саран педагогикалық училищесін үзіліссіз ширек ғасырға жуық басқарған Қабдырахман Әбікенов ағамыз. Қабекенді елдің, сол кездегі Абай атындағы Қарағанды педагогикалық училищесі ұжымының қалай құрмет тұтатындығын осында

да бір жылдай сурет және сызу пәнінің мұғалімі болып қызмет істегенімде өз көзіммен көрдім.

Осы педучилищенің қазақ бөлімшесінде сурет және сызу пәнінің мұғалімі жоқ екендігін естіп, сол кездегі директоры В.Кепке жолығып едім, қарсы болған жоқ.

– Өтініш жаз да, Қабдырахман Әбікеновтың қол қойдыртып әкел, – деді.

Ол кезде училищеде қазақ, орыс және неміс бөлімшелері болатын. Қазақ бөлімінің меңгерушісі Қабекен еді.

Келдім. Ол кісі бетіме қарап отырды да, өтінішіме қол қойып берін:

– Жұмысыңды жақсылап істе. Тиянақты бол, – деп ақылы айтып. Осы сөздің өзі мені біраз марқайтып тастады.

Училище директорының Қабекенді қатты сыйлайтындығын, қандай да бір шаруа болмасын ол кісімен ақылдасып істейтіндігін байқадым. Оқу орнындағы мұғалімдердің барлығы да Қабекенді қадір тұтып жүретін. Директор бір жаққа іссапарға кеткенде орнына Қабекенді қалдыратын. Қазақ бөлімшесінің меңгерушісі ретінде сабағым да үнемі қатысып, сабақтап соң оның қалай өткендігін талқылайды, өзінің ой-пікірін айтып, кеңес беріп отырады.

Қабекеннің ауылдан келген балалардың хал-жағдайын сұрап, оларға қамқорлық жасап отыратындығын ерекше атауға тұрарлық. Кешкілік уақытта жатақхананы аралап, оқушылардың тұрмыс-тіршілігін көріп жүретін. Көзге түскен кемшіліктерді көрсете отырып, әрқашан салиқалы сабырмен айтқан ақылын оқушылар қабыл алып, кейде өрескел қылықтарын ескерткенде өздері қысылып, екінші қайталамауға сөз беретін. Сонымен қоса, қаланың басбұзарларының ауылдан келген жатақхана тұрғындарын мазалайтын әрекеттері болады, балаларды солардан да қорғайтын, ондай әрекеттерге жол бермейтін.

Қабекен осы оқу орнында, бұрынғы Қарқаралы педтехникумында, Бесоба аулындағы жетіжылдық мектепті бітіріп келген соң шәкірт болып бастап, оқу орнын үздік бітіреді. Одан соң Қарағандыдағы екіжылдық мұғалімдер институтын тәмамдайды. Содан бастап бүкіл ғұмыры мұғалімдікпен, бала тәрбиесімен өтсді. Әуелі Жезді

ауданындағы бір ауылда, одан соң Павлодар облысының Май ауданындағы бір мектепте мұғалім болады. Оқуын одан әрі жалғастыруды ойлап, 1951 жылы Алматыға келіп. ҚазМУ-дың биология факультетіне түседі. Оны бітірген соң қайтадан өзінің Қарқаралысына келіп, педучилищеде ұстаздық қызметін жалғастырады. Сол жылы оқу орны Саран қаласына ауыстырылғанда Қабекен де осында келеді. Сөйтіп, бір орында қызметін мұғалім болып бастаған ол табанды еңбегінің арқасында кейін оқу ісінің меңгерушісі, бөлім меңгерушісі, директордың орынбасары, одан соң директоры болып барлық жолдан өтеді.

Қабекен қызметке келген сәттен бастап іскерлігімен көзге түседі. Кейін осы оқу орнының басшысы болған кезде училище көптеген жоғары табыстарға ие болды. Бұрынғы беделі одан да зорайып, жұртшылық арасындағы кәдір-қасиеті арта түсті. Сөйтіп, Абай атындағы Саран педагогикалық училищесін үзбей 23 жыл бойы басқарды. Қиындықтардың барлығын жеңе отырып, жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Мәселен, оқу орны 1970 жылы «Таңдаулы халық университеті» дипломымен, 1972 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен, 1977 жылы БЛКЖО Орталық комитеті мен Кәсіподақтары Орталық Кеңесінің және КСРО Оқу министрлігі мен Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 1979 жылы училище Кеңес Одағындағы 481 педучилищенің ішінде өзара жарыста бірінші орынға шығып, ауыспалы Қызыл туды жеңіп алды. Осылардың барлығы Қабекеннің іскер басшылығының арқасы деуіміз керек.

Бұрын КСРО және Қазақ КСР-і оқу-ағарту ісінің үздігі болса, 1980 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі атанды. 1996 жылы Саран қаласының Құрметті азаматы болды. Бірнеше мәрте қалалық Кеңестің депутаттығына

сайланды. Тыл ардагері және білім беру саласының ардагері ретінде Саран қаласындағы басқа да қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Он жыл бойы Қазақстан Оқу министрлігінің инспекторлар тобында болып, Республикамыздағы педагогикалық училищелерді тексеру және бақылау жұмыстарына белсене араласты. «Құрмет белгісі» орденінің иегері және басқа да үкіметтік марапаттаулары бір басына жетерлік.

Бүгінгі күні облысымыздағы байырғы оқу орны Саран гуманитарлық-техникалық колледжіне 90 жыл толып отырған болса, соның жарты ғасырдан астам өмір жолында Қабдырахман Әбікенұлы Әбікеновтің қалдырған ізі сайрап жатыр. Негізі осы оқу орныш Қабекенсіз көзге елестету мүмкін емес.

Қазіргі кезде Қабекеннің алдынан дәріс алған, білім нәріне сусындап, ол кісінің тәлімді тәрбиесін көрген, кең байтақ Отанымыздың түкпір-түкпірінде әр салада еңбек етіп жатқан шәкірттері (құрметті демалысқа шыққандары да бар) әлі күнге дейін ауыздарынан тастамай айтып отырады, өздерінің үлкен өмірге қанат қағуына жол сілтеген ұстаз ретінде бағалайды.

Оқу орнының басынан нелер қиындықтар да өтті. Сонау жетпісінші жылдардың басында, қалаларда да, ауылдық жерлерде де қазақ мектептері азая бастаған шақта училищенің қазақ бөлімі жабылып қала жаздап, оған оқушылар қабылдауға шек қойылған кез де болған. Кейбір осындай оқу орындарының басшылары сияқты қолын бір сілтеп, «өзіме тиіспесе болды» деп тып-тыныш жүре берген жоқ. Қабекен қарап отырмады, тиісті жерлерге барып, көптеген есіктерді ашып, қазақ бөлімінің жұмысын бұрынғы қалпына келтіруге тырысты. Сондай мақсатпен Оқу министрлігіне сан рет ат басын тіреді. Ақыры қазақ бөлімінің қайта қатарға қосылуына ерекше еңбек сіңірді.



Сонау бір қиын-қыстау шақта жабылып қалған Саран резина-техникалық бұйымдары зауытының химия-технология училищесі мен педагогикалық училищесі қосып, Саран гуманитарлық-техникалық колледжі деп атады. Бұл уақытта қайта құрылған оқу орнына сол химия-технология училищесінде директор болған, химия пәнінің мұғалімі Владимир Анатольевич Закомолкин басшы болып келді. Зейнеткерлік жастағы Қабекен сырттай оқыту бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды.

Осы кезде оқу орнынан Абай атының алынып қалуы қарт ұстаздың қабырғасына қатты батып, көкірегіне тікендей қадалған еді. Бұл іске де Қабекен бел шеше араласты. Ақыры оқу орны «Абай Құнанбаев атындағы Саран гуманитарлық-техникалық колледжі» деп аталатын болды. Сондағы ардагер ұстаздың қуанышының зор болғандығы сондай, оны айтып жеткізудің өзі онша оңайлыққа соқпас еді.

Қабекеннің үйіндегі өмірлік жары, еңбек жолын мұғалім болып бірге бастаған Күлмәш Жүнісқызы Өмірәлина да Қазақстан білім беру саласының үздігі. Ол кісі де көп жыл бойы осы Саран педагогикалық училищесінде қазақ тілі мен әдебиеті сабағынан дәріс берген ұлағатты ұстаз. Күлекен сабақ бере жүріп ұстаздықпен қоса оқушы жастардың, әсіресе қыз балалардың тәлім-тәрбие ісіне үлкен үлес қосқан жан екендігін де айта кетпеске болмайды. Сол кездердің өзінде Күлекенді ұстаздар ұжымы болсын, оқушылар қауымы болсын, тәлімді істері үшін ерекше құрмет тұтатын. Қазіргі уақытта колледждегі қазақ тілі кабинеті Күлмәш Өмірәлинаның есімімен аталады. Қос ұстаз үш бала тәрбиелеп өсірді. Олардың ішінде Нұргүл есімді қыздары ата-анасының жолын қуып, ұстаздық еңбекті қалаған. Қазір осы салада табысты қызмет атқаруда.

Бұл күнде білім беру саласының қос ардагері Қарағанды

қаласында тұрып жатыр. Бірақ, олардың өздері осында болғанымен, ой-қиялдары, ішкі жан-дүниелері әрқашан Сарандағы оқу орнымен ұштасып жататындығы сөзсіз. Бүкіл өмірлері өткен колледжде не болып жатқандығын күнделікті біліп, хабардар болып отырады. Жуырда әдейі келген Қабдырахман Әбікенұлы желтоқсан айының соңына қарай осы оқу орнына 90 жыл толатындығын мақтанышпен айтып кетті.

Сөйтіп, осы мақаланы облысымыздағы арнаулы орта білім беретін алғашқы оқу орны, заман талабына сай мамандар даярлап жатқан Саран гуманитарлық-техникалық колледжінің ұжымына, бір кездері осы оқу орнын басқарған, өмірі осы оқу орнымен біте қайнасқан қарт ұстаз Қабдырахман Әбікенұлына және ол кісінің отбасына деген ақ тілекпен аяқтағанды жөн көрдім.

**2012 ж.**

## БАСТАУЫШТЫҢ БІЛГІРІ



Әзиза апайымыздың атын Қарқаралы қаласындағы №1 қазақ орта мектебінде мұғалім болып жүргенінде естіген едік. Бұл кез ол кісінің атағы аспандап тұрған шағы болатын. Аудандық «Коммунизм таңы» газеті (кейін «Қарқаралы»), облыстық «Орталық Қазақстан» газеті, сол сияқты республикалық

«Қазақстан мұғалімі» газеті, «Бастауыш мектеп», «Қазақстан әйелдері» журналдары ол кісінің педагогикалық, әдістемелік тәжірибесін жарысып жазып тұратын. Бұған қоса Әзиза апамыздың өзінің мақалалары да жиі басылатын.

Әзиза Нағашыбаева апайымыз 1932 жылы елімізді аштық жайлаған, қиыншылық күндері Ақтоғай ауданының Ыстыбұлақ аулында (кейін «Еңбек» колхозы) дүниеге келген. Жасынан алғыр болып өскендіктен, орталау мектепті бітірген Әзизаны әкесі Қикым Қарқаралы педучилищесіне оқуға түсіреді. Оны 1950 жылы үздік бітірген соң Қарқаралы қаласындағы балалар кітапханасының меңгерушісі болып қалады. Сол жазда Айыпхан Жақатаевқа тұрмысқа шығып, Жамбыл аулының орталау мектебіне бастауыш

сынып мұғалімі болып барады. Содан 1955 жылы жұбайы Айыпханның ҚазПИ-ді бітірген соң Ақтоғай ауданына жолдама алуына байланысты, Ақтоғайдағы М.Горький атындағы №1 орта мектепке мұғалім болып келеді. Одан соң Айсекеңнің Ұлы Октябрьдің 40 жылдығы (кейін «Қызыларай») колхозындағы жетіжылдық мектепке директор болып ауысуына байланысты Өзкен анай да осында мұғалім болады. Бір жылдан соң мектеп онжылдық болып, №2 Қызыларай орта мектебі деп аталды.

Омір қанша да алға жылжумен болады ғой. 1961 жылы Ақтоғай аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып Айсекеңнің қызметі жоғарылағанда анайымыз қайтадан Ақтоғай селосына келіп, №1 мектепте ұстаздық етеді. Содан 1964 жылы отбастарымен Қарқаралы қаласына қоныс аударып, әуелі Қарқаралы мектеп-интернатында, одан соң аттай жиырма жыл 1968 жылдан 1988 жылға дейін №1 қазақ орта мектебінде жас ұрпақтың жанына білім нәрін құйып, тәрбие беру ісімен үзбей айналысады. Сол жылдан бастап құрметті демалыста.

Ұлағатты ұстаздық қызметпен үзбей айналысқан осы уақыт ішінде талай жетістіктерге ие болды. Республика мұғалімдерінің педагогикалық оқуларына қатысып, баяндамалар жасады, республика мұғалімдерінің V съезіне делегат болып қатысты. Көптеген алғыс хаттар мен Құрмет грамоталарына ие болды. Алған атақтарының өзі біртөбе. Солардың ішінде Қазақ «КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Әдіскер-мұғалім», «Аға мұғалім» сияқты атақтары ауыз толтырып айтуға тұрарлық. Сонымен қоса, Ы.Алтынсарин медалімен алғашқы марапатталғандардың бірі. Республикаға белгілі қарқаралылық педагог М.Жазыбаевпен бірігіп жазған «Бастауыш кластар үшін грамматикалық ойындар» атты кітабы 1981 жылы Алматыдағы «Мектеп» баспасы-

нан жарық көрді. Бұған қоса Әзкен апайдың өзі де көптеген әдістемелік мақалалар жазды. Олардың көпшілігі «Бастауыш мектеп» және «Қазақстан мектебі» журналдарында жарық көрді.

Әзиза Қиқымқызы Нағашбаеваның суреті облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтындағы Құрмет тақтасына (1976 ж.), одан соң облыстық партия комитеті мен халық депутаттары атқару комитетінің Құрмет тақтасына (1977 ж.) ілінді.

Бүгінде Әзкен апайдың алдын көрген, кезінде қолына қаламды қалай ұстауды үйреткен шәкірттері кең байтақ еліміздің түкпір-түкпірлерінде табысты еңбек етіп жатыр. Солардың алдының өзі зейнеткерлікке шыға бастады.

Құрметті демалысқа шыққан соң Айкөктер отбасы Қарағанды қаласына көшіп келген болатын. Әзкен апай мұнда да мектептен қол үзген жоқ. Ұлдары Тоқсаннан туған немерелері Айнұр мен Алтай оқыған №57 орта мектепте (қазір С.Саттаров атындағы лицей) ата-аналар комитетінің мүшесі болды. Өз немерелерін тәрбиелеумен қатар мектептегі қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты.

Бүгінде сексен жасты еңсерген мұғалім апайымыз ұлдары Тоқсан мен келіні Бақыттың қолында тұрып жатыр. Немерелері Айнұр мен Алтай «Болашақ» бағдарламасымен АҚШ-та оқып қайтты. Айнұр қазір Астанада медицина саласында еңбек етіп жатыр, Алтай үйленіп, жас келінмен бірге білімін көтеруге тағы да АҚШ-қа кетті. Амандық болса, бітіріп келеді. Енді Әзкен апайға осылардың қызығын көріп ортамызда жүре берсе екен деген тілегіміз бар.

**2012 ж.**

## ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ ЖОЛ



«Елу жылда ел жаңа» демекші, кеңес үкіметі кезінен бастау алып, еліміздің тәуелсіздігіне ие болған заманға ұласып жатқан жылдарда еңбек етіп жүрген. Қарағанды қаласындағы №77 МББК-ні физика пәнінің мұғалімі Төлеген Жұманшұлы Арқоновтың оқу-ағарту саласындағы еңбек жолына биыл 50 жыл толып отыр.

«Ұстаздық еткен жалықпас – үйретуден балаға» деген осы емес пе?! Өзінің ең бірінші еңбек жолын қарт ұстаз былай деп сабақтады:

1962 жыл болатын. Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетінің 3-курс студентімін. Бір күні мені факультет деканы Т.Келтенов шақырған соң келсем, Түрлекеннің жанында жасы 50-тер шамасындағы қазақ азаматы әңгімелесіп отыр екен. Түрлекен маған: «Кел, отыр. Мына азамат қаладағы Киров ауданындағы №20 жұмысшы-жастар кешкі мектебінің директоры. Мектепте физикадан сабақ беретін мұғалім жоқ екен, сенің фотосуретінді институт қабырғасындағы үздік оқытын студенттер ілінген тақтадан көріп, сені сұрап, маған келің деп салып отыр. Сен осы мектепке сабақ беруге бар, әрі

сабақ беруді үйренесің, әрі материалдық көмек болады», – деп сабақ беруге көндірді.

Сөйтін, студент-мұғалім мектепке сабақ беруге келсе, сынып толып отыр. Кешкі мектеп оқушылары шахтерлер, ірі кәсіпорындарда жұмыс істейтін жастар, орталарында сақалдылары да бар. Ол кездегі тәртіп бойынша, жастардың сабаққа қатысуы, сол жастар жұмыс істейтін мекеме басшыларының қатаң бақылауында болатын. Сабаққа қатыспағандарды ынталандыру сыйлығынан айырып қана қоймайды. жұмыстан шығаруға дейін шара қолданады. Мұндай жағдайда, мұғалімге деген талап жоғары болмақ. Мұғалім білімді болса, бұл талапты орындау жеңіл еді. Мектепте физика-математика пәнін жақсы меңгерген, институт қабырғасында өзіне сабақ берген ұстаздары Бану Құсайынова, Хадиша Қаратаева, Бекен Нұртазин, Сәлкен Балаубаев, Иемберген Омаров, Сухан Шәугімбековтерден дәріс алған студент жұмысшы-жастарға бар білімін жан аямай бере отырып, олардың ортасында құрметке ие болады. Соның нәтижесі болар, Төкең осы кешкі мектепте үздіксіз екі жыл, 5-курстың педагогикалық практикасына жіберілгенше жұмыс атқарды. Сол жұмысшы-жастардың көбі жоғары оқу орындарына түсіп, бітіріп, ел игілігіне қызмет жасады. Соның бір мысалы, осы №20 кешкі мектептің түлегі Қуан Нұрпейісов кешкі мектепті бітірген соң, ауыл шаруашылығы институтының зоотехникалық мамандығын алып, Егіндібұлақ ауданының аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас зоотехнигі болды, кейіннен совхоздың бастауыш партия ұйымын басқарды. Ал, кейіннен кешкі мектепті Төкеңнің алдынан бітірген Сайлау Білалов Социалистік Еңбек Ері болды, Іргебай Қожабаев «Еңбек Қызыл Ту», «Ленин», «Октябрь революциясы» ордендерімен марапатталды, Қазақ КСР-інің депутаты болып сайланды, бейнетінің зейнетін көрді.

– Кеңес Одағы кезіндегі студенттердің білімі сапалы болушы еді, – деді сөзін сабақтағын қарт ұстаз. – Педагогикалық институттың студенттерін мұғалімдік мамандыққа даярлау жоғары дәрежеде ұйымдастырылатын. Студенттерге институттың тәрбиеші мұғалімдері сабақ берудің неше түрлі әдіс-тәсілдерін, тәрбие бере отырып, өткізуді үйретті. Институттың 2-3 курс студенттерін сабақ беруге қала мектептеріне апарып, сабақ бергізетін. Бір студент мұғалім болып сабақ өткізсе, қалғандары институттың әдіскер мұғалімімен бірге тыңдаушы болып қатысағын. Бұдан соң сабақ «бақайшағына» дейін талданып, бес бағыдық жүйемен бағаланағын. Бір күні мынадай бір қызық оқиға болды, – дейді қарт ұстаз, осыдан 50 жыл бұрын болған бір оқиғаны ойына алып. – Топта бірге оқитын студент А.Куятинов сабақ өткізіп тұрған. Тәжірибе жасап тұрған студент, тоқ өткізгіш сымның сыртқы қабығын аршып алмай, оқушылардан бәкі сұрады. Бір оқушы жұлып алғандай: «Мұғалім, біз қалтамызға бәкі салып жүретін қожа емеспіз», – деп жауап бергені. Сыншыта қозғалыс, абыржушылық туды. Әйтеуір, сымның сырғып аршып, тәжірибе жасалынып, сабақ өтті. Өткен сабақты талдап, біздер өз бағаларымызды беріп жатырмыз. Сабақты соңынан қорытындылаған гүлама ғалым Сәлкен Балаубаев ағамыз: «Азамат, сенің өткізген сабағыңды екіге бағалап отырмын. Сен оқушылармен тәрбие жұмысын жүргізе алмадың. Бәкі туралы оқушының жауабына мән берген жоқсың». – деп түйіндеді де, бізге: «Сендер келешек мұғалімсіңдер, сабақ өткізуге бірінші – тәрбие, екінші – білім беру керек екенін ұмытпаңдар», – деген өсиеті оның алдын көрген мұғалімдерге үлгі-өнеге болды.

Міне, 1964 жылы институтты бітірген жас маманның жинақтаған тәжірибесі, оның әрі қарай нәтижелі жұмыс істеуіне үлкен бағдарлама болды. 1968 жылы оны Егіндібұлақ



ауданына бірінші хатшы болып келген Н.Садықов өзіне шақырып, аудандағы №182 кәсіптік-техникалық училищеге директор болып баруын өтінеді. «Кәсіптік-техникалық училище аудан басына совхоз орталығынан көшірілген. Директор болса басқа жердің адамы. Училище жылда бала қабылдау жоспарын орындамайды, екіншіден курсанттары сонау Ресейден жинап әкелінетін келімсектер. Оқу бітірген соң елдеріне кетіп қалады. Ал бізде механизатор-машинист кадрлары жетіспейді. Бала қабылдау жоспарын орындамасаң, училищені жабу керектігін облыстың кәсіптік-техникалық білім беру басқармасы күн тәртібіне қойып отыр», – деп бар шындықты жасырмай айтады.

– Мен келістім, – дейді Төкен. – Училищеге келсем, онда бір ғана шофер, завхоз, бухгалтер, бір тракторист қана бар. Басқа бірде-бір кадр жоқ. Балансындағы 20-25 техникадан тек кеудесін зорға сүйрететін бір-ақ МТЗ-50 тракторы ғана бар екен. Курсанттар оқитын орын, жататын жатақханалары жоқ. Қиын жағдай. Келген соң жұмыс істеу керек. Ең бірінші, таласып-тармасып жүріп оқу орнын таптық. Жатақхана етіп аудан орталығынан көшкен совхоздың әкімшілік үйін пайдалануға жараттық. Екінші, күрделі мәселе училищеге курсанттарды қабылдаудың қиындығынан шығу үшін, әрбір совхоздарда училищенің жеке филиалдарын ашып, оған совхозда мамандығы жоқ жастарды тартып, оқытуды аудандық партия комитетінің алдына нақты дәлелдермен ұсыныс жасап, келіскен соң, облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының бастығы П.Хлебовтың қолдауымен іс оңға басты. Осындай жолмен Ресейден жастарды әкелуге кететін қыруар қаржы үнемделді. Совхоз орталығында оқитын курсанттарға сабақ беруге, жоғары білімдері бар совхоздың инженерлері тартылды. Оларға кәсіптік-техникалық училище бюджетінен айлық төленіп отырды.

Біраз уақыт өткен соң училище базасында жеңіл автокөлік жүргізу курсы ашылады, ол облыстық автокөлік инспекциясынан тіркеуден өтеді. Курсқа совхоз директорлары мен бас мамандары қатыстырылып, автокөлік жүргізуге куәлік алған совхоз басшылары егін орағы кезіндегі мемлекеттің жеңіл автокөліктерін өздері жүргізін, босаған жүргізушілерді комбайн штурвалына отырғызады. Міне, осындай нәтижелі істердің арқасында ауданда механизатор-машинист жетіспеушілігі шешіледі. Егіндібұлақта салынған №182 кәсіптік-техникалық училищенің бірінші қазыып аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы П.Беркамалов, облыстық кәсіптік-техникалық білім басқармасының бастығы П.Хлебков пен училище директоры Т.Арқоновтар қаққан болатын. Қазір бұрынғы училище болып қалыптасқан оқу ордасы әлі сақталып отыр.

Тоқсз 1981 жылы аудандық білім беру бөліміне менгерушілік қызметке келгенде Қазақстанда қой санын 50 миллионға жеткізу туралы бастама кең өріс алған кез болатын. Осы жылы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ш.Қуанышев, аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы Т.Сартымбаевты, аудандық білім бөлімінің менгерушісі Т.Арқоновты, мектеп директорлары У.Әлжаппаров, Р.Исайынов, Ж.Смағұлов, Ж.Жарықовтарды Семей облысының Шұбарту ауданында ұйымдастырылған комсомол-жастар шопандар бригадасының іс-тәжірибесін үйренуге жібереді. Олар көріп қайтқандарын аудандық партия комитетіне хабарлап, қызу жұмыстар басталады. Мектеп бітірушілерді комсомол-жастардың шопандар бригадасын құруға шақырып, нәтижесінде комсомол-жастардың 32 шопандар бригадасы құрылады. Жастар 30 000-нан астам қой бағып, оларға төл ертті. Кезінде әлде біреулердің айтқанындай, мақсат қазақ баласын қойшы ету емес, олар-

ды еңбекке баулу болатын. Мектеп бітірушілер комсомол-жастардың шоңандар бригадасына 1-2 жылға ғана жіберіліп, ауыстырылып отырды. Оларға барлық жағдай жасалды. Жататын жер, ішетін тамақ, киетін киім талан-тілекке сай болды. Мектеп мұғалімдері, мектеп директоры бас болып, совхоздың автобусымен бригадаларға аптасына бір рет, демалыста қосымша сабақтар өткізіп, жоғары оқу орындарына түсуге даярлады. Оларға облыстық, республикалық комсомол комитетінен жоғары оқу орындарына конкурссыз түсуге жолдамалар берілді. Кейін бригада мүшелерінің көбі жоғары оқу орындарын бітірді. Олардың кейбірі республиканың әр жерінде әлі де қызмет атқарып жүр.

Кеңес Одағы тарап, нарық заманы келгенде де оқу бөлімінің меңгерушісі Төкең нарық талабын түсініп, оны орындауға бірден араласқан басшының бірі. Оқу бөлімінің жанынан «Береке» шағын кәсіпорнын ашып, совхоздан бір отар (700-800) қой қабылдап, ол малды асырап-сақтауға, оқу бөлімінің жанындағы оқу-өндірістік комбинатының техникасын пайдаланып, шөп шауып, егін егіп, картоп отырғызып, олардың өнімін арзан бағамен аудан мектептерінің мұғалімдеріне үлестіруді ұйымдастырды.

Тағы бір мәселе, кезінде ата-аналардың балабақшаға балаларын орналастыру қиыншылығын да Т.Арқонов шеше білген. Аудан бойынша тоғыз онжылдық мектепті мектеп-балабақша етіп қайыра құрып, мектепке 6 жастағы балаларды қабылдап, оларға жататын жер, тамақ ішетін асхана ұйымдастырды. Ата-аналардың балабақшаға деген сұранысын осылай шешеді.

Қарағандыға көшіп келген соң да Төкең өзі орналасқан №77 МББК-нің мұғалімдерін «Нұр Отан» партиясына мүшелікке тартып, «Нұр Отан» бастауыш партия ұйымын ұйымдастырды, оған өзі басшылық жасап келеді. Сайлау

наукандарында үлкен істер атқарып, №147 учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы болып, үздіксіз 10 жыл басқарды. Ал, мектептегі атқарған оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелі істерін қалалық білім басқармасы қала мектептеріне тарату туралы шешім де қабылданған. Кезінде (1984 жылы) Т.Арконовтың Егіндібұлақ ауданы мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмыстары Қазақ КСР Оқу министрлігі мен Республикалық оқу-методикалық кабинетінің қолдауымен «Мектеп реформасының талабына сай оқыту сапасын арттыруға арналған әдістемелік нұсқаулар» деген атпен жеке кітапша болып басылып шыққан. Тақауда Т.Арконовтың есімі Республикалық «Ғылым» баспасынан жарық көрген «Сердце отданное детям» кітабында да үздік мұғалімдер санатына енген. Сол сияқты «История среднего образования Карагандинской области в лицах (1936-2011 гг.)» кітабында Т.Арконовтың еңбек жолы көрсетілген. Қазір Төкең мектептің сыйлы да, қадірлі ұстазы. Бір сөзбен айтқанда ұстаздардың ұстазы. Қарт педагогтың үлгілі істері мен жүріп өткен жолы келешек жастарға зор үлгі боларлықтай.

**ЕСКЕРТУ:** Бұл мақала Төкеңнің ұстаздық еңбек жолын бастағанына 50 жыл толуына орай 1912 жылдың басында жазылған еді, мақала себепші болып, Төкең сол жылдың соңына қарай «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болды.

## БАҒДАТ ШЫҚҚАН БИКТЕР



Біз сонау алпысыншы жылдардың аяғында Қарағанды педагогикалық институтының филология факультетінде бірге оқыдық. Студенттік шақтың қызықтарын басымыздан бірге өткіздік. Сол кезде талдырмаш келген көзіндірікті аққұба қыз біздің топтың кәсіподақ ұйымына жетекші болып сайланды. Бұл кейін қаламыздағы бірталай білім ордаларында басшы болған Бағдат Бактиярқызы Қыстафина еді. Қарағандыда туып-өскен, сол кездегі саулы қазақ мектептерінің бірі болған №41 орта мектепті бітірген Бағдат ауыл мектептерінен келген біздерден гөрі орысшаға жетік еді. Қандай жұмыстарды болмасын ұйымдастыруда алғырлығымен көзге түсе білді.

Бірақ қала қызы болғанымен Бағдат қалада қала алмады. Өйткені, қала мектептеріне қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімдігіне орналасу ол кезде ең қиын мәселе болатын. Сондықтан қолына Нұра ауданына жолдама алып, еріксіз

жүре берді. Мұнда әуелі Байтуған ауылында мұғалім болды. Жоғары оқу орнын жаңа бітіріп келген жас маман ретінде талай бастамашылық идеялар таптыға білді. Гүденімпаздығымен, бастаған істі аяғына дейін жеткізе білетін табандылығымен, ой-өрісінің жоғарылығымен көзге түсті. Соған орай оны талай мектептерге жіберіп, олардың оқу-әдістемелік жұмыстарын жетілдіруіне мүмкіндік жасады. Бір сөзбен айтқанда. Нұрада жас ұстаздың алғашқы қадамы ғана басталған жоқ, сонымен қоса оның ұстаз ретінде қалыптасуы, дамуы да басталды.

Бағдат болса бұл кезде мектептің білімге үйрететін орта, оның жүрегі мұғалім екендігін, нағыз мұғалімдік кім көрінгеннің қолынан келе бермейтіндігін түсінген еді.

Оқу орнын бітіргеннен соң көрмеген курстасымызбен жолымыз Қарағанды қаласында қайтадан түйісті. Бұл кезде ол №92 гимназияда директор болып жүр еді. Көмірлі қаламызға 1980 жылы оралған ол Нұра ауданындағы бірталай мектепте ұстаздық қызмет атқарған соң Абай қаласында еңбек етіпті. Бұған дейін оның Қарағандыға келген соң бірнеше орыс мектебінде қазақ тілінен сабақ жүргізгендігін, №97 және №48 орта мектептерде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болғандығын білдім.

Орыс мектептерінде қазақ тілінен сабақ беріп жүрген Бағдат өзінің туған тілінің өз елінде көрген жетімдігін анық байқайды. Қазақ тіліне екінші сатыдағы тіл ретінде қарайды. Осылардың барлығы оның жан жүрегін жаралап, бойындағы бұла күшіне күш қосқандай әсер етті. Оның қазақ тіліне деген сүйіспеншілігі шексіз екендігін сол кездерде Алматы, Шымкент қалаларында өткен республикалық конференцияларда өз дәрежесінде көрсеткен еді. Кейін еліміз егемендігін алып, тәуелсіздікке қол жеткізген соң бойдағы сол бұла күштің ағыны тасқындағандай болды. Әуелі ол өзі

еңбек етіп жүрген №92 мектепті гимназияға айналдыруға күш салды. Одан соң оның таза қазақ гимназиясы етуге білек сыбаша кірісті. Ол арманына да табандылықпен қол жеткізді.

Біраз уақыт қалалық білім бөлімінде бас маман болып еңбек еткен соң оның іскерлігін пайдалану мақсатында №36 орта мектепке директор етіп жібереді. Бұл кезде ол орыс мектебі еді, тек қазақша бастауыш сыныптары ғана болатын. Келген бетте қазақша жоғары сыныптар ашты. Одан соң бірер жылдан кейін таза қазақ мектебіне айналдырды. Мектеп жаңынан балалар бақшасы тобын ұйымдастырды.

Қай жерде еңбек етсе де қашан да әріске жауапкершілікпен қарауды Бағдат алдына басты мақсат етіп қойды. Ол мақсатына жетіп те отырды.

Бағдат Бақтиярқызы мұндай мақсатқа өзінің табандылығының, мектептегі атқарылатын оқу және тәрбие жұмыстарын жақсы білгендігінің арқасында жетіп отырды.

Өзіне де, өзгеге де талап қоя біліп, жауапкершілікпен қарайтын бағдат көп жыл аудандық білім бөлімінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша әдіскері қызметін де абыроймен атқарып келеді.

Сондықтан да, ол Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі атанды, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыс және қала әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталды, қалалық білім бөлімінің әдіскері атанды.

Мектеп директоры болып жүрген кезінде мұғалімдерге қатаң талап қоя отырып, жекелей жұмыстар да жүргізді. Дауысын көтермей, ар-намысқа тимей, ізеттілікпен, орнықтылықпен айтқан ақылы жас мұғалімдердің жүрегіне жол тапты. Ешқашан да озбырлық, өктемдік жасамаған. Әріптестеріне әрқашан қорған бола білген. Сол үшін де оны мектеп ұжымы құрмет тұтады.

- Мектепке директор болып келгеннен бастап оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіруге, мұғалімдердің шығармашылықпен еңбек етуіне баса назар аударды. Мектептік материалдық базасын нығайтуды ешқашан естен шығарып көрген емес. Алғашқы күшпен бастап педагогикалық ұжым мен ата-аналар, оқушылар арасында осы ұстанымды жүзеге асыруға тырысты. Соның нәтижесінде мектебіміз бүгінде жұдырықтай жұмылған ұжымға айналды, – дейді №36 орта мектептің қазіргі директоры Сағтанаг Оразбайқызы.

Әкесі Бақтияр Ысқақұлы Қарағанды шахталарында кенші болған. Бірақ ол кісі дүниеден ерте өткендіктен. Бағдат бастаған тоңғы бала шешесі Мәраш Нұрмұхаметқызының бауырында өсіп, азамат болып ер жетеді. Бағдат осындай тәрбие берген анасына деген алғашқы алғысын арнаса, екінші алғысын өзінің нағашысы, бір кезде Одаққа мәлім болған ғалым, техника ғылымдарының докторы, Қарағанды политехникалық институтының (қазір университет) профессоры Асылхан Даптияровқа арнайды. Қарағанды пединститутының филология факультетіне түсіп, білім алуға кеңес берген, қамқорлық жасаған сол кісі екен. Сол сияқты Бағдаттың сүйікті жары, облысымыздың білім беру саласында сіңірген еңбегі зор ардагер ұстаз Қабылқарім Ахметқарімұлына деген ризашылығы да шексіз. Өйткені, қаламыздағы байырғы оқу орнының бірі Ш.Нұрмақов атындағы №2 мектеп-интернатта көп жыл директор болған Қабекен Бағдаттың да басшылық қызметіне үнемі кеңес беріп, ықпал етіп отырғаны сөзсіз.

Аяулы ана, асыл жар, бірнеше немереге әже болып отырған ұстаз, педагогикалық еңбектің ардагері Бағдат Бақтиярқызына зор денсаулық, еңбегіне мол табыс тілейміз.

**2009 ж.**



## ХАЛЫҚТЫҢ ҚАНАТЫ



Жаңаарқа ауданы жауырын жерге тимеген ағақты палуандарымен де ерекшеленеді. Оған мысал ретінде кешегі Иманжүсіп пен Битабар палуандарды атасақ та жетіп жатыр. Сол топырақта кіндік қаны тамып, атағы алты алашқа мәшһүр болған, қазақтан шыққан самбошылардың тұңғыш Әлем чемпионы Қанат Сайранұлы Байшолоқовты білмейтін адам кемде-кем. Оны кім деп сұрасаңыз – ағайынды палуан Байшолоқовтардың үлкені деген жауап естір едіңіз. Адамзаттың асылы Сәкен туған Иманәк тауышың бауырындағы Сәкен аулында бұл да дүниеге келген. Қарапайым еңбек адамдары Сайран мен Райханның отбасында, ағайынды тоғыз баланың ішіндегі бес ұлдың ең үлкені.

Қанат жас күнінен-ақ ширақ болып өседі, есін білген шақтан бастап-ақ әке-шешесінің қолғанаты болады.

Аудан орталығы Атасу кентіндегі Крупская атындағы орта мектепте оқыған Қанат «Жас сұңқар» спорт мектебіне де барып, спортпен айналысып, күреске шындалған шағының өзінде аты ауызға іліне бастады. Бұл кезде қазақ күресі мен самбо күресінен белгілі спортшылар, күрес майталмандары

Тайтөлеу Асқаров, Газым Жарылғашов, Диқанбай Битқозов, Бақтияр Жүнісовтер жас палуандарға дәріс беріп, жағтығу жүргізетін. Бұдан соң оның үш бірдей інісі Қанаттың соңына еріп, самбошы болып шықты. Бір үйден үш бірдей әлемді аузына қаратқан палуан шығуы ел арасында ерекше оқиға болып аталып жүрді. Кейіннен олардың саны бесеу болды. Сөйтіп, Қанат бастаған ағайынды Талғат, Жанат, Жасұлан, Жандос Байшолақовтардың жауырыны жерге тиіп көрген жоқ.

Қанат оныншы сыныпта оқып жүрген шағында Ташкент қаласында өткен «Динамо» спорт қоғамының Бүкілодақтық самбошылар жарысында үшінші орынға ие болып, КСРО спорт шеберінің нормасын орындайды.

Сол жылы орта мектепті бітірген Қанат ұстазы Диқанбай Битқозовтің батасын алып, майталман банкер Марат Жахитовтың шақыруымен Жамбыл қаласындағы гидромелиоративтік-құрылыс институтына оқуға түседі. Студент шақтың қызығы мол дәурен екендігі әмбеге аяп. Бірақ Қанат қызық қуып кетпей, әр күнін сабағына даярланып, тыңғылықты жаттығумен өткізеді. Сол кезде республикалық турнирге алғаш рет қатысқан ол Қазақстан Кубогын жеңіп алады. Жас палуанның алғашқы аяқалысын аңдаған белгілі бақкер Юрий Куропаткин Қанатты Қазақстанның құрама командасына қабылдайды. Осыдан бастап жас палуанның жарыс жолындағы, боз кілем үстіндегі бағы жана бастайды.

Ол ең әуелі 1980 жылы Ашхабадта жастар арасында өткен КСРО чемпионатында топ жарып, Испанияда өтетін Әлем чемпионатына жолдама алады. Осы жылы екі рет Одақ чемпионы атанады. 1981 жылы Испанияда Мадрид қаласында болған жастар арасындағы белдесуде әлем чемпионы атағына ие болады. 1982 жылы Болгарияның Варна қаласында өткен Еуропа чемпионатында күміс жүлдегер

атанады. 1983 жылы институтты бітірген соң өзінің туып-өскен жері Жаңаарқа ауданына келіп, өзі түлеп ұшқан мектепте жаттықтырушы болып еңбек жолын бастайды.

Жас жеткіншектерді баптай отыра өзі де еңбектенуден жалыққан жоқ. Әр сағатын тер төгумен, жаттығумен өткізді деуге болады. Соның нәтижесінде 1984 жылы Одақ құрамасының сапында Испанияның Мадрид қаласында 48 кило салмақ дәрежесінде ерлер арасында ешкімді шақ келтірмей, әлем чемпионы атағын жеңіп алып, қазақ халқының атағын әлемге паш етті. Бұдан кейін қатарынан екі жыл бойы (1985-1986) КСРО кубогы үшін жарыстарда да чемпион тұғырынан түскен жоқ. 1987 жылы Болгарияның астанасы София қаласында өткен чемпионатқа КСРО құрама командасының құрамында қатысып, Еуропа чемпионы атанды. Қанат Байшолақовтың ең соңғы күресі КСРО кубогы үшін Киевте өткен жарыс еді. Бұл байрақты жарыста да атағы жер жарғанымен бұдан соң боз кілемге шықпауға, енді өзінің ізбасарларын даярлап, чемпион тәжін киюге аттандыруға бел буады. Сөйтіп, күресте биік абырой белесінен көріне білген Қанат енді жаттықтырушылық еңбекте де жоғары дәрежеден көрінді. Баптап жүрген шәкірттері мен соңынан ерген Талғат, Жанат, Жасұлан, Жандос сияқты бауырлары әр түрлі дәрежедегі бірнеше дүркін чемпионаттарда жеңіспен оралып жатты. Сол үшін оған Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы жоғары атағы берілді. Есімі Астана, Алматы, Қарағанды, Жезқазған, Тараз қалаларындағы, Жаңаарқа ауданындағы мұражайлардан орын алып, алтын әріптермен жазылды.

Осындай еңбегімен көрінген Қанат Байшолақовты 2001 жылы сол кездегі Қазақстанның спорт министрі, қазақтың белгілі палуаны Дәулет Тұрлыханов Алматыға шақырып, дзюдодан Қазақстан қыздар құрама командасының бас

банкері қызметін ұсынған еді. Бұл ұсынысты Қанат қуанышпен қарсы алды. Осы қызметте де оның бағы жапың, Шолпан Қалиева деген палуан қарындасымыз Азия чемпионатының жүлдегері болды. Ал, 2004 жылғы Афина Олимпиадасына екі адам қағысқан болса, Бейжің олимпиадасында алты қыз белдесіп, оның ішінде Қалиева 5-і орынды, Пүрғазина мен Исанова 9-шы орынды иеленіп қайтты. Бұрын Олимпиадаға қызы түрсын, қазақтың қара домалақ баласын қағыстырудың өзі мұң болған Қазақстан үшін бұл үлкен жетістік еді. Ол енді осындай дүбірлі жарыста қазақтың бір баласы даярдан әлем чемпионы болса деп арман еткен болатын.

Бірақ... бірақ, осындай үлкен жүректі, досқа жарқын, ағайынға қамқор, асыл азамат, халқы қадірлеген Қанат сүм ажалдың тырнағына ерте ілікті. Ол өзінің арманына жете алмай кетті. Небары 49 мүшел жасында жол апаратын көз жұмды.

Егер тірі болғанда Қанат осы күндері 50 жасын тойлап жататын еді. Сондықтан да, артындағы жары Бақыт және бауырлары қанаттың туған күні қарсаңында басын көтерді. Әуелеген, осы заманғы мәнермен әсем құлпытас жасатты. Барлық спорттағы жетістігі оның басындағы қара мәрмәр тасқа қашалды.

Жағқан жерің жайлы болсын, Қанат. Сенің арманыңды артыңдағы бауырларың жүзеге асырады. Жолыңды қуған олар болашақ әлем чемпионын даярлап жатыр.

**2011 ж.**

## БЕДЕЛДІ БЕЛЕСТЕР



Өмірінің жарты ғасырға жуық уақытын жас ұрпаққа тәрбие беруге арнаған Нәбитүсіп Бәкіров ағамыз осы Қарағанды қаласында тұрады. Ол кісі Шет ауданына қарасты Найзақескен деген жерде дүниеге келген екен.

Бәкір ата қазақтың ертеден келе жатқан дәстүрі бойынша үлкен баласы Сәбиттен туған немересі Нәбитүсіпті үш айлығынан бастап өзінің бауырына салып алады.

Нәбитүсіп 1934 жылы алты жасында бірінші кластың табалдырығын аттап, Ахмет мұғалімнің алдына барған екен. Бәкір ата Ахмет мұғаліммен өте сыйлас болған жандар. Содан 1937 жылы Ахмет мұғалім «халық жауы» болып ұсталып кеткенде атасының: «Балам, өскенде мұғалім бол. Ахмет мұғалімнің жолын қу» деген сөзін қаперіне нық ұстапты.

Бірақ оған білім алу, мұғалім болу оңайлықпен келе қоймайды. Бастауыш класты ауылдан бітіріп, Шет ауданындағы орта мектептің жетінші класына келгенде соғыс басталып кетеді.

Оқу деген аты ғана болмаса, мұғалімдердің барлығы дерлік майданға аттанып, сабақ мүлде жүрмей қалады. Со-

дан ақпан айында 8-10 кластардың оқуы мүлде тоқтайды. Әрбір оқушы өзінің ауылына жіберіледі. Ұлы Отан соғысының халықтың басына түсірген қиыншылықтары үлкендермен бірге бұғанасы қатпаған Нәбитүсіп сияқты балаларға да салмақ салады. Олар да шөп шабады, жер жыртады, мал бағады. Нәбитүсіп болса, күндіз ел қатарлы жұмыс істегеніммен, кешке қарай май шамның жарығымен колхоздың барлық есеп-қисап жұмыстарын жүргізуіне тура келеді. Әуелден математикаға жүйрік Нәбитүсіпке бұл міндет онша қиындыққа түспейді.

Соғыс аяқталған соң Нәбитүсіп аға 1946 жылы Қарағандыға келіп, №2 мектеп-интернатта оқуын жалғастырады. Соғыстан кейінгі жағдай белгілі. Интернатта жатын орын да, оқулық та тапшы. Бірде аштыққа, бірде тоқтыққа көне жүріп, әуелде тіркелген 41 баладан 11-і ғана бітіріп шығады. Мектептің сол кездегі алғашқы директоры, қазіргі Қарағанды қаласының Құрметті азаматы, Ұлы Отан соғысының ардагері Тиішбек Ахановты Нәкең аузынан тастамай айтып отырады. Сонда сабақ берген Құлмұхан Махметов, Абдолла Сәдуақасов, Мылтықбай Жүнісов сияқты ұстаздарының өнегесі де әлі күнге дейін есінде.

Содан осы мектеп-интернатты бітірген он бір баланың оны сол кездегі Қарағанды мұғалімдер институтының физика-математика факультетіне қабылданады. Бір жақсысы олар кәмелеттік емтиханмен бірге институтқа қабылдау емтиханын да қоса тапсырған екен. (Қазір 2004 жылдан бері осы тәжірибе қолданылып келеді ғой).

Екі жылдан соң, 1949 жылы оқу орнын ойдағыдай бітірген оны Қазақ КСР Оқу министрлігі Павлодар облысына жолдамамен жібереді де, онда Куйбышев ауданының орта мектебінде бір жыл мұғалім болады. Келесі оқу жылында отбасының жағдайына байланысты туған ауылы-

на қайта оралады. Осыдан бастап төрт жыл бойы Шет ауданының бірталай мектептерінде ұстаздық етеді. Осы жылдары Нәбитүсіп ағадан дәріс алған жас түлектердің ішінен академиктер де, жазушылар да, ел басқарып отырған қоғам қайраткерлері де шыққан. Солардың ішінен көп жыл Қазақ политехникалық институтында ректор болған, ғылым докторы, академик Баян Рақышевті, көп жыл Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың ректоры болған, ғылым докторы, академик Жамбыл Ақылбаевты, облыстық мәслихаттың хатшысы болған Қасымбек Медиевті, жазушы-журналистер, көп уақыт облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакторы болған Рымқұл Сүлейменов пен Шет ауданының белгілі азаматы Кәмел Жүнісегін, шахматтан еліміздің чемпионы, ғылым докторы Бану Әбдіқасованы атасак та жетер.

Осы уақыт ішінде мектепте бірге қызмет атқарған Нұрғали Мәбиев (директор), Ибрагим Мақажанов (оқу ісінің меңгерушісі), Шәукей Жұқанов, Жұматай Құтжанов сияқты ұстаздардың іскерліктері жас мұғалімнің келешек өмірінде өшпестей із қалдырды.

Нәбитүсіп ағаның 70 жасқа келген мерейтойындағы құттықтауда марқұм Рымқұл Сүлейменов ағамыздың: «Ардақты Нәке! Өміріңіздің айтулы белесіне Алла берген абыройыңызбен, лайықты атақ-даңқыңызбен артынып-гартынып келіп отырсыз. Сіздің жүріп өткен жолдарыңызда беделді белестер, ізгілікті іздер бар... Сіз – мәуелі Бәйтерексіз, Мұғалім! Желекті жемісіңіз – мындаған шәкірттеріңіз... Осы күнге дейін ағыңызды атай алмаймыз, Мұғалім дейміз. Сіздің өрісті үлгі-өнегеніз үшін, берген тәрбиеніз үшін алғысымызды жаудырып, абзал Азаматтығыңыз, асқақ адамгершілігіңіз алдында бас иеміз, тағзым етеміз», – деген ақжарма тілегін осы жерде келтіре кеткенді жөн көріп отырмыз.

Тың және тыңайған жерлерді игерген 1954-56 жылдары Нәкен Шет ауданы комсомол комитетінің бірінші хатшысы болады. Нәбитүсіп ағаның айтуына қарағанда бұл жылдары жұмыстың қиындығына қарамастан жастардың патриоттық сезімі жоғары болған. Ауданға келген жастар тың көтерумен бірге колхоз, совхоздарда тұрғын үй, мәдени орталықтар салған. Біржарым жыл ішінде ауданда МТС іске қосылады. Егіс көлемі өсіп, мәдени жұмыстардың жақсаруы аудан экономикасын жоғарылатқан. Осы жылдары Ақжал және Кеншоқы рудниктерін салу басталған.

1956 жылдың жазында Нәбитүсіп ағамыз Қарағандыға қоныс аударып, әуелі бұрын өзі бітірген №2 қазақ мектеп-интернатында, одан соң №78 орыс орта мектебінде мұғалім болады. 1960 жылы білім беру саласында үлкен өзгеріс болғаны мәлім. Онжылдықтар енді онбіржылдыққа ауысты. Соған орай белгілі бір салада өндірістік мамандық алатын болды. Мектеп өміріндегі осындай тың бастамалар кезінде Нәбитүсіп ағаны №4 орыс орта мектебінің өндірістік оқыту ісінің менгерушісі қызметіне тағайындайды. Бұрыннан да тынымсыз адамның жарпақ құлағы жастыққа тимей еңбектенетін кезі енді басталады. Сөйтіп, өзінің өмір тәжірибесінің барлығын, тапсырылған істі тиянақты орындайтындығын көрсете білді. Бірінші кезекте қаланың РГТО, РГШО, энергия зауыттарында, №1 және №2 автобус парктерінде, балалар бақшаларында, Федоровкадағы қалалық ауруханада өндірістік сабақ жүргізетін орындар ашады. Топтарға сабақ беретін өндірістік мамандар, дәрігерлер, тәрбиешілер, іріктеліп алынды. Олардың еңбек ақылары аудандық оқу бөлімі арқылы төленген. Он бірінші сыныпты бітірген оқушыларға аттестатпен бірге тиісті мамандығы бойынша құжаты қоса тапсырылады.

Алпысыншы жылдардың орта кезіне қарай Қарағандыда



өндіріс орындары көптеп ашылады. Жаңа зауыттар мен фабрикалар іске қосылады. Оларда жұмыс істеп жүрген жастарға орта білім беру мәселесі көтеріліп, өндірістен қол үзбей орта білім және мамандық беру қажеттігі туындайды. Сол кезде қаланың Ленин ауданында №27 кешкі (ауысымдық) жұмысшы-жастар мектебі ашылып, Нәкенді осы мектепке директор етіп жібереді.

Мектептің мұражайында орналасқан №93 мектеп жаңа орынға көшіріледі де, қолмен от жағылып жылытылатын ғимарат осы мектепке қарап қалады. Осы кезде жаңа келген директордың алдында қиын да күрделі міндет тұр еді. Ол – оқу жылы басталғанша мектептің іші-сыртына тиісті жөндеу жүргізу, сынып бөлмелерін тиісті жабдықтармен қамтамасыз ету, оқу үрдісіне қажетті құралдар мен жабдықтар алу, орталық жылыту жүйесіне қостыру.

Ең қиын, жауапты міндет – жұмысшы жастарды өздерінің лайықты ауысымы бойынша мектепке тарту, тәжірибелі маман мұғалім кадрларын іріктеп алу болатын. Табанды еңбектің арқасында бұл жұмыстардың барлығы да ретке келді. Мектеп жаңа оқу жылын мерзімінде бастайды. Мектепке 600-ден аса жас жұмысшы қабылданған. Мұның ішінде бір ғана НКМЗ зауыдының өзінен 210 қыз бен жігіт «шеберлер сыныбына» қабылданады. Оларға техника ғылымдарының кандидаттары, инженерлер сабақ жүргізеді. Бұл топта үш жыл оқып бітірген соң олар тиісті мамандығымен қоса орта білім туралы аттестат алып шығады.

Нәбитүсіп ағаның басшылығының арқасында №27 мектеп мұғалімдер ұжымы алғашқы жылдардың өзінде-ақ жақсы жақтарынан көріне біледі. Тиісті көрнекі құралдармен жабдықталған 14 кабинетті іске қосады. Содан мектеп 1975 жылы «Үлгілі тәртіпті мектеп» атағына ие болады. Осы

жылдардан бастап №27 мектеп мұғалімдер білімін жетілдіру институты мен ҚарМУ-дың мамандық жетілдіру факультеті үшін семинар өткізетін әдістемелік орталыққа айналады.

Мектеп сол жылдары екі рет Одақтық дәрежедегі жүлдеге ие болады. Міне, осылардың барлығы Нәбитүсін ағаның табанды еңбегінің жемісі екендігі сөзсіз.

Жарты ғасырға жуық өмірін жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған Нәкең айтарлықтай құрметке бөленіп, 1953 жылы Республика мұғалімдерінің I съезіне делегат болса, 1954 жылы Қазақстан Комсомолының VIII съезіне делегат болып қатысып, Шет ауданындағы тың қотеру жұмыстары жайлы сөз сөйлеген.

Будан соң Нәкең Ленин аудандық, Қарағанды қалалық Кеңестеріне депутат болып бірнеше рет сайланады. 1975 жылы Мәскеуде өткен мектеп директорларының семинарына катысады, 1978 жылы мұғалімдердің Бүкілодақтық V съезіне делегат болады. Ол кісінің марапаттарының өзі бірталай. Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі.

Нәкең үйіндегі Анар жеңгеміз де ұстаздық қызметте. Ол кісілердің Жұлдыз атты қыздары өсіп келеді. Қазір ол №92 қызық мектеп-гимназиясының 9-сыныбын үздік бітірді.

Иә, Нәбитүсін аға Бәкіров қандай қызмет атқармасын өз міндетіне зор жауапкершілікпен қарап, ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында жас буынға тәрбие және білім беруден әсте жалықпаған ұстаз. Сондықтан да, ол кісі бұл атты ерқашан жоғары, әлі де сол абырой биігінде ұстап келеді.

**ЕСКЕРТУ:** Бұл мақала 2008 жылы ағамыздың 80 жасқа толуына орай жазылған болатын.

## «ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ АЙТАРЛЫҚТАЙ»



Ақтоғай ауданына арнайы барған сапарымызда аудандық білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің меңгерушісі Сейіл ЖҮНИСОВКЕ жолығып, оқу-ағарту, тәрбие және спорт саласындағы жетістіктері туралы айтып беруін өтініп, бірнеше сұрақ қойған едік.

– Сейіл Мінтайұлы, әңгіmemізді биылғы оқу жылындағы аудан мектептерінің «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша жұмысы жайында бастасақ дейміз. Биыл қанша жас маман қабылданғаны туралы айтсаңыз?

– Биылғы оқу жылында аудан бойынша 17 орта, 6 негізгі, 2 бастауыш мектеп жұмыс жасайды, онда 3337 оқушы білім алуға. Бүгінгі таңда оларға 675 мұғалім сабақ береді. «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша 23 жас маман келді, олардың барлығы да бір жолғы көтерме ақымен қамтамасыз етілуде. Келген жастар мектептерде жетіспейтін мамандықтар бойынша орналастырылды. Атап айтсақ,

Ортадересін орта мектебіне география пәнінен Қарағанды мемлекеттік университетінің түлегі Дина Сүлейменова, Д.Стамбеков атындағы негізгі мектепке ҚарМУ-дің физика факультетін бітірген Ернұр Стамқұлов әлеуметтік-педагог мамандығы бойынша дәріс беруде. Сарышаған кентіндегі орта мектепке әлеуметтік-педагог мамандығы бойынша Сымбат Медиева орналасты. Қарағанды қаласындағы «Болашақ» колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген Маржан Сейітова Шашубай кентіндегі мектеп-балабақша кешеніне тәрбиеші болып орналасты. Әлия Төлеубек Қызыларай орта мектебінде химия пәнінен, Асылбек Жұмабаев Ж.Ақбай орта мектебінде дене шынықтыру пәнінен сабақ береді.

**– Білім саласындағы ақпараттық жүйе, онымен қамтамасыз ету жолы және аудан мектептерін материалдық-техникалық жағынан жабдықтау қалай жүзеге асып жатыр?**

– Электрондық жүйеге көшуге байланысты Сарышаған, Ә.Бөкейхан, Шашубай орта мектептерінде семинар-тренинг өткізіліп, нәтижесінде әр мектептен 4-5 мұғалім электрондық бағдарлама, тест жүйесін қорғап, жұмыстары аудандық әдістемелік кабинетке ұсынылды. Былтырғы оқу жылының сәуір айында Сарышаған орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімдерінің «Ақпарат технология жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерінің білімін көтеру» деген тақырыпта аудандық семинары өтті.

Бүгінгі күні ауданның 25 мектебінің барлығы компьютерлік техникамен, модеммен жабдықталып, телефон жүйесіне қосылған. Қазіргі уақытта Интернетке қосылып отырған 14 мектептің орташа Интернет жылдамдықтары 19 кбит/с, Шашубайда 128 кбит/с, Сарышағанда 34 кбит/с, Ә.Ермеков, Ортадересін, Абай мектептерінде 9,6 кбит/с, Шашубайдан (Wi-Fi желісі) басқа мектептердің барлығында қосылу түрі Dial-up.

Аталған 14 орта мектептің, Интернет байланысының тұрақтылығына қарай, 8-і ғана Интернет желісіндегі оқулық ресурстарын пайдалану мүмкіндіктері бар электрондық поштамен жұмыс істей алады. АТС-тің интернет байланысымен жабдықтау мүмкіндігі ешбір мектепте on-line жүйесінде интерактивті-видео сабақтарын өткізуге, қашықтықтан оқыту технологиясын жүзеге асыруға, интерактивті тақтаның желілік функцияларын пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Ауданның білім беру, дене шынықтыру және спорт бөліміне қарасты жалпы білім беру ұйымдарының 56%-ы кең жолақты спутниктік интернетке қосылған. Ал, 2011 жылы Ж.Кеңесбаев, Қызыларай мектептерін кең жолақты интернетке қосу жоспарлануда (2011 жылы 64%).

Биылғы оқу жылында 4 орта мектеп екі мультимедиялық және 2 биология кабинетпен жабдықталды. Қызыларай орта мектебі 11 компьютермен қамтамасыз етілді.

2011 жылы қосымша мектептерді жаңа үлгідегі 4 мультимедиялық, 4 биология кабинетпен жабдықтау жоспарланып отыр.

**– Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша грант иегерлері қанша болды? Республикалық, облыстық пән олимпиадаларының жеңімпаздары туралы да айта кетсеңіз?**

– 2009-2010 оқу жылы қорытындысы бойынша аудан көлемінде 530 оқушы «үздік», 1214 оқушы «екінді» болып, 49,9 пайызы білім сапасының жоғары екендігін көрсетті. Өткен оқу жылында 199 түлектің 138-і ҰБТ тапсырды. Аудан бойынша орташа балл 68,4 болып, Қошқар, Шашубай, Ж.Ақбай, Абай мектептері жоғары көрсеткіштерге жетті. Шашубай мектебінен Д.Нөгербекова – 107 балл. Ө.Бөкейхан мектебінен Мәнтай Ерқанат, Сағындық Гаухар – 106 балл, Ж.Ақбай мектебінен Қ.Бәжікеев – 103 балл жинады. Барлық

түлектер арасынан 72 түлек жоғары оқу орындарына түссе, оның ішінде 20-сы грант иегері болды.

Республикалық пән олимпиадасының III облыстық кезеңіне қатысқан Шашубай, Қ.Нұржапов, Ә.Ермеков, Абай мектептерінің оқушылары жүлделі 2-3 орындарғы не болып, ауданымыз «Ең үздік топ» атағын жеңіп алды.

*– Мектеп оқушыларының өнерге, спорттық ойындарға қатысуы, қол жеткен табыстары туралы не айтар едіңіз?*

– Облыстық «Күй кайнары», республикалық «Махамбет оқулары», халық әндерінің «Назқоңыр» байқауына К.Бәйсейітова, Ә.Ермеков мектептерінен С.Мағауина, Б.Серікбол, А.Бәкіров, А.Қожахметова қатысып, жүлделі I, II, III орындарды иеленді.

Астана қаласында өткен IV халықаралық «Ақ көгершін» байқауына опер мектебінен 9-17 жас аралығында оқушылар қатысып, Самал Мағауина I-ші дәрежелі лауреат, Абылай Жандығұлов III-ші дәрежелі лауреат, Балжан Серікбол I-ші дәрежелі дипломант атанды. Республикалық «Яссауитану» байқауына Ж.Ақбай орта мектебінің оқушысы Толғанай Әзір қатысып, дипломант болды.

Биылғы оқу жылында, қараша айында Алматы қаласында өтетін VII республикалық «Ақ көгершін» байқауына Айғаным Жағыпар, Гүлден Кәукербек, Айдар Абдрахманов қатысуга жолдама алып отыр.

Елбасы жолдауын іске асыру мақсатында Ж.Кенесбаев атындағы орта мектепте мұғалімдердің «Спорт – денсаулық кепілі» атты тәжірибе алмасу семинары болып өтті. Допты хоккейден ардагер спортшы Ж.Қорабаев атындағы турнир, интернационалист-жауынгер С.Оразалинге арнап облыстық турнир өткізілді. Әйелдердің халықаралық күніне арналып қыз балалар арасында волейболдан аудандық дәстүрлі ашық біріншілікке II команда қатысты. Село орталығында

«Тоқырауын тынысы» газетінің жүлдесі үшін волейболдан ашық біріншілік өтті.

Ә.Бөксейхан атындағы мектепте интернационалист-жауынгер Еркін Ахметовті еске түсіруге арналған шаңғы жарысы өтті. Ұлы жеңістің 65 жылдығына орай әскери-патриоттық фестиваль Сарышаған, Шашубай кентінде өткізілді. Фестивальға ауданымыздың 17 мектебінен командалар қатысты.

Қарағанды қаласында өткен спартакиадаға Акши. Ж.Ақбай мектептерінің оқушылары қатысып, 2, 3 орындарға ие болса, Қ.Нұржанов мектебінің оқушылары тоғызқұмалақтан 1 орын алып, жеңіске жетті.

Абай қаласында бокстан жасоспірімдер арасында өткізілген республикалық жарысқа Ақтоғай ауданынан 3 оқушы қатысты.

Таяуда ауданымызда өткен, Ә.Бөкейхан атындағы облыстық турнирге Астана, Қарағанды, Теміртау, Балқаш қалаларынан, ауданның білім беру ұйымдарынан барлығы 15 команда қатысып, Қызыларай мектебінің командасы жүлделі орынға ие болды.

«Мәдени мұра» бағдарламасының жұмысын жетілдіру мақсатында аудандық археологиялық мұражай жетекшілерімен біріккен семинар-тренинг өткізілді. Өткен оқу жылында Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай Н.Әбдіров, Қ.Нұржанов орта мектептерінде мемориалдық мұражай ашылды.

**– Аудан мұғалімдерінің шығармашылық жұмыстағы табыстары да осал емес шығар?**

– Аудан мұғалімдері жаңа педагогикалық технология арқылы дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу тәжірибесін жетілдіруде. Облыстық «Үздік авторлық бағдарлама» сайысында К.Бәйсейітова атындағы орта мектептің орыс тілі

мен әдебиеті пәні мұғалімдері Ж.Сәтмағамбетова 2-ші, А.Балқыбекова 3-ші орын иеленді.

Қарағанды облысының білім беру жүйесі қызметкерлеріне берілетін облыс әкімінің жыл сайынғы конкурсына өткен оқу жылында оқу-тәрбие үрдісінде жаңа технологияларды енгізу жолында Абай орта мектебінің мұғалімі А.Тілеужанова «Луыл мектебінің ең үздік қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» номинациясы бойынша 2 орын, М.Ержанов ағындағы орта мектептің химия пәні мұғалімі Р.Тілеубекова, К.Байсейітова ағындағы мектептен Ж.Сәтмағамбетова «Үздік пән мұғалімі» атағын алса, «Аққыз» бөбекжай-балабақшасынан К.Кенжебаева сертификат және заттай сыйлық иегері атанды. Шанубай келгіндегі мектеп-балабақша кешенінен М.Түсіпбеков 200 мың теңге ақшалай грантпен және дипломмен марапатталды. Осы мектептің оқытушысы Қ.Бегудинов қазақ тілінен өткізілген медиа-сабақта жүзделі орынға ие болып, 250 мың теңге қосымша сыйлық алды.

*– Аудан мектептерінің қысқы мерзімге дайындығы, «Жол картасы» бағдарламасы бойынша жасалған жұмыстар туралы да білгіміз келеді.*

– Бүгінгі күні барлық мектептің жылу қазандығы қыс маусымына толығымен дайын. Мектептер қажетті көмір мөлшерімен толық қамтамасыз етілді. Тозығы жеткен гимараттарды «Жол картасы–2010» бағдарламасы аясында қалпына келтіре отырып, тұрғылықты жердегі жұмыссыздықты азайту мақсатында Қызыларай, Шашубай, Айыртас, П.Әбдіров мектептері мен «Айгөлек» балабақшасына 31 миллион 407 мың теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізілді. Осы жөндеу жұмыстарына 42 адам тартылып, жұмыспен қамтамасыз етілді. Оның ішінде 29 адам жұмыспен қамту орталығынан жіберілді.



**– «Балапан» бағдарламасы қалай іске асырылуда және аз қамтылған отбасы балаларының ыстық тамақпен, оқулықпен қамтамасыз етілу жағдайы қалай жүзеге асырылып жатыр?**

– Мектепке дейінгі оқытумен және тәрбиесмен қамтамасыз етуді арттыруға бағытталған «Балапан» арнайы бағдарламасы әзірленіп, іске асыру шаралары бекітілді. Биылғы жылы Ақтоғай селосындағы «Аққыз» бөбекжай-балабақшасынан қосымша 2 топ, Сарышаған кентіндегі «Айголек» бөбекжай-балабақшасынан қосымша 1 топ, Шашубай қонысындағы «Балдырған» балабақшасынан қосымша 1 топ, Ортадересін, Айыртас, Қошқар жалпы білім беретін мектептер жанынан шағын орталықтар ашылды. «Балапан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен 13 миллион 998 мың теңге бөлінді. Аудан бойынша 660 бала мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеленіп, мектепке дейінгі мекемеге тарту 81 пайызды құрап отыр.

Жалпы, аудан бойынша 505 оқушыға 2 124 мың теңге көлемінде көмек көрсетілсе, оның ішінде 1946 мың теңгесі «Жаппай оқу қоры» есебінен, 1 178 мың теңгесі түрлі демеушілер есебінен төленді.

1-4 сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамтуға жергілікті бюджеттен 39 млн. 794 мың теңге бөлінді. Жалпы орта білім беру міндетті қор шығындарына 24 миллион теңге бөлінді.

Биыл 3448 оқулық алынып, оқушылардың 96,6%-ы оқулықпен қамтылды. 2010-2011 оқу жылында «Мектепке жол» акциясы негізінде бюджеттік және бюджеттен тыс қаражаттардан аз қамтылған және көп балалы 505 отбасының балалары оқу құралдарымен және киім-кешекпен қамтамасыз етілді.

Жалпы алғанда, аудан бойынша жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру ісін алдағы уақытта да өз дәрежесінде жүргізіп, келешекте Қазақстанымыздың дамыған елу ел қатарына жеткізетіндей білімді ұрпақ даярлауға үлес қоса береміз.

*– Әңгімеңізге көп рахмет, ауданның білім бөліміне жемісті еңбек тілейміз, халқымызға адал да ардақты азаматтар тәрбиелей беріңіздер.*

**Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ,  
Әлкен МҰХТАРТЕГІ.**

**(«Орталық Қазақстан» газеті. 2010 жыл.)**

## МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ ИЕСІ



Қоғамның қажеттілігіне сай тұлғалар қалыптасады. Сондай мәртебелі мамандық иесі мұғалімдер де жеке тұлғалардың қалыптасуына, өресі биік, қиялы ұшқыр ұрпақтың тәрбиеленуіне тікелей әсер етеді. Халыққа қызмет етудің үлгісін көрсете білген, өзінің біліктілігімен, ерекше еңбек сүйгіштігімен қызметтестеріне, еліне, шәкірттеріне абыройлы ұстаз

О.Жәутіков атындағы №1 қазақ орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі Айгүл Заманбайқызы Игілікова.

Тұлымшағы желбіреген сол оқушы қыз Қарқаралы қаласындағы байырғы оқу ордасы №1 қазақ орта мектебінде оқыған. Санасын билеген сан алуан ойлары мен дүрс-дүрс соққан кішкентай жүрегінің бір бұрышында жатқан асыл арманының күнделікті өмірде тәлім-тәрбие беруші ұстаздардың саналы сөздері мен сапалы істеріне ұштасып жататынын сезетін Айгүлдің арманы – өз ұстаздарындай игі істерді меңгеріп, бала жанына мейірімділік, ізгілік, адамгершілік шуағын себе білетін адам болу еді. Осы мақсат-

ты алдына қойған Айгүл 1983 жылы Қарағанды мемлекеттік университетін ойдағыдай аяқтап, Қарқаралы қаласындағы өзі оқыған мектепке физика пәнінің мұғалімі болып орналасты. Содан бері осы оқу орнында еңбек етіп келеді.

Білім беру жүйесі қоғаммен бірге дамып, онымен бірге үнемі өзгеріп отырады. Осыған сәйкес мектептерге қойылатын талап та, ондағы оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері де үнемі өзгеріс үстінде болады. Соған орай уақыт талабынан туындаған маңызды мәселенің түйінін шешу, зерттеу негізінде «Ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану арқылы оқушыға білім берудің сапасын арттыру» деген тақырыптың аясында жұмыс жасап жүр.

Жаңа технология – заман талабы. Жаңа технология өмірге еніп, өз нәтижелерін беруде. Өзі сабақты деңгейлен саралап оқыту технологиясын, интерактивті оқыту технологиясын, біріктірілген сабақ, электрондық оқулықтарды қолдана отырып өткізеді.

Ол жақсы педагог қана емес, шебер ұйымдастырушы да. Информатика пәні бірлестігінің жетекшісі. Ізденімпаз ұстаздың «7-сынып оқушыларына арналған тесттер» жинағын, «8-сынып оқушыларына арналған тесттер» жинағын әдістеме ретінде пән мұғалімдеріне ұсынып, оларды пайдалану үстінде.

Қоғамның қажеттілігі – жас ұрпақтың бойында еңбекке ынталылықты, құштарлықты тәрбиелеу, болашақ еңбек жолын дұрыс таңдау мақсатында бейінді оқытудың жаратылыстану – математика бағытындағы 10-11 сынып оқушыларына арнап «Компьютер және іс-қағаздарын жүргізу» бағдарламасы кітапша болып жарық көрді.

2007 жылы облыс әкімі сыйлығын «Педагогикалық шабыт» номинациясы бойынша иеленді, 2009 жылы Республикалық «Ғылым» баспасының «Надежды Казахстана»

на» атты байқауына қатысып, «Қазақстан Республикасының үздік мұғалімдері » жинағына енді, 2010 жылы «Мұғалім – мәртебелі мамандық» атты Қарқаралы ауданының үздік мұғалімдері – анықтамалығына енді.

Әр шәкіртті шығармашылық тұлға биігіне жеткізу мақсатында жұмыс жүргізетін ұстаздың шәкірттері аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Мәселен, Мөлдір Азанбай, Ақнұр Манап, Ақмарал Дүйсебаева, Айдар Мағауия, Алтынбек Мырзахметов сияқты оқушылары аудандық, облыстық, республикалық ғылыми – практикалық конференцияда, халықаралық олимпиадаларда, аймақтық «Сарыарқа дарыны» ғылыми-әдістемелік жоба жарысында бірінші және екінші орындарға ие болып, тиісті дәрежедегі дипломдармен марапатталған.

Жас ұстаздарға да үнемі әдістемелік көмек көрсетеді. Әдістемелік мақалалары аудандық, облыстық және «Физика және астрономия», «Ғылым және білім ғасыры», «Информатика негіздері» сияқты республикалық ғылыми-әдістемелік газет-журналдарда үнемі жарық көруде.

Ұстаздың жолын қуған шәкірттері көптеп саналады. Солардың ішінде өзінің жолын қуған Айнагүл Әменова, Акбар Есеев, Гүлмира Тәттімбетова, Мақсат Жүнісов, Алмас Жарқымбеков сияқты шәкірттері ұстаздық қызмет атқаруда.

Жоғарғы санатты ұстаздың еңбегі елеусіз емес. Қазақстан Республикасы білім беру ісінің Құрметті қызметкері белгісімен, бірнеше рет облыстық білім департаментінің Алғыс хаттарымен, Құрмет грамоталарымен, VII халықаралық олимпиадаға оқушы дайындағаны үшін (Богумир Янски, доктор, Карлов университетінің профессоры, Прага, Чехия; В. Вербицкий, профессор, педагогика ғылымдарының докторы, Украина; А.Кузнецов, Че-

лябинск облысының Ғылым және білім министрі, Россия) «Мадақтамамен», «Зерртеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығының дипломымен, МББҚБА және ҚДИ басшылығының, КІТГИ–ЛИНГВА оқу президентінің Алғыс хатымен марапатталған.

Айгүл жолдасы Болат екеуі 5 бала тәрбиелен отырған үлгілі отбасы. Үлкен қызы Ақбота Астана қаласында, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінде жемісті қызмет етуде. Әйгерім политехникалық институтты қызыл дипломға бітіріп. Қарағанды қаласында бухгалтер. Айнұры болса №2 орыс орта мектебін «Алтын белгімен» бітіріп. Астана қаласындағы Г.Тумилев атындағы университеттің грант иегері болды. Айбол мен Балнұр мектеп оқушылары, Балнұр – оқу озағы.

Жоғары сапатты ұстаз Айгүл Заманбайқызының депіне саулық, отбасына амандық тілей келе, келешекте де талмай, шарнамай, жас ұрпақты білім нәрімен сусындаға беруіне тілектестігімізді білдіреміз.

**2011 ж.**

## ХАЛҚЫ ҚАДІРЛЕГЕН ҰСТАЗ



Облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің көп жыл штаттан тыс тілшісі болған, жаңаарқалық Далбай Ізтілеуов ағамыз осыдан төрт жыл бұрын дүниеден өткен еді.

Далбай Ізтілеуов (1921-2007) – Ақмола уезі Асанқайғы болысының Ақшоқы қыстағында туған. Ұстаз, өлкетанушы. Ұлы Отан соғысының ардагері. I және ІҮ Украина майдандарында, Сталинград майданда от кешкен.

1952 жылы Қарағанды мұғалімдер институтының, одан соң Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетін бітірген. Жаңаарқа ауданының №1 мектебінде 50 жылдай тарих-қоғамтану пәндерінен білім берген. №1 мектептің арнайы №1 аттестатының иегері. Жаңаарқа аудандық өлкетану және №1 мектеп мұражайының негізін қалаушы. КСРО халық ағарту ісінің, ҚазКСР халыққа білім беру ісінің үздігі, I дәрежелі «Отан соғысы» орденінің, көптеген медальдардың иегері. Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы. Қаламгер ұстаз. Әдіскер-мұғалім. Далбай Ізтілеуов кезінде Жаңаарқа аудандық комсомол

комитетінің бірінші хатшысы, аудандық Пионер үйінде директор болған. Жылдар бойы тарих пәні мұғалімдерінің аудандық бірлестігін басқарған. Ғылыми-саяси жетекші, үгітші-насихатшы ұстаз. Оның есімі аудандық, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының Құрмет тақталарында жазылды.

Жарты ғасырдан аса өмірін мектепте жас ұрпақ тәрбиесіне бағыштаған Далбай Ізтілеуовтің еңбек жолы кімге де болса үлгі, онеге. Құрметті демалысқа шыққан соң да қол қусырып отырмады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері Далбай Ізтілеуов өзінің мол білімі мен тәжірибесін жас ұрпақ тәрбиесіне жұмсаған педагогтік қызметін, халыққа білім беру жүйесінде өткізіліп жүрген методикалық кеңестерде, семинарларда, педагогикалық оқуларда жастарға тараға бастады. Жасаған еңбектері жоғары бағаланып, республикалық, облыстық Құрмет грамоталарына ие болды. Далбай Ізтілеуовтің іс-тәжірибесі сап рет илакат егін шығарылды. Ол негізгі еңбегінен қол үзбей жүріп, қоғамдық еңбектерге белсе-не араласты. Оның тікелей ұйымдастыруымен аудандық өлкестану және №1 орта мектептегі мұражайлар жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ошагына айналды.

Лудан жастарын патриотизм рухында тәрбиелеу ісіне белсене араласты. Ауыл мектептерін аралап, үлкен жиындарда тәрбиелік мәні зор әңгімелер өткізіп, лекция оқыған, баяндамалар жасаған.

Еліміз жас ұрпаққа тыңғылықты білім мен патриоттық тәрбие беру, Отансүйгіштікке тәрбиелеу міндеттерін басты мақсат етсе, ұстаз Дәкең сабақтағы сөзін өмірмен, қорнекілікпен ұнтастыру тек жақсы жабдықталған оқу кабинеттеріне байланыстылығын дәлелдеді.

Далбай Ізтілеуовтің мектепте сабақ беру және пән бойынша істелген жұмыстарынан жинақталған бай тәжірибесі



аудан мұғалімдерінің арасына кеңінен таратылып келді. Үнемі жаңалық жаршысы ретінде оқу-тәрбие ісінде болып жатқан жаңалықтарды дер кезінде ұғынып, сабақ оқыту үрдісінде пайдаланып қанай қоймай, аудан мұғалімдеріне өзінің озық іс-тәжірибесін таратып отырды.

Өлкетанушы Далбай Ізтілеуов ізденімпаздық танытын. Жаңаарқа елінің тарихын жазып, артынан «Жаңаарқам – елім менің» атты кітабын шығарып, орасан мол мұра қалдырды. Бұл еңбегінде Дәкең ауданның тарихын зерттеп, ауданға еңбегі сіңген азаматтардың өмір жолын жазып, жарыққа шығарды.

Майдангер-ұстаздың мақтан тұтқан шәкірттері де аз емес. Еліміздің түкпір-түкпірінде, өмірдің әр саласында еңбек еткен азаматтар, академиктер Серік Қирабаев, Ғабдолла Құлқыбаев, ғылым докторлары Көбен Әбжанов, Кәрібай Сарыбаев, Галя Кәрімова, белгілі әнші Қайрат Байбосынов, еңбек ерлері Шалғынбай Ынтықбаев, Ыдырыс Жұмабеков, Жаңаарқа кәсіптік мектебінің директоры Ғазым Жарылғапов, полиция полковнигі Жақия Кішенов және басқа шәкірттері, замандастары ұстаздары, әріптестері туралы жарты ғасыр бойы талай очерк, мақалалар жазған. Шәкірттерінің Дәкең туралы «Жас ұрпақ тәрбиесінің майталманы», «Сарыарқаның саңлақ ұстазы», «Майдангер ұстаз өнегесі», «Өнегелі жан еді» және т.б. еңбектері жарыққа шықты.

Жас ұрпақ тәрбиесіне қосқан зор үлесі мемлекет тарапынан бағаланып, Далбай Ізтілеуов Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Құрмет Грамотасымен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды.

Ұстаздың елі, туған жері үшін жасаған еңбегі ел аузында сақталған. Қазіргі таңда мектеп оқушылары Далбай Ізтілеуовтің еңбегін оқып, зерттеп ғылыми жоба қорғауда.

Ұстаз өнегесі отбасында да мәуелі миуасын жайып, гүлдене түсуде. «Әке көрген, оқ жоңар» деген қағидапы ұстанғандай балалары тегіс білім кәусарын құштарлана сіміруде.

Әке жолын қуған балаларына тоқталсақ, тұңғышы Салтанат – филология ғылымдарының докторы, профессор, «Шәкәрім - ХХІ ғасыр әлемі» ғылыми-зерттеу орталығының директоры. Сырым – Жаңаарқа аудандық спорт мектебінің аға жағтықтырушысы, Сәп – Қарағанды қаласы №39 Мағжан Жұмабаев атындағы гимназияда директордың ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары, Сана – Қарағанды облыстық мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының әдіскері, Сауле – Қарағандыда №91 жалпы білім беретін орта мектептің директоры, Назым – Жаңаарқа ауданында №1 орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі, немерелері Әйгерім – Жаңаарқа ауданында Крупская атындағы мектепте химия пәнінің мұғалімі, Есім – Жаңаарқа аудандық спорт мектебінің жағтықтырушысы, Дәкеннің тәрбиесінде болған немересі Алишер – Қарағанды политехникалық колледжінің оқытушысы, ғылым жолын қуған жас мамап.

Міне, осындай ұрпақтары ізін жалғастырып жатқан ұстаздың мәңгілік өмірі басталды. Оның атқарған ісі ешқашан халықтың көңілінен өшпек емес.

**ЕСКЕРТУ:** Мақала 2011 жылы желтоқсан айында Далбай Ізтілеуов марқұмның туғанына 90 жыл толуына арналып жазылды.

## «ЖӘКЕҢ ЖЫРАУ АТЫНДА»



Көмірлі қаламыздың мерекесін орай байырғы оқу орындары мен басқа да мекемелердің тарихына көз жүгірткен жөн болар. Қазіргі Жамбыл атындағы гимназия-интернатының іргетасы Қарағанды қала болардан алты жыл бұрын қаланған екен. Бүгінгі күні осындай оқу ордасы туралы айтпай кету мүмкін емес. Сондықтан да, осы мектеп-интернатты көп жылдан бері басқарып келе жатқан қарт ұстаз, Қазақстан

Республикасы білім беру ісінің озық қызметкері Нұрахмет ҚАЙЫРБАЕВ ағаймен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

– Нұреке, сіз басқарып отырған Жәкең жырау атындағы гимназия-интернаттың ұзақ жылдық тарихы бар. Әңгімемізді сол тарихтан бастасақ деймін.

– Ол дұрыс. Қандай оқу орны болмасын өзінің тарихы бар. Біздің мектеп 1928-29 оқу жылында ашылған. Онда отызға жуық қана оқушы болған екен. Мектеп үйі деген аты ғана. Барақ сияқты жеркепе осы күнгі Ескі қаладағы Шмидт көшесінің бойына орналасады. Оқушылар үшін ешқандай жағдай жасалмаған. Екі класқа бір ғана мұғалім

сабақ береді. Оның өзінде балалар сабақты еденде отырып оқып-жазады. Содан 1930-31 жылдары Орталық Комитеттің Қаулысымен Қарағанды үшінші көмір ошағына айналады да, қала халқының, оқушысының өсуіне байланысты жеті-сегіз класс бөлмесі бар мектеп салынады. Келесі оқу жылында жетіжылдық болады да, жетіжылдық орыс-қазақ фабрика-завод мектебі болып аталады. Одан соң 1932 жылы тастан екі қабатты мектеп салып береді. Оның бірінші қабатында қазақша, екінші қабатында орысша мектеп болатын. Кейінгі жылдарға дейін мұнда С.Орджоникидзе атындағы №8 орта мектеп болды. 1936 жылы жетіжылдық қазақ мектебі Амангелді көшесіндегі екі қабатты үйге көшіріліп, сол жылы ұлы жырау Жәкеннің аты беріледі. Бұдан кейін мектеп 1955-56 оқу жылында Михайлов тас жолы көшесіндегі №3 үйге көшіріледі. Міне, сөйтіп көшіп жүргенде мектеп өз түлектерін ұшыруды жалғастыра береді.

**– *Иә, түлектер демекші, мектептің алғашқы қарлығаштары қай жылы ұшырылды? Мектеп бітірушілерден кімдерді айтар едіңіз?***

– Мектептің алғашқы түлектері 1938 жылы ұшырылды. Сол жылы 12 оқушы бітіріп шыққан. Сонын ішінде қазір Мәскеуде тұратын, запастағы полковник Ерденбай Исаевты айтуға болады. Жалпы, содан бергі жылдар ішіндегі мектеп түлектерінің саны үш мыңға жуықтап қалды. Отызға жуық оқушы мектепті алтын және күміс медальдармен бітірді.

Мектептің тарихы Қарағандымен, Қарағанды көмір бассейнінің қалыптасу және дамуымен тығыз байланысты. Көмір өнеркәсібінің, машина жасаудың, аудан мен қаланың мәдени өмірінің бастау көздеріне Жамбыл атындағы мектептің түлектері тұрды. Қаладағы сауатты да, білімді қазақ жастарының көпшілігі осы мектептен оқыған еді. Біздің мектептің қабырғасынан атақты кеншілер, жауынгер-

лер мен офицерлер, ғалым, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау қызметкерлері, әдебиетшілер мен өнер адамдары шықты. Солардың арасында Социалистік Еңбек Ері, кенші Қ.Омаров, Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері М.Сүртібаев, Республикамыздың еңбек сіңірген артисі Қ.Әлімбаева сияқты ардақ тұтар адамдар бар. Мұнымен қоса Ж.Өмірбеков, Б.Ысқақов, А.Сатаев, Б.Бабақов сияқты жазушыларды да айтуға болады. Ал, от болып өріліп, ерлігі аңызға айналған Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровтің біздің мектептің түлегі екендігі бәрімізге зор мақтаныш. Қаншама ғалымдар шықты. Қазір санап отырсақ біздің түлектерден он адам ғылым докторы, сексен екі адам ғылым кандидаты болған екен.

*– Қазір сіздердің мектеп-интернатты «гимназия-интернаты» деп атайды. Гимназияның жалпы білім беретін мектептен айырмашылығы қандай?*

– Гимназия балаларға білімді тереңдете береді. Ол кластарға талантты, болашағынан үміт күттіретін балалар конкурспен қабылданады. Гимназия – интернатта терең білім берумен қоса оқушылардың имандылық-эстетикалық тәрбие алуларына ерекше көңіл аударылады. Мәселен, алдағы оқу жылында халықтық педагогика, этно-психология, халық астрономиясы, ислам мәдениеті, әдеп, әлемдік мәдениет, экономика негіздері пәндерімен қатар халық аспаптар оркестрі, ұлттық қолөнер, ою-өрнек, шахмат, би өнері, ырғақты гимнастика қоса жүргізіледі.

Гимназия шәкірттерінің бір тобы гуманитарлық-тілдік мамандықты меңгерсе, екінші тобы инженерлік-техникалық бағытта тереңдетілген білім алады. Сонымен қоса, гимназияны бітіргенде бір шет тілін (араб немесе ағылшын) игеріп шығады.

*– Гимназия атағы кез келген мектепке беріле салмаса керек. Сіздің мектеп-интернат кездейсоқ таңдалып алынбаған болар?*

– Әрине. Ойткені, бізде буган мүмкіндік толық жетті. Бірақ, бірден гимназия-интернат болғанымыз жоқ. Ол үшін де бірталай жолдан өттік. 1974-75 оқу жылынан бастап, Жамбыл атындағы қазақ орта мектебі мектеп-интернат болған еді. 1992 жылы Октябрь ауданы әкімінің шешімімен эксперименттік гимназия кластарын ашуға рұқсат берілген болатын. Содан 1992-93 оқу жылында үш гимназия класы, ал 1993-94 оқу жылында 12 гимназия класы ашылған болатын.

Гимназия-интернаттың демеушісі келісімшарт бойынша Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. Гимназияда негізгі мұғалімдермен қатар университет ғалымдары мен аға оқытушылары кейбір пәндерден тереңдетілген курстар бойынша лекциялар оқып, лабораториялық-практикалық жұмыстар жүргізеді. Университеттің профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Т.Көкетаев осындай көмек көрсету жөніндегі ғылыми жетекші болып табылады. Ал, бізде қосымша жұмыс істейтін психолог, ҚарМУ-дың аға оқытушысы Қ.Қапнасов – педагогикалық ұжымның мүшесі. Осы сияқты доцент М.Садырова, аға оқытушылар Қ.Жұмақасова мен Б.Торсықбаева, республика Ұлттық Ғылым академиясы Орталық Қазақстан бөлімшесінің ғылыми қызметкері Т.Аршабеков гимназия кластарына сабақ берсе, профессор, философ Т.Әбжанов, доцент Б.Рақымов, кафедра меңгерушісі К.Бертісханова мен Т.Қонақбаев, аға оқытушылар Н.Жұмаділова мен Ш.Рақышев элективтік курстардан лекциялар оқиды.

*– Гимназияның қазіргі материалдық базасы қандай? Оқушыларға қолайлы тұрмыстық-санитарлық жағдайлар толық жасалған ба?*

– Оқушыларға толық тұрмыстық-санитарлық жағдай жасай қою оңай жұмыс емес. Оған мықты материалдық база

керек екені белгілі. Сондықтан да оны нығайту үшін аз жұмыс істеліп жатқан жоқ. Тәрбиеленушілер үшін жаңа оқу жылына дейін екі оқу корпусын, интернат үйін жөндеуден өткізіп, дайындап қоямыз. Жатақхананың әрбір қабатында демалатын орын бар. Оқушылардың денсаулығын қадағалап отыру үшін физиотерапиялық кабинет жұмыс істейді. Жеке басының тазалығы үшін тұрмыстық бөлме жабдықталған.

Дегенмен, толық жағдай жасау үшін жиһаз, кілем бұйымдары, тағы басқа жұмсақ және қатты жиһаз бұйымдары жетіспейді. Жаңа жүйе бойынша оқыту процесін қамтамасыз ету үшін аудан әкімшілігі қалалық әкімшілікпен келісе отырып, бастауыш кластар және көпшілік залы кешенін салып беруді жоспарлап отыр. Бірақ, қаржынын жетіспеуі салдарынан ол әлі басталған жоқ. Сондықтан да, үш дайын қабырғаны пайдаланып, жапсарлас бөлме салу үшін 50-60 мың теңге бөлуін сұрап отырмыз. Әкімшілік бұл өтінішімізді орындайды деген үмітіміз бар. Спорт залы, шеберхана, тігін цехы жұмыс істейді. Барлық оқушы еңбекке қамтылатын болады.

Тағы бір айта кететін мәселе – университет ректоратының шешімімен биылғы жылы бітіретін түлектерден гимназия-интернатқа таңдаулы, білікті сегіз жас мұғалім бөлініп отыр. Олардың үй-күйі жоқ жастар екені белгілі. Сондықтан, жас ұстаздарға тұрмыстық жағдай туғызу мақсатында жатақхананың бесінші қабатынан бөлмелер дайындап жатырмыз. Әуелгі жылдары олар сонда тұрып, қызмет істейді, келешекте әкімшілік үй бөлегін болар деп ойлаймыз.

***– Ал, енді биылғы оқу жылына оқушылар қай уақытта қабылданатындығын оқырмандарға айта кеткеніміз дұрыс болар.***

– Иә, оны да айта кетейік, негізінен бірінші, бесінші және сегізінші кластарға оқушылар қабылдау тамыз айының ба-

сында өтіп кетті. Ал, қалған кластардағы бос орындарға және оныншы класқа қабылдау тамыз айының 12-13 күндері өткізіледі. Қандай құжаттар керек екендігін қажет адамдардың гимназия-интернатпен хабарласып, білулеріне болады.

*– Әңгімеңізге көп рахмет. Еңбектеріңізге табыс тілеймін.*

**Маусым, 1994 ж.**



## ЖҮРЕГІ ЖЫЛЫ ЖАН



Қаламыздағы байырғы оқу орындарының бірі. Қарағанды қаласының құрдасы медицина колледжіне (алғашқыда акушерлік мектеп, кейін медицина училищесі) алдымыздағы қараша айында 75 жыл толғалы отыр. Осы оқу ордасының негізін салушылардың игі дәстүрін жалғастырып жатқан оқытушылар мұнда көптеп саналады. Солардың бірі, колледждегі «Мейірбике ісі» бөлімшесінің меңгерушісі, өзінің бақытын еңбектен тапқан, жүрегі жылы, шәкірттерінің білімді де білікті болып шығуы үшін барлық білгенін аямайтын Бақыт Қуанышева дер едік.

Бақыт жасынан адам жанының арашашысы дәрігер болуды қалап өсті. Оның себебі де жоқ емес. Анасы Зина Смағұлқызы дәрігер еді. Сондықтан, анасы үйде жоқта ақ халатын киіп алып, екі сіндісі Айгүл мен Гүлнарды дәрігер болып «емдейтін». Әкесі Шалабай Қуанышев пар-

тия қызметкері, үнемі жұмыста, бұл көбіне анасының жанында болғандықтан да шығар. Балаларының қалаған мамандығына ата-анасы да қарсы болмады. Бақыт орта мектепті бітірген соң Қарағанды мемлекеттік медицина институтына келіп түскен. Оны емдеу ісі мамандығы бойынша 1986 жылы бітіріп шыққан соң жолдамамен сол кездегі Теңіз ауданының орталығы Баршын селосына дәрігер етіп жібереді. Ол мұндағы аудандық орталық ауруханада он жыл бойы еңбек етіп, Қарағанды медицина колледжіне оқытушы болып ауысады. Содан бері бір орында еңбек етіп келеді.

Осы өткен уақыт ішінде Бақыт Шалабайқызы өзін тек кәсіби сауатты, шығармашылықпен еңбек ете білетін оқытушы ретінде көрсете білді. Кәсіби білімі мен білктілігін жетілдіре отырып, өзінің алған тәжірибесі мен тәлімін шәкірттерінің жүрегіне шығармашылықпен жеткізе білді.

Өзінің сабақ өткізу барысында дәстүрлі және дәстүрлі емес оқыту түрлерін қолдана отырып, алға қойған мақсатына жету үшін шәкірттерінің өз бетімен жұмысын белсенді ұйымдастыруды әрқашан сәтті жүзеге асырады. Білімдерін бақылау жұмыстарын жүйелі түрде өткізіп отырады. Бұл үшін жүйелі ойлау қызметін дамытатын және үй тапсырмасының шығармашылық шыңдалу шегіне жеткізетін жолдарды қарастырып отырады.

Бақыттың 2005 - 2008 жылдар аралығында психатрия және неврология пәні бойынша лекциялар жинағы жарық көріп, «Жүйке ауруларын емдеу әдісі» атта бейнефильмі түсірілді. «Терапиядағы мейірбике ісі» оқулығына бақыттың оқыту материалдары негіз болды. Бұл оқулық Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің пікірі бойынша басылымға жіберу туралы ұсыныс жасалып, қазір республикамыздың медицина колледждерінде сынақтан өтуде.

Оқытушы колледждің жоспарына сәйкес ашық сабақтар өткізіп тұрады. Өткен жылы «Жүйке аурулары және кәсіби

жүйке ауруларының дамуы» тақырыбында педагогикалық тәжірибесін таратты. Бүгінгі күнде клиникалық пәндерді оқытуда ғана емес, бұл тақырыптың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәні де зор.

– Бақыт Шалабайқызы өзінің оқушылары мен әріптестерінің арасында ғана емес, ата-аналардың арасында да зор беделге ие. Осындай мол жауапкершілікті, білікті ұстазды 2004 жылы колледждегі «Мейіркем ісі» бөлімшесінің меңгерушісі етіп тағайындаған едік. Қазір бұл бөлімше оқу орнындағы алдыңғы қатарда келеді. Сонау медицина училищесі болып құрылған жылдардан бері 4 мыңнан астам мейірбике бітіріп шыққан үлкен буынға білгірлікпен жетекшілік жасауда, – деп атап өтті колледж директоры, медицина ғылымдарының кандидаты Аманжол Нұрбеков.

Бөлімше меңгерушісі болып тағайындалғаннан бергі уақыт ішінде Бақыт талай игі істерге мұрындық болған. Қазір осы мамандықта оқып жатқандар үшін үнемі тақырыптық конференциялар, жыл сайын «Өз кәсібінің таңдаулысы» конкурсы өткізіліп тұрады. Оқушылар «Қайырымдылық» акциясына белсенді араласып, кесте бойынша «Ботагөз» балалар үйіне, Хоспис мейірбикелік күтім ауруханасына, балаларды оңалтудың «Үміт» орталығына барып, балалар мен жасөспірімдердің дәрігерлік-психологиялық және әлеуметтік оңалуына көмектерін көрсетеді.

Бөлімшеде оқушылар «Химик», «Мұрагер», «Қайырымдылық», «Іздену», «Скальпель», «Анатомия», «Физиология» үйірмелерінде оқу-зерттеу жұмыстарымен айналысады. Бұл олардың кәсіби бейімділіктерін арттыруға және оқу үрдісінің тиімділігін арттыруға жағдай жасайды. Үйірме мүшелері қалалық, облыстық, республикалық ғылыми-студенттік конференцияларда талай рет жүлдегер

атанды. Мейірбикелер жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау ісінде елеулі жұмыстар атқарып келеді. Ерікті көмекшілер темекі шегудің, нашакорлықтың, ЖИТС-тің, туберкулездің алдын алу жөнінде үгіт жұмыстарын жүргізеді. Бұған қоса Салауатты өмір салтын насихаттау орталығымен бірлесе отырып нікірталастар, доңгелек столдар, конференциялар, акциялар, спорттық жарыстар өткізеді. Осыған орай, қалалық және облыстық деңгейлердегі алғыс хаттарының өзі бірталай.

Мейірбике мамандығының беделін арттыра түсу мақсатында жыл сайын колледжде Медицина мейірбикелерінің Халықаралық күні аталып өтіледі. Оқушылар Медицина қызметкерінің күнін, Мұғалім күнін, Халықаралық әйелдер күнін мерекелеуге де белсене атсалысады. Осы жұмыстардың барлығының басы-қасынан әрқашан Бақытты көруге болады.

Көптеген марапаттардың иесі, ҚР Ғылым және білім министрлігінің Алғыс хатын алған, ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі Бақыт Шалабайқызы бүгінгі күні 75 жасқа толып отырған оқу орнының одан әрі дами түсуіне, білімді де білікті шәкірттер даярлау ісіне өзінің қолдан келген үлесін қоса беретіндігі сөзсіз.

**2010 ж.**

## «МАҚСҰТЫМ – ТІЛ ҰСТАРТЫП, ӨНЕР ШАШПАҚ...»



Қарағанды педагогикалық институты филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне түскен өндірдей жас кезіміз болатын. Абай ағамыз айтқандай, мақсұтымыз – тіл ұстартып, өнер шашпақ болды. Сол кезде Шәпен де ортамызда жүрген бойжеткендердің бірі еді. Оның әнді жақсы айтатындығын, әсіресе халық әндерін нақышына келтіре шырқайтынын біліп

алған соң, басымыз қосылған жиында ән айтқызып, тамсана тыңдал отыратынбыз. Біздер сияқты емес, Үмсынай, Жаннат сияқты жатақханада бірге жатқан қыздар бөлмесінен шықпастан сабақты жақсы оқыды. «Біздер сияқты емес» деп отырғанымның себебі бар. Біз болсақ, сабақты сырып қойып, сыраханаларды жағалатып, ойын-тойлар мен студенттік кештерден қалмайтын едік.

Оқуын бітірген қыздар мен жігіттер сан тарау жолға түсіп, жан-жаққа аттанып жатты. Әуелі басқа жаққа

аттанған Шәпен Маташева бір жылдан соң біздің пединститутта оқыған Баян Махметовке тұрмысқа шығып, Нұра ауданының «Чернигов» совхозына аттанғанын естідік. Содан бергі откен 37 жыл бойы қазір Көбетей деп аталатын ауылдағы Р.Асубаев атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп келе жатыр.

Шәпен Бұқар жырау (бұрынғы Ульянов) ауданының Ақжар аулында қызметкер Қалтай Маташев пен көп балалы ана Бәтимаһның отбасында дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң жоғары білім алмаққа Қарағанды қаласына келіп, пединститутқа түскен. Осында Қалжан Тұңғышбаев, Қаби Лекеров, Қайролла Нұрмұханов, Фатима Кенжебаева, Сәбила Төлекова, Задан Жұмағалиев, Мұрат Смағұлов сияқты қазақ тілі мен әдебиетінің майталмандарынан дәріс алып, өзінің алған ғибратын шәкірттерге білім беру және тәрбиелеу жолында тамаша қолдана білді.

Соның нәтижесінде ол мектепте қазақ тілі мен әдебиетін оқыту тәсілін жете меңгерген тәжірибелі ұстазға айналды. Ұстаздық жолда елқашан ерініп көрген жоқ. Сабақ үстінде оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға ерекше көңіл бөліп, өгілген тақырыпты жете меңгертуге тырысады. Білім берудің жаңашыл технологияларын игеруге ден қойып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға, шығармашылық ізденістерге бағыттайды. Республикамызда сабақтарын осы заманғы талапқа сай, пәнді оқыту әдістемесін озат педагогикалық идеялармен ұштастырып жүргізетін мұғалімдердің іс-тәжірибесімен үнемі танысып отырады. Әсіресе, өскемендік Қанипа Бұғыбаеваның атаулы мектебі ұжымының іс-тәжірибесін өзіне үлгі тұтады.

Шәпен сабақта шәкіттерінің дұрыс сөйлеп, сауатты жаза білуіне үйретумен бірге, көрнекі құралдарды тиімді пайдаланып, сабақтың тартымды өтуіне қатты көңіл бөледі.

Егеменді еліміздің ұлттық тілімізге деген заңын қолдаудай отырып, тіл мәселесіне арналған баяндамалар оқып, «Тіл тағдыры – ұлт тағдыры», «Ана тілін ардақтайық», «Туған жер тұғырың, туған тіл – қыдырын» атты әдеби кештер өткізді. Әдебиет пәні бойынша «Мұқағалиды ансау» атты поэзия сабағын, Қ.Аманжоловтың 90 жылдығына арналған «Қасым оты сөнбейді» атты әдеби-музыкалық кеш, Ғ.Мұстафин мен Ғ.Мүсіреповтің 100 жылдығына арнап «Қос Ғабен» атты әдеби кеш, Махамбеттің 200 жылдығына арналған мәнерлеп оқу жиынын ұйымдастырған.

Ұлағатты ұстаз туралы әріптестері жылы сөз білдірді.  
Алмас Омаров:

– Шәпен көп жыл мектеп ішіндегі және аудандық қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің жетекшісі болады. Сол кездерде аудандық пән бірлестігі мүшелерінің көмегімен «Педагогикалық шеберлік» атты сайыс өткізеді.

Ізденімпаз ұстаздың басшылығымен аудан көлемінде Р.Асубаев, Қ.Шайменов, Пржевальский, Киров атындағы орта мектептерде өткізілген «Жаңаша оқыту – жетістік көзі» атты семинар-сабақтары жас ұстаздардың тәжірибе алып, үйренуі үшін өте пайдалы болды, – деп пікір білдірсе.

– Шәпен Қалтайқызының өз пәнін жете меңгерген тәжірибелі ұстаз екендігін оқытқан шәкірттерінің аудандық және облыстық олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болып жүргендігі дәлел бола алады. Республика көлемінде өткізіліп жүрген «Абай оқулары» байқауына өз шәкірттерін қатыстыру арқылы ат салысуда. Абай әндерін орындауда Айнұр Бекмағамбетова деген шәкірті үш жыл қатарынан облыстық байқауға қатысып, Әсел Болат, Нұргелді Омаров, Айнұр Балмағамбетова Абай өлеңдерін мәнерлеп оқудан аудандық байқаудық жүлдегері болды. 2003-2004 оқу жылында Нариман Ескенов облыстық Абай оқуларында Абай әндерін орындап, жүлдегер атанды, – дейді Дәулет Уашев.

Информатика және физика пәнінің мұғалімі Б.Шеркенова:  
– Шәһен апайдың сабақ өткізетін кабинеті осы заманғы талапқа сай жабдықталған. Перфокарталар, рефераттар, тестілік жұмыстар, сабақ көрнекіліктері сияқты дидактикалық материалдарға бай. Қазір ұстазының жолын қуған шәкірттері Нүргүл Қалкенова Р.Асубаев атындағы орта мектепте өзімізбен бірге әріптес болып жүрсе, Бақыт Омарова аудан орталығындағы кешкі мектепте мұғалім, Жапаргүл Рақымжанова Астанада ұстаздық қызмет етіп жүр. Соң сияқты Жайнагүл Жарова мен Айшүр Бекмағамбетова болашақта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болмаққа Еуразия университетінің филология факультетінде оқын жатыр. – деп мадақтады.

Әріптестері Шәһенді қарапайым, елгезек ұстаз ретінде біледі. Жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде жалықпай ізденеді. Бір кездері республикалық (1978-79 оқу жылында) педагогикалық оқуларға да қатысқан.

Осындай мерейге бөленген ұстаз «ҚР Білім беру ісінің үздігі» мәртебелі атағының иесі. Ол 1991 жылы «Жыл мұғалімі» атағын да жеңіп алып, облыстық дәрежедегі жүлдегер болған. Аудандық, облыстық білім бөлімдерінің, кейіннен облыстық білім департаментінің, аудан әкімінің, білім беру қызметкерлері кәсіподағы облыстық кеңесінің, Қазақ КСР Халыққа білім беру министрлігінің грамоталарымен және Құрмет грамоталарымен марапатталған. 2001 жылы ҚР Президентінің «Алғыс хатын» алған.

Қазір осы мектепте көп жыл директордың орынбасары болып қызмет атқарған жолдасы, география пәнінің мұғалімі Баян Махметов екеуі екі ұл мен Алмагүл атты қыз тәрбиелеп өсіріп, ұлдарынан немере көріп отырған ұлағатты отбасы. Үлкені Асылбек құқық қорғау саласында қызметкер болса, Өлібек әскери қызметте.



Сөз соңында осындай жетістіктерге ие болған курстасымыз Шәпен Қалтайқызының отбасына береке-бірлік, өзіне денсаулық тілейміз.

**2009 ж.**

**ЕСКЕРТУ:** Бұл мақала Шәпеннің 60 жасқа толуына орай жазылған еді. Қазір олар отбасымен Қарағанды қаласында тұрып жатыр.

## ОН САУСАҒЫНАН ӨНЕР ТАМҒАН



Баланы жас кезінен өнерге баулу оның болашағына зор ықпал ететін жайлардың бірі. Күлзия мектепте оқып жүрген кезінің өзінде-ақ қол өнеріне, оның ішінде тігін тігуге және кесте мен тоқыма тоқуға әуес болып өсті. Оған үйдегі ата-ананың ықпалының да мол болатыны белгілі. Мұндайда қазақ атамыз «Ата көрген – оқ жонар, шеше көрген – тон пішер» дейді. Күлзияның жастайынан ине-жіпке икем болуы анасының арқасы де-

сек артық айтқандық емес.

Болашаққа қадам басу мектеп табалдырығын аттап шыққан сәттен бастау алатыны белгілі. Түлек өзі қалаған мамандығын алу үшін орта немесе жоғары оқу орнына аттанады. Ал бұлар мектеп бітірген сәт қызыл комунистердің одағай саясатының салтанат құрып тұрған кезі болатын. Адам құқығын аяққа басып, әрбір түлекті оқуға емес, еңбекке аттандырып жатты. Оның өзінде де жай еңбек емес, қыстаққа барып, шопан болуы қажет еді. Мұның астарында «қой баққан қазақтың баласын қалаға жолатпай, ауылда қой бактырып қалдыру» шовинистік идеясы жатқан бола-

тын. Бірақ Күлзия үшін мұндай саясат теріс те болған жоқ. Басқадай жағдай болғанда бәрін тастап оқуға кетіп қалушы еді. Мұның он саусағынан өнер тамған тігіншілігін білетін мектеп басшылығы осында еңбек пәнінің мұғалімі болып қалуды ұсынды. Ақыры бір жыл жұмыс істемей аттестатын қолына бермейтін болған соң, ол қуана келісті. Сөйтіп, оныншы сыныптан соң кешегі өзі шәкірт болған №30 орта мектептің ұстазы болып шыға келді. Жас ұстаз алғашқы күннен-ақ қыз балаларды іс тігу, кесте тоқу, тоқыма тоқу сияқты өзі білген өнерге баули бастады. Әрине, алғашқы бетте ұстаздық әрі әдістемелік тәжірибесінің жоқтығынан талай қиындықтарға кезіккені рас. Табандылығының, ізденімпаздығының арқасында ондай қиындықтарды жеңіп, аз уақыт ішінде бірталай тәжірибе жинақтады. Міне, содан бері жиырма үш жылдан астам уақыт өтіпті. Қазір ол бір орында еңбек етіп, технология және еңбек сабағының бірінші санатты мұғалімі болып қызмет атқарып келеді. Осы жылдар ішінде мемлекеттік және білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтында бірнеше рет курста болып, білімін көтерді, Қазақстан-Ресей университетінің филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп шықты.

«Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға» дегендей, қазіргі кезде мұғалім Күлзия Рақымбекқызы оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін меңгере отырып, «Жаңа технология үрдістерін пайдалану» тақырыбында жұмыс істеуде. Әр сабаққа байланысты дидактикалық материалдарды, технологиялық нұсқау карталарын, карточкаларды, буклеттерді, қолөнердің түрлеріне қатысты қосымша әдебиеттерді оқу процесінде тиімді пайдалана біледі. Әр сынып оқушылары еңбек сабағына сарамандық жұмысы үшін арнаулы папкалар әзірлеп, онда сабаққа қатысты


кажетті құрал-саймандар ұқыпты сақталған. Техпология пәнін оқыту барысында әр түрлі бұйымдар жасаудың әдіс-тәсілдерін үйрету арқылы жүзеге асырады. Оқу үрдісі кезінде эстетикалық тәрбие беру үшін оқушылардың қызығушылығын тудырып, қабілетін арттырағындай оймен жасалған қыз балалардың сәндік бұйымдарын сабаққа қосымша кернекілік ретінде пайдалана біледі. Әрбір сабақтың көңілді өтуіне жете көңіл бөліп, ойып, саяхат, сайыс, жәрмеңке, аукцион түріндегі дәстүрлі емес сабақтарды тақырыпқа байланыстыра отырып жиі өткізеді. Атап айтқанда, «Мағалар сыры», «Ігің машинасының шығу тарихы», «Қыздардың жұмысы», «Түймелер қалай пайда болды» және басқа тақырыптарды атауға болады.

Мүғалімнің сыныптар арасында өткізген «Шеберлер», «Дәм думан», «Үлттық тағам», «Өнерлінің он саусағы тең» атты конкурстары шебер ұйымдастырылып, мектеп ұжымы мен ата-аналар тарапынан жоғары бағаланды. Күлзия Мизамбаеваның «Сәндік қолданбалы өнер» курсының міндеттерін жүзеге асыру» тақырыбына жазған шығармашылық жұмысы да бар. Ұстаз оқушылардың теориялық білімін жетілдіріп, өзіндік шеберлікпен танымдық және шығармашылық қабілетін дамытуға бағыттайды. Еңбек пәнінің бір бөлегін 8-11 сыныптар арасында кәсіптік бағдармен байланыстырып, мамандық алуға, кәсіби шеберлікке даярлайды. Осы сыныптар арасында кәсіптік мамандыққа баулуға байланысты «Шебер көп жерде өнер көп», «Шеберлікке шек бар ма!», «Талғамның жоғарылығы әсемдікке ұмтылу», «Талабы бар еңбекке бас ұрады», «Өнерді бағалай білмеген өрге шықпас», «Ізденіс – өнер сабағы» атты ойын, сабақ, жарыстар, конкурстарды тартымды өткізіп жүр. Ұстаздың әдістемелік пән бірлестігінде оқыған «Сәндік қолданбалы өнер

курсының міндеттері». «Оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде еңбек пәнінің мүмкіндіктері, «Кұрақ құрау арқылы логикалық ойды дамыту», «Мамандыққа баулу», «Технология кабинетін жабдықтау» тақырыбындағы баяндамалары тыңдалып, жақсы бағаланды. Ұстаз ұйымдастырып, көрнекі құралдармен, стенділермен жабдыкталған пән кабинетінің мүмкіндігі мол. «Қыз еркем – кестесімен көркем», «Нені оқып үйренеміз?» атты ауыспалы стенділер әр тоқсан сайын толықтырылып отырады. Осы ауыспалы стенді арқылы мұғалімнің оқушыларға үйреткен жұмыстарының нәтижесін көруге болады. Бірінші санатты жоғары деңгейдегі ұстаздың шығармашылық жұмыстары жыл сайын облыс бойынша Қарағандыда өтетін «Ауыл-бөреке» жәрмеңкесінде және аудандық оқу бөлімі мен мектеп ішінде өтетін жәрмеңкелерде де сатылуда.

Осындай еңбегі бар Күлзия Мизамбаева Қазақстанның Тәуелсіздігінің 15 жылдығына орай облыстық білім департаментінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Оның жергілікті жердегі ауылдық және аудандық әкімшілік пен білім бөлімінен алған мадақтау-марапаттарының өзі бір төбе. Бір сөзбен айтқанда, ол өзі білетін құрақ құрау, кесте тігу, тоқыма тоқу сияқты өнерді шәкірттерінің бойына сіңіріп келеді. Әйтпесе, оның алдына ұршық иіру былай тұрсын, қолына ине ұстап көрмеген балалар да келетіні бар. Ондайлар келешекте шебер болып кетпегенмен өз түймесін өзінің қадап алуына жағдай туады. Ал, Күлзияның тәрбиесін көрген 15 шәкіртінің осы мамандық бойынша еңбек етуінің өзі мақтан тұтарлық жағдай болса керек. Сондықтан да, оның еңбегіне жеміс тілей отырып, он саусағынан өнер тамған шеберлер шығара беруіне тілектестік білдіреміз.

## ШАҢҒЫШЫ



Қазақстанның спортына, оның ішінде шаңғы спортымен айналысып, еңбек сіңірген жандар саусақпен санарлықтай ғана. Солардың бірі, біздің қарағандылық Қахмас Мұхаметжанов.

Қарқаралы ауданына қарасты Жарлы аулында туып-өскен Қахмас жастайынан желаяқ еді. Жаз бойы жалаңаяқ жүгіріп жарысқанда басқа өзі қатарлы балалардың барлығы шаңына да ілесе алмай қалатын. Содан Қарқаралы қаласындағы №2 орыс орта мектебін бітірді. Мектепте оқып жүрген кезінің өзінде шаңғы тебуді, жүгіруді, секіруді, жалпы спортпен айналысуды өте қатты ұнататын. Қарқаралы қаласындағы мектептер арасында өткен спорт жарыстарында сан рет жүлдегер атанды. Оның спортқа деген бейімін байқаған ұстаздар оған сол кезден педагогикалық институттың спорт факультетіне түсуге кеңес берген еді. Сол ақылмен Қахмас спорт факультетіне түскен болатын. Ол осында оқып жүрген кезінде осы факультет негізінде Қарағанды

педагогикалық дене тәрбиесі институты құрылды. Қахмас институтта оқып жүрген кезінде де спортпен айналысудан, қоғамдық жұмыстарға араласудан бас тартқан жоқ. Ол өзі жақсы көретін шаңғы спортын таңдап алып, сонымен айналысты. Демалыс күні басқа өзі қатарлы студенттер туған күн кешіне кетіп жатса, бұл шаңғысын аркалап қалалық паркке келетін. Күні бойы шаңғы теуіп, шаңғымен жүгіріп, жаттығулар жасап кешке қарай бірақ оралатын. Сол еңбегі еш кеткен жоқ. Үшінші курста оқып жүрген кезінің өзінде облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында дене тәрбиесі кабинетінің меңгерушісі болды. 1969 жылы оқу орнын бітіргенде осындағы қызметін жалғастыра берді. Содан 1972 жылы спорттық бағыттағы мектеп-интернатқа ауысады. Мұнда ол шаңғы жарысына балаларды жаттықтыра жүріп өзі шаңғыдан мектеп оқушыларының облыстағы аға жаттықтырушысы болды. Өзі де әр түрлі жарыстарда жүлделерге ие болып, шаңғы жарысынан КСРО спорт шеберінің нормасын орындаған болатын. Осындай болашағы бар спортшыны сол кезде дене тәрбиесі және спорт техникумында директор болып жүрген Ғалым Жарылғапов өзіне шақырады. Осы оқу орнында істеп жүріп облыстың негізгі командасының аға жаттықтырушысы болады. 1982 жылы Қахмасы Мәскеуге аттандырады. Ол мұнда кәсіптік-техникалық білім саласында олимпиадашылар даярлау орталығында аға жаттықтырушы болады. «КСРО кәсіптік білім беру ісінің үздігі» белгісін омырауына қадайды. Осы жылдары ол көптеген атақты шаңғышылар даярлау ісіне елеулі үлес қосты. Солардың арасында Қахмасын тәрбиесінде болған Александр Галимулин мен Виктор Николаев КСРО халықтарының спартакиадасында бірі чемпион, екіншісі жүлдегер атанады. Осындай үздіктер және Қазақстанның құрама командасына шаңғышылар

даярлағаны үшін оған Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы атағын береді. «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» атанады. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталады. Онда бес жыл қызмет атқарған соң Алматыға оралып, Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Ерікті Спорт Қоғамы республикалық спорт клубының шаңғышылар даярлау жөніндегі жаттықтырушысы қызметіне кіріседі. Екі жылдан соң қысқы спорт түрлері бөлімшесінің меңгерушісі болады. Үлкен жарыстарда төрешілік қызметтерге белсене араласқаны үшін шаңғы спорты бойынша халықаралық дәрежедегі спорт төрешісі атанады. Дене шынықтыру мен спортты дамытуға қосқан үлесі үшін сол кездегі министр, белгілі спортшы Д.Тұрлыханов «Құрмет» белгісін өз қолымен омырауына қадаған болатын. Еңбек ардагері Қахмас Мұхаметжанов бұдан кейін біраз жыл Алматы қалалық Кеңесі атқару комитеті жапындағы «АТА» туристік қауымдастығында, одан соң туризм жөніндегі «Әл-Фараби» шағын жеке меншік кәсіпорнында қызмет атқарады. Осы кезде Қахмас ең алғаш рет Қытайға туристер ағандырғанын еске алады. Одан соң Алматы облыстық әкімшілігінде туризм және спорт бөлімінің меңгерушісі қызметіне тақырып, онда да біраз жыл еңбек егеді. Кейін облыс орталығының Талдықорғанға ауысуына байланысты ол жұмыстан ауысуына тура келеді.

Енді Қахмас кәсіпкерлікпен айналысуды мақсат етеді. Сөйтіп, өзі қатарлы жігіттермен бірлесе келіп Жезқазған қаласында отқа төзімді материалдар, мұнай мен түсті және кара металлургия зауыттары үшін өнімдер шығарағын «Еркін-Кварц» атты жауапкершілігі шектеулі серіктестік құрады да, өзі соның жабдықтау және өткізу бөлімінің бастығы болды. Қазір алпыс жастың асқарына шыққан Қахмас осы жұмыстармен айналыса жүріп жеке



шаруашылықты дамыту ісіне де ден қойған. Қарқаралының Жаңатоған аулында 200 қой өсіруде. Келешекте төрт түлікті түгел өсіруді жоспарлап отыр.

Иә, спорт әлемінде аты мәлім, оның ішінде қазақ жастарының ішінен шыққан алғашқы шаңғышы Қахмас Мұхаметжанов қазір қаламызда тұрады. Ол қолы босаған сәтте машинасына шаңғысын салып алып, қала сыртына аттанады. Шыңылтыр аязды Сарыарқаның таза ауасында шаңғысымен еркін көсіле жүгіріп, рахат сезіммен сырғанайды. Кешке қарай жаны жай тауып, көңілі сергін оралады.

**ЕСКЕРТУ:** Бұл мақала 2006 жылы Қахмас Мұхаметжановтың 60 жасқа толуына байланысты жазылды.

## «ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ – ЗОР МІНДЕТ»



**Октябрь ауданындағы №29 сайлау округінен депутат, №68 жалпы білім беретін мектеп-интернат-балалар бақшасы кешенінің директоры Жанділ Ахуанұлы МҰХТАРОВПЕН сұхбат:**

*– Жанділ Ахуанұлы, әңгімемізді өмір жолдарынан бастасақ деймін. Өткен кезеңдерге шағын шолу жасап өтсеңіз?*

– Жарайды. Мен 1952 жылы сол кездегі Ульянов ауданына қарасты Жас тілек аулында туып өстім. Осындағы бастауыш сыныптан соң Қарағанды қаласына келіп, №41 орта мектепте, №2 мектеп-интернатта оқыдым, содан Пушкин атындағы совхоздың орта мектебін бітіріп, әскер қатарына кеттім. Одан келген соң ҚарМУ-дің математика факультетіне түстім. Оны бітірген соң Октябрь ауданындағы №67 сегізжылдық мектепке жолдама берді. Ескі қалада орналасқан, бұрын №7 мектеп-интернаты болған бұл оқу орнында он үш жыл еңбек еттім. Содан 1989 жылы №68 орта мектепке директор етіп жіберді. Кейіннен қазақ тілінде

оқуға талпынғандар санының арта түсуіне байланысты 1991 жылы «Восток-5» ықшам ауданында осы мектептің іргетасы қаланды. 1996 жылы салынып бітті. Содан бері осында қызмет атқарып жатырмын. Ал, 2003 жылы оны «№68 жалпы білім беретін мектеп-интернат-балабақша кешені» деп атау туралы облыс әкімінің өкімі жарық көрді.

*– Енді әңгіmemіздің арнасын депутаттық қызметтерге қарай бұрсақ деймін. Қай жылы депутат болып сайландыңыз?*

– Мен 2003 жылы депутат болдым. Қарағанды қаласы 30 сайлау округіне бөлінген. Соның бірінен депутаттыққа түстім. Ол кезде үшінші шақырылған мәслихат болатын.

*– Ал, енді неге депутат болғыңыз келгендігін айтыңызшы? Неліктен халық қалаулысы атанғыңыз келді?*

– Мәселен, осы біз тұрған ықшам ауданда біздің мектептен басқа ешқандай мекеме жоқ. Тек шағын дүкендер ғана бар. Осы ықшам ауданның абаттануы, көркеюі үшін жұмыс істеу керек болды. Біз онсыз да өзіміз осы сала бойынша жұмыс істеп жатырмыз ғой. Оның үстіне, жасырағыны жоқ, мектепке көмек керек болды. Мектеппен байланысты біздің ата-аналарға да қажет болды. Сондықтан да, ойлана келіп, депутат болу қажет деп таптым. Аз жұмыс істеймін бе, көп жұмыс істеймін бе, осы ықшам ауданға, Майкұдық тұрғындарына, осында оқып жатқан балаларға өз көмегімді тигізсем, солардың мұң-мұқтажын жоқтасам деп ойладым. Бұл ұсынысымды «Нұр Отан» ХДП да колдады. Қазір бұл шешімге келгеніме өкінбеймін.

*– Депутаттыққа сайлану кезінде қиындық болған шығар?*

– Әрине болды. Маған дейін осы округтен депутат болғандар, басқа да адамдар түсті. Олар бизнесте жүрген

адамдар. Олардың қаржы-қаражаты мен мүмкіндігі бар деген сияқты. Соған қарамастан «Нұр Отан» ХДП-ның қолдауымен кездесулер өткізіп, халықтың сеніміне жол тауып, ақыры сайланып шықтым.

*– Сіздің сайлаушыларыңыз негізінен қандай мәселелермен көбірек келеді.*

– Сайлаушылардың қоятын сұрақтары өткен көп және олар алуан түрлі. Солардың ішіндегі ең бастысы да және ең қиыны да тұрғын үй мәселесі болып отыр. Мен депутат болып сайланған соң сегіз жылдай тұрғын үй болу комиссиясының мүшесі болдым. Үй-жай кезек бойынша берілуі тиіс – бұл заң. Беріліп жатқан үй де жоқ деуге болады. Берілсе – бірлі-жарым ғана. Ал, алдыңа келіп, жағдайын айтып, зар еніреп отырған адамға көмектескің келеді. Ана адамның жағдайын да түсінесің, бірақ қалай көмектесерсің? Сол кезде қатты қиналдым. Одан соң сұрайтындары – балалар бақшасына баласын орналастыру, мектепке қабылдау, ауланы абаттандыру деген сияқты мәселелер.

Мен дәл депутат болған кезде мына «Восток-3» ықшам ауданында бір үй апатты жағдайға ұшырады. Құлауға шақ тұрған үйдің халқын көшіру керек болды. Тұрғындарды осы ықшам аудандағы біздің мектептің жанынан салынған жаңа үйлерге қоныстандырдық. Олардан енді осы жаңа алған үйлерін жекешелендіру жөнінде өте көп сауал түсті. Өйткені бұрынғы үйлері жекешендірілген болатын. Бұл мәселе де шешілді.

Енді сол үйдің астында болған емхана мәселесі қозғалды. Әуелде бұл емхана №8 мектепке орналастырылды. Кейін «Көгілдір тоғандар» ықшам ауданына көшірілді. Тұрғындар бұған шағымданып, өзіміз ауырып жүргенде сонау шеттегі емханаға қалай жетеміз дейді. Мен де бұған қарсы болдым. Бірақ жер бөлініп, емхана салынып қойған.

*– Көшелерді абаттандыру, сәулеттендіру мәселелері де жиі қозғалатын шығар?*

– Рас. Ондай сауалдар да көп. Біз осы ықшам ауданда көп жұмыс жасадық. Бұл ықшам аудан Кеңес Одағының Батыры Мартек Мамыраев атында ғой. Сол кісінің аллеясын жасайық, бір ескерткіш қалсын деп ойладық. Сөйтіп, біздің интернаттың дәл жанында тамаша аллея жасадық, оны жыл сайын жөндеп отырамыз. Қазір тактатастар төселіп жатыр. Одан соң сайлаушылардың сауалы бойынша жарықтандыруға көп еңбек сіңірдім. Жолдар асфальтталуда. Сонау Қарқаралы күре жолынан бөлінетін, асфальт жол қазақ-түрік лицейіне дейін барады, одан соң айналып барып Майкұдықтың басты жолына қосылады.

*- Осындай жұмыстарыңыздың біріне нақты мысал келтіре кетсеңіз...*

- Ондай мысалдар көп. Соның ішінде Садықова деген сайлаушыға көмек жасадық. Ол кісі үш бала тәрбиелеп, өсіріп отырған жалғыз басты әйел. Сонау тоқсаныншы жылдардың аяғында иесіз қалған бір үйге әкімдіктің қолдауымен қоныстанған екен. Тұрып жатқан үйін жекешелендіруге көмек жасадық.

Мына аялдамадан ықшам ауданға қарай көтерілген кезде тұрғындар қиындық көруде. Жаңбыр жауса, жер лайланып кетеді. Көктайғақта тайып жығылады. Сондықтан, ол жерді асфальттағтық. Келешекте сол жерде баспалдақ жасатуды да ойлап отырмыз.

*– Жуырда қалалық мәслихаттың кезекті XXII сессиясында өте жақсы мәселе көтерілді. Бұрын иесіз қалған үйлерге құжатсыз немесе әкімдіктің келісімімен қоныстанып, коммуналдық ақысын төлеп, сол үйлерде бес жылдан астам тұрып жатқандарға сол үйлерін бекітіп беру туралы мәселеге депутаттар түгелдей дауыс берді. Бұл туралы сіздің өзіңіздің жеке пікіріңіз қандай?*

– Қалалық тұрғын үй бөлу жөніндегі комиссияда мүше болғанымды жаңа айтып кеттім. Мен бұл жағдайды жақсы білемін. Мұндай шешім шығатын болса, оны қолдаймын. Кішкене кештеу болғандығы рас. Дегенмен де, мен әлгі комиссияның мүшесі болып жүрген кезімде келіп жатқан қала әкімдеріне осы мәселені түбегейлі шешу қажеттігі туралы сан мәрте айтқан болатынмын. Осы мәселеге қоңіл бөліп отырған Мейрам Ахмедияұлына рахмет. Бір кезде иесіз қалған үйлерге кіріп, оны жөндеп, оның коммуналдық ақысын үзбей төлеп тұрған адамдарға сол нәтерін бекітін беруге болады. Егер жанындағы көршісі көшіп кеткенде оның үйін басып қалған, өзінің тұрғын үйі бар жандарға беруге болмас. Мұндай шара ұзақ-сонар нәтер алу кезегінде тұрғандардың санын қысқартуға да септігін тигізер еді. Олардың кезекте тұрғандығы сөзсіз. Үйлі болған соң ол кезектен шығарылады.

*– Ал, депутат ретінде сайлаушыларға, жалпы Қарағанды қаласының тұрғындарына айтар қандай тілегіңіз бар? Халық нені білсе екен дейсіз?*

– Мен кейінгі кездері, депутат болған соң бір нәрсеге көзім жетті. Ол халықтың заңды білмейтіндігі. Біреулер өзіне қажет, өзінің көкейіндегіні орындатқысы келеді. Оны байқап қарасақ, заңға қайшы келеді. Соған қарап отырып заңды насихаттау ісі нашар ма деп ойлаймын. Дегенмен, жағдай жақсарып келе жатыр. Халық енді ғана түсініп келе жатыр. Қазір. Құдайға шүкір, компьютер бар. Кез келген мәселені тауып алуға болады. Анықтама ала аласыз. Жалғыз мен ғана емес, біздің депутаттардың барлығы да сайлаушылардың сауалын орындауға тырысамыз. Егер заңға қайшы болса, онда түсіндіруге тырысамыз.

*– Алдағы уақыттарға белгілеген қандай жоспарларыңыз бар?*

– Депутаттардың тоқсандық, жартыжылдық және жылдық жоспарлары бар. Сол жоспарлар бойынша жұмыс істейміз. Бұл жоспарлар халықтың мұң-мұқтажынап туындаған жайлар. Олардың орындалысын «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы қадағалап отырады. Біз, осы партияның атынан түскен депутаттар, солардың алдында есеп беріп отырамыз. Тағы бір айта кететін мәселе – мен биыл 61 жасқа келемін. Қолымнан келгенше жұмысымды жалғастыра беремін деп ойлаймын.

*- Әңгімеңізге рахмет. Еңбегіңізге жеміс тілеймін.*

**2013 ж.**

## ҮЙЛЕСІМДІ ІСТЕРДІҢ ҰЙЫТҚЫСЫ



Көзі ашық, көкірегі ояу, барлық саналы тұмырын қызығынан төрі қиындығы мол, бейнеті одан да зор, бірақ соның барлығы шәкірттерінің алған білімі мен тәрбиесінен қайтағын ұстаздық жолға арнаған Танас ағты азаматтың есімі Қарағанды аймағына кеңінен танымал.

Сонау киелі Шет өңірінен арман қуып қалаға келген өрімдей жас жеткіншек Танас Нұғымановтың айы оңынан туып, Қарағанды педагогикалық институтының математика факультетіне түсіп, оны бітірген соң туған ауылында ұстаздықтың ұлы жолын бастаған. Жастық жігермен қалаған іске белсене араласып, бірер жыл мұғалім болған, өзінің біліктілігін таныта білген азаматты аудан басшылары Талды сегізжылдық мектебінің директорлығына ұсынған болатын. Өзі туып-өскен аулындағы мектебінің көркеюі үшін аянбай еңбек сіңіріп, халқының алғысына бөленді. Тынбай еңбектенудің арқасында қиындықтарды артқа тастап, сегізжылдық



мектепті орта мектепке айналдыруды қолға алды. Алдағы уақытта жаңа мектеп салғызуды да қатты ойлайтын. Сөйтін, жаңа ғимарат та салынды, орта мектеп мәртебесіне де ие болды. Отыз жылдан астам уақыт мектепке басшылық етін, ұжым бірлігінің ұйытқысы бола білген Танас Қасымұлының ерен еңбегі мемлекет тарапынан да бағаланып, «Қазақ КСР оқу-ағарту ісінің үздігі» атағына ие болды.

Танас Қасымұлы Нұғманов 2004 жылы Қарағанды қаласына көшіп келе сала, №79 орта мектепке мұғалім болған еді. Бір жылдан соң Сләмия Саттаров атындағы №57 мектеп-лицейдің директоры лауазымына тағайындалды. Содан бері бір орында ынталы еңбек етуде.

Осы уақыт ішінде ол өзін білгір, құзыретті басшы, білікті маман ретінде таныта білді. Педагогикалық менеджментті жақсы игерген, 2009 жылы облыстық ғылыми-практикалық конференцияда «Мектептің даму стратегиясы» тақырыбында баяндама жасап, білім сапасын басқару жолдарының жобасын ұсынды. Басқарушылық іс-әрекеттің қажетті құралдары және ресурстарымен қамтамасыз етілген, жобаланып іске асырылған, стандартталған процедуралардың және оның құрамындағы операциялардың ретті бірізділігі сақталған басқаруды жүзеге асырып келеді.

Ұжымдағы әрекеттердің жетістіктері мен кемшіліктерінің себептерін ұдайы талдап, міндеттерді шешуде кездескен қиыншылықтарды атап көрсетеді және болашақтағы әрекетте оны болдырмаудың жолдарын ұсынады, шешім қабылдауда жағдайларға талдау жасай отырып, мақсатты үйлесімділікке негіздейді. Осындай нәтижелі жұмыстың арқасында 2007-2008 оқу жылында мектеп-лицей мемлекеттік аттестаттаудан мүдірмей өтті.

Мектеп-лицейдің жұмысына дұрыс талдау жасап, жылдан жылға білім сапасының артуына, мектеп-лицей ұжымының озық технологияларды игеруіне және оны жүзеге асыруына зор ықпал тигізіп отыр. Осындай жүйелі жұмыстардың

нәтижесінде мектеп-лицей оқушыларының білім сапасы 2005-2006 оқу жылындағы 47%-дан 2007-2008 оқу жылында 56%-ға өсті.

ҮБГ қорытындысы бойынша білім сапасының көрсеткіші 76.8 балдан 89.6 балға көтеріліп, қала бойынша алдыңғы қатарлы 10 білім ордасының қатарына қосылды.

2006-2007 оқу жылында 2 оқушы /Гүлім Түсіпханова, Ғайни Канапина/ үздік аттестатпен бітірсе. 2007-2008 оқу жылында 11-сынып оқушысы Дәурен Жұмажанов физика пәні бойынша Халықаралық олимпиадада 1-ші жүлделі орынды иеленді. 2008-2009 оқу жылы да жемісті болды, мектеп-лицей түлегі Зарина «Алтын белгі» иегері атанды.

Танас Қасымұлы басшы ретінде мектеп-лицейдің материалдық-техникалық базасын нығайтуда көп еңбек сіңіруде. Қазір мектеп-лицейде 2 информатика кабинеті, 2 лингофон кабинеті, 1 мультимедия кабинеті, физика, биология, химия кабинеттері интерактивті тақтамен жабдықталған және ақпараттық кітапхана бар. Осы кабинеттердің барлығы Интернет жүйесіне қосылған.

Танас Қасымұлы Нұтманов – бәсекеге қабілетті, демократиялық басқару стилін ұстанған және оқушының өзін жеке тұлға ретінде дамуына жағдай туғыза білетін басшы. Адамдық қарым-қатынаста жақсы тыңдаушы және кеңесші. Адамға сенім мен құрмет көрсете отырып, педагогикалық ұжымның көзқарас тұтастығын сақтайды, өз жұмысында бірлесу, әлеуметтік әділет, жекелей ынталандыру принциптерін қолданды.

Сонымен қатар, Танас Қасымұлы – әрқашан шығармашылығын шыңдап отыратын тұлға. Оның 2004 жылы «Жаңарған өлке», 2008 жылы «Ұрпақ үндестігі» кітаптары баспадан жарық көрді.

Танас Қасымұлы – адамгершілігі мол, өз ісіне сеніммен қарайтын басшы, ең бастысы – азамат.

**Ақпан, 2011 ж.**

## ҰСТАЗ АТЫНДАҒЫ ДӘРІСХАНА



Облысымызда аты ауызға іліккен, талай шәкіртке білім берген ұлағатты ұстаздар көптеп саналатын болса, солардың бірегейі Күлмәш Жүнісқызы Өмірәлиина апай. Ол кісі бір ғана оқу орнында – Абай атындағы Саран гуманитарлық-техникалық колледжінде (бұрынғы педучилище) отыз төрт жыл табан аудармай еңбек еткен екен.

Ол кісінің ұлағатты өмір жолы қазіргі жастарға үлгі-өнеге. Бар өмірін болашақта бастауыш сыныптарға сабақ оқытатын мұғалімдерге білім беруге арнаған Күлмәш Жүнісқызының еңбек жолы 1952 жылы Алматыдағы Қазақтың қыздар педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген соң басталған. Сол жылы республика Халық ағарту министрінің жолдамасымен Қарқаралыдағы педагогикалық техникумға жіберіледі.

Жалындаған алғыр жас оқу орнына келген соң болашақ ұстаздар даярлау ісіне бел шеше араласып кетті. Кейін Қарағанды облысындағы қазақтың алғашқы білім беру қара шаңырағы болып атанған бұл оқу орны Саран қаласына ауысқанда да Қарқаралыда қалып қоймай, осында бірге

келеді. Сол ұзы көштің ауыр жүгін күні кеше зейнеткерлікке шыққанға дейін арқалап, басқалармен қатар бір шетін көтерісті. Еткен еңбек зая кеткен жоқ, Күлекең Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі атанды, құрметті атақтарға ие болды.

Тағы бір айта кететін мәселе – Күлекеңнің өмірлік серігі Қабдырахман Әбікенов ағай да осы оқу орнында 47 жыл бойы үзіліссіз еңбек еткен, қатардағы мұғалімдіктен бастап училищенің директорлығына дейінгі жолдан өткен. Қазіргі құрметті демалыстағы Қабекен тыл еңбеккері, республикалық тәрежелегі дербес зейнеткер. Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, Сарап қаласының Құрметті азаматы.

Күлімәш Жүнісқызы нағыз ұстазға сай қызмет атқарады, бастауыш сыныптың болашақ мұғалімдерінің өздерінің білімді болуымен қоса жас жеткіншектерге де тиянақты білім беруі қажеттігін жақсы түсініп, заман талабына лайықты білім бере білді. Бұлай айтуымыздың басты себебі – Күлекең қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы. Ал кешегі кеңестік тоталитарлық дәуірде тек орыс тіліне ғана маңыз беріліп, басқа тілдердің бәрін екінші қатарға сырып тастады ғой. Сол кездің өзінде бұл кісі ондай кемсітушілікке қарсы тұра білді. Тіпті, училищеде қазақ бөлімін жауып тастау туралы да ашық пікір айтылған кездер болыпты. Міне, сол кезде Қабекен, Күлекеңдермен бірге Шәйзада Тұрғанбайқызы, Сайлау Бергенбайқызы ондай қысастыққа қарсы тұра біліп, қазақ бөлімін аман алып қалған екен.

Ұстаздық жолдағы қиындықтардың бәріне төтеп берген Күлекең оқу мен тәрбиені қағар жүргізе біледі. Білім берудің барлық әдіс-тәсілдерін қолданады. Тек сабақ берумен ғана шектеліп қалмай, әр түрлі үйірмелер мен консультативтік жұмыстарда жүргізеді. Сол кездегі шәкірттері Күлекеңнің драма үйірмесіне қалай басшылық жасағанын, кейбір шағын драмалық көріністерді оқу орнының сахнасына қалай шығарғандығын әлі күнге ұмытпай әңгіме етеді.

Осындай ұлағатты ұстаздың еңбегі еш уақытта ұмытылмақ емес. Сондықтан да, колледж ұжымы ақылдаса келіп, Күлмәш Жүнісқызы Өмірәлина атындағы дәрісхана ашуды ұйғарған екен.

Осы оқиғаға арналған шараға халық көп жиналыпты. Олардың көпшілігінің өз замандастары мен кешегі алдынан білім алған шәкірттері болуы заңды да. Салтанатты рәсімге арналған лентаны еңбек ардагері, осы оқу орнының бұрынғы директоры Қ.Әбікенов пен қазіргі директоры В.Закомолкин киіп, қазақтың салтымен шашу шашылды.

Дәрісхананың ашылуына арналған баяндаманы училище директорының өзі жасап, Күлмәш Жүнісқызының өмір жолына, атқарған еңбектеріне тоқталып өтті. Жаңа дәрісхананың ашылуымен құттықтай келіп, К.Өмірәлинаның өмір жолы туралы деректер негізінде жасалған стендіні ашты.

Бұдан соң Күлмәш апайдың әріптесі, осында көп жыл орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген Сайлау Кемелова сөйлеп, ұлағатты ұстаздың еңбекшілігін, ұйымдастырушылық қабілетін еске алды. Ондай тамаша адаммен қатар жүріп еңбек еткенін мақтанышпен тілге тиек етті. Сол сияқты Нескен Ахметова да Күлекеннің іскерлік келбетіне тоқталды.

Осы оқу орнының 1961 жылғы түлегі Тайтөлеу Асқартегі, колледж оқу бөлімінің меңгерушісі Валентина Марчук, «Азия-транзит» журналының қызметкері Нәзипа Асқарова, осы колледж директорының орынбасары Қорлан Ыбыраева, Қабекең мен Күлекеннің қызы, облыстық әдістемелік бірлестіктің жетекшісі Нұргүл Қабдырахманқызы шығып сөйлеп, Күлекен апайдың ел біле бермейтін жақтарын баян етті. Ол кісіге тек жақсылық, мол денсаулық тіледі.

Енді Абай атындағы Саран гуманитарлық-техникалық колледжінде осымен үшінші атаулы дәрісхана жұмыс істеп

(Ә.Ермеков, Ш.Тұрғанбаева атындағы дәрісханалар бар).  
бозбалалар мен бойжеткендер санасына білім нәрін құятын  
болады. Мұның өзі халыққа қадірменді болған, жастар-  
ды тәрбиелеу ісіне елеулі үлес қосқан осындай ағалар мен  
апайларды кейінгі ұрпақтың ұмытпай, есіне алып жүруі  
үшін қажетті шаралардың бірі болмақ.

**2008 жыл.**

## ТҮЛЕКТЕРІН ҰШЫРДЫ



Жуырда Бұқар жырау ауданындағы Суықсу орта мектебінің түлектері үлкен өмірге аттанды. Алтын ұя мектептерін бітіріп, қияға қанат қағатын, ең бір қымбат, ең бір қимас, ең бір ұмытылмас, жүрек тебіренген сәт те келіп жетті.

Бүкіл ауыл, туған-туыстар, дос-жарандар болып, әп-әдемі, күлкілерінен шуақ төгілген алты ұлмен «Қош бол ұстаз, алтын ұя мектебім» атты соңғы қоңырау жиынын өткізді. Жүздері алаулаған, жүректері толқыған түлектерге ауыл ақсақалы Науқан ата, немерелері үшін кеуде керіп мақтанатын, өмірге шуақ шашқан Ғазиза, Қамар әжелер тебіреніс үстінде, үлкен толқумен немерелеріне деген ақ тілектерін ақтарды. Білім берген ұстаздарымен, жан шуағын төккен аналарымен биге шығыш, жүрек тебіреністерімен

ұстаздарына деген ризашылық сезімдерін білдірді. Ауыл ақсақалы Боранқұл ата ақ бата берді.

Жеті жыл бойы осы сыныптың оқушыларына жетекшілік еткен, «тарыдай болып кіріп, таудай болып шыққан» (М.Мақатаев) шәкірттері үшін ұстаздары Ләззат Сәтбаеваның қуанышында ишек болған жоқ. Өздері жинаған буклет қағаздары мен ашық сабақтарда түсірген суреттері бар фото альбомды мектепке табыс етті.

Сынып жетекшісі болған Ләззат Сәтбаева туралы айтар болсақ – қырық жылдан астам педагогикалық өтілі бар тәжірибелі ұстаз. Ол мектепке келгеннен бастап қызмет атқарған уақыты ішінде үлкен өмірге қанат қақтырған шәкірттерінің барлығы өмірдің сан саласында қызмет атқарып жүр.

Ләззат сонау 1966 жылы Қарағанды қаласындағы сол кездегі саусақпен ғана санауға болатын қазақ мектептерінің бірі №2 мектеп-интернатта орта білім алған соң 1967 жылы Қарағанды педагогикалық институтының филология факультетіне түсіп, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шыққан еді. Еңбек жолын жолдамамен барып, сол кездегі Егіндібұлақ (қазір Қарқаралы) ауданындағы «Қаратау» совхозы (қазір Пұрмақов аулы) орта мектебінде бастаған болатын.

Жас маман мектеп жұмысына, педагогикалық қызметке бел шеше кірісті. Барлық алған білімін, өзінің өмірдегі жинаған тәжірибесін бала тәрбиесіне арнады. Осындай қатқабат жұмыстармен жүргенде уақыттың қалай өткенін де байқамай қалған еді. Сол мектепте қызмет атқарып жүріп ауыл жігіті, институттың тарих факультетін қағар бітіріп, өзімен бірге тарих пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып жүрген Сейтман Мақажановқа тұрмысқа шықты. Содан бері өмірлері бір шаңырақтың астында өріліп келе жатыр. Азамат, Айзат, Гүлзат атты үш бала өсіріп отыр.



Қос мұғалімнің алдынан жүздеген түлектер түлеп ұшты. Кейіннен Сейтман Догалаң, Қаракөл ауылдарындағы мектептерде директор болып қызмет атқарды. Ал, Ләззат болса, сол мектептерде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Екеуі де еңбекте абыройсыз болған жоқ. Көптеген аяғыстар мен марапаттарға ие болды. Көп жылғы ұстаздық еңбектің нәтижесінде Сейтман Мақажанов Қазақстан республикасы халыққа білім беру ісінің озық қызметкері атанды. Олардың екеуі де қазір зейнеткерлік жасқа іліккенімен мектептен әлі қол үзбей еңбек етіп жүр, оқушыларға білім беруден жалынғып көрген жоқ. Өмірін шәкірттерге білім мен тәрбие беруге арнаған бір шаңырақ астындағы қос ұстаз өздерін бақытты ата-әже санайды. Өйткені, олар бүгінде екі немере мен екі жиен көріп отырған ұлағатты отбасы.

Олар қоғамда болып жатқан өзгерістердің әсерінен Суықсу аулына 2003 жылы көшіп келген болатын. Сол жылы бастауыштан келген балалардың сынып жетекшісі болған. Жеті жыл қас қағымдай уақыт ішінде өте шыққы. Кешегі бүлдіршін балалар бүгін ер жетіп, азамат болып, үлкен өмірге қанат қағып барады. Енді бүгін олармен қимай-қимай қоштасып жатқан жайы бар.

Түлектердің қадамы құтты болсын, ұстазының еңбегі жемісті болсын деген тілек айтамыз.

СУРЕТТЕ: ұстаз Ләззат СӘТБАЕВА түлектер ортасында.  
2010 ж.

## ҰРШАҚҚА ҰЛАҒАТ



Көмірлі қаладағы байырғы оқу орындарының бірі – облыстық Жамбыл атындағы №7 казак мектеп-гимназиясының математика пәнінің мұғалімі Есенжол Сұлтанбекұлы бүкіл ұстаздар қауымы, шәкірттері құрмет тұтады. Қырық жылға жуық мектеп қабырғасында жүріп, ұстаздықпен айналысып келе жатқан Ескең ағамыздың

енбектегі табысы да аз емес.

Әлемде алапат қырғын болған екінші дүниежүзілік соғыстың нағыз қызған шағы 1942 жылдың қаңтар айында Қарқаралы ауданының «Бірлік» колхозында (қазіргі Аппаз селолық округі) Ескең Қаракуыс деген жерде дүниеге келеді. Дәл сол кезде колхоздың қарапайым попаны Сұлтанбек ағаның осы баласы облыс орталығындағы белгілі оқу орнында мұғалім болады десе ешкім сенбес еді.

Қаракуыс деген екі үлкен таудың арасындағы үлкен сай болғандықтан, қуыс саналғанымен қысы қолайлы, жазы жайсаң жапырағы желмен сылдыр қаққан кайың мен терек, талы мол өсетін, сай-саланы қуалап, сылдырап аққан бұлақтарының кәусар суы балдан тәтті, жағалай жақпар та-

стары қолмен қойғандай қиоласа орналасқан аса бір әсем жер. Қазақ қашан да қолайлы жерге қора салып, қыстайтыны белгілі ғой. Сонау колхоздастыру кезінде осы бір жайлы жерге халық көптеп шоғырланыпты. Атақты ғалым, академик Бақия Атшабаров, белгілі журналист, «Орталық Қазақстан» газетінде көп жыл редактор болған Рамазан Сағымбеков сияқты ағаларымыз да осы Қарақуыста дүниеге келіпті.

Әсем Қарақуыстың бал суын ішіп, жеміс-жидегінен нәр алған, бастауыш мектепте оқып, хат таныған Есенжол бұдан кейін оқуын Ақтоғайда тұратын нағашысы Айыпхан Жақатаевтың үйінде жатып жалғастырады. Кейін Айкең Қызыларай мектебіне директор болып барған кезде орта мектепті сонда бітіреді.

Қарақуыс пен қарасаң көз тоймайтын қорікті Қызыларайдың сұлу табиғаты оған қанат бітіргені өз алдына, ағасы Айкең мен жеңгесі Әзизаның (бүкіл облысқа белгілі ұстаз, Ы.Алтынсарин медалінің тұңғыш иегерлерінің бірі Әзиза Нағашбаева) да үлгі-өнегесі мол болып, Қарағанды педагогикалық институтының физика-математика факультетіне келіп түскен Есенжол оны ойдағыдай бітіріп шығады.

Бар күш-қуаты бойында, жоғары білімді жас жігіт Қарағандының Ескі қаласындағы №7 Жамбыл атындағы орта мектепке мұғалім болып орналасады. Жігерлі жас мектептің қайнаған өміріне, қоғамдық жұмыстарына белсене араласып жүре береді. Мектептің комсомол ұйымының жетекшісі болып жүргенде оның іскерлігін байқаған оқу бөліміндегілер №15 мектепке директор етіп жібереді. Одан соң №20 орта мектепке директор етіп ауыстырады. Біраз жыл жемісті еңбек еткен соң №7 орта мектеп Жаңа Майқұдыққа көшіріліп, мектеп-интернат болған кезде оның директоры Арын Өтешев өзіне орынбасарлыққа шақырады.

Қазір осы оқу орнында табан аудармай ұстаздық етіп келеді. Еткен еңбегі мен төккен тері зая кеткен жоқ. Оның өмір жолының жастарға берер ұлағаты мол. Жоғары категориялы мұғалім атанды. «Республика білім беру ісінің озық қызметкері» белгісін алды. «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен марапатталды. Республикалық, облыстық, аудандық дәрежедегі Құрмет грамоталарының өзі бір төбе.

Ескеңнің алдын кеткен, одан білім алған жүздеген шәкірттер болғаны белгілі. Солардың арасында «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» шыққандары да бар. Сондай шәкірттердің бірі ұстаз атасын әрқашан құрмет тұтып, алдынан кесіп өтпейтін, қазіргі кезде облыс әкімінің орынбасары Сапат Тұңғышбеков екенін айтсақ та жеткілікті болар.

Бүгінгі шәкірттердің кезі ашық, ақпарат айдынынан алатын мәліметтері мол. Сондай оқушыларға өзі дәріс беріп жүрген пәнін оқытуды жетік меңгеріп, сабақты қызықты да түсінікті етіп өткізудің әдістемесін жан-жақты игерген ұстаз әлі де дер шағында. Ол оқытуды өмірмен ұштастыра жүргізуді бүгінгі күннің басты талабы деп ұғады.

**ЕСКЕРТУ:** Бұл мақала 2002 жылы 60 жасқа толуына орай жазылған болатын. Қазір Ескең 70 жастан асса да әлі тың, зейнеткер болып жүріп жатыр.

## ӨНЕР ЖОЛЫНДА



Табиғаты тамаша, көрген жаншыл көзінің жауын алатын. Арқадағы әсем жер Қызыларайдың бауырында туып-өскен Күліш Төлеуханқызы жасынан-ақ өнерге, оның ішінде ән салуға бейім болды. Әкесінің жанына еріп жүріп, кішкентай күнінің өзінде ән шырқағанда тындаған жан тандайын қағатын. 1955 жылы Ақтоғайда тұңғыш рет өткен көркемөнерпаздар байқауында үнді биін билеп, лауреат атанды. Ауыл тұрғындары алдында ән салып, көзге түсе бастайды. Содан бірде Күліштің қызуы көтеріліп, қатты ауырып қалады. Мұны анасы «Тіл тиді» деп жорып, қазақша ем жасап, бұдан соң жұрт алдына шығуға тыйым салады. Бірақ халқымыз айтқандай «Алмас кездік қын түбінде жатпайды». Ақыры жоғары сыныптарға көшкен кезінде мектептің сахнасынан, ауыл сахнасынан түспей қойды деуге болады.

Кейіннен аудан орталығы Ақтоғай селосындағы М.Горький атындағы орта мектепте оқыған кездерінде тума таланттың жолы одан сайын кең ашыла түсті. Мектептің

9-10 сыныптарында оқи жүріп, аудандағы ән-би ансамблінің (кейіннен «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблі атанды) жұмысына белсене араласты. Бұл уақыт ансамбльдің жаңа ұйымдасқан, Мәдениет Қожамбаев, Дәриға Ақатаева, Төлеу Аяғанова, Оралтай Сүлейменов, Дәртай Сәдуақасов сынды тума талант өнерпаздардың ел аузына іліккен шағы болатын. Сондай өнерпаздармен қатар жүріп, солардан тағлым алған Күліш сол кезде аудандық клубта өткен әрбір концертте ән салмай кетпейтін.

Қызыларайдың әсем табиғаты мен өнердің киесі қонған. Ақтоғайдың ән бесігінде тербеліп өскен өнерпаз жас ән салуды, көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысуды жоғары оқу орнында да жалғастырды. Ол «Әке көрген оқ жонар» дегендей, өмір бойы ұстаз болып, бала оқытумен айналысқан әкесі Төлеуханның жолып қуып, Қарағанды педагогикалық институтына келіп түседі. Институт қабырғасындағы өнер жолы, ондағы жетістіктері өз алдына бір бөлек әңгіме.

Ал, бүгінгі айпағымыз Қазақстан Республикасы оқу ісінің үздігі, әдіскер-мұғалім, республикалық және облыстық көркем сөз оқу байқауларының және әнші-көркемөнерпаздар конкурстарының бірнеше мәрте жеңімпазы, №41 орта мектептің ұстазы, білім беру саласының ардагері Күліш Төлеуханқызының Балалар мен жасөспірімдер сарайында өткен ұстаздық жолы туралы «Өнерпаз ұстаз» атты бенефис жайлы. Мұндай шара облыстық білім басқармасының бастығы Есенғазы Иманғалиев пен облыстық мемлекеттік және білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының ректоры Сәбит Қонтаевтың бастамашылығымен қолға алынған.

Әсем безендірілген сахна төріне кешті жүргізушілер №41 орта мектептің тәлімгері Қуаныш Медеубаев пен «Болашақ» университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының

кандидаты Марина Маретбасва шығып, кештің барысын хабарлаған соң шәкірттері қолпаштай қолтықтаған ұстаз сахнаға көтерілді. (Сахнаның екі жағындағы экраннан Күліштің жастық шағынан бастап өмір жолынан түсірілген фотосуреттер мен слайдтар, кинотаспалардың үзінділері үнемі көрсетіліп тұрды). Бүгінде 60 жасты еңсерген мерейтой несі жайғасқан соң осы сарайдың бишілер тобы «Көктем» биін мың бұрала билеп, басталар кештің мәніне назар аудартты. Бұдан соң облыстық білім басқармасы бастығының орынбасары Дулат Жекебаев, ҚР Білім және ғылым министрінің өкілі, жерлесіміз Роза Бағтал, сахнаға жайғасқан соң облыстық мемлекеттік және білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының ректоры Сәбит Қонтаев, облыстық білім беру қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Татьяна Самойлюк, студент кездеріне конкурстарға бірге қатысқан №91 орта мектептің директоры Хамит Көрікбаев және басқалары шығып құттықтап, өнердегі және білім беру ісіндегі үздік жетістіктеріне тоқталды, жылы-жылы мадақ сөздер айтып, марапаттады. Министрлік департаментінің, облыс әкімінің және облыстық білім басқармасының, кәсіподақтың Құрмет грамоталарын табыс етті.

Әншілерге кезек берілгенде Ақтоғайдан арнайы келген «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблінің белді мүшелері, Күләштің әнін көмекейінде сақтаған Дана Мақшонова, Манарбектің әнін әулеткен Саттар Сәрсенқұлов жиналған жұртшылықты бір желшіндіріп тастады.

Жалпы, кеш бойы халықты сергітіп отырған, көтеріңкі көңіл-күйге жетелеген көріністер аз болған жоқ. Соның ішінде сонау бала кезінде жүлде алған Күлішті елестетіп «Үнді биін» билеген №41 орта мектептің оқушысы Махаббат Темірболатқызының, «Маңмангер» әнін шырқаған, осы

кешті жүргізушілердің бірі, мерейтой иесінің келіні Марина Маретбаеваның өнеріне дуылдаға қол соққан жұртшылықты Күліштің жазған сценарийі бойынша «Қисық» театры сахналаған «Ана ақылы», «Қазақтың киесі – бесікте», «Ұстаздық кадам» көріністері қоңілді күлкіге кенелтті. Ал, экран арқылы көрсетілген «Оке монологы» терең ойға жетелейтін дүние болып шыққан.

Осы кенгегі ең басты оқиға КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО және ҚР оқу ісінің үздігі, ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері, АҚШ-тағы Аризон штаты Тусон қаласының Құрметті азаматы, республикалық ғылыми-әдістемелік Бітебаева атаулы мектебінің жетекшісі, мерейтой иесінің әріптес және рухани әнікесі Қанипа Омарғалиқызы Бітебаеваның өзінің Шығыс Қазақстаннан (Оскеменнен) арнайы келуі еді.

Опер менен білімнің надишасы,

Бойында гүлшын тұрған ар-ибасы.

Ортамызда, ағайын, қандай бакыт,

Қазақтың қайталанбас Қанипасы, – деген жолдармен ортаға шыққан белгілі педагог өзінің ізбасар сіндісімен қалай тапысканын, үнемі телефон арқылы хабарласып отырып, тінті, ұйықтар алдында Күліш сіндісінің әсем әнін тыңдауды әдетке айналдырғанын да айта келе бүгінгі той иесін құттықтады. зор денсаулық, мол табыс тіледі.

Оперпаз ұстаздың бенефисінде тағы бір ереше жағдай - оперпаздың шырқаған әндері еді. Соның ішінде «Қыз Жібек» операсынан Қамқаның ариясын ерекше атауға болады. Ол бірде өзінің шәкірті, көркемөз оқу конкурстарының жеңімпазы Гүлназым Дүйсетаймен бірге С.Сейфуллиннің «Аққудың айырылысуы» поэмасын накышына келтіре оқыса, енді бірде Құдай қосқан қосағы, есімі елге мәлім әнші Естай (Есенғалы) Қорабаевпен қосылып ән шырқады. Осы



жерде Қорабаевтар әулетінің «Ән-ұя» ансамблі Қарағанды облыстық «Саркылмас бұлақ – 2001» отбасылық байқау-конкурсының жүлдегері болғанын да айта кетуіміз керек.

Негізі сонау 1973 жылы Жезқазған облысы құрылғанда Ескен мен Күлекең де сонда аттанған болатын. Содан Жезқазған облысы Қарағанды облысына қайтадан қосылғаннан соң елге оралып, Ескең ауыл шаруашылығы басқармасында көп жыл еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты. Күліш №41 орта мектепте әуелде директордың орынбасары, кейін мұғалім болды. Қазір мұғалімдік қызметпен бірге «Қисық» театрында да еңбек етіп жүр.

Кештің сәнін келтіре ән шырқап, өнер көрсеткен осы сарайдың үлгілі ансамблі, республикалық, халықаралық конкурстардың жеңімпазы «Волшебная старана» және «Балдырған» би ансамбльдерінің мың бұралған биіне, актоғайлық өнерпаз, қазір Балқаш қаласында тұратын Қуат Қожамбаев шырқаған «Көзкөргендер» әніне жұртшылық ризашылықпен қол соқты.

Жиналған қауым Күліштің тойы – ұстаздар қауымына деген құрмет екендігін, ұстаз деген ұлылық екендігін атап айтты.

Кеш соны Күліш Төлеуханқызының сөзімен, жұртшылыққа, осындай кешті ұйымдастырып отырған облыстық білім басқармасына, сонау Өскеменнен ат арытып арнайы келген Қанипа Бітебаеваға деген алғысымен аяқталды.

**2009 жыл.**

## **Екінші бөлім**

-----

## **ЕҢБЕГІМЕН ЕҢСЕЛІ**

## БІР ӘУЛЕТТІҢ ҰЙЫТҚЫСЫ



Ұланғайыр Қазақстан әрбір қазақтың оны мекендеген әрбір Қазақстан азаматының қасиетті де қадірлі алтын бесік Отаны. Осы елімізде қазіргі экономикалық дағдарыс кезінде шаруасын шалқыта білген, өзі де еңбек етіп, басқаларға да жұмыс тауып беріп отырған адамдар ел арасында жеткілікті. Ауылда мал өсіріп, егін салып, көкөніс ексе – жер жетеді, тек ынта-ықылас қажет. Сондай техниканың дамыған қазіргі шағында ауылда да қаладағыдай өмір сүруге болады. Мұны түсінген адамның бірі Ақтоғай ауданындағы Қызыларай аулының азаматы Совет Әділов ағамыз. Ол кісі өртке шалынған көде ішінде аман қалған бір түп бұтадай бүгінде үлкен әулеттің басшысы, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған отбасының ұйытқысы. Сәкең бір әулеттен қалған екі шаңырақтың ортасында тел өскен жалғыз ұл.

Әкесі Әділ Жаппаров Ұлы Отан соғысы басталысымен майданға кетіп, 1943 жылы ол кісіден «қара қағаз» келіпті. Бірақ қай жерде қайтыс болғаны, қай жерде жерленгені жазылмаған. Ұрпақтары іздеу салғанымен табылмағты.

Әкеден қалған, 1939 жылдың 2 ақпаны күні дүниеге келген жалғыз ұл 1956 жылы Ақтоғайдағы М.Горький атындағы орта мектептің 10-шы сыныбын бітірген соң Қарқаралыдағы зооветеринарлық техникумға түсіп, оны мал дәрігерлік мамандығы бойынша бітіріп шығады. Бірақ, емтихан тапсырып, бітірейін деп тұрған шағында ауылдан телефонмен немере әкесі Әдештің қайтыс болғандығын хабарлайды. Сөйтін, шаякыған қоңілі су сенкендей басылып, жалғыз тірегінен айырылып, екі шаңырақта жалғыз өзі, өмірден әлі хабары аз күйінде қала береді.

Мамандығы бойынша ауылға жолдама алған соң (ол кезде Қазақстанның 40 жылдығы атындағы колхоз деп аталады) ветфельдшер болып қызметке кіріседі. Сол жылы ауылда бірге өскен Нұржамал Мұқышеваға үйленіп, шаңырақ көтереді. Жастау үйленген екеуін немере шешелері Жәмила Ақамбайқызы әке орнына әке, шеше орнына шеше болып, білмегендерін үйретіп, тәрбиелі отбасы етін шығарады.

Совет Әділов ағамыз болса, 1959 жылдан 1994 жылға дейін үзіліссіз 16 жыл бойы бас мал маманы, 8 жыл ферма меңгерушісі, 11 жыл орта буын мал маманы болып, ауыл шаруашылығы саласында 35 жыл еңбек еткен екен.

Сәкең 1964 жылы ферма меңгерушісі болып жүрген кезінде жоғары керсеткіштерге қол жеткізгені үшін туристік жолдамамен Румыния мен Болгарияның тоғыз қаласына саяхатқа барып келгенін Сәкең бұл күнде әңгімелеп айтып отырады. Ол кезде шет мемлекеттеріне бару, Мәскеуге бару деген үлкен мәртебе, үлкен марапат еді ғой.

Бұл күнде Сәкең ағамыз бен Нұржамал жеңгеміз Қарағанды қаласында тұрады. Отбасында жеті ұл, үш қыз өсіріп, тәрбиелен, оқытып, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, өрістерін кеңейткен жайлары бар. Қазір балаларынан 26 немере сүйіп отырған ардақты ата, аяулы әже.

Үлкен қыздары Алмагүл Әділова ҚарМУ-дің филология факультетінде доцент, ғылым докторы.

Әңгімеміздің басын экономика мәселесінен бастағанымыз тегін емес. Сонау жекешелендіру жылдары отағасы Сәкең бастап, бала-шағасы қоштап, шағын шаруа кожалығын құрған болатын. Қазір сол шаруашылыққа ұлдың үлкені Қизатолла мен келіні Гүлсара ие. Жылқы өсірумен айналысады. Жұмыстары жүріп, мал басы есіп, көбейіп келеді. Ал, қалған балалары Бүркітбай-Күлпан, Зәуреш-Ораз, Жарқын-Мінар, Ризагүл-Уәлихан, Бағлан-Ардақ, Нұрлан-Гүлнәфис, Нұржан-Бағлан, Ержан-Шынар өздерінің алған білімдеріне қарай мамандықтары бойынша еңбек етіп, өз ырыстарын өздері тауып жүріп жатыр.

Балалары «Халқымыздың кеңігі, еліміздің байлығы арқасында біздің әкеміз сияқты Қазақстанның әрбір қарапайым азаматы бақытты ғұмыр кешуде. Бақытымыз баянды болғай!

Елімізге тыныштық, халқымызға береке-бірлік беріп, ырысымыз тасысын! Ардақты әкеміз Совет Әділов 70 жасқа, анамыз Нұржамал Мұқышевамен отасқандарына 50 жыл толып отыр. Ата-анамыздың дендеріне саулық тілейміз. Балаларының ортасында немере, шөберелерінің қызығын көре берсін, – дей келе:

«Дала көңіл, бала мінез, жүрегің ер,

Пейіліңнің дарқандығын біледі ел.

Сен бар болсаң, бәрі түгел біз үшін,

Ортамызда қорған болып жүре бер», – деген тілектерін білдіріпті.

Иә, бар өмірін мал шаруашылығын өркендетуге арнаған, бүгінде 70 жастағы Совет Әділов ағамызға ұзақ ғұмыр тілейміз.

2009 ж.

## ПИМА БАСҚАН ҚАСЫМ



Біздің қазақ халқы ат қоюға шебер. Адамның атқарған ісіне немесе бір қылығына, әйтпесе мінезіне қарай лайықты, азан шақырып қойған атына бөлек тағы бір есім таға қояды.

Біздің бала кезімізде аудан орталығы Ақтоғай селосында шағын ғана асхана жұмыс істеді. Сол асханадан келген-кеткен адам, жолаушылар тамақтанып жатағын.

Біз – балалар осы асханадан барып кампот ішкенді қызық көретін едік. Сол уақытта басынан ақ қалпағы түспейтін Қасым ағаны көретінбіз. Ер адамның тамақ пісіріп, кампот құйып беріп жатқаны ауылда өскен біз үшін әуелде ерсілеу көрінетін. Бара-бара оған да көзіміз үйреніп кетті. Кейіннен үлкен ресторан салынуына байланысты бұл асхана жабылды да, Қасым аға аудандағы М.Горький атындағы орта мектеп жанындағы интернатқа аспаз болып кетті. Сол кездерде ауданда көпшілік ел Қаскенді «Повар Қасым» немесе «Пимақат Қасым» деп атаушы еді. Біз бала болғандықтан, алғашқы атаудың аспаз

болған соң солай аталғанын білгенімізбен, келесі атының мәніне онша маңыз бермеген екенбіз.

Қасым ағамыз бұрынғы Қу ауданының 14-ші ауылында (қазір Қарқаралы ауданының құрамында) 1914 жылы дүниеге келіпті. Әкесі Ақтанның аздап ескіше сауаты бар, діндар адам болыпты. Бірақ Қасым аға-анасынан жастай айырылып, үлкен ағасы Мағаз Ақғановтың қолында тәрбиеленеді. Мағаз болса сол кездегі екпінді құрылыс болып саналған Балқаш қаласына жіберіліп, сонда құрылысқа араласады. Ол кісі ағаштан түйін түйетін шеберлердің бірі болыпты. Ал, оның қолындағы 16 жастағы Қасымды қаладағы ФЗО-ға қабылдайды да, оны бітірген соң Балқаш қаласындағы киіз басатын, байпақ басатын цехта жұмыс істеп жүреді.

Осы уақытта неміс-фашист басқыншылары елімізге баса-көктеп кіріп, Ұлы Отан соғысы басталып кетеді де, барлық шаруашылық саласындағылар жеңісті жақындату үшін еңбек етіп, ер азаматтар қан майданға аттанады. Ауылдағылардың басты мақсаты – майдан шебіндегі жауынгерлерді азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз ету еді. Сол шақта бес жастағы баладан белі бүкірейген қарияға дейін еңбек етті десек артық айтқандық емес.

Колхоздары тамақ өнімдерін, Тоқырауын бойындағы шаруашылықтар өзінің ақ бидайын үздіксіз жөнелтін жатқан Ақтоғай ауданының орталығында пима басатын цех ашылады. Өйткені жауынгерлерге қыс кезінде жылы аяккиімдер керек еді. Бірақ оны алып кететін мамандар тапшы болатын. Соған орай мамандықты әлі толық меңгеріп үлгермей жатқанына қарамастан, соғыстан «броньмен» алып қалып, Қасымды Ақтоғайда ашылған пима басу цехына бастық әрі шебері етіп жібереді. Өйткені бұл кезде Ақтоғай ауданында тұңғыш рет ашылып отырған киіз, пима басатын цехқа мамандар ауадай қажет еді.

Ақтоғай ауданында көп жыл коммуналдық шаруашылық мекемесінде бастық болған, қазақшаға сұдай Эдуард Генних маркумның:

– Бізді соғыс жылдарында сеніміз адамдар ретінде алыстағы Ақтоғай ауданына жер аударған еді. Ауыл халқы бізді жақсы қарсы алды. Баспана берді, қолда бар азықтарынан бөлісті. Мен ол кезде еңбекке енді ғана жараған жасоспіріммін. Жаңа ашылған пимакағ цехында жұмыс істегендердің көпшілігі неміс ұлттының өкілдері болатын. Цех меңгерушісі Қасым ағай өте талапшыл адам еді. Пима өасудың технологиясын ол кісіден басқа ешкім білмейді. Соғыс болса жүрін жатыр. Жұмысты таңғы сағат алтыдан бастап, түнгі онның кезінде аяқтаймыз. Ол кезде электр жарығы да жоқ қой. Жұмысты керосин шамның жарығымен істейміз. Қаскең бастық болса да, жұмысшылармен бірге өзі де пима басатын. Өте еңбекқор жан еді, – деп айтып отырғанын сап рет естідік.

Жүнді жуу, келтіру, оны сабау, бояу сияқты жұмыстардың барлығы қолмен атқарылды. Пима басу үшін қайнап тұрған ыстық су қажет. Ол үшін пештен от үзілмеу керек. Ал оған отынды аудан орталығынан 15 шақырым жердегі Жайдақтан өгіз арбамен жұмысшылардың өздері таситын.

Жұмыстың осындай ауырлығына қарамастан күніне 24 дана, айына 700-800 жұп пима басады екен. Сонда бұл жылына 1400-1600 жұп пима болады ғой.

Сол кезде пима басатын цехта жер аударылып келген немістің Эдуард Генних, Оля Шумлянд, Роман Балей, Мира Ульмер, Оля Шнайдер және басқа балалар еңбек етіпті. Зельма Ванзитлер дайындаушы болыпты.

Осы цехта қолдан жасалған байпақ пен пима Кеңес әскерінің жауынгерлеріне жөнелтіліп отырған. Сөйтіп, олар жеңіс күнінің жақындауына өздерінше осылай үлес қосқан



екен. Бірақ пима басу жұмысы соғыс біткен соң әрі қарай жалғасын таппай қалыпты.

Цех жабылған соң Сталиндік жапшай жазалаудың дәмін Қаскең де тарғады. Әр түрлі жаламен 10 жылға айдалып кетіп, оның жеті жылын Карлагта өтеген соң ақталып шығады.

Аман-есен ауылға оралған соң әр түрлі жұмыстар атқарады. КарЛагта отырғанда аспаздық жұмысты меңгерген екен, сонын пайдасы тиіп, аудан орталығындағы асханаға орналасады. Өзінің жұмысын адал және намыс-тапбай атқарады. Бұрынғы «Нимакағ Қасым» енді «Аспаз Қасым» («Повар Қасым») атанады. Осы жерде көп жыл еңбек етеді. Кейіннен аудан орталығында ресторан ашылып, асхана жабылғанда ол кісі М.Горький атындағы орта мектеп жанындағы интернат асханасында аспаз болып еңбек етіп, 1974 жылы зейнеткерлікке шығады. Содан 1994 жылы сексеннен асқан шағында дүниеден өткен екен.

Бұл кісі ерен еңбегімен көрінген ер атағын алмаса да, жоғары марапаттарға ие болмаса да халқына адал қызмет атқарған, оның ішінде кейіннен аудандық өнеркәсіптік комбинаттың (промкомбинат), одан бертінгі тұрмыстық комбинаттың негізін қалаған артельді құрып, пима басып, аспаз болу сияқты халқымыз бұрын меңгермеген қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде жоқ мамандықтарда кәсіпті игерген Қасым Ақтанов ағамызды Ақтоғай ауданының халқы әлі күнге дейін аузынан тастамай айтып отырады.

Ол кісінің балаларының барлығы Қарағанды қаласында тұрады. Лемара, Алмара, Нүргүл деген қыздары медицина саласында еңбек етеді. Ал ұлы Шайкен болса Қарағанды банк колледжінде кафедра меңгерушісі, доцент. Немерелері де жоғары білімді Расул ҚарМУ-де оқытушы, магистр. Назгүл «Болашақ» университетінде оқытушы, Райгүл

Химия-металлургия институтында аспирант, Қамшат Қарағанды экономикалық университетінің магистрі, Бауыржан ғана студент «Болашақ» университетінде оқиды.

Осындай еңбеккер адамның өмір жолы кейінгі жастарға үлгі болары сөзсіз.

**ЕСКЕРТУ:** Мақала 2010 жылы Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай жазылған еді.

## ӘКЕ ЖОЛЫМЕН



Ерболат жасынан басқа да балалар сияқты арманшыл болып өсті. Жазғы каникул кездерінде күннің қызуы ашыны қуырып бара жатқан шақта Нұра өзеніне бір сүңгіп шығып, жағадағы құмға аунай кететін сондай сәттерде «Болашақта кім болсам екен?» деген арман алыстағы сағымдай көз алдында бұлдыр елес болып көлденеңдей қалушы еді. Ол әрқашан заңгер болуды алдына

мақсат етіп қоятын. Ойткені, ол басқаға емес, өзінің туған әкесі Қанапияға еліктен, сондай болсам екен деп өсті.

Қанекен Ұлы Отан соғысының ардагері, 1942 жылы майданнан жараланып оралған соң заң саласында әр түрлі қызметтер атқарады. Қу ауданында сот болады. Кейіннен туған жері Нұра ауданына көшіп келіп, осында 35 жыл адвокат болып қызмет атқарады. 1996 жылы 83 жасында дүниеден өткен қарт заңгердің әрбір ісі зерделі жасқа үлгі-өнеге болды.

Ерболат заңгер болудың онай шаруа емес екендігін жақсы түсінді. Бірақ соған карамастан осы бір қиындығы

мол, қараңғыдан жол тапқандай әрқашан ізденісте болуды талап ететін қызметті қатты ұнатты. Орта мектептен соң әскер қатарында міндетін өтеп қайтты. Жастық оты жігерін жаныған Ерболат Нұра аудандық ішкі істер бөліміне қызметке тұрды. Милицияның қызметі де онша жеңіл нәрсе емес екенін халық жақсы түсінеді. Сонда істеп жүріп, бір күні жанындағы жары Сәулемен, ата-анасымен ақылдаса келіп, қайткен күнде оқу қажет деп тапты. Ағайын-туыс ортасында отырғанда Ерболат бір күні өзінің шешімін айтты. Сол кездегі Одаққа мәлім оқу орындарының бірі Волгоград жоғары тергеу мектебіне баруға бет түзетін екен. Ойткені, ондай оқу орындарына облыстық ішкі істер басқармасының жолдамасымен ғана жіберіледі. Оның өзіп кім көрінгенге бере бермейді. Ерболатқа сонда жолдама ұсынылған. Ол енді бұдан бас тартқысы келмеді. Үй іші де қарсы болмады. Содан ол 1980 жылы бітіріп келіп, әуелде Қарағанды қаласының Октябрь аудандық ішкі істер бөлімінде тергеуші қызметін атқарды. Кейіннен облыстық әділет басқармасында бас маман болып істеді. Одан соң біраз жыл әке жолымен адвокаттық қызмет атқарды. Бұл қызметтің де өз ерекшелігі бар. Азамағтарға құқықтық көмек көрсетіп, олардың мүддесін қорғау абыройлы іс екені белгілі. Сондай қызметті кезінде Ерболат Қанапияұлы талай рет алғысқа бөленіп, рахмет алған сәттері көп болды.

Президенттің Жарлығымен Октябрь аудандық сотына судья болып тағайындалып, сот органына қызметке ауысқанына да тоғыз жылдың жүзі болып қалыпты. Осы жылдар ішінде оның алдынан талай-талай істер өтті. Бұл талай-талай адамның тағдыры деген сөз. Соның барлығына да Ерболат жеңіл-желпі қарап көрген емес. Қылмыскер орындығында отырған адамның артында мөлдіреген жары, шиеттей балалары тұрады. Егер ол адамның нағыз

кылмыскер екендігі бұлтаргмас айғақтармен дәлелденсе жақсы. Егер ол кінәсіз болса ше?

Міне, осындай сап тарау сұрақтар туған кезде тарам-тарам жолдың қайсысына түсерін білмей тұрған жолаушыдай күй кешетіні тағы бар. Мәселен, өткен жылы қаралған бір істер Ерболаттың әлі есінде. 1976 жылы туған, бұрын бірнеше рет сотталған Е.Кашенко деген азаматша есірткі сату үстінде қолға түседі. Оның үш айлық баласы болғандықтан, 12 жылға кесіп, шартты жазаға ауыстырады. Бірақ ол әйел соттан босанысымен баласына қарамай кетеді. Өзі есірткі сатып, қаншама елді нашакор еткенімен қоймай, енді өзі баланы тастап кетсе, оған қандай жаза лайық? Сондықтан да, Ерболат оған жазасын колонияда өтеуге үкім шығарады.

Сол сияқты 1979 жылы туған А.Левченко дегеннің ісі де әлі есінде. Ол да бірнеше рет сотталған. Соңғы рет жазасын өтеу орнынан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған. Бірақ шартты мерзімі бітпестен қайтадан қылмыс жасаған екен. Бірнеше рет ұрлық жасап, кісі тонаған. Сондықтан да, оған 4 жылға бас еркінен айырып, жазасын қатаң режимдегі колонияда өтеуге кесті.

Ерболаттың айтуына қарағанда қылмыс жасайтындардың көпшілігі, оның ішінде ұрлық жасайтындар ешқайда жұмыс істемейтіндер мен ешқайда оқымайтындар болып келеді.

– Тағы бір мәселе, қазір азаматтық істердің ішінде үйлерін даулаушылар көбейіп кетті. Бір кезде пәтерлерін тастай қашқан, сол арқылы экономикамызға орасан нұқсан келтірген адамдар бос қалған пәтерлерге біреулер қоныстанып, оны жөндеуден өткізген соң пайда болады да, үйімді босатып бер деп қиғылық салады. Қолында меншік иесі екендігін дәлелдейтін құжаттары болса, еріксіз оның талабын қанағаттандыруға тура келеді. Өйткені, оның меншік иесі құқығынан айыруға біздің құқығымыз

жок. Сондықтан да бұрынғы Тұрғын үй-жай қағынастары кодексіне өзгерістер енгізіп, ондай адамдарды меншік құқығынан айырағын арнайы заң керек. Осыз біз ештеңе істей алмаймыз... – дейді Ерболат.

Иә, бұл өте орынды мәселе. Сондықтан да, құзыретті органдар бұл мәселені дереу қолға алады деп сенеміз.

Қазір Ерболат Әубәкіров облыстағы тәжірибелі судьялардың бірі. Ханық арасында беделі де бар. Ол қандай істі болмасын әділ шешуге тырысады. Оның артында тұрған тағдырлар жайын көбірек ойлайды.

Ерболат тамаша отбасының ұйытқысы. Жұраны Сәуле екеуі үш бала тәрбиелеп өсірді. Олардың үлкені Гүлмира бухгалтер. Ұлдары Жетіс Стамболдың мәрмәр университетін, Қарағандының маңызды білім беретін «Болашақ» институтын бітірген. Қазір «Эфес» сыра қайнату зауытында қызметте. Ал, Қарағанды заң институтын бітірген кіші ұлы Нұрлан атасы мен әкесінің жолын қуып, адвокат болып істеп жүр.

Сөйтін, бұл шаңырақ заңгерлер әулетінен. «Атаның салған жолы бар, ананың тіккен тоны бар» дегендей, осы әулет дәстүрі әрі қарай жалғасын таба береді деген сенімдеміз.

**ЕСКЕРТУ:** Бұл мақала 2000 жылы Ерболат 50 жасқа толғанда жазылған болатын. Қазір ол адвокаттық қызметпен айналысуда. Кіші ұлдары Нұрлан Қостанай қаласында судья болған еді, қазір Евразия экономикалық қауымдастығы сотында судья болып қызмет істеп жатыр.

## АЛҒЫСҚА БӨЛЕНГЕН АЗАМАТ



Қалалық № 3 аурухананы Қарағандының барлық тұрғыны атақты дәрігердің көзі тірісінде-ақ «Мақажановтың ауруханасы» деп атап кеткен болатын. Ойткені әйгілі отаны Хафиз Жаңабайұлы осы ауруханада өмір бойы еңбек етіп, небір күрделі операциялар жасап, өмірден күдер үзген сан адамды аман сақтап қалды. Сол аурухана бүгінде «Профессор Хафиз Мақажанов атындағы

облыстық травматология және ортопедия орталығы» деп ресми түрде аталады.

Бір кездері нарық тапшылығы жағадан алғанда бұл аурухана енді болмаса жабылып қала жаздап еді. Сол кезде барлығын бір ортаға топтастырып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара білген бас дәрігер Аманжол Апырайымовқа бүкіл ұжымның алғысы шексіз. Өйткені, қазіргі нарықтық жағдайда ұйымдастыра білген адам ғана ұтады. Береке көзі басшылықта болып отырған заман ғой.

Өткен жылдары ескі корпусты жөндеуге қойған болатын. Құрылысшылар жұмысты берекесіз жүргізіп, жөндеу ісі мүлдем созылып кетті. Жұмыс мардымсыз болған жерде бе-

реке кетеді, ұрлық-қарлық кобейеді. Қазір ғапа жеткізілген күрлые материалы табан астында жер жұтқандай болатын жағдайға жетті. Бұлай соза берсе жөндеудің өмір бойы бітпейтінін сезген Аманжол шұғыл пара қолдануға мәжбүр болды. Дерее екі бөлімненің күрлыесы бітпесе де кіргізіп, жұмысты жалғастыра берді. Сөйтін біршама созылған жөндеу жұмысы саналы аяқталды.

Аурухана бас дәрігерінің кейінгі кезде мұндай параны жиі қолдануына тура келіп жүр. Ойтпесе орталықтың жұмысы ашпа басар емес. Дәрі-дәрмек жетімеіз, төсек-орын өте аз, тамақ ташны. Мұның бәрін қайдан алу керек? Бұл да бас дәрігердің мойнында. Басны болған соң бәрімен камтамасыз ету міндет. Дәрі-дәрмек кобіне «Фармация» бірлестігі, облыстық денсаулық сақтау басқармасы арқылы алынады. Кейде коммерциялық фирмалардан ақшаға сатылып алынады. Кейде гуманитарлық көмек келіп қалады. Бұл орталықтың тағы бір ерекшелігі – медицина институтының базасында. Яғни, олар ғылыми-өндірістік бірлестікке біріккен. Биылғы жылдың қаңтарынан бастан облыстық бюджетке қарайды.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы берген жұмың теңгеге түгел төсек-орын алынды. Молодежный ауданымен келісім-шартқа отырып, арзан бағаға ет, картоп сатып алып отыр. Сол сияқты СШМУ-4 Федоровка жөндеу күрлые басқармасы сияқты мекемелер камқоршылық көмек көрсетеді. Осылардың барлығының басы-қасында бас дәрігердің өзі ұйымдастырушы болып жүргені. Өз күшімен атқарылып жатқан жұмыстар қаншама. Мұның барлығы қаншама мәселелер ғой. Аурухана үшін ең бастысы – адам денсаулығын сақтау. Мұндай әрі жауапты, әрі абыройлы, әрі өте қиын міндетті дәрігерлер қауымы жақсы түсініп отыр. Жағдайдың қиындығына қарамастан К.Нұғышев,



О.Мақышев, М.Цхай, Ә.Сағынов, Ә.Ермағамбетов сияқты өзінің барлық мақсат-мүддесін адам емдеп, дертке дауа жасаумен айналысып келе жатқан жоғары категориялы дәрігерлер өз ісіне аса тиянақты.

Ал кезінде атақты хирург профессор Х.Мақажановтың мектебінен өткен, бүгінде ізбасары болып келе жатқан Кәрібай Садырбаев, Құсни Елеуов, Дүйсен Бегімов сияқты жандардың орны мүлде бөлек.

Осындай абзал жандардың еңбегінің нәтижесінде мұнда емделуге келген науқастар үйіне айғып қайтып, қуанышқа кенелуде. Қиындыққа қарамастан жағдайды дұрыс түсіген дәрігерлер ұжымы облыс халқының алғысына боленуде. Мұнда облыс аймағынан сан түрлі науқастар әкелінеді. Оның ішінде балалар да бар. Қазір балалар мен ерссектердің күрделі сынақтарына сан түрлі операциялар жасалады. Мұның арасында аса қиын бел-жамбас сынықтары, сүйектердің сынықтан соң дұрыс бітпеуі, тізенің, басқа да буындардың сіңірі үзілуі сияқты жарақат түрлерін қалпына келтіріп, емдеп жазады. Осы ауруларға операция жасау және оны емдеп жазуда қызмет көрсетіп жүрген дәрігерлердің тапқан жаңалық әдістері де жоқ емес.

Қазір бұл ауруханада сынықтың зардабын жою, күрделі операция жасау, ірінді жараларды емдеу сияқты, тағы басқа жұмыстармен айналысатын барлығы сегіз бөлімше бар. Жедел травматология бөлімшесі өз алдына бір бөлек. Осы бөлімшелердің барлығында дәрігерлер өз міндетін жоғары кәсіптік деңгейде атқарады.

Ауруханадағы тағы бір жаңалық – науқастардың арнайы төсектері бар. Олар бөлмелерде сырқаттың түрі мен ауыр жеңілдігіне қарай орналастырылады. Бұл қызмет көрсетуші медбикелер мен санитарларға, тіпті, емдеуші дәрігерлердің өзіне аса ыңғайлы, жұмыс жүргізуіне жеңіл.

Осындай ыждаһатты іс тыңдырын, бүкіл ұжымды ортақ іске ұйымдастырып жүрген бас дәрігер Аманжол Апырайымұлы ердің жасы елуге толып отыр. Сондықтан да, мерейгердің атқарған қызметі мен қоса өткен өмір жолына да бір үңіле кеткен жөн болар.

Ол қазіргі Осакаров ауданының «Восход» совхозында туып-өскен. Ол кезде ауылда орта мектеп болмайды да, мектепті 1963 жылы Акмола қаласында бітіреді. Аманжолдың әкесі Дүйсенбекұлы Апырайым сауаты бар, аздап арабша танытын адам еді. Жасы ұлғайған шақта аздап молдалық құрып, Меккеге жете алмайтын болған соң Түркістанға бірнеше мәрте барып, Қожа-Ахмет Яссауидің басына тәжім етіп қайтқан.

Баласының дәрігерлік жолды таңдауына сол әкесі Өбекен себепші болған екен. Аманжол 10-класста оқып жүрген кезінде әкесі ауыр науқасқа душар болады. Қайткен күнде оны емден жазсам деген ниет ойына оралып, әкесін аса жақсы көретін бала мектепті бітірген соң Қарағанды медицина институтына келіп түседі. Бірақ Аманжолдың мақсаты жүзеге аспайды, әкесін емдеуге тағдыр жазбапты. Соған карамастан қолына дипломын алып шығады.

Жас түлек Шахтинск қаласының ауруханасында бір жылдай істеген соң осы аурухананың ішіндегі Хафиз Мақажанов басқарған травматология-ортопедия, әскери-дала хирургиясы кафедрасына ауысады. Атақты дәрігер жетекшілік еткен кафедрада әуелі лаборант, бір жылдан соң ассистент болып қызмет атқарады.

Өзі де үйрене жүріп студенттерге сабақ береді. Кейіннен Киев, Новосибирск, Куйбышев және басқа қалаларға барып, білімін көтереді, тәжірибе жинақтайды. Көптеген операцияларға қатысады, өзі де операция жасайды. Оның мұнда тамаша хирург екендігімен қоса ұйымдастырушылық

қабілетін байқаған аурухана ұжымы 1986 жылы бас дәрігердің орынбасары етіп сайлайды. Содан екі жыл өткен соң оны бас дәрігер етіп тағайындады.

Бұл күнде клиника ұжымы Аманжолды тек бас дәрігер ғана емес, адамгершілігінің асқақтығы үшін де құрмет тұтады. Адам жанын дұрыс түсініп, қашан да дұрыс бағыт береді. Қиын кезде көмегін аямайды. Міне, кезінде профессор Хафиз Мақажанов сенім артқан жас жігіт бүгінде сол ұстазының атындағы облыстық травматология және ортопедия орталығын абыроймен басқарып отыр. Абыройлы жанның алдағы уақытта да халықтың алдымына бөлене беруіне тілектеспіз.

**ЕСКЕРТУ:** Бұл мақала 1996 жылы Аманжол Апырайымовтың 50 жасқа толуына орай жазылған болатын. Әжекең бұдан соң Профессор Хафиз Мақажанов атындағы облыстық травматология және ортопедия орталығы Михайловкадағы №1 ауруханаға ауыстырылғанда осында да бас бәрігер, бас дәрігердің орынбасары қызметтерін атқарды. Қазір Әжекең құрметті демалыста, Қарағанды медицина колледжіне ұстаз болып еңбек етуде.

## «САПА – БАСТЫ КӨРСЕТКІШ»



Қазақстанның фармацевтикасы еліміздің экономикасының қарқынды дамып келе жатқан саласының бірі. Ол жыл сайын дәрі-дәрмекті тұтыну көрсеткіші жағынан болып, мемлекеттік реттеу жүйесі жағынан болып қарышты қадам жасауда. Соған орай, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық

қызметті бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Айжамал Қажығалиқызы БАТЫРӘЛИЕВАҒА бірнеше сұрақ қоюдың сәті түскен еді.

*– Халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің негізгі міндеттері қандай деп ойлайсыз?*

– Қазақстан Республикасының «Саламатты Қазақстан» Денсаулық сақтауды дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес халықты сапалы, тиімді, қауіпсіз дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету,

тегін медициналық көмек көрсетудің кеңілді көлемі аясында олардың қолжетімдігін ұлғайту мақсатында алға қойып отырған үш негізгі міндет бар. Оның біріншісі – халықты сапалы дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру, екіншісі – денсаулық сақтау ұйымдарын осы заманғы медициналық техникамен жарақтандыру және оларға сервистік қызмет көрсету жүйесін қалыптастыру, үшінші – дәрі-дәрмек құралдарының айналысы саласының, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың сапасын бақылау жүйесін жетілдіру болып табылады.

***– Бұл жұмыстардың барлығы да жоспарлы түрде атқарылатыны белгілі. Сондықтан да осы салада қандай жұмыстар жоспарлануда?***

– Дәрі-дәрмек құралдарының айналысы саласының, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың сапасын бақылау жүйесін жетілдіру үшін көптеген жұмыстар атқарылуда. Солардың ішінен дәрі-дәрмек құралдарының айналысы саласының, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың сапасын бақылау жүйесін жетілдірудің нормативтік құқықтық актілерін үйлестіру, рұқсат құжаттарды өзара түсіністікпен қабылдау, кедендік одақ аясында дәрі-дәрмек құралдарын инспекциялау мен сапа бақылауына интеграциялық жүйе құруды және дәрі-дәрмек құралдарының сапасына мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіруді ерекше атауға болады.

Мұндай жағдайда дәрі-дәрмек құралдарының сапасына мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіру үшін «Дәрі-дәрмек құралдарын, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптаудың ұлттық орталығы» РМК зертханасын заманауи зертханалық тех-

нологиямен және қызметкерлерді оқытуды материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіру қажет. Сонымен қатар халықаралық стандарттарға сәйкес орналастыру және зертхананы орналастыру жүйесі туралы ереже жасауда керек. Еуропа фармакопеясының (ОМСТ) дәрі-дәрмек құралдарын бақылау жөніндегі еуропалық ресми зертханалар желісіне кіру үшін даярлық шаралары жүргізіледі. Фармацевтика инспекциясының халықаралық жүйесі қауымдастығына (PIC/S) кіру үшін мемлекеттік және сарапшылық органдарының мамандары оқытылады. Контрафактілі және жалған өнімдерді өндіру мен өткізуге қарсы әрекет ету жөніндегі шаралар да аса қажет. Жалған дәрі-дәрмек құралдарын анықтау үшін медициналық және фармацевтикалық қызметтің сашасын бақылайтын мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерін экспресс жабдықтармен қамтамасыз ету басты мақсат болмақ.

*– Дәрі-дәрмек құралдарының сапасын бақылау жөніндегі халықаралық жүйелер туралы айта кетсеңіз. Бұған қоса біздің елімізде қазіргі кезде қолданылып жүрген мемлекеттік стандарттар қандай?*

– Фармацевтика инспекциясының халықаралық жүйесі қауымдастығы (PIC/S) дәрі-дәрмек құралдарының айпалысы саласын реттеуші органдарды біріктіретін аса ауқымды әлемдік ұйым. Оның құрамына әлемнің 5 құрлығында орналасқан елдердің 41 ұйымы кіреді.

Ал қазіргі кезде Қазақстан Республикасының аумағында GLP, GCP, GMP, GDP, GPP мемлекеттік стандарттарына ерікті түрде көшу жүзеге асырылуда. Тұтастай алғанда республикамыздың аумағында қолданылатын дәрі-дәрмек құралдарының сапасын қамтамасыз ету денсаулық сақтау саласының басым бағыты болып отырғаны жасырын емес. Соған орай дәрі-дәрмек құралдарына қойылатын талаптың

деңгейі әрбір елдің аумағындағы дәрі-дәрмек құралдарын қолдану қауіпсіздігінің деңгейін анықтайды. Бүгінгі күнде әр түрлі елдердегі фармацевтикалық кәсіпорындардың басым көпшілігінде дәрі-дәрмекті өндіру үрдісі мен сапасын бақылау GMP ережесінде көрсетілген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстанның ДСҰ-на және Кедендік Одаққа кіруіне байланысты GLP, GCP, GMP, GDP, GPP мемлекеттік стандарттарын енгізуі, халықаралық талаптарға және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) ұсынысына сай нормативтік құқықтық актілерді жаңартуы және үйлестіруі, дәрі-дәрмек сапасын қамтамасыз ету жүйелерінің орнықты жұмыс істеуі, Ұлттық инспектораттың болуы міндетті болып табылады.

***– Енді осы стандарттар туралы талдап айтып, түсіндіріп бере кетпес пе екенсіз?***

– Түсіндіріп берейін. Бұлар ДДҰ ұсынған, халықаралық стандарттарға сәйкес жасалған, лайықты фармацевтикалық тәжірибеде қолданылып жүрген ұлттық стандарттар. Мәселен, GLP (Лайықты зертханалық тәжірибе) – зертхана жағдайында сапа бақылау үдерісі. GCP (Лайықты клиникалық тәжірибе) – клиникалық сынақтар жүргізуді бақылау үдерісі. GMP (Лайықты өндірістік тәжірибе) – дәрі-дәрмек құралдары өндірісін бақылау үдерісі. GDP (Лайықты дистрибуторлық тәжірибе) – дәрі-дәрмек құралдарын көтере сатуды бақылау үдерісі. GPP (Лайықты дәріханалық тәжірибе) – дәрі-дәрмек құралдарын бөлшектеп сатуды бақылау үдерісі. Біздің облысымызда GDP стандартына сәйкес орналасу рәсімін «Аманат» ЖШС-нің дәріхана қоймасы 2012 жылы табысты жүзеге асырды, ал «Долголет» ЖШС-нің 2 дәріхана супермаркеті биылғы жылы сәуір айында GPP стандартына сай болды.

*– Ал, енді сапа мәселесіне кеңінен тоқталсақ деп ойлаймын. Осы салада жұмыс жүргізу кезінде дәрі-дәрмектің сапасын қалай анықтауға болады?*

– Оуелі «сапа» дегеніміздің өзі – бұл нысанның белгіленген және жорамалданған тұтынымды қанағаттандыру қабілетіне қатысты сипаттамасының жиынтығы болуы қажет. Дәрі-дәрмекке қатысты сапа белгілерін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы белгілеген. Ол қолданудағы тиімділік пен қауіпсіздік және мұқият іріктелін алынған сынақ нормалары әрістерін анықтайтын сапа ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі және басқалары. Дәрінің әрбір түйірін бақылау мүмкін еместігіне байланысты дәрінің сапасын қамтамасыз ету мен қуәландыру ерекше маңызға ие болуда. Өлемдік фармацевтикалық тәжірибеде «Дәрі-дәрмек сапасын қамтамасыз ету» деген ұғым қалыптасқан. Фармацевтика өндірісінде сапаны қамтамасыз ету дәрінің жасалу кезеңінен бастап, өндіріс арқылы зерттеуге, сапасын бақылауға, сақтауға, өткізуге және дәрігер мен емделушіге ақпарат бергенге дейінгі барлық жалпыға ортақ тұжырымлама болып табылады.


Сапаны қамтамасыз ету қаржылық қаражат жұмсауды талап етеді. Бұл дәрі-дәрмектің құнының көтерілуіне әкелін соғады. Екінші жағынан бәсекелестік жағдайында арзандай дәрі жылдам өтеді. Мұндайда сапаны тиісті дәрежеде қамтамасыз ету қолдауға тұрарлық мәселе. Бірақ кей жағдайда бағаның төмендеуі сапаның әлсіреуіне әкелін соғады да, емделушінің денсаулығына әсер етіп, денсаулық сақтау саласына залалын тигізеді. Сондықтан да – GMP өндірістік жағдайда жасалатын сапа, GMP халық денсаулығын қорғаушы.

*Әңгімеңізге көп рахмет.*

**Маусым, 2013 ж.**



## АУЫЛ АРДАҚ ТҮТТЫ



Көзден таса болғанымен көңілден кетпейтін жаңдар болды. Соның бірі Көген жездеміз еді. Сонау 1954 жылы біздің «Еңбек» колхозындағы жетіжылдық мектепке мұғалім болып келген кезі есімде. Колхоз басқармасы Қойшыбек Жағыпаровтың үйінде жатып сабақ берді. Қойшыбек ағатайым жетім-жесірді жебен жүретін жан еді. Жас жігіттің келешегінен үміт күткен болуы керек, кәрі әке-шешесін, ағасынан

қалған жалғыз бауырын бағып отырған Нәкіжан тәтемізге үйлендіріп жіберді. Соғыстан жаралы оралған ағасы Мәкет бір жыл ғана бұрын қайтыс болып, қара жамылған апайымыз бен Көген жездеміз қосылып, қараша үйдің ішінде қуаныш оты маздады. Сол от ешқашан өшкен жоқ. Тойға келіп, қайырлы болсын айтқан жұртшылық екі қария үлкен атам Кенжетай мен әжем Күнікешке: «Жалғызыңның орнын басты, енді Аллаға тәубе қыл», - деген тілектерін саулатып жатты. Шын мәнінде де ағамыздың орнына аға болды. Ауылда барлығы да аға тұтып, ардақтайтын, ешкім жезде деп ойнамайтын.

Бүкіл үйдегі балалар ағы жаман аурудан баудай түскен ғой. Содан кейін дүниеге келген баланы әкесі Бекмолда «Когенде қалған жалғыз қозы болсын» деген үмітпен «Коген» атаған екен. Сөйтіп, жездеміз әкесінің де, біздің ауылдың да үмітін ақтай білді. Үлкен ағамыз бен әжемізді қадір тұтты, ол кісілер дүниеден өткенде ақ жауып, арулап жопелтті. Одан кейін, қартайған шағында қолына келген әкесі Бекмолданы да Қызыларайдағы осы үйден аттандырды.

Біз жездеміздің ауылға келген соң мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры болғанын, одан соң «Қызыларай» совхозына көшіп, селолық кеңестің төрағасы болғанын ғана білеміз. Ауылда жылыт еткен жаңалық болса, аудандық «Қызыл ту» (кейін «Арқа еңбеккері») газетіне жаза қоятын. Ол кездерде толық білмейді екенбіз, енді қарап отырсақ, ол кісінің өмір жолында көптеген қызықты жайлар бар екен. Коген Бекмолдаұлы қазіргі Нұркен селолық округіне қарасты Бірлестік аулында дүниеге келеді. Орта мектепті бітірген соң біраз уақыт «Балқаш жұмысшысы» газетінде тілші болып қызмет атқарыпты. (Анда-санда мақала жазатындығы содан қалған әдет екен.) Одан соң 1953-1954 жылдары Қарағандыдағы мұғалімдер институтының тарих факультетін бітіріп, Балқаш қаласындағы №2 орта мектепте аз ғана уақыт мұғалім болған соң біздің ауылдағы №12 мектепке мұғалім болып ауысады.

Мен мектепте оқып жүргенімде ол кісі оқу ісінің меңгерушісі болды. Мектеп директоры Әли Дубәкіров жас жігітті шыңдау үшін шығар, Ақтоғайдағы жиналыстардың көбіне оқу ісінің меңгерушісін жіберіп отыратын. Кейін жездеміз жыл сайын сол кездегі Кеңес Одағының түкпір-түкпіріндегі, Қырым мен Кавказдағы шинажайларға барып демалатын әдет шығарып алды.

Жездеміз курорттан оралғанда бір қалта кітап әкеледі. Жай кітаптар емес, баспадан жаңа шыққан, жаңа басылым-

дар болатын. Төргі үйде кітап толы шкап тұрады. Қазір бір бөлме толған кітап болса да, ешкім таң қалмайды. Ол кезде Көген жездеміздің кітабының көптігіне таң қалатынбыз. Мен жетінші-сегізінші кластарда оқып жүргенімде сол жылдары шыққан Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер», Зейін Шашкиннің «Доктор Дарханов», Қасымалы Жантошевтің «Қаныбек» сияқты кітаптарын осы кісінің шақырынып алып оқыдым. «Мың бір түннің» төрт кітабы болатын. Бұларды оқушыларға оқуға рұқсат етпейді. Оларды мен бір-бірімен ұрлап әкетіп оқитынмын. Мектепте балалар осындай жана кітап шыққанын айтқанда мен оны оқып алғанымды айтып мақтанып отыратынмын. Сөйтіп, менің кітапқұмар болуым, көркем әдебиетке деген қызығушылық сезімім осы жездеміздің арқасында ояндды десем өтірік емес. Мүмкін, газетке мақала жазуыма да осы кісінің әсері тиген болар. Ол туралы бұрын ойламаппын да.

Орта мектепті Ақтоғайда бітірген соң Қарағандыға оқуға кеттім. Бұл кезде Көген жездеміз ауылдағы №12 сегізжылдық мектептің директоры болды. Ел мүддесі, халық игілігі үшін жасаған жемісті еңбегі мен өнегелі өмір жолы әрқашан жоғары бағаланды. Содан 1970 жылы Қызыларай селолық кеңесінің төрағасы болып тағайындалып, табап аудармай 25 жыл осы қызметте болды. Зейнеткерлікке шығар алдында біраз жыл Қызыларай селолық округінің тұңғыш әкімі болып қызмет атқарды. Еңбекке араласқаннан бергі уақыт ішінде үнемі өз ортасының көшбасшысы, білікті де іскер азамат ретінде танылды.

Осындай қызметтер атқарған, ел аузында сөзі, артында жасаған ісі қалған ардақты адамның бақилық болғанына қырық күннің де жүзі болыпты. Сондай жездеміздің бүгінгі күні арамызда жоқ екендігіне сенгіміз келмейді. Бірақ табиғат заңы қатал, өз дегеніне көндіреді. Сондықтан да

жездемізді еске ала отырып, осы мақаланы жазу парызым деп санадым.

Қолымда жездеміздің өмір жолынан мағлұмат беретін әр түрлі материалдар мен фотосуреттер. Солардың арасынан Ақтоғай аудандық «Арқа еңбеккері» газетінің 1989 жылдың 7 қарашасы күні жарық көрген саны ерекше көзге түседі. Сол газетте «Луыы ағасының портреті» деген айдармен бірнеше суреті бар «Селатком председателі» деген мақала жарық көріпті. Онда Көген Бекмолдиннің тындырған, атқарып жатқан істері мен болашақта атқармақ істеріне дейін саралап көрсеткен. Аудандық газет тілшісінің сол мақаласынан бірнеше үзінді келтіре кетсек артық болмас деп ойлаймын. «... Жасырағын несі бар, ол әлде кімдер сияқты қайта құрудан бұрын да барды қанағат тұтып, күнкөрістің күйбеңімен күн кешкен жоқ. Себебі, көктем шаранат тілен, әліптің артып бағып, томаға түйық жүре берсе, совхоздың салалық көрсеткіштері де, мәдениеті де табандап тұрып алатынын председатель тереңнен түсінді...»

«Журналистік сапармен Қызыларайға бара қалсақ «председательдің бастамасы» дегенді жиі еститін болдық. Сөйтсек, «адамдардың қолымен экологиялық зардаптарға ұшырайды» деп ауыл маңындағы орман-тоғайдан бір бұта киюға тыйым салдырған да осы Көкең екен. Село сыртындағы зираттарды метал шарбақпен қоршап қоюға бастама көтеріп, бас болып жүрген тағы өзі. Совхоздағы көркемөнерпаздарға 13000 сомның ұлттық киімдерін тіккізіп берудің инициаторы да осы кісі. №3 ферма орталығынан клуб, кітапхана, медпункт үйлерін салудың көзі мен жолын тауып, оған совхоз директорын екі сөзге келтірмей «көндіріп» қойған да осы Бекмолдин. Жақында ғана халық игілігіне берілген сауналы, бассейнді жаңа моншаның құрылысының тез аяқталып, сапқа қосылуынан атқару

комитетінің председателі сырттан қалды деп тағы айта алмаймыз. Ауыл ішіне көтерме жолдар да салынды. Енді көше бойларына су жүретін құбырлар тартып, халықтың қосалқы шаруашылықпен айналысуына мүмкіндіктер ашсақ деген ойлары бар екен. Ол істің де бастау алар шағы алыс емес...».

– деп жазады тілші.

Міне, көріп отырғандарыңыздай, газет бетінде селолық кеңес төрағасының ауылдағы қандай істен бөлмасын шет қалмайтындығын, тіпті үнемі бастамашы болатындығын ашық жазады. Ол кезде Ақтоғай ауданы Жезқазған облысының құрамында болғандықтан, көптеген жайлардан бейхабар болғанмыз рас. Дегенмен де, тілінің қаламына іліккен жайлардың растығына еш шүбәміз жоқ. Мұны ауыл тұрғындары да жоққа шығармайды.

Кезінде қолға алынған істер аяқталып та келе жатыр. Соның бірі әр үйге су жеткізу болса, ол да жүзеге асқан. Көкениң бастауымен, совхоз басшыларының көмегі арқасында кезінде Қарағандыдан газ баллондары тасымалданғанын тұрғындар әлі күнге дейін айтып отырады. Қазір де тасымалданады, бірақ бұрынғыға қарағанда қымбатқа түсіп отыр.

Сөйтіп, ауылдың экономикасы мен мәдениетінің өрлеуіне елеулі үлес қосқан Көген Бекмолдаұлын аудан халқы кезінде жақсы білді, құрметтеді. Сексен үшке қараған шағында дүниеден өткен жездеміздің артында бала-шағасы, әпкеміз қалды. Қырық жыл бойы үзбей әр түрлі шипажайларда емделіп қайтатындықтан денсаулығы жаман болмайтын. Бірақ аяулы ұлы Әзімханның жол апатынан қаза табуы, сүйікті күйеу баласы Қайыржанның ұзаққа созылмаған науқастан мезгілсіз дүниеден өтуі қабырғасына қатты батып, оған қарттық қосылып, күйзелтіп кетті.

Халқымыз «Орнында бар оңалар» дегенді текке айтпаған. Артының жақсылығын тілейміз.

**Сәуір, 2013 жыл.**

## САМОЛЕТТІ ТОҚТАТҚАН



Қалалық №3 ауруханада еңбегімен ел құрметіне бөленген дәрігерлер көптеп саналады. Солардың ішінде Әсеп Мадиярұлы Ермағамбетовті жұртшылық аса құрмет тұтады. Хирургия бөлімшесінде еңбек ететін Әскеңнің

осы ауруханада жұмыс істегеніне де талай жыл болыпты. 1970 жылы Қарағанды медицина институтын ойдағыдай бітірген ол Павлодар облысына жолдама алады. Облыс орталығындағы ауруханада үш жыл бойы дәрігер, одан соң бас дәрігер болып істеген Әскең Қарағандыға қайта оралады. Міне, содан бері ол осы ауруханада жемісті еңбек етіп, көпшіліктің көңіліне жылы пікір ұялата білген. Хирургтың қолы жеңіл, сөзі шипа, смі дауа.

Біз Әскеңді іздеп бірнеше рет барғанбыз. Өйткені, бір барғанда жолығудың сәті түспеді. Алғашқы барғанда бөлімшенің медсестрасы:

– Әсеп Мадиярұлы операцияда, – деп жауап берді.

Келесі жолы барғанымызда тағы бір ақ желең киген қыз:

– Әскең түнгі кезекшіліктен шықты. Бүгін енді болмайды, – деді.

Ақыры жолымыз түсіп, жолықтық. Әскеңнің абзал азаматтығына, адам жанына арашапы болуға деген адал ниетіне бұрыннан да қанық болатынбыз. Киров ауданында ол кісіні білмейтін адам жоқ деп айтуға әбден болады. Көпшілігі сол кісінің шипалы алақанының жылуын сезген адамдар. Олардан:

– Осы Әскеңнің арқасында аман қалдық қой. - дегенді жиі естиміз.

Бұлай болуының себебі де жоқ емес. Қазір техника ғасыры, өндірістің өркендеген шағы. Соған байлапысты басқасын былай қойғанда өндірістік жаракатқа ұшыраған, жол апатына ұрынған адамдардың өзі ауруханаға көнген әкелінеді. Бұған осы күнде бел алып отырған қылмыстық әрекеттерден жапа шеккендерді қосып көріңіз. Оның үстіне күнделікті ауруларға жасалатын операция тағы бар. Сонда күніне қанша операция жасалатындығын көз алдыңызға елестете аласыз. Сол операциялардың басым көпшілігін Әскең өз қолымен жасайды.

– Әсеп Мадиярұлының қолы аса жеңіл. Соқыр ішегіме операция жасап еді, бір аптаға жетпей құлан-таза жазылып кеттім. Тілген жерінде тыртық та қалмады. Кашпировскийдің сеансына отырып әуреге түскенім жоқ, - деп күледі бір досым.

Мәселе тыртықта емес, кеселдің кетуінде ғой. Дегенмен де, Әскең операция жасаған жер тыртық болып қалмайтыны рас екен.

Әскеңнің тамаша хирург болып шығуына әркімдердің ықпалы мол болғанын айтып жүр. Солардың арасында өзі дәріс алған атақты профессор Хафиз Жаңабайұлы Мақажановтың игі ықпалы мол екені даусыз. Өйткені, Қараганды медицина институтының Хафекең басқарған кафедрасы осы ауруханада орналасқан еді. Хирургияның да сан-саласы бар. Мамандығы жалпы хирургия болғанымен

кейде жұмыс арасында кездесіп қалған сәтте Хафекең талай рет ризалығын білдіргені бар. Жас маманға сондай үлкен ғалым-дәрігердің ризашылық сезімі арманын алға жетелеп, қиялына канат бітірген.

Әсең Мадиярұлы аурухана ішіндегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Ол біраз жыл ауруханада бас дәрігердің орынбасары міндетін де мүлтіксіз атқарды.

Әскең бір ұл, бір қыз өсіріп отырған ұлағатты семья басы. Аяулы жары Гүлбарам болса Киров аудандық оқу бөлімінде бухгалтер болып істеп келеді. Айтпақшы, Әскең мен Гүлекеңнің үй болуының өзі үлкен бір хикая.

– Бұл 1974 жылы болатын, – деп еске алады Әскең. – Гүлбарам атты сүйкімді бір қызбен танысып, кездесіп жүрдік. Қашаны бойдақ жүре берейін, үйленгім келетіндігін айттым. Қыз да келісімін берді. Ол кезде Омбы қаласында тұратын. Сонда баруым керек болды. Желтоқсан айындағы бір күнге сөз байластық. Қызмет бабымен жүріп, билет алуды ұмытып кетішіп. Тіпті, «Сол Омбыға, кім ұша береді дейсің, билет болатын шығар» деген де ой болған. Келіскен күніміз жеткенде кезекті еңбек демалысымды алып, аэропорт басына келсем, билет жоқ. Енді не істеймін? Әрі жүгірдім, бері жүгірдім, билет табыла қоймады. Тіркеу бітіп, ұшатын уақыт та келді. Сыртқа қарасам – қос моторлы «АН-24» екі иығынан дем алып, зіркілдеп, енді болмаса ұшайын деп тұр. Басқа амалым қалмаған соң, солай қарай жүгірдім.

Ол кезде жана аэропорттың әлі салынбаған кезі. Қазіргідей милициямен тексеріп, «көк есіктен» өткізу деген жоқ болатын. Тек сырттағы қоршаудың есігінің алдында бір әйел тұр екен. Мен оған жақындағам да жоқ. Жүгіріп келдім де, белуарға зорға жететін қоршаудан секіріп өтіп, самолеттің алдына барып, тұрып алдым. Енді ұшайын деп



тұрған самолеттің алдындағы ксіні көрген ұшқыштардың зәресі кеткен болуы керек, қолдарымен «былай тұр» деген белгі береді. Мен болсам қолымды ерсілі-қарсылы сермен тұрмын. Тіпті болмаған соң жастау біреуі есікті ашып, ба-сын сыртқа шығарып:

– Не болды? – деп айқайлады.

– Маған командир керек, – дедім мен дауыстап.

Менің кетпейтінімді білген соң, әрі диспетчерлер «Неге тұрсың?» деп қысып жатқан болуы керек, екінші егделеу ұшқыш есікке келді.

– Мен командирмін, не керек? – деді ол.

– Сіз командир болсаңыз – мені түсініңіз. Бүгін менің тағдырым шешіледі. Өйткені, қалыңдығым мені осы рейс-тен күтпн алмақшы. Бұдан қалсам – менің опымен кездесе алмауым да мүмкін. Адресін де алмапшы, – дедім.

Командир менің мынадай әлем-жәлем болып тұрған түрімді аяды ма, әлде өзі сондай қайырымды жан ба, әйтеуір иліге кетті.

- Екі минутта билет әкеліп үлгересің бе? - деп сұрады.

- Бір минутта үлгеремін, - дедім мен сенімді түрде.

- Мә, ендеше, - деп қалтасынан алып, бетіне нөмір жазылған құлынның тұяғындай дөңгелек темірді қолыма ұстатты. - Жүгір, кассаға бар.

Командирлерде сондай жетон болады екен. Соны алып, аэропортқа қарай ұшып келемін. Сірә, самолеттегі радио арқылы сөйлесіп, хабарласып отырған болар, маған барлығы жол беруде. Тіпті, кассаның алдында қаптап тұрған халық қақ айырылды. Дайын тұрған билетті алып, ақшаны бере са-лып, кейін жүгірдім.

- Фамилиянды өзің толтырып ал, - деп айқайлап жатыр кассир артымнан. Оны тыңдауға да мұрша жоқ. басқышын түсіріп қойған екен, жүгірген беті келіп, самолетке міндім.

Омбыға ұшып келсек. Гүлбарам аэропортта күтін тұр екен. Жолшыбай командир:

- Қалыңдығыңмен таныстырасың ғой, - деген болатын.

Гүлбарамды үшқыштармен таныстырдым.


- Мұндай қалыңдық үшін қандай ерлікке болсын баруға болады, - деп командир риза болып, арқамнан қақты.

Сол жолы бара алмай қалсам, өте ұят болады екен. «Болашақ күйеу жігіт келеді» деп дастарқан жасап, ағалары, көптеген туған-туыстары жиналып отырған көрінеді. Бұйрық деген сойда. Гүлбарам қазір Әселім мен Лянымның анасы, - деп аяқтады әңгімесін Әскең.

Осындай жарқын жүректі адам жанының арашашысы Әсең Мадиярұлы Ермағамбетов көпшіліктің қадірлі азаматы.

**Желтоқсан, 1990 ж.**

## БЕЛГІЛІ ӘННІҢ АВТОРЫ



Сүйікті қаламыз Қарағанды туралы талай әндер бар. Ұрақ солардың арасында қазақша-орысша айтылатын «Қарағанды» әнінің орны белек. Ойткені ол ән біздің жастық шағымызда жиі айтылатын еді. Ойын-тойда, студенттердің бас қосқан кештерінде осы әнді қосыла шырқайтынбыз.

«Сүйікті қалама,  
Сүйсініп келемін.  
Түр әне алдымда.

Сәулетті үйлерің», – деп шырқатып келіп, қайырмасындағы:

«Еңбекшіл жас қала,  
Жайнай бер көркейіп.  
Шалқысын осы әнім,  
Сен үшін Қарағанды», – деген жеріне келгенде өзіңнің қалай қосылып кеткенінді білмей қалатынсың. Оның:

«Зажигают огни,  
Трудовой город мой.  
Я иду в этот час,  
И люблюсь тобой.

Город мой Караганда.

О тебе я пою.

Город мой Караганда,

Ты со мною всегда», – деген орысшасы да болатын.

Бұл өлеңді айтып жүргенімізбен, оның авторы кім, оны кім шығарғаны туралы ойламаншыз да.

Бір ойды бір ой қозғайды. Жуырда көрші тұратын Құрметті шахтер, кезінде Горбачев атындағы шахтада 35 жыл кенші болып, «Құрмет белгісі» орденін омырауына жарқырата қадаған, қазіргі зейнеткер Төлеген Бекішев деген ағамыз кездескен бір сәтте:

– Осы «Қараганды» деген ән қазір облыстық радиода бар ма екен? Сол әнді шығарып, сөзін жазған менің марқұм болып кеткен Төлеубай деген інім еді, – деп әңгіме қозғады.

Содан кәсіби қызығушылық пайда болып, ол кісіні әңгімеге тартқан едім. Сонда маған Төкең мынадай әңгіме айтып берді:

– Бұл әнді жазған Толсубай Бекішевтен мен үш жас үлкенмін. Ол 1946 жылы 21 шілдеде осы Қараганды қаласында туған болатын. Киров ауданындағы №18 орта мектепте оқып, одан соң №21 орыс орта мектебінің сегізінші класын бітірген соң осындағы музыка училищесіне түсті. Ол мектепте оқып жүрген кезінің өзінде музыкаға әуес еді, жеке мұғалімнен баянда, пианинода ойнауды үйреніп алып, өзінше бірденелер шығарып жүретін. Сол әуестіктен училищенің екінші курсына оқып жүргенде осы әнді шығарды, өлеңнің сөзін де өзі жазды.

Бұл ән әуелде ата-анасының, туған-туыстарының, жолдас-жораларының алдында орындалып, қатты ұнағандықтан, ел тыңдау үшін облыстық радиодан айтқызуға кеңес бердік.

Мен ол кезде Киров ауданындағы №26 орта мектептің

оныншы класында оқитынмын. Менімен бірге оқитын кластас Амангелді Исаханов деген досымның Жұмабике деген қарындасы өлеңді жақсы айтушы еді. Озі баянда сүйемелден, сол Жұмабикеге айтқызып, «Қарағанды» әнін 1962 жылы радиоға жаздырдық. Көп ұзамай ән халыққа тарап кетті, елдің бәрі айтатын болды.

Төлеубай училищені бітірген соң Алматы консерваториясының домбыра класына түсті. Сол кезде мен Алматыға барғанымда кейін көп жыл Қарағанды музыка училищесінде ұстаздық еткен білгілі домбырашы Балтабай Шакарбаевпен (марқұм), егіндібулақтық Азат Жақсылықовпен, қазіргі белгілі музыка зерттеушісі Жарқын Шәкәрімовпен танысқаным әлі есімде. Бірақ, інім денсаулығына байланысты ұзақ оқи алмады, екінші курстан үйге қайтуына тура келді.

Мұнда келген соң екі жылдай облыстық филармонияда қызмет істеді. Атақты әнші апамыз Жаңыл Қартабаевамен бірге ел аралап көп жүрді. Гастрольдік сапардан оралғанда алған әсерлерін бізге рахаттана әңгімелеп беретін.

Бір өкініштісі бұл жұмысқа да денсаулығы жарамай, еріксіз ауылға көшуіне тура келді. «Топар» совхозына барып, клуб меңгерушісі болды. Сонда он бір жыл тұрып, 1985 жылдың көктемінде дүниеден қайтты. Артында жары мен үш баласы қалды. Үлкен қызы Аққу сол жердегі мектепте мұғалім. Қалғандары осы Қарағандыда тұрып жатыр. Ұлы Ержан, ал кішісі Жанар, – деп аяқтады Төкең әңгімесін.

Негізі бұл кісілердің бәрі кеншілер әулетінен екен. Әкелері Оспан Бекішев қырық жылдан астам шахтада еңбек етіпті. Сол адал еңбегі бағаланып, «Құрметті кенші» атағын алған, сол кездегі ең жоғары награда Ленин орденін омырауына қадаған. Ол кісі 1991 жылы, аналары Төкіш

1995 жылы дүниеден өтіпті. Өзді айтып, халыққа таратқан, осы әннің дүниеге келуіне өзі де үлес қосқан әуесқой әнші Жұмабике Исаханова да қайтыс болыпты.

Міне, қазір біршама көмескі тартып, көңілден таса болып бара жатқан «Қараганды» әннің авторы туралы мен білген деректер осындай.

## НҮР ШУАҒЫ ШАШЫЛҒАН



Сонау соғыстан соңғы жылдар. Алапаттан кейінгі жұнышы ғана ауылдың өз тірлігі, күнделікті өмірі өтіп жатқан еді. Кейбір отбасы қара жамылған болса, кейбірінің соғысқа кеткен солдаты аман-есен оралып, қуаныштарында шек жоқ болатын. Ауыр жарақат алып, екінші дәрежелі мүгедек болып, Қарқаралы ауданындағы туған ауылы Тегісшілдікке оралғанына екінші жылға кеткенде Жақсыбай мен бәйбіпесі Айтжанның отбасында тағы бір қуанышты оқиға болды. Төртінші бала, шекесі торсықтай бір ұл дүниеге келді.

Атын Нұрбай деп еркелетіп, ел-жұртына нұр шуағын шашсын, бай болсын деген ниетпен атын қойған нәрестенің балалық-жастық шағында еш өзгешелік болған жоқ. Басқа балалар сияқты ол да есін білгенде тал шыбықты ат қылып

мінін жарысқашан, тайга мінін жарысқанға дейінгі балалық жолдан өтті. Бастауышқа барып, жетінші сыныпты бітірді. Иә, осы кезең албырт жастың өміріне елеулі өзгеріс әкелді. Ол енді қаладағы Жамбыл атындағы қазақ орта мектебінде оқитын болды. Қанша дегенмен қаланың аты – қала. Мұнда ол мәдени өмірдің жаңалығына қанықты. Қайырбаев, Исамағұлова, Шәмиева сияқты ұлағатты ұстаздардан білім нәріне сусындады. Орта мектепті бітірер кезде мамандық таңдау керек болды. Сол кезде Нұрбай дәрігер болуды қалады. Ойгені соғыстан мүгедек болып оралған әкесінің жарақаттары шыдатпай түп ұйқысынан ояпатыны, жиі науқастанатыны мұның да жапына бататын. Сол кезде «Келешекте дәрігер болып, шапағатты шина жасасам, науқасқа дәру болсам» деген ой қатты мазалайтын.

Нүрекең сол арманына жетті. Сол кездегі Қарағанды медицина институтына түсіп, абыроймен бітіріп шықты.

Қазір тек қаламызға ғана емес, бүкіл облысқа қала берді бүкіл республикамызға және одан да тысқары жерлерге жақсы атымен мәлім болған Нұрбай Жақсыбайұлының сондай білікті дәрігер болып шығуына медицина институтын бітірген соң әскер қатарына алынып, Ленинград әскери округінде бүкіл бір жеке полктың дәрігері болып қызмет атқаруы үлкен игі әсерін қалдырды. Екі жыл қызмет атқарып келген соң өзінің туған аулы Қарқаралы ауданындағы «Восток» совхозында (қазіргі Т.Әубәкіров ауылы) учаскелік аурухананың бас дәрігері болады. Бірақ мұнда көп істеген жоқ. Бір жылға толмайтын уақыт ішінде облыстық онкологиялық ауруханаға ауысын кетті. Мұнда эндоскопиялық бөлімнің меңгерушісі болды. Бұл жерде баса айтатын бір мәселе бар. Ол Нүрекеңнің облыста бірінші болып эндоскопиялық аппаратты меңгеруі еді. Ол кезде жапондық мұндай аппаратпен өңештен бастап бүкіл асқазанды, токішекке дейін қарап шығу ешкімнің



қолынан кезмейтін. Кейіннен жанына облысымызға белгілі дәрігер Еркін Баттақовты алып, білгенін соған үйретеді. Бұл бөлімде 1987 жылға дейін табысты еңбек етіп, талай науқасқа дәл диагнозын қойып берді. Сол жылы оны облыстық онкологиялық диспансердің бас дәрігерінің емдеу жұмыстары жөніндегі орынбасары етіп тағайындайды. 1990 жылы күз айында облыстық диагностикалық орталық ашылып, Нүрекенді осында бөлім меңгерушілігіне шақырады. Қарамағында он екі дәрігері бар үлкен бөлім жана ашылған орталықта талай жұмыс тыңдырады. Нүрекеннің басшылығымен біздің облыста алғаш рет қатерлі ісіктерге амбулаторлық жолмен эндоскопиялық операциялар жасалады. Нұрбай Жақсыбайұлы қай жерде еңбек етпесін өзінің журегін жылудымен емделушілерді баурап тұрады. Сондықтан оған науқастар сенеді. Сенім ең бірінші емші. Дәрігеріне сенген адамның науқасы шиналы болатыны әлімсақтан белгілі. Жақсы жұмысымен көрінген Нұрбай Жақсыбайұлын Қарағанды қаласындағы №1 ауруханаға бас дәрігер етіп тағайындады. Науқастың түрлеріне қарай барлық сала бойынша емдеу жүргізілетін бұл ауруханадағы еңбегі жеміссіз болған жоқ. Сонау Кеңестік дәуір келмеске кеткен жаңа формациядағы қоғам құрып жатқан тар заманның қиыншылықтарын мойнымен көтеріп, аурухана ұжымын бір шаңырақ астына жұмылдыра білді. Бұлай дейтініміз – қолына бірде уақытымен, бірде уақытынан айлар бойы кешігіп тиетін дәрігердің шектеулі жалақысын місе тұтпаған, адам емдеп алғысқа бөленгеннен гөрі саудасаттықпен айналысып, тиын-тебен тапқынды артықшылық санаған кейбіреулер ауруханадан есеп айырысып, кетіп қалған жылдар болатын. Нүрекен соның барлығын дұрыс түсіне білді. Аурухана қиындықтарға қарамастан дұрыс жолға түсіп, өзінің бұрынғы бағытынан тайған жоқ.

Бас дәрігердің мұндай ісі облыстық денсаулық сақтау саласы таранып көзге ілінбей қалған жоқ. Ілінгені сол – оны енді облыстық денсаулық сақтау басқармасы бастығының бірінші орынбасары қызметіне шақырды. Бұл облыстың барлық денсаулық сақтау саласының жұмысын ұйымдастырып, соған бас-көз болу деген сөз. Жұмыстың оңай болмайтыны рас. Бірақ ол қиын да болса сол жұмыстардың қолынан келетінін түсініп, ризашылықпен келісті. Сол қызметті Пүрекең аттай сегіз жылға жуық атқарыпты. Аз ба, көп пе оны дәл таразылау қиын. Бір ақиқаты осы жылдар ішінде ол жап аямай еңбек етіп, облыстың денсаулық сақтау саласындағы өзіне тиісті жұмысты абыроймен атқара білді. Оған сол саладағы атқарған қызметі куә.

Пүрбай Жақсыбайұлы қазір өзі қызмет атқарып отырған профессор Х.Мақажанов ағындағы облыстық ауруханаға бас дәрігер болып биыл жазда келді. Келе салысымен мұнда да қызу жұмысқа кірісіп кетті. Бұл 220 орындық аурухана негізінен облыс халқына травматология, ортопедия саласында көмек жасап, емдеу жүргізу саласымен айналысады. Қазір клиника базасында екі кафедра бар. Оның бірі медицина академиясының ортопедиялық хирургия кафедрасы болса, екіншісі дәрігер мамандарының біліктілігін көгеру жөніндегі кафедра.

Алда талай міндеттер тұр. Соның ең бастысы эндопротез жасау. Бұл дегеніңіз – орган жіліктің бас буынынан айырбастау үшін эндопротез бөлімін ашу. Оған лайықты жабдықтар қажет. Қиындығы көп бұл мәселені жыл аяғына дейін ашуды ойластыруда. Облыстық денсаулық сақтау департаментінің бастығы өзі қолға алып отыр. Екі-үш айдың мұғдарында жаңа бөлім ашылуға тиіс. Өйткені бұл облыстық мәслихатта бекітілген үш жылдық аймақтық бағдарламада қамтылған мәселе. Оған қоса аурухананы күрделі жөндеуден өткізу

мәселесі де күн тәртібінде тұр. Ол келер жылы басталамақ.

Нұрбай Жақсыбайұлы медицина саласына қатты көңіл бөліп отырған облыс әкіміне деген ризашылығы шексіз. Әсіресе, ол кісінің Астана мен Алматыда гапа бар ядролық-магниттік томографты әкеліп облыстық копсалалы ауруханаға орнатуы халыққа деген зор қамқорлық. Бұрын облысымыздан барған науқастар екі-үш ай кезекте тұрады екен. Қазір медицина саласын қаржыландыру мәселесі де бұрнағы жылдарға қарағанда әлдеқайда жақсара түскен. Травмотология бөлімшесіне жабдықтар алуға қаражат бөлген.

Жоғары дәрежелі эндоскопиялық дәрігер, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің жоғары дәрежелі ұйымдастырушысы, «Конституцияның 10 жылдығы» медалімен марапатталған Нұрбай Жақсыбайұлы 25 ғылыми мақаланың авторы. Денсаулық жылында Үкіметтің Алғыс хатын алған.

Тағы бір айта кететін мәселе – Нүрекен әулетімен дәрігер. Ол кісінің зайыбы Рымжан Шәкарқызы да көп жыл терапевт-дәрігер болып қызмет атқарған, медицина саласының ардагері. Қазір құрметті демалыста. Бұл отбасының үлкендері Мейрамгүл ҚарМУ-дің биология факультетін бітірген, қазір медицина саласында еңбек етіп жүр. Ал ұлдары Жанат университеттің заң факультетін бітіріп, әскери бөлімде қызметкер. Келіндері Нүргүл де заң қызметкері. Олардан үш немере иіскеп отыр.

Бүгінде алпыстың асқарына шығып отырған Нұрбай Жақсыбайұлы Кенжебаев облысымыздағы медицина саласының белді де белгілі өкілі. Оның алдағы уақытта да талай-талай науқастардың еміне дәру болары сөзсіз.

**ЕСКЕРТУ:** Бұл мақала 2006 жылы Нұрбай Жақсыбайұлының 60 жасқа толуына орай жазылды.

## ШАХТЕР ШӘКЕҢ



Қарағанды сексен жылдан астам уақыттан бері жер астынан «қара алтын» қопарған кеншілер қаласы екені бәрімізге белгілі. Сол кеншілер қаласында кеншілер әулетінің болуы заңды пәрсе. Мәселен, белгілі кенші Шәкентай Мақановтың әкесінің туып-өскен жері қазіргі Шет

ауданының Ақбауыр ауылы болғанымен, бір кездері тағдыр желі айдап, өнеркәсібі енді ғана өркендей бастаған осы Қарағандыға келген екен. Сол кезде ол әулетімізбен кенші боламыз деп ойлаған да жоқ шығар.

Алғашқы ашылған шахтада жұмысшы болған әкесі Оразбек кейін №1 тік шахтасында кен қазушы болып еңбек етті. Бұл шахта әуелде «Наклонный» деп аталатын. Оның шахтасының көлбеу болатындығын, содан барып «наклонный» аталғанын ол кезде балағын түрін алып, асық қуып жүрген бұлар біле бермейтін. Тек білетіні әкесі мен басқа да шахтерлер қол шамдарын жер бетінде жағып алып, жер астына жаяу кететін. Барлық жұмыс қолмен атқарылатындықтан ол кезде де қауіп-қатер деген жиі болады екен. Шахтаның ұңғысына кіріп бара жатқан кеншілер артына бұрылып қарайды екен. Қайла-күректерін асынып, шахтаға аяндап

кіріп бара жатқан кеншілердің соңынан бала-шаға ұзақ қарап тұрады екен. Мұның барлығы шешесінен естіген әңгімесі. Әкесінің күні бойы жер астында қайламен көмір шауып, жұмыстан шаршап келетіні мұның әлі күнге дейін жадында сақталыпты, ұмытылған жоқ. Көмір қазатын комбайндар кейіннен келе бастады. Кешегі соғыс жылдары мұның балғын балалық шағына дөп келді. Сонда бұл қатарлыларда балалық шақ болған жоқ деп те айтуға болады. Енді ше соғыс басталған кезде үш жасқа да толмаған екен. Сол әкесі Құрметті шахтер атанды, еңбек ардагері болды. Сонау 1931 жылдан 1957 жылға дейін істеп, зейнеткерлікке шыққан еді.

Жамбыл атындағы орта мектепті ойдағыдай аяқтаған Шәкең әскер қатарына аттанады. Содан 1959 жылы оралған соң көп ойланған жоқ, әке ізін жалғастыру үшін шахтаға бет алды. Онысына әкесі де қарсы болған жоқ. Қайта ұлының өзінің ісін жалғастырып жатқанына бір марқайын қалды. Шәкең шахтаға түскенде Костенко атындағы шахтаның атағы аспандап тұрған кез болатын. Мұнда талай рет әйгілі рекордтар жасалды. Қара алтынның миллионыншы тоннасы да осы шахтадан шығарылды. Оның атақты кенші Социалистік Еңбек Ері Жәкен Рүстемовтің учаскесінде еңбек етуіне тура келді. Бұл учаске ылғый «сен тұр, мен атайын» дейтін ығай мен сығай жігіттер болатын. Солардан қалыспауға тырысқан сайыпқыран жігіт қандай іске болмасын тыңғылықтылық танытты. Белгілі кенші бүгінде сонау кейінде қалған күндерді ұмытпай еске алып отырады. Шахтада атқарылатын қандай іс болмасын оңай емес. Таң қараңғысынан аттанып, кеш түсе оралатын кеншілердің уақытының көбі жер астында етеді. Ал, жер астындағы жұмыс қашан да қауіпті. Шәкең ондай ауыр зардапты оқиғаларды өз басынан өткермеген болса да, қиындық жағдайды сан рет көзімен көрді. Желдеткіштің істен шығып қалған уақытында талай рет оқпан аузына таза

ауаға жиналған сәттері бар. Ол кезде қандай шахтада болмасын тәртiп бар болатын, қауiпсiздiк техникасы өте қатты сақталатын. Жер астында арнайы инженерлер жүрiп, барлық жағдайды қадағалап отыратын.

Атақты кеншi Жәкең демалысқа шыққан соң оның орнына Олег Руфф учаске бастығы болды. Ол да өздерiмен қатар еңбек еткен тамаша жігіт едi. Ол Кеңес Одағы ыдырап, аумалы-төкпелi заман болып жағқан шақта өзiнiң тарихи отаны Германияға кеттi. Сол сияқты Дәурен мен Вольф сияқты жігіттерлi де әрқашан еске алып отырады. Сойтiп, Шәкең 1986 жылы сол Костенко атындағы шахтадан зейнеткерлiкке шығыпты. Бiрақ үйде қарап отыра алмағандықтан, тағы он жыл жер астындағы еңбектi жалғастырған. Сонымен, қырық жылға жуық кеншi болған ағамыз қазiр қаламыздың Оңтүстiк-Шығысындағы «Степной-4» ықпam ауданында еңбегiнiң зейнетiн көрiп, аман-есен жүрiп жатыр.

Шәкең Светлана жеңгемiзбен 1961 жылы шаңырақ көтерiптi. Ол кiсi осы Қарағандының Оңтүстiк-Шығыстан Балқашқа қарай шығатын күре жолдың үстiндегi Жұмабек аулында дүниеге келген. Бiздiң «Орталық Қазақстан» газетiнде көп жыл қызмет атқарған қаламгер Сапиолла Ансаров марқұмның немере қарындасы болып шықты. Бұл кiсiнiң әкесi де атақты шахтер болған Сәбит Майжақанов екен. Сәбeң болса кезiнде Социалистiк Еңбек Ерi Түсiп Күзембаевпен бiрге еңбек еткен. Жеңгемiздiң өзi қырық жылға жуық уақыт сауда саласында қызмет атқарғанын сөз арасында айтып өттi.

Қазiр бұл ұлағатты отбасынан Ерiк, Серiк және Айгүл атты үш бала қанаттанған. Шәкең мен жеңгемiз олардан немере сүйiп, қуанышқа кенелiп отыр.

## ЕЛ БІЛЕТІН БІЛӘЛ



Иә, Білекеңді бүкіл ел білетін. Біләл Мәмәтқұлов ағамыз біз Ақтоғайдағы М.Горький атындағы №1 орта мектепте тоғызыншы сыныпта оқып жүрген кезімізде оқу ісінің меңгерушісі болған еді. Орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Өз мамандығын жетік меңгерген мұғалімдердің бірі болатын. Сабақ үстінде тек орыс тілінде сөйлеуімізді талап ететін. Әсіресе, біз сияқты ауыл мектебінен келген балаларға ерекше көңіл бөлетін. Сөйтіп жүргенде, қысқы каникулдан соң болуы керек, мұғаліміміз аудандық партия комитетіне ауысып кетті.

Білекең Ақтоғай ауданында туып-өскен. Ол 1938-1945 жылдары Қарқаралы ауданындағы Нұркен атындағы ауылда жеті жылдық мектепті тәмамдап, Қарқаралы педтехникумына оқуға түседі. Бұл оқу орны 1922 жылы Алаш ардақтысы Әлімхан Ермековтің бастамасымен ашылып, кейіннен педучилище болып Сарай қаласына қоныс тепкен, қазір Абай Құнанбаев атындағы гуманитарлық-техникалық колледж екендігін атап өту орынды деп санаймын. Бұл оқу орнын бітіргендердің көпшілігі кейіннен елімізге белгілі азаматтар болды. Солардың ішінен академик, Социалистік

Едбек Ері Әбілқас Сағынов пен ғылым докторы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әсет Болғанбаевтарды айтсақ жеткілікті болар.

Осындай оқу ордасын 1948 жылы тәмамдаған Білекең бұрынғы Ворошилов және Жамбыл атындағы бастауыш мектептерде әуелі мұғалім болады, одан соң 1952 жылға дейін сол мектептердің меңгерушісі қызметін атқарады. Оқу-білімнің адам өмірінде қаншалықты орын алатындығын жақсы түсінген жас ұстаз шәкірттерін жазу-сызуға үйретіп, олардың бойына білім дәнін себу үшін жапықпай еңбек етеді. Бастауыш класста алған білім келешек кластардағы алатын білімдеріне негіз болатындығын басшылыққа алып, қызмет атқарады. Бастауыш класста мұғалімі бола жүріп өзінің де білім алмай болмайтындығын түсінеді. Сөйтіп, Қарағанды мұғалімдер институты Қарағанды педагогикалық институты болып құрылған кезде оның филология факультетінің орыс тілі мен әдебиеті бөліміне түсіп, 1956 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Үздік дипломды қолына алған жас маманға жолдаманы Ақтоғай ауданына береді. Ол мұнда М.Горький атындағы №1 орта мектепте мұғалім болады, оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарады.

Өзінің алғырлығымен, орыс тіліне деген жетіктігімен, ұйымдастырушылық қабілетінің жоғарылығымен көзге түскен жас жігіт Біләл Мәметқұловты Ақтоғай аудандық партия комитеті қызметке шақырып, ұйымдастыру бөліміне нұсқаушы етіп қабылдайды. Осы қызмет оны табанды қызметкер, іскер азамат болып шығуына шындай түседі. Өмірдің көптеген қаптарлары мен астарлары мол қиындықтарынан жол табуға үйретеді. Кейін (1965-1969 жылдар) осы бөлімнің меңгерушісі болады, одан соң көп жыл аудандық Халықтық бақылау комитетінің төрағасы болып істеп, 1976 жылы аудандық Кеңес атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып сайланады.



Актогай өңірі өнерге ден қойған, құт дарыған, халқы қонақжай, елі еңбекқор, көңілі дархан жандардың мекені. Екінші бірі ән дегенде ішкен асын жерге қоятын өнерпаз. Тоқырауыш топырағынан нәр алған, мәуелі ағаштай биіктерге қол созған сондай жанның бірі, халқы құрмет тұтқан азамат Біләл Мәметқұлов та өнерден қралақан жан емес еді. Кезі келген жерде шыркатып жіберетін. Соның әсері болса керек, аудандық «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамбіліне әрқашан қолдау көрсетіп жүрді. Шетелдерге гастрольдік сапарлары кезінде шашбауын көстеріп, бастан барған сәттері де болды.

Өзінің қызмет істеген жылдарында ауданның және облыстың қоғамдық-саяси өміріне, халықтың әлеуметтік мәселелеріне белсенді араласып, елеулі үлес қосты. Еңбегі елеусіз қалған жоқ. «Құрмет белгісі» орденімен, «Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 30 жылдығы», «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен, «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен марапатталған.

Балалық дәурені ашаршылық жылдарына, жасөспірім кезеңі сұрапыл соғыстың қиын-қыстау шағына дөп келген Білекеңнің өмір жолы жақсы жалғасын тауып, отбасында үлгілі әке бола білді. Сүйікті жары Бану Рақымбекқызы екеуі бес бала тәрбиелеп, азамат етіп өсірді. Өзінің жасында көрген қиындықтарын балаларым көрмесін деп, бәрінің де жоғары білім алуына жағдай жасады. Ұлдарының үлкені Оміртай мектепті орыс класында оқып бітірген соң әке жолын қуып, Қарағанды педагогикалық институтының филология факультетіндегі орыс бөлімшесіне түсті. Сол кезде біз жатақханада бір бөлмеде тұрған едік. Әкесінің балаларына деген қамқорлығын сонда өз көзімізбен көргенбіз. Оміртай кейін ҚарМУ-дың заң факультетін бітіріп, қазір басқа са-

лада, темір жолда қызметте жүр. Сол сияқты Еркін мен Жаңабек те өз қызметтерін абыроймен атқаруда. Қыздары Зәмзәгул мен Зинагүл де әке жолын қуып, тіл мамандары болды. Зинагүл «Қазақстан білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.

Біләл Мәметқұловтың Қарқаралы педтехникумын бітіргенін атап кеттік. Бұл оқу орны қазір Сарандағы гуманитарлық-техникалық колледж. Осы оқу орнының директоры, техника ғылымдарының кандидаты Владимир Закомолкин 2000-шы жылдардың басында пәндік дәрісханаларға осы оқу орнын бітірген немесе осында оқытушылық қызмет атқарған, еңбегі еңген адамдардың есімін беру туралы бастама көтерген еді. Осы ұсыныс бойынша Зинагүл Біләлқызы бір дәрісханаға әкесінің есімін беру туралы отініш жасаған болатын. Оны колледж әкімшілігі қолдап, бүгінде бір дәрісхана Біләл Мәметқұловтың есімімен аталады. Қазір онда Білекеңнің еңбегі мен өмір жолынан сыр шертетін стенддер әсемдепін, тұмырнамалық материалдар жинақталған.

Сөз соңында Біләл Мәметқұловтың артында айтулы ісі мен қоса ұмытылмайтын сөздері де қалғандығын еске сала кеткім келеді. «Біләл Мәметқұлов айтқан екен» деген сөздер Ақтоғайлық азаматтардың аузында жүреді. Білекең: «Бір күні кеңседе отырсам, бір мұрын кіріп келеді, кіріп келеді, әлі кіріп келеді, шыдамай, «Бұл кім екен?» деп есікке жүгіріп барсам, ар жағында өзіміздің Зекең тұр» деп мұрыны ұзын құрдасын қалжақ етеді екен. Енді бірде қызметкерлер орындарынан ауысатын болыпты. Елжас Мұхамедияров жоғары лауазымға көтерілмек екен. Егер ол кісі жоғарыласа, одан кейінгілердің лауазымы да бір саты жоғарыламақ қой. Содан Елжекеңе бұйрық шықпай, белгісіз себептермен біраз уақыт өтіп кетеді. Сонда Білекең: «Әттен Елжас домаламай

ұстап тұр. Ол кетсе, артынан бәріміз домалар едік», - деген екен. Ол кісінің осы сияқты сөздері толып жатыр.

Бұл күндері Біләл Мәметқұлов ағамыздың артында қалған ұрпақтары ісін жалғастырып, халқы қадір тұтқан әкелерінің атына кір келтірмей еңбек етуде.

**Мамыр, 2013 ж.**

## ӘДІЛДІКТІҢ АҚ ЖОЛЫНДА



Сәкен есімін естігенде елен етпейтін қазақ жоқ. Қазкен де сол Сәкен туған Иманак тауының етегінде дүниеге келеді. Мүсілім мен Бибіайшаның шаңырағындағы жалғыз ұл болғанымен соя кездегі қиындық оны ауылдың басқа да балалары сияқты ерте есейтіп, ат жанын ерте тартып мінуге үйретті.

Атасу поселкесіндегі Ленин атындағы орта мектепті бітірген кезде әкесі елуді еңсеріп тастаған болатын. Үйден алыс шығып көрмегендіктен және әке-шешені қимағандықтан ауылда қалуға тура келді. Курс бітіріп, жүргізушілік куәлік алды да, машинаға отырды.

Сөйтіп жүргенде екі жылдың қалай өткенін білмей қалды. Өзінің тұстастары оқуға аттанып кетіп жағты. Сонда жас жігіттің көңіліне ой түсіп, «әттең, шіркін, мен де оқысам-ау» деген арман баурай бастап еді. Он тоғызға жаңа шыққан балаң жігіт не істерін білмей, тығырыққа тірелді. Әкесінің рұқсатын алған соң не механикалық факультетке түсуге бел байлады. Сол кезде Алматыда экономика факультетінде

оқитып, каникулға келіп жүрген немере ағасы Өбікен Төлеубаев жолығып, заң факультетіне түсуге кеңес береді.



*Ардагерлер (солдан оңға қарай) Хамза ЖҰМАБЕКОВ,  
Тишбек АХАНОВ, Қазкен МҮСІЛІМОВ, Сағадат  
ДҮЙСЕБЕКОВ.*

Бұл ақыл Қазкеннің көкейіне қона кетеді де, барлық қағаз, құжатын дайындап алып, астанаға тартып отырды. «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалін омырауына жарқырата қадаған және екі жылдық еңбек өтілі болғандықтан оқуға конкурсыз қабылданып, заң факультетінің студенті болып шыға келеді.

Ол кезде ҚазМУ-дың заң факультетін бітіргендерді үш бағытта жіберетін. Олар – ішкі істер органдары, сот және прокуратура еді. Болашақ заң қызметкері оқу бітірерден бір жыл бұрын-ақ қадағалаушы орган, онымен қоса сол кезде ауыр және аса ауыр қылмыстарды тергеумен айналысатын прокуратураға баруды саналы түрде шешіп қойған.

Бес жылғы студенттік өмір бес күндей болмай, зыр етіп өте шықты. Астанада қалудың мүмкіндігі болғанына

қарамастан заңгерлік диплом қолына тиісімен ауылға қарай аттанды. Сол кездегі Қарағанды облысының прокуроры Иван Прохорович Киселевтің өзі қабылдап, жас маманды өзінің отініші бойынша Жаңаарқа ауданына жіберді. Сол 1962 жылы осы күні өзі қызмет атқарып отырған облыстық прокуратураның табалдырығын алғаш аттаған екен. Әуелде оны Теміртау қаласына жолдамақ болғанда:

– Үйде кәрі әке-шешем бар ғой, – деп жаңа үйленген жас жігіт өз ауданына сұранған болатын.

Жаңаарқада Қазкен алты жыл прокуратурада тергеуші болған екен. Сонда ең алғаш рет қылмыс болған жерге қалай барғанын әлі күнге дейін ұмытпайды. Бұл «Жеңіс» совхозында болған оқиға еді. Кісі өлгені туралы хабар тиісімен жүрін кетеді. Бірақ совхозға өте кеш жетеді. Елшімді танымайды, баратын жері жоқ. Сондықтан да, жанына ерген милиция қызметкері екеуі станцияның вокзалында селіге жатып шығады. Ертеңіне таң қылаң бере орындарынан тұрып, шаруаларына кіріседі.

Бұл кезде Жаңаарқа ауданының құрамында 20 совхоз бар болатын. Оған қоса Қаражал қаласы осы ауданға бағынады (1963 жылы ғана жеке қала болды). Жамбыл руднигі, Ағадыр станциясы, сонау Қызылжардан Қарамұрынга дейінгі жол бойындағы барлық станция осы ауданның қарамағында еді. Осындай үлкен аумақта екінші тергеуші бергенше жалғыз өзі жұмыс атқарды.

Кейіннен аудан прокуроры Жұматай Ерімбетов Балқаш қаласына ауысқанда бойында күш-қуаты мол, іске тындырымды, заңға жүйрік, орда бұзар отыз жастағы Қазкен Мүсілімовті өзінің орнына қалдырып кетті. Ол кезде қандай да болмасын қызметке тағайындау аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитетінің келісімінсіз жүзеге аспайтын. Ал, аудан прокурорының ұсынысына бұлар тарапынан қарсылық болған жоқ.

Кейіннен Қаражал қаласында прокурор болып істеп жүрген кезінде болған бір қанқұйлы қымысты да әлі ұмытпапты. Бірде қалада тұратын он үш жасар қыз бала үшті-күйлі жоғалып кетеді. Іздемеген жерлері жоқ. Бірақ еш нәтиже шықпайды. Сондықтан да, іс бойынша тергеу жұмысына басшылықты өз қолына алады.

Тергеу барысында қаладағы жылыту қазандығының бірінде от жағушыдан күдіктенеді. Оны мұқият тексере бастайды. Ол өзі бұрын сотталған адам екен, әрі нашалық заттар колданады. Бір күні оның тынығатын бөлмесінен қан тиген шүберек табылады. Қыз баланың көйлегі де осындай материалдан тігілген болып шықты. Жоқ болып кеткен күні үстінде осындай көйлегі болған. Қанша жауап алғанымен от жағушы ештеңе мойнына алмайды, ештеңе білмеген, ештеңе көрмеген болып шықты. Сондықтан да, қылмыстық іспен айналысып жатқан топты жинап алып, қазандықтан кейінгі екі күнде шыққан күлді қопаруға нұсқау берді. Ойткені, ол күні-түні ойлап-ойлап: «Бұл тек осының ғана қолынан келген қылмыс. Қыз баланы өлтіріп, отқа жағып жіберді. Әйтпесе жерге сіңіп кеткен жоқ», - деген қорығындыға келген болатын. Өйткені, жоғалған қыздың шешесі осы жылыту қазандығының жанындағы дүкеншеде жұмыс істейді екен.

Оперативтік топтың тапқан сүйек күлі және табылған шүберек, шашыраған қан дақтары арнайы сарапқа жіберілді. Көп ұзамай сарап қорытындысы да келді. Онда күлдің адам күлі екендігі және қазандықтағы от жағушы бөлмесінен табылған шүберек пен қыз үйінен алынған шүберек екеуі бір материал екендігі жазылған. Қабырғаға шашыраған қан дақтары да сол баланікі болып шықты. Содан соң ғана барып қылмыскер өз әрекетін зорға дегенде мойнына алды.

Шын мәнінде қыз бала шешесінің жұмыс орнына келсе,

ол жоқ. Қыз шешесін сұрамаққа жылығту қазандығына кіріп кетеді. Сол кезде анау есікті інген жауып алады да, өзінің тынығатын бөлмесіне анарын зорлайды. Содан соң айтып қояды деп қорқын, басынап темірмен бір-ақ ұрып өлтіреді де, қылмысын жасыру мақсатында денені бөлшектен, қазандыққа салып, жағып жібереді.

Жаңаарқа ауданында прокурор болып жүргенде де бір үлкен қылмыстық істі тергегені бар. Мұнда сегіз жігіт көмелетке толмаған бір қызды зорлапты. Қыз бала ауруханаға түскен. Дереву одан жауап алып, барлық қатысушыларды қамағалды. Қошшілігі танитын адамдардың балалары, ішінде үйленгендері де бар. Келген адамдардың барлығына жағдайды түсіндіріп, істі екі ай ішінде сапалы терген аяқтайды да, сотқа тапсырады.

Оның іскерлігіне риза болып, облыстық прокуратураның тергеу басқармасына аға тергеуші қызметіне шақырады. Бірақ ол кәрі әке-шешесін тастап кете алмайтындығын айтып, бармай қалады. Тіпті „Маңғыстау облысы прокурорының орынбасарлығына да шақырған уақыттар болыпты. Сарыарқаның сары даласына үйренген Қазкең кәрі Каспий жағасындағы қалаға барып қызмет атқарудан бас тартады.

– Алғашқы жылдары қызметке қызыға кіріскенім сондай, бес жыл бойы еңбек демалысына шығуды ұмытып кетіпмін ғой. – деп еске алады Қазкең қазір. – Қызметке келген алғашқы жылы Жарық станциясында біреудің өлі денесі табылғаны туралы хабар жетті. Машинамен зыр етіп вокзалға келсем, бір жүк поезы орнынан жылжып қозғалып барады екен. Жүгіріп барып, вагонның алаңшасына (тормозная площадка) мініп кеттім. Өзімше келесі станцияда локомотивке ауысып отырмақшын ғой. Қайдан! Сол беті Жаңаарқадан шыққаннан Жарыққа дейін тоқтаусыз зырыл-



датты ғой. Қыстың қақаған суығында ашық вагон үстінде қаттым да қалдым. Поезд тоқтағанда қол-аяғым сіресін, зорға түстім. Барған жұмысымды бітірдім-ау, бірақ екі күн бойы ес-түссіз жаттым...

Тергеушінің ауыр да, мазасыз да жұмысы жас жігітті мұқалтқан жоқ, қайта шыңдай түсті деуге болады. Шың мәнінде ертелі-кеш жұмыстың соңында жүргендіктен отбасының күйбең тірлігіне қарауға да уақыт болмайтын кездер кездеседі. Мұндай кездерде сүйіп қосылған жары, Алматыда оқып жүріп танысып, елге келін егін түсірген Ләйла Шәймерденқызы үйдің ауыртпалығын өз мойнына алудан қашқан жоқ. Тергеушінің тер төге еңбек етуі үшін отбасына алаңдамауы қажет екендігін жақсы түсініп еді.

Он жылға тарта, екі маусым, Жаңаарқа ауданының прокуроры болып қызмет атқарған соң тағы да Атасуды тастауына тура келеді. Жезқазғанға келіп, бес қабатты үйдің үшінші қабатынан пәтер алады. Мұнда оны облыстық партия комитетінің әкімшілік-құқықтық бөліміне меңгерушілікке тағайындаған еді. Жұмысы өзіне бұрыннан таныс болғанымен кеңседе қадалып отырып, «қағаз кеміру» тергеуші-прокурордың көңілінен шыққан жоқ. Дегенмен, ол бұл орыннан ауысты. Оның себебін Қазкең әлі күнге дейін ұмытқан жоқ.

Әкесі 1977 жылы шаруашылықпен жүріп, басқыштан тайып жығылып, мертігіп қалады. Бірнеше ай бойы демалыс күндері Атасуға шақып-лауына тура келеді. Өйткені науқас әкесіне күтім керек еді. Көтеріп жатқызып, төсегін жайлап салып деген сияқты. Оның үстіне үлкендері де осы кісілердің қолында болатын. Бұлай шапқылай беру ондай емес еді. Сондықтан да не болса да ата-анасымен бірге болуды көздеп, оларға жақын жерден қызмет сұрайды. Ақыры ондай қызмет табылады. Ағадыр ауданы прокурорының орны босайды да, Қазкеңді сонда жібереді. Қазкең көп

ұзамай әке-шешесін көшіріп алып, барлығы бір жерде тұрады. Қиын болса да өзіне бұрыннан таныс прокурорлық жұмысты қайтадан бастайды.

Бұл жер ірі темір жол торабы. Онда тұрып қызмет атқарудың тағы бір қолайлы жағы кейін пайда болды. Балалары мектепті бітіріп, Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарына түскенде қатынасын тұруларына ыңғайлы еді.

Қазкең осы Ағалдыр ауданында прокурор болып жүргенде 1980 жылы шешесі, 1981 жылы әкесі дүниеден озады. Екеуін де Жанаарқалаға ата-баба қорымына апарып, жамбасын жерге тигізіп, перзенттік парызын өтейді. Бұл жерде табан аудармай тоғыз жыл еңбек етеді. Одан қайтадан Жезқазғанға облыс прокуратурасының тергеу бөліміне бастық етіп тағайындайды. Екі жылдан соң тағы да Қаражалға, бұл жолы қала прокуроры етіп жібереді. Жоғарыда сөз еткен оқиға осы кезде болған еді.

Қайта құру уақытында кадрлардың ауысуы жиі болғаны белгілі. Сол кезде Қазкен Мүсілімов тағы бір тағайындауға ие болады. Бұл жолы Алматыдағы Республикалық Прокуратураның тергеу басқармасына аға прокурор етіп тағайындайды. Сол 1991 жылы Қазкең мен Ләкеңнің шаңырағында тағы да екі қуанышты оқиға болған еді. Үлкен екі қызы бірнен соң бірі тұрмысқа шықты. Осы оқиға ұмытылмай жатып тағы да жолға шығуына тура келеді. Енді оны Қарағандыға облыс прокурорының бірінші орынбасары етіп жібереді. Сөйтіп, сан тағайындаулар мен күлкісіз күндер, ұйқысыз түндер артта қалып, тергеушілік және прокурорлық қызметте шыңдалған Қазкең осы Қарағандыға мықтап орнықты.

Қарағанды облыстық прокуратурасындағы қызмет Қазкен Мүсілімұлының нағыз кәсіби шеберлігінің жетілген шағы екендігін дәлелдеді, оның таптырмайтын орынбасар екендігін көрсетті. Қосылған екі облыстың прокурорлығына

келіп жатты, кетіп жатты. Бірақ аға әділет кеңесшісі, Қазақстан Республикасы прокуратурасының Құрметті қызметкері Қазкен Мүсілімов құрметті демалысқа шыққан 2000 жылға дейін прокурорлық қызметтің нағыз ауыр жүгін арқалап, бір орында тапжылмай тоғыз жыл отырды.

Иә, қадағалау ісімен айналысатын орынбасардың құрылысшы болып кеткен кездерін айтпай кетуге тағы да болмайды. Қазкең қызметке келген жылдары облыс прокуратурасы Жамбыл көшесі мен Ерубәев көшесінің қиылысындағы шағын екі кабатты үйде орналасқан болатын. Қазір бұл үйдің маңдайшасында мемориалдық тақтайша орнатылған, онда облыстың барлық қадағалау органдарына осы жерден басшылық жасалғаны, дәл осы жерде аймақтың прокуратура қызметкерлерінің көптеген буындары тәуліктер бойы қызмет атқарып, көптеген атышулы қылмыстық істерді ашқандығы туралы жазылған. Қазір елдің барлығы облыс прокуратурасының Оңтүстік Шығыстағы Құрылысшылар даңғылы бойында сәулеті жағынан тамаша және қызметке өте қолайлы ғимаратқа орналасқандығын жақсы біледі. Бірақ сондай қиын-қыстау 90-шы жылдары бұл ғимараттың қандай күшпен салынғанын елдің бәрі біле бермейді.

Сол уақытта Қазкең облыс прокуратурасының жаңа ғимаратын салуды да қадағалаушы болған еді. Оның күш-қуатының, табандылығының, кейде тапқырлығының арқасында бюджеттік қаражаттан «ақша қағыстырып» алудың мүмкіндігі туған еді. Сондықтан да, ол қаншама күш-қуатымен бірге талай уақытын осы құрылыс үшін жоғалтты. Соның нәтижесінде облыс прокуратурасының қызметкерлері қысқа мерзім ішінде мұқият және сапалы салынған жаңа үйге ие болды.

Бүгінгі күні облыс прокуратурасының көптеген қызметкерлері Қазкен Мүсілімұлын жылы лебізбен еске ала-

ды. Тек Қарағандыда, Жезқазғанда, Қаражалда, Агасу мен Агадырда ғана емес, сонымен бірге, Алматыда, Павлодарда, Шымкентте және республикамыздың басқа да көптеген қалаларында Қазкеннің шәкірттерін көптеп кездестіруге болады.

Тәлімгер болған соң оның шәкірті де болады ғой. «Шәкіртсіз ұстаз – тұл» деген халық даналығы тегін емес. Қазкеннің өзі де көптеген заң қызметкерін үйреткен аға. Сондықтан да, шәкірттері туралы да сөз қозғауға тура келеді. Мұнда да ол прокуратура мен сот органдарының көпшілігінде абыройлы қызмет атқарған Уәлихан Тәттімбековті, Сәкен Майкеновті, Рысбек Медеуовті, Сайлау Қарабесковті, Кәдірбек Шәкімовті, Ермек Бейсенбаевты, Жақсылық Әлхаминді ілтипатпен еске алды.

Қазкеннің республикалық прокуратураның тергеу басқармасынан біздің облыс прокурорының орынбасары болып келді. Арасында бір жыл Саран қаласының прокуроры болғаннан басқа уақытта бір орында абыройлы қызмет атқарып, құрметті демалысқа шықты. Бүгінде жетпіске келген Қазкен ағамыздың әлі күнге дейін сезімі сергек, ойы ұшқыр, бойындағы күш-қуаты мол. Онын да сыры жоқ емес. Таңертең салқын сумен шайынады. Күніне бес шақырымнан астам жаяу жүреді. Бір мезгіл бильярд ойнауға барады.

Осы әңгімені оқып отырған адамның көкейіне «Қазкеннің балалары қандай екен, қайда екен» деген сауал оралуы мүмкін ғой. Ол туралы да айта кетейік.

Ең үлкен қызы Жұмагүл Алматыдағы халық шаруашылығы институтын бітірген, екі баласы бар. Онын ұлы Ернар қазақтың халықаралық экономика және құқық институтын бітірген, қазір «ҚазМұнайГаз» холдингінде қызмет атқарады. Қызы Іңкар студент.

Екінші қызы Марал мектепті «Алтын медальмен» бітіріп,

ҚазМУ-дің филология факультетін тәмамдаған. Жолдасы Дәурен ұзақ жыл дипломатиялық қызметте істеген. АҚШ-тың Вашингтон қаласында тұрған. Дилара атты қызы мектеп оқушысы. Маралдың өзі Әлем тілдері институтында сабақ береді, филология ғылымдарының кандидаты.

Кіші қызы Индира Әл-Фараби атындағы ҚазҰМУ-дың философия-экономика факультетін бітірген. Ұлы Әлібек мектеп оқушысы.

Ұлының үлкені Қазбек ҚарМУ-дің экономика факультетін, одан соң Қазақстан-Ресей университетінің заң факультетін бітірген, облыстық ҰҚК департаментінде қызметте. Қазір ата-анасымен бірге тұрады. Кішкентай екі қызы өсіп келеді.

Кіші ұлы Мұстафа ҚарМУ-дің заң факультетін бітірген. Қазіргі кезде Астанадағы Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының қызметкері.

Әңгіме барысында ол кісінің көп оқитындығын, оқығанын көңіліне тоқып, терең зерделейтіндігін аңғардым.

– Прокуратураға ешкім де жақсылықпен келмейді. Қандай да болмасын бір көмек сұрай келеді. Сонда мен ылғи да Саққұлақ шешеннің алдына барған Шоқанға:

«Басшың – ақыл болсын,  
Жетекшің – ой болсын,  
Шолушың – сезім болсын,

Қолдаушың – еңбегің болсын». – деп берген батасын еске алып отырдым және әрқашан осы өсиетті басшылыққа ұстадым. Келген адамның шаруасын заңға сәйкес әділ шешуге тырыстым, – деп ағынан жарылды.

Әңгіме соңында әділдік туын асқақ ұстауды өмірлік мақсаты санаған, ата-ананы сыйлап, ризашылығына бөленген, енді өзінің сондай қасиетін балаларына беріп, халықтың салт-дәстүрін берік ұстауға баулып жүрген аға

заң кеңесшісі. Қазақстан Республикасы прокуратурасының Құрметті қызметкері, өзіміз аға ретінде қадір тұтып, сыйлайтын Қазкеп Мүсілімов ағамызға келін отырған жетпісіңіз бұдан да биік, мерейлі болсын деген тілек білдірдік.

**2008 жыл.**

## БАЙЫПТЫ ІСТІҢ БАСЫНДА



Өзінің бастаған ісін байыбына барып, ақырына дейін жеткізу Қонысбай Қасенұлының қашанғы әдеті. Ол қандай жерде қызмет атқармасын артына жамағат қалдырып көрген жоқ. Мәселен, ол кісі Қарқаралы зооветеринарлық техникумында ұстаздық етіп жүрген жерінен аудандық партия комитетінің пәрменімен «Восток» совхозына (кейіннен Тоқтар Әубәкіров атындағы кеңшар) бас зоотехник етіп жіберіледі. Мұнда ол кезде аты әйгілі Кәкім Зәкішев директор болатын. Осында он бір жыл табан аудармай қызмет атқарған екен.

Ол кезде кеңшардың барлық шаруашылығы шалқын, табысы тасып тұрған. Аузымен құс тістеген Кәкеңнің алғырлығының арқасында бұл шаруашылықта басқа төрт түлікті былай қойғанда түлкіден бастап түйеге дейін өсіріліп, ара омартасына дейін ұсталған шақ еді. (Қайран заман-ай десеңізші!) Сол кезде елуді еңсерген азамат өзінің барлық мүмкіндігін, алған тәжірибесін жұмсап, директордың қандай жақсы бастамасы болмасын қолдап, өркендете және өрістете түсуге өз үлесін қосты. Кәкең болса бас зоотехникті мал шаруашылығы саласына еркін

жіберіп, өзі даға және құрылыс жұмыстарымен алаңсыз айналысты. Соның нәтижесінде суармалы егістік пайда болып, «Востоктың» кең алқабында «Фрегаттар» мен «Волжанкалар» еркін «жүзді». Мал қораларын салып, комплекстер бой көтерді.

Қонекен енді директормен келісе отырып, мал басын асылдандыруды ойлады. Ең бірінші қой шаруашылығын ретке келтіруден бастады. Оларды жасына қарай сұрыптап, сырғалап шықты да, жүнінің сапасына қарай топтарға құрып, отарларға бөлді. Алматыдағы қой шаруашылығы институтымен берік байланыс орнады. Институттағы мамандар, академик К.Медеубеков, сол кезде ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаттары (кейін доктор, профессорлар) Кеңес Қасымов, Сауқымбек Шәуепов сияқты ғалымдар шаруашылықта қой тұқымын асылдандыруға көп еңбек сіңіреді. Совхозға қазақтың етті, жүнді ақ қойын алып келіп, оның санын 6000-7000-ға дейін жеткізеді. Соның арқасында олар жүн тапсыру жоспарын артығымен орындап отырады. Мұнымен қоймай Ресейдің Владимир облысынан Роман тұқымды қойдың конқарларын әкеліп, өзіміздің Еділбай тұқымымен будандастырып, екі маусым козы алады. Негізгі мақсаттары Еділбай тұқымының құйрығын сақтап қалып, Роман тұқымының көптөлді қасиетін алу еді. Қонысбай ол кезде тек тәжірибелік жұмыспен ғана емес, ғылыми жұмыспен де айналысып, Қазақтың қой шаруашылығы институтының аспирантурасын бітіріп, енді кандидаттық қорғау кезде, өкінішке қарай, әр түрлі себептермен бара алмай, диссертациясы қорғаусыз қалады.

Келесі жылдары қазақтың етті ақ бас сиырларын асылдандырумен шұғылданады. Ақыры көп жылдық еңбек еш кетпей, үшінші бөлімше осындай асыл тұқымды мал өсіретін фермаға айналды. Содан шаруашылық басқа совхоздарға



асыл тұқымды құнажындар мен бұқашықтар сата бастайды. Бірінші бөлімшеде өгізшелерді бордақыға қойып, салмағын 400-410 килоға жеткенде етке тапсырып отырады. Бұдан да шаруашылық қыруар пайда табады. Енді олар «Просторный» асыл тұқымды мал заводынан және Семей облысының «Мыйбұлақ» және «Скотовод» совхоздарынан ұрғашы тайышшалар әкеліп, өсіріп, оның басын көбейтіп, табыстарға жетеді.

Сол кезде «Восток» шаруашылығының аң өсірумен де атағы талай жерге барған болатын. Павлодар облысының Қазақстанның 30 жылдығы атындағы совхозынан 100 бас ақ түлкі (песец) әкеліп, өсіріп, оның сапын 3000 басқа жеткізеді. Алтай өлкесінен 150 құндыз (норка) әкеліп, оның санын 5000 басқа жеткізеді. Олардың терісін Мәскеу, Ленинград, Омбы сияқты ірі қалаларда аукцион арқылы сатуға қатысады.

Бұл жылдары совхоз егін шаруашылығынан да көзге түседі. Ара шаруашылығымен де айналысады, бал өндіру өз дәрежесінде болмаса да, аралар егіс даласындағы жоңышқа, күнбағыс, қарақұмық, беде, сияқты болашақ мал азығын тозаңдандырып, өнімді болуына өте пайда келтіреді.

Осы жұмыстардың барлығында облысымыздағы М. Әдекенов, Е.Шамишев, Г.Имериков, И.Иванов, Н.Рождественский сияқты атақты мал мамандары ақыл-кеңес беріп, көмектесіп отырған.

Осындай еңбегінің арқасында Қонысбай Нүсіпов құрметке ие болып, аудандық кеңеске бірнеше мәрте депутат болып сайланған. Көптеген марапаттарға ие болған.

Бүгінде жетпісті алқымдап отырған Қонысбай Нүсіпов Талдықорған облысының (қазір Алматы облысы) Бостан деген жерінде дүниеге келген екен. Әкесі Қасен соғысқа қатысқан, Кенигсбергке, Будапештке дейін барып, елге бірнеше жерінен жарاقات алып қайтады. Орта мектептен

соң Қонысбай мал маманы болуды ойлап, Талдықорғандағы мал дәрігерлік техникумына түседі. Оны техникумды бітірген соң 1960 жылы Павлодар облысының Краснокутек (қазір Ақтоғай) ауданына жолдамамен жіберіледі. Сонда өз мамандығы бойынша үш жыл қызмет атқарған соң Семейдегі зоотехникалық-малдәрігерлік институтына барып түседі. Институтта комсомол комитетінің хатшысы сияқты қоғамдық жұмыстар атқарып жүріп, осында мал дәрігерлік факультетінде оқитын Егіндібұлақ ауданының қызы Гүлжан Садакқызына (атақты әнші Ғаббас Айтбаевтың немересі) үйленеді.

Оқуын бітірген соң Павлодар облысының «Озерный» совхозында бас зоотехник болып қызмет атқарады.


– Бұл шалғай парыашылық болды. Совхоз орталығынан 130 шақырым болатын. Қыста қар қалың болғандықтан, жол жабылып қалады да, өндірген сүт пен етті Новосибирск облысының Купино, Чистоозерск қалаларына апарып тапсыратынбыз, – деп еске алады бүгінде Қонекең. – Үлкен қызымыз Семейде, ұлдарымыз Макс пен Нариман Купино қаласында туды. Тек кішіміз Ардақ қана Қарқаралыда дүниеге келді.

Содан 1976 жылы Қарқаралы зооветтехникумына ұстаздық қызметке ауысып келеді. Мұнда «Восток» совхозына ауысқанша Гүлжан екеуі де ұстаз болып қызмет атқарады.

Қазір Қонысбай Нүсіпов ағамыздың балалары ер жеткен, жоғары білім алған, әр түрлі қызметтер атқарады. Зейнеткерлер 1988 жылдан бері Ынталы ауылында, немерелерін оқытып тұрып жатыр.

**ЕСКЕРТУ:** Мақала Қонекеннің 70 жасқа толуына орай жазылған еді. Бұл күнде ол кісі бақилық болған.

## «ТЕМІР ТҰЛПАРДЫ» ТІЗГІНДЕГЕН



Бүгінгі қарт механизатор Егінбай Оразалинов жастайынан тесік өкпе болып, колхоз жұмысына араласқан, кейіннен сан түрлі трактор мен техниканы меңгерген бесаснап механизатор. Егеш ақсақал зайыбы Айша апаймен оқуының шаңырақ көтергеніне жарты ғасыр болған екен. Осы елу жыл ішінде олар он баланы дүниеге әкеліп, бәрін өсіріп-жетілдіріп, қазір олардан отыздан астам немере мен шөбере көріп, екі қолын жылы суға малып отыр. Халқымызда. «Шөберенің алақанынан су ішкен адам

жұмақтың төрінен орын алады» дейді, лайым солай болсын.

Қырғын соғыс басталған жылы Егінбай бес жаста ғана екен. Содан әкесі Қуат 1941 жылы майданға аттанады да, хабар-ошарсыз сол кеткеннен оралмайды. Әкесінің қай жерде соғысып, қай жерде қалай қаза тапқанын (хабар болмаған соң өлдіге жориды) әлі күнге дейін білмейді. Балалық балғын шағын әкесіз өткізіп, шешесінің тәрбиесінде бола-

ды. Одан соң шешесі басқа адаммен отбасын құрап, одан Борап Бояубаев туады. Шешесі 1970 жылы дүниеден өткен болса, інісінің қайтқанына да алты жыл толған екен.

Қарқаралы ауданының Ынталы ауылында туып-өскен Егінбай он сегіз жасқа толығымен Корпеевка МТС-індегі механизаторлар мектебіне кетеді. Оны бітірген соң сол ауылда тракторшыға тіркемені болып еңбек жолын бастайды. Одан соң тракторшы болып еңбек етеді. 1959 жылдан 1966 жылға дейін бригадирдің көмекшісі болып еңбек етіп, Ынталыға қайтадан көшіп келеді. Бұрын «Матақ» совхозының бөлімшесі болған Ынталы бұл кезде жеке еніп алып, өз алдына «Ынталы» совхозы болып аталған кезі еді.

Туған ауылына оралып, оның ірі де іргелі шаруашылыққа айналуына айтулы үлес қосты. Ауылда комбайнгерлік курсты бітіріп алған Егінбай күз болған сайын комбайнның штурвалына отырып, дала кемесін басқаратын. Толқыған теңіздей бітік өскен егіннің ортасын қақ жара, айдында жүзген кемедей қалқып келе жатқанын көзге елестетіп көріңіз.

Совхоз орталығы көз алдында өсіп, көз алдында көркейді. Бір кезде сегізжылдық мектеп болатын. Кейіннен онжылдыққа айналды. Балалары мектепке іліккен соң тіпті жақсы болды. Олар енді орта мектепті бітірген соң оқу орындарына өз ауылдарынан аттанып жатты.

Әсіресе, Егінбай ағаның есінен сонау 1973 жыл кетпейді. Сол жылы бүкіл Қазақстан бойынша егін бітік шығып, миллиард пұттан астам астық орылды. Совхоз директоры Құдайберген Ақатаев айтулы азаматтардың бірі еді. Директор болса Егінбай ағаға мол үміт артып, ең алғашқылардың қатарында шақырып алып, комбайнның штурвалына отырғызған. Сол үміті ақталды. Егін даласында күні-түні жүріп, мол астық жинады. Сол кезде «Дала кемесі» атанған «СК-3» комбайнымен егіс алқабының әрбір гектарынан 17

центнерден астық жинаған болатын. Еселі еңбек зая кеткен жоқ. Сол жылы 1957 жылы алған «Ғың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалінің жанына «Еңбек Қызыл Ту» ордені қадалды. Бұған қоса совхоз тарапынан алған ақшалай сыйлықтың өзі де біршама болатын.

Бұдан соң сол шаруашылықта құрметті демалысқа шыққанға дейін Егінбай ақсақалдың еселі еңбегі ортайып, бұрынғы алған атағы сол биігінен ешқашан төмендеп көрген жоқ. Қайта абырой, бедел бұрынғыдан да арта түсті. Бүгінде сол комбайнга мініп алып, теңіздей толқыған ақ маржанның ортасын как жара жүзіп келе жатқан сияқты сәттерін рахаттана еске алады. Ол шіркін, халық игілігі үшін еңбек етіп, тер төккен және сол еңбегінің жемісін көрген жылдар еді ғой! Жетпістің бесеуіне келіп отырған шақта сол сәттер арман сияқты алыста қалып қойғаны қиып-ақ. Өткен, қайта оралмайды.

«Ынталы» совхозының өзінде алты директордың кезінде еңбек етіпті. Солардың барлығымен де тіл табыса білген. Ешқайсымен «шәй» десіп көрген жоқ. Айтқанын тыңдап, тапсырмасын тап-тұйнақтай етіп орындап жүрген адамды кім жек көрсін. Олар әр түрлі жауапты жұмыстарды да тапсырған болатын.

Кезінде қойма меңгерушісі, кешенді бригаданың бригадирі, мұнай базасының меңгерушісі сияқты жұмыстарды да атқарды. Ондай қызметтерде жүргенде де халыққа болсын, қарамағындағы адамдарға болсын жайлы болды. Әсіресе, №3 бөлімшенің меңгерушілігі қызметі де оңайға соққан жоқ. Соған қарамастан онда да абыройлы еңбек ете білді. Соған орай совхоз жұмысшылар комитетінің тарапынан берілген жолдамаларға ие болып, сан мәрте кешегі кең байтақ Кеңес Одағының әр жеріндегі курорттарда дем алып қайтты.

Бір кездері ауылда комбайперлер жетіспеген уақыт болды. Сол уақыттарда сонау Қырымнан механизаторлар әкелгенін ұмытпай айтып отырады. Әкелген адамдарын совхоздағы арнайы жағақханаға да жатқызбай, үйінің бір бөлмесін босатып беріп, оларды тегін тамақтандырған уақыттары да болған екен.

Бүгінде шаңырақ көтергендеріне жарты ғасырдың жүзі болған жары, «Алтын алқа» иегері, Ардагер ана Лейсен екеуі оң бала тәрбиелеп өсірген. Олардың барлығы да жеке отау болып отырған болса, олардан отыздан астам немере мен шөбере сүйін отыр. Кіші баласы Кенжебектен қорған немересі Оңуар қолдарында. Атасы мен әжесінің қолғанаты.

Осындай ұлағатты отбасының ұйытқысы Егінбай ата мен Лейсен әжеге «Алтын тойларыңыз» құтты болсын, бала-шағаларыңыздың қызығын көре беріңіздер деген ақ алғысымызды білдіреміз.

**2011 ж.**

## ӨМІРІ ӨНЕГЕЛІ ӨРЕН



*Шәймерден Әбілмәжинұлы Оразалинов 1942 жылы 17 қарашада Петропавл қаласында туған. Республикамызға белгілі қоғам қайраткері. «Құрмет белгісі» және «Парасат» ордендерінің иегері. Қарағанды қаласының Құрметті азаматы.*

*Әр түрлі лауазымды қызметтер атқарды. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің екінші және үшінші шақырылымдарының депутаты болды. Қазір Астана қаласындағы Қазақтың электр энергетикасы қауымдастығының төрағасы.*

### *Бірінші иегініс.*

Халқымыздың қадірменді азаматтарының бірі, еңбегімен ел аузында қалған Шәймерден Оразалинов ағамыздың өмір жолының, бір қарағанда, басқалардан өзгешелігі жоқ сияқты. Дегенмен, әркімнің өмірде өз соқпағы бар...

- Менің өмір жолымның басқалардап ешқандай ерекшелігі жоқ, - деп бастады әңгімесін Шәймерден Оразалинов ағамыз. – Қарапайым теміржолшының отбасында он төрт қыздан соң дүниеге келінін. Әкем Әбілмәжіп Петропавл қаласында 1883 жылы туған, теміржолда локомотив машинисі, шешем Гафабау 1895 жылы туған еді, үй шаруасында болды. Олар екі ғасырдың куәгері болған қарт адамдар. Қызылжардағы В.Ленин атындағы №1 орта мектептің тоғызыншы класын бітірген 1959 жылы Қарағанды қаласына көштік. Ойткені, менің үлкен апаларым осында тұрмыста болатын. Әкем мен шешем әуелде қарсы болды, бірақ қарт адамдар өзара ақылдасқан болуы керек, балаларының осы шешімі дұрыс деген пікірге келеді.

Мен сол кездің өзінде орта мектепті бітірген соң Қарағанды политехникалық институтына түссемін деп жүретінімін. Осында келіп, оныншы класты Бейбітшілік бульварындағы №3 орта мектептен бітірдім. Сол жылы қалаған мамандығым бойынша политехтің кен факультетіне түсіп, оны кен инженері, технолог-пайдалы қазбаларды байытушы мамандығы бойынша бітіріп шықтым.

### *Екінші шегініс.*

**Адам әрқашан еңбекпен есейіп, еңбекпен ер жетеді. Ол үшін өзі еңбек еткен сол орта және маңайындағылардың әсері зор болмақ. Шәкең де өндірістік жұмыстарда жүрген кезінде басшы ретінде қалыптасып, азамат ретінде көріне білген...**

- Мен еңбек жолымды «Қарағандауглестрой» тресіне қарасты №7 байыту фабрикасында бастадым. Ол кезде 1-2 курстың өзінде бейіндік салаларға әуелде көрсету үшін, кейіннен тәжірибе ретінде апарды. Сол кезде бізді осы фабрикаға әкелетін. Онда мен студент болып жүріп



моторшының жұмысын атқардым. Кейін, оқу бітірген соң №38 байыту фабрикасына жолдамамен жіберді. Мұнда тәуліктік шебер, ауысым бастығы қызметтерін атқардым.

Осында жанатын қазба байлығының Мәскеу институтының филиалы болды. Сол филиалға қызметке шақырды. Мұнда топ жетекшісі болдым. Сонда қызмет атқарып жүргенде, 1975 жылы диссертация жазуды аяқтап, техника ғылымдарының кандидаты ғылыми атағын қорғап шықтым.

Бұдан соң «Байтам» БФ-да, «Саран» тоқтық байыту фабрикасында бас инженер қызметін атқарып, одан соң «Қарағанды» ОБФ-на директор етіп жібереді.

### *Үшінші шегініс.*

Алдағыны ешкім алдын ала болжап біле бермейді. Шәкең де солай. Ол өзіне ұнаған, өзі қалаған мамандығы бойынша еңбек етіп жатқан. Бірақ бұдан арғы еңбек жолы өндірісте емес, мемлекеттік қызметте жалғасады деп үш ұйықтаса түсіне де кірмеген...

– «Қарағанды» ОБФ-дағы еңбек жолым қиындықтан басталды. Өндірістік тәртіп құлдыраған. Тәртіп жоқ жерде қайбір дұрыс жұмыс болсын. Цехтардың іші ластанып кеткен. Жұмыс жөнді жүрмейді. Жабдықтар ескірген. Жұмысшылар кешігіп келеді, ерте кетіп қалады. Жоспар орындау деген жоқ. Соған байланысты жұмысшылардың алатын жалақысы да төмен болған.

Келген бетте тәртіпті дұрыстаумен айналыстым. Бәрін қысқа мерзім ішінде ретке келтірдім. Жұмыс жолға қойылған соң жоспар орындала бастады. жоспар болған соң жұмысшылардың табысы жақсарды. Біраз жері қайта жабдықталды. Соның нәтижесінде фабрика жылдық жоспарды желтоқсан түгілі қазан және қараша айларында

орындан, социалистік жарыс кезінде алға шығып, ауыспалы Қызыл тулар ала бастады.

Артта қалған кәсіпорынды қатарға қосқаным басшылардың көзіне түскен. Содан бір күні Қарағанды қаласы партия комитетінің бірінші хатшысы Михаил Михайлович Устиновский шақырып алып, Октябрь ауданында жағдайдың жаман екендігін айтты. «№3 ЖЭО жақсы жұмыс істейді, жылу бар. Бірақ сол жылу жабдықтаудың нашарлығынан тұрғындарға жетпейді. Аудан халқы тоқын отыр. Сен коммунистсің, сенің сол ауданға атқару комитетінің төрағасы болып барып, жағдайды дұрыстауың керек» деген мәселе қойды.

Басыңда барғым келмеген. «Аудандағы жағдай жақсарған соң өзін істеген өндіріске қайта жіберемін» деген уәде берген соң, конуге тура келді. Келсем, аула ішіндегі тасымал құбырлары нашар, көпшілігі ашық жатыр, жылу ұстағыш заттармен оралмаған. Қыста жарылып қалады немесе қатып қалады. Қыста Майқұдыққа бару дегеніңіз Курил аралдарына барғанмен бірдей. Осында төраға болып үш жарым жыл қызмет атқарған кезімде ауданның жылумен қамтамасыз ету мәселесін дұрыс жолға қойғыздым. Ол үшін күндіз-түні сол ауданда болып, жаяу аралауға тура келді. Ақыры еңбегім ақталып, аудан барлық көрсеткіштері бойынша бірінші орынға шықты.

### *Төртінші шегініс.*

**Шәкен Қарағанды қалалық атқару комитетінің төрағасы, қала әкімшілігінің басшысы, қала әкімі болды. Сол жылдарда талай ғимараттар бой көтеріп, талай ықшам аудандар салынды...**

– Қала парткомы бірінші хатшысының уәдесі ойма оралып, Михаил Михайловичтің алдына келдім. Ол

«Қызметінді атқара берсеңші» деп өтінді. Оған көнбеп едім, ол сол кездегі обкомның бірінші хатшысы Валерий Михайлович Локотунинмен тікелей телефон арқылы сөйлесіп, болып жағқан әңгімені айтып еді, ол: «Дереу келіндер» деді. Жетіп бардық. Локотунин көп сөйлеген жоқ. Устиновскийге: «Қалалық атқару комитетінің төрағасына көңілің толмай жүр еді ғой. Осы кісі болады» деді. Шегінетін жер жоқ. Еріксіз келістім. Қалалық атқару комитетінің төрағасы, одан соң әкімшілік басшысы, әкімі (қала мәрі) болып тура он жыл қызмет атқардым. Қала үлкен, бөлек-бөлек болып созылып жағыр. Сопау Сұрынтау стансасынан Оңтүстік-Шығысқа дейін 30 километр. Оның үстіне шахталар көмірін алған жерлердің тұрғындарын көшіру керек болды.

Қанша дегенмен де ол жылдар жасампаздыққа толы болатын. Бір жыл ішінде 3-4 ықнам аудан пайдалануға берілетін. Оның ішінде мектебі, балалар бақпасы, сауда дүкендері болатын. «Восток», «Гүлдер», «Голубые пруды», «Степной» ықнам аудандары сол жылдары пайда болды. Ескі қаланың тұрғындары түгелдей көшіріліп, жаңа үйлерге орналастырылды. ОӘД-нің алдындағы, КМС-ның алдындағы жер асты өткелдері салынды. Бұл өткелдер үшін бюджеттен бір тиып да шыққан жоқ. Оларды «Қарағандыкөмір» ӨБ-і өз күшімен салды.

Қиын кезеңдер, әсіресе өтпелі кезеңдегі қиындықтар мен қаланы басқарып тұрған шаққа дәл келді. Заңнамадағы тоқырау, экономиканың құлдырауы, кеншілердің ереуілін бастан өткердік. Екі-үш, тіпті төрт-бес ай жалақы алмағандар болды. Жұмыссыздық көбейді. Дүкен сөрелері бос қалды. Міне, осындай қиындықтарды қалай жеңгенімізді есіме алсам, түнде ұйқым ашылып кетеді.

### *Бесінші шегініс.*

**Сопау қиын кездері №3 ЖЭО-да болған апаттың салдарынан бүкіл қала жылусыз және жарықсыз қалып,**

кейбір үйлердің бағарешлары жарылғанда Шәкеннің атқарған жұмысын қала тұрғындары әлі күнге дейін аңыз қылып айтады. Керзі етікпен жергөлеге түсіп, түнімен аралағандығын, жұмыс істеп жатқан слесарь-саптехниктерге демеу көрсетіп, өз қолымен «жүз грамм» күйіп бергендігін, соның арқасында қаладағы апаттың алды жылдам алынғандығын әлі күнге дейін ұмытқан жоқ...

– Сол ауыр жылдарда ғой, апаттың салдарынан қала бір тәулікке таяу жарықсыз, жылусыз қалды. Бұл қоғамдық формацияның өзгерісінің әсері болатын. Бұрынғы байланыс тізбегі бүлінген, жаңа құрлымға әлі үйренбеген, жұмыссыздық көбейген, төлем қабілеті қалпына келмеген шақ. Мұндай жағдай кез келген жүйеге әсер ететіні белгілі. Қалада ол кезде бес аудан бар. Олардағы бюджеттік қаржы тапшылығы артып кеткен. Соған қарамастан апатты ауыздықтан, дереу жөнге келтірдік. Тіпті, одан соң №3 ЖОО-да 6-7-8-ші қазандық агрегаттарын, жаңа турбинаны іске қостық. Солар қаланы әлі күнге дейін ұстап тұр.

Қайта құру кезінде басталып, аяқсыз қалған Жаңа аэропортты облыс әкімі Петр Пешедовтың бастамасымен қайтадан қолға алып, ақыры пайдалануға бердік. Ол үшін талай жұмыстар атқарылды. Әрбір залдың әрленуін бір-бірін қайталамайтындай етіп жасағтық. Оларға жабдықтар Симферопольдан алынды. Жарықтандыру шамдары Хабаровскіден әкелінді. Сөйтіп, сағатына 1000-1200 адам өткізе алатын, Орта Азиядағы ең үлкен Халықаралық әуежайдың біріне айналды. Онда Логистикалық орталық іске қосылды, қуатты қойма бөлмелері бар. Тасымал ұшақтарыш қабылдауға болады. Бір өкініштісі қазір осы әуежай толық қуатында пайдаланылмай отыр.

### *Алтыншы шегініс.*

Шэймерден Әбілмәжінұлы қалада әкім болып тұрған кезінде бұрынғы байлаңыстардың үзілуі салдарынан кәсіпорындардың жұмысы тоқтап, жаппай жұмыссыздық белең алған кез еді. Қалада шахтерлер ереуілге шыққан. ЖЭО үшін көмір Екібастұздан әкелінеді. Оларға төленетін ақша жоқ. Ал, Қарағандының көмірі жылу электр орталықтары үшін жарамсыз...

– Қаланы он жыл басқарған кезімде талай қиындықтардың кездескен кезі болды. Соның ең қиыны қаланы қатып қалудан сақтау еді. «Қарағандыэнерго» кәсіпорны банкроттыққа ұрынды. №1 және №3 ЖЭО-тарын Қарағанды қаласының бюджетіне итеріп тастады. Қоймада көмір қалған жоқ. Ол үшін талай рет Екібастұзбен келіссөзге бардық. Бірақ ақшасыз көмір бере берсін бе? Олардың өздеріне де ақша керек. Бұл №3 ЖЭО-ның өзі тәулігіне 8 мың тонна көмір жағады. Сондықтан, көмірі осыған ұқсас, өзіміздің облыс жеріндегі «Бөрілі» разрезінің көміріне бейімделуіміз керек болды. Бірақ ол да ақша тұрады ғой. Ол үшін бас директоры Мұрат Перзадаевпен келісімге отырдық. Ол біздің өтінішімізді құп алып, бюджетпен өзара есеп айрысуға келісімін берді. Сөйтіп, бюджетке 1996 жыл үшін төленетін салық есебінен қаланы жылытуға көмір алып отырдық.

Қаланы басқарып тұрған кезімде мұғалімдердің, дәрігерлердің, зейнеткерлердің ереуілдері болды. Олардың бастамашылық тобы алдыма келді. Біз оларға заң бойынша рұқсат бердік. Тіпті, «микрофонға мен ие боламын, ал сіздер тәртіпке жауап бересіздер» деп, келісіп алатын кездеріміз де болды. Бір жақсысы, кері көріністер болған жоқ. Бәрі әділетті өтті. Адамгершілікті ұмытқан жоқпыз. Өйткені, жағдай шын мәнінде ауыр еді. Ең әуелі өмірге қажетті жақтарды қамтамсыз етуге, азық-түлікпен жабдықтауды

үзбеуге баса назар аударылды. Сол кезде қызмет атқарған адамдарға деген алғысым шексіз. Ешкім де қызметтен бас тартпай, бәрі де қиындыққа шыдады.

### *Жетінші шегініс.*

Шәймерден Әбілмәжіпұлы біраз уақыт облыс әкімдігі жанындағы жаңадан ашылған Тәртіптік кеңестің төрағасы болды. Сол кездерде талай кемшіліктердің беті ашылып, мемлекеттік қызметте жүріп аяғын шалыс басқандар лайықты жазаларын алды...

– Тәртіптік кеңес Қазақстандағы жаңа институт. Алғашында оның да өзіне тән қиындықтары болды. Мен Тәртіптік кеңесте бір жарым жыл төраға болдым. Кейін оны Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікке берді.

Бұл қызметтің басты мақсаты – мемлекеттік қызметте жемқорлық және басқа да қоғамға жат әрекеттерді болдырмау және оның алдын алу болып саналады. Облысымыздың қандай жерінен болсын, қандай мәселе болсын шағым түскен жағдайда мұқият тексеріп, тексерудің нәтижесі бойынша Тәртіптік кеңестің мәжілісінде қарап, оған тиісті бағасын беріп отырдық. Біздің берген бағамыз бойынша жазаға тартылғандар да, шағымның негізсіз болған жағдайлары да кездесті. Тексеру кезінде прокуратурамен, ҰҚК-мен, ішкі істер органдарымен және қаржы полициясымен бірігіп жұмыстар атқардық. Онда да жазықсыз жазаға тартпауды басты принцип етіп алып, қандай істе болмасын әділеттілікті бірінші орынға қойдық.

### *Сегізінші шегініс.*

Шәймерден Оразалинов 1999 жылдан 2007 жылға дейін екінші және үшінші шақырылған Қазақстан Ре-

спубликасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болды. Оған халық сенді. Сайлаушылар бірауыздан қолдап, дауыстарын берді. Депутат та соған лайық бола білді. Кейбіреулер сияқты мәжіліс залында қалғып-мүлгіп отырған жоқ, сенімді ақтады. Соның нәтижесінде жаңа «Қазақстан Республикасының Еңбек туралы кодексі» дүниеге келді және басқа да заңдарда биліктің емес, халықтың жағындағы жолдар пайда болды...

- Иә, қазіргі қолданыстағы «Қазақстан Республикасының Еңбек туралы кодексінің» жазып шыққаным рас. Оның басты себебі – халықтың қамын ойлау керектігі елі Қазақстанның кодексі мен бұрынғы КСРО кезіндегі кодекстің арасы жер мен көктей. Сондықтан, жаңа кодекс қабылдау керек болды. Ол кодекс қабылданды да. Бірақ онда адамның аяқ-қолы мен басы өзінікі болғанымен, оның барлық құқығы жұмыс берушінікі болып шыққан екен. Мен депутат болған соң жұмыс берушінің емес, жұмыс істеушінің құқығын барынша қорғайтын кодекс жазуды алдыма мақсат етіп қойдым. Ол мақсатым орындалды да.

Бұрын КСРО кезінде еңбекшілердің мүддесін кәсіподақ қорғайтын. Қазір кәсіподақ деген жоқ. Бар болса, ол жұмыс берушінің өзінің жан қалтасына салып жүретін кәсіподақ. Олар еңбекшінің мүддесін қорғамайды. Еңбек дауып үстел басындағы әңгіме кезінде шешуге де болады. Дегенмен де керек жерінде сүйеніш болатын заң болғаны дұрыс. Негізі кәсіподақтың рөлін көтеру қажет.

Ал, менің кодексіме келетін болсақ, оған алғашында қарсылар көп болды. Ең әуелі Үкіметтен теріс тұжырым келді. Ондағы айтатыны: «Жұмыс беруші мен жұмысшыны қарсы қоюға болмайды», - дейді. Одан басқа да айтатындары көп. Оның барлығын жіпке тізіп жатудың қазір қажеті жоқ. Ақыры депутаттар қолдап, жаңа кодекс қабылданды.

Ол жаман болған жоқ деп ойлаймын. Мен оны жазарда көптеген елдердің еңбек туралы заңдарын қарап шықтым. Соның ішінде біздің елде қолдануға болатындарын пайдаландым.

### ***Тогызыншы шегініс.***

Депутат болып жүрген кезінде тек кодексе жазумен ғана айналыспаған. Қазіргі С.Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театрының салынуына да бастамашы болған. Өндірісте мүгедек болған кеншілердің жәрдемақы алуына да көмектескен...

– Мәжіліс депутаты болып жүрген кезімде қазақ драма театрының, оның өзі жерлесіміз Сәкеннің атындағы театрдың орыс драма театрының үйін жалға алып отырғандығы миымнан шықпай қойды. Қашан да бір бүйрегімде жүреді. Содан қаржы жағдайы жақсара бастаған кезде сол кездегі қаржы және экономика министрі Қайрат Келімбетовке барлық жағдайды айттым. Ол келісе қоймады. Техника-экономикалық негіздемесінің жоқтығын сылтау етті. Сол кездегі облыстағы мәдениет басқармасының бастығы Рымбала Кенжебалақызымен сөйлесіп, барлық ТЭН-лерді дайындадық. Жалпы құны 2,8 млрд. теңге болып шықты. Осы қағазды алып министрге тағы бардым. Одан соң сол кездегі Премьер-Министр Даниал Ахметовке бардық. Жағдайды жайып салдық. Бәрін түсіндірген соң ол келісімін берді. Есесіне менен бюджетті сынға алмауымды өтінді. Міне, қазіргі қазақ театры осылай тұрғызылған...

Өткен күн туралы айтқанда бәріміз де ақылды болып кетеміз ғой. Дегенмен де, көптеген кемшіліктер кетті. Мен депутат болып жүрген кезімде алдыма шахтадан ауырып не жарақат алып, мүгедек болып шыққан бұрынғы кеншілер келді. Оларды «регресниктер» деп атайды. Жұмыс істеп



жүргендерінде найдаланған да, наукастанған соң бір тыйын да төлемей, лақтырып тастаған. Осы мәселемен айналыстым. Соның нәтижесінде өндірісте мүгедек болғандар үшін бюджетке 680 миллион теңге салынды. Депутат болу деген тек мәжіліске қатысып, заңдарды талқылау ғана емес, халықтың қамын да ойлау деп білемін. Мен өзім солай істедім.

### *Оныншы шегініс.*

Ешқашан демалу керек деп айтпауды ұсынады. Адам өзінің денсаулығын қадағалап отыруы қажет, бірақ еңбек ету арқылы тынығуы дұрыс деп есептейді. Қаланы басқарып жүрген кезінде жүрегіне ақау түсіріп алған екен, сол ақау кейде сыр беріп қалады, әйтпесе денсаулығы әзірге шүкір. Әлі де қарап отырмайды, әлеуметтік сала жөнінде, білім мен денсаулық сақтау саласы туралы толғанады, тағы да кодекске жазып жатқандығын айтып өтті...

– Мен жер қойнауы және жер қойнауын найдалану жөніндегі кодексті дайындап болдым. Бұрынғы, 1990 жылғы кодексе жарамсыз. Қазіргі кезде жер асты байлығы рәсуа болып жатыр. Үнемдеу дегенді білмейміз. Кенді жер астынан қалай болса солай аламыз. Оны байыту жағы да жетімсіз. Кен өндірушілер қазір өздеріне керегін ғана алады. Ал, онымен серіктес кемінде 12 түрлі болып келетін металдар мен басқа да қазба байлықтарына мән бермейді. Бір кезде, 60-шы жылдары болуы керек, Қытай мен Жапония біздің шығарып тастаған кен қыртысын сұраған. Үйінді болып жатқан солардың ішінде қаншама байлық барын ешкім білмейді. Бұл кен байытудың нашарлығы деген сөз. Әрбір өндірілген тонна келешекте жоғалған тонна. Өнімді шикізат күйінде емес, дайын өнім күйінде жөнелтсек, оның

бағасы да артар еді, өзімізге де, басқаға да пайдалы болар еді. Осы арқылы басты мәселені шешер едік. Қазір біздің мемлекетіміз бұл салада үлкен экономикалық шығынға батып отыр. Мен жазған кодексте бәрі қамтылған, бірақ әзірше столдың тартпасында жатыр.

Біздің әлеуметтік саламыз әлсіз. «Әлеуметтік қорғау» дейміз, бірақ қорғауымыздың құзыреттілігі шамалы. Білім беру мен денсаулық сақтау салаларында да ойластырылмаған жақтар көп. Мысалы білім беруді алайық. Ол кімге керек? Ол, әрине, жастарға керек. Егер ол бюджеттік деңгейде жетімсіз болса, ондай білім кімге қажет? Онда оған реформаның қажеті қанша? Қазір оқу-білімді былай қойғанда қарапайым үйірмелердің өзі ақылы. Ақылы жерде қандай сапа болады? Бәрі коммерцияға айналып кеткен.

Бір кезде қаламызға Дүнижүзілік денсаулық сақтау ұйымының өкілдері келгенде балалар емханасын көріп таң қалған. Енді не болды? Қазір барлық балалар емханалары жабылған. Медициналық оқу орындары балалар дәрігерлерін оқытып шығарып жағыр. Енді олардың қажеті қанша?

### *Он бірінші шегініс.*

**Қарағанды қаласының байырғы тұрғыны болғандықтан Шәкең өз қаласының патриоты. «Қарағандыны Астанаға айырбастамаймын» дейді рахаттана жымнып. Бүкіл қала тұрғынын өзінің досы санайды. Бүгінгіге қарағанда ертеңгі күннің әлдеқайды жақсы болатындығына сенімді.**

– Әрқашан әділетті болу қажет. Менен: «Сіз өзіңіз басшы болып тұрған Қарағанды мен бүгінгі қаланы салыстырып көрдіңіз бе?» деп сұрағандар болды. Ол заман басқа еді ғой. Қоғамдық формация да басқа болатын. Қазіргі ойлау жүйеміз

де мүлде өзгерді. Оның үстіне ол кезде қаланың жылдық бюджеті 5 миллиард теңге болатын. Ал қазір ол 60 миллиард теңге болды. Соған лайықты жұмыстар атқарылып жатыр. Тек сапа туралы ғана әңгіме басқа. Өйтпесе, заман алға басып келе жатыр, ғылым мен техника даму үстінде.

Қарағанды өзімнің мекенім. Оны ешбір қалаға айырбастамаймын. Астанада 1999 жылдан тұрып жапырмын, бірақ әлі күнге дейін үйрене алар емеспін. Бес күн жұмыста болсам, сенбі, жексенбі күндері өзімнің сүйікті қалама қарай таргамын.

Қазір Қазақтың электр энергетикасы қауымдастығының төрағасы. Бұл қауымдастықтың құрамында энергетикалық станциялар, ұлттық энергетика желісі, өңірлік желілік компаниялар, жобалау және ғылыми-зерттеу институты, шетелдік компания бар. Олардың барлығы Қазақстанды арзан электр қуатымен қатамасыз ету мәселесімен айналысады. Шынын айтқанда қазіргі кезде Қазақстанда арзан электр қуатымен қамтамасыз ету мәселесі онша оңай емес. Бізде электр қуаты әлі де қымбат. Сондықтан да, баламалы электр көздерін іздестірудеміз. Әсіресе, күн және жел қуатын пайдалану арқылы электр қуатын алудың мәні зор. Мұндай электр қуатын қазірдің өзінде пайдаланып отырғандар бар. Мәселен, Атырау, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарында күн мен жел қуатын пайдалану арқылы электр қуатын алу қондырғылары орнатыла бастады.

Жалпы алғанда, айналысқан адамға жұмыс табылады. Еңбектен қашпау керек...

***Қоғам қайраткері Шәймерден Оразалиновтың айтары таусылар емес. Ол кісімен қандай тақырыпта болмасын әңгімелесе беруге болады. Сондықтан да, Шәкеңе ұзақ құмыр, зор денсаулық тілей отырып әңгімемізді осымен аяқтадық.***

2012 ж.

## ҚАТАЙҒАН ҚАНАТ ТАЛМАЙДЫ

### 1. Өнер табалдырығында



Жоғары оқу орынын бітіріп келген Қарғамбай облыстық драма театрының табалдырығын жүрексіне аттады. Өйткені, ол алда не күтіп тұрғанын, қандай рольдерді ойнауға тура келетінін білмейтін еді. Қиялымен көз алдына болашағын елестеткен болады, бірақ алғашқы үміт алдамшы... Кім біледі?..

Дегенмен, жас актер өзі сүйіп тандаған іске бел буып білек сыбана араласты. Сол жылы театр маусымды «Арыстанның сыбағасы» деген спектакльмен ашылған болатын. Өнер институтын бірге бітіріп келген Аманкелді Тәжібаев, Құсайын Теміров, Жұмабай Медетбаев және Қарғамбай Сагаев төртеуі де осы спектакльге қатысып, рольдерде ойнады. Қарғамбайға басты кейіпкер, зоопарк директоры Білеубайдың бейнесін жасау тапсырылды. Ол өз мансабын, өз жемсауын ғана ойлайтын тоғышар директордың бейнесін мүмкіндігінше сенімді шығара білді. Оған спектакльді қойған театрдың сол кездегі бас режиссері М.Қамбаровтың қосқан үлесі жеке дара.

- Сен Есен ролін ойнасаң қайтеді, - деді бірде «Еңлік-Кебекті» дайындап жатқан бас режиссер.

- Қалайша? «Бұл рольді Ағдекең ойнан жүр» деп еді ғой, - деді, «Есен бейнесі Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі Ағдарбек Ыбыраевтың өте сәтті рольдерінің бірі» дегенді естіген Қарғамбай.

- Біз солай шештік. Ағдекеңнің өзі келісіп отыр.

Осы кезде кең коридорда әңгімелесіп тұрған режиссер мен жас актердің жанына Ағдекеңнің өзі де келді.

- Қарғаш, мен саған сенемін, Есен ролін менен кем ойнамайтындығына көзім жетті. Қадамың сәтті болсын! - деді арқасынан қағып.

Көпті көрген, өнерімен елге танылған үлкен ағаның арқасынан қағып, сенім білдіргеніне марқайып қалды. «Қарғаш» деген сөзі де көңке дейін құлағынап кетпей қойды.

Ағдекеңдей көрсен ағаның мұндай шешім жасауында үлкен сыр бар еді. Ол жас тарланның актерлік диапазонының кең екендігін Білеубайдың бейнесін жасауынан-ақ таныған. Және өнер институтын биыл бітіріп келген төрт түлектің дипломдық жұмыстары «Еңлік-Кебек» пьесасы болғанын, онда Қарғамбайдың Есен ролін ойнағанын естіген болатын.

Бұл рольге өнер институтының профессоры Асқар Токпанов та үлкен баға берген. Оқуды бітіріп, өнерге қанат қаққан болашақ бір топ артистермен әңгімелесіп тұрып:

- Қарғамбай, сен осылай үнемі жалықпай ізденісте болсаң, болашақта сенен драма театрының белді артисі шығады, - деді.

Содан бері, міне, он жеті жылдан астам уақыт өтіпті. Сол өткен уақыт ішінде көпшіліктің құрметіне бөленген артист Қарғамбай Сатаев сексенге жуық рольде ойнаған екен. Мұның дені басты рольдер. Соның көпшілігі сәтті шықты, өз деңгейінде айналды десек, артық айтқандығымыз емес.

## 2. Экранға қадам

Сахна сырғып біршама меңгеріп, біраз рольдерде ойнаған Қарғамбай тұңғыш рет киноға түсуге шақырылғанда да алғаш рет театр әліппесінің бетін ашқандағыдай қоңілі қатты кобалжыған. Сойтін ол театрдан үлкен экранға жол тартты. Алғаш рет «Қырғызфильм» киностудиясында қырғыздың атақты режиссері Мәльс Өбекеев койған «Күйдің сырғы» атты фильмге түсті. Жаңа ізденіс, жаңа толғанғыс сәтсіз болған жоқ. Ол ХІҮ- ХҮ ғасырларда қырғыз жерін басып алған жоңғарлардың безбүйрек басшысы Шибан бейнесін жасады. Әріпе, алғашқы қадамда кейбір кемшін соққан жерлері болмай қалған жоқ. Бірақ бұл сапардың Қарғамбай үшін, ізденіс үстіндегі талапты актер үшін бергені өте мол болды. Осы киноға түскен қырғыз ағайындардың белгілі опершеберлері Рысқұлов, Қыдыкеева, Күйікова, Бейшеналиев, Чокморев және қазақтың атақты әншісі Бибігүл Төлегенованың ойнау шеберліктерін өз көзімен корді. Олардан үйренді, олармен нікірлесті, олардың кеңесін тыңдады. Үлкен сабақ алып, көңіліне көп нәрсе түйіп қайтты.

Келер жылы «Қазақфильм» студиясы шақырды. Мұнда талантты режиссер Болат Мансұров І.Жапсүгіровтің поэма-сы бойынша сценарийін Асқар Сүлейменов жазған «Құлагер» фильмін түсіруге кіріскен екен. Басты роль- Ақан бейнесі Қарғамбайға тапсырылды. Әрқашан ізденіс үстінде жүретін Сатаев халқымыздың өнерлі ұлдарының бірі Ақан образын жасауға көп күш жұмсады.

Мұнан соң іле-шала Қырғыз ССР-інің халық артисі, Қырғыз ССР-і Мемлекеттік және республика комсомолы сыйлықтарының лауреаты, режиссер Төлеміш Өкеев койған Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесі бойынша жасалған фильмге түсті. Ондағы Хасен бейнесі де сәтті шықты.

Өзін театр артисі ретінде таныта білген Қарғамбай енді киноактер ретінде де жұртшылықтың аузына ілігін, мол ілтипатына бөленді. Енді оны театр сахнасынан ғана емес, экраннан көріп, өнерін тамашалайтын болды. Сөйтіп ол санқырлы талантының екінші бір қырынан таныла бастады.

Осы жылдары партия мен үкіметіміз Қарғамбай Сатаевтың театр өнерін дамытуда сіңірген еңбегін жоғары бағалап Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі құрметті атағын берді.

Иә, карагандылық кенші Рақымжанның семьясында туған қара домалақ баланың мұндай үлкен өнер иесі боларын сол кезде кім ойлапты. Кішкентай кезінде- ақ ән- күйге құмар болған оны жай балалықтың желігі деп түсінетін. Әкесі марқұм бұл он үшке шыққан жылы қайтыс болды. Ол кезде Қарғаш С.Ерубасев атындағы № 26 орта мектепте оқып жүрген. Әкесінің әрбір қимыл, әрбір сөзі әлі есінде. Ол кісі баласы ән салғанда риза болып:

– Япыр-ау, осы балам нағашыларына тартып кеткен ғой деймін. Әйтпесе, біздің тұқымда «Әу!» дейтін адам жоқ еді,- деп күліп отыратын.

Олай дейтін себебі де бар еді. Шешесінің Олжабай Бекболов деген Павлодар облыстық драма театрында ойнаған бауыры болған екен. Ол кісі алғаш соғыс басталысымен-ақ әскерге алыныпты да, содан оралмаған. Оны Қарғаш көрген жоқ. Бірақ Олжекеңнің «Еңлік- Кебек» пьесасында Есен бақтыр бейнесінде түскен суреті әлі күнге дейін сақтаулы.

### **3. Театр төрінде**

Кейінгі кезде Қарғамбай режиссер ретінде де танылып жүр. Ол ірі-ірі тұлғаларды өзі сомдай жүріп драма театрының сахнасында бірнеше спектакльдерді

қойып шықты. Оның режиссер ретінде тұңғыш қойғаны С.Сұхбабберлиннің «Күндіздының Күсайыны» атты драмасы. Мұқан кейін Қарғамбай классик жазушы М.Әуезовтің «Қарагөз» пьесасын сахна төріне қайта әкелді. Өзінше жаңаша қойып, жаңаша түр мен шешім таба білді. Сол сияқты Ш.Хұсайыновтың «Алдаркөсе» пьесасы да көпшілік көңіліне жылы жол тапты. Ал КПСС XXVI съезі ашылған күні қойылған С.Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлары» съезд құрметіне көрсетілген спектакльдер байқауында Бүкілодақтық дипломмен аталып өтілді.

Артист және режиссер Қарғамбай Сатаевтың қоғамдық жұмыстары да толып жатыр. Ол Қарағанды кооператив институтындағы драма үйірмесіне де көп жылдан бері жетекшілік етеді. Студент актерлермен жемісті жұмыс істеп келген пьесаларды сахнаға шығарды. Аз жылда ұлан-асыр жұмыстар атқарған үйірме коллективіне халық театры құрметті атағы берілді. Қарғамбай халық театрына жетекшілікті әлі де жемісті жалғастырып келеді.

Енді бір сәт Қарғамбайдың сахнаға шығарған бейнелеріне көз салайықшы. Бір-біріне ұқсамайтын, дара-дара кейіпкерлер галереясы шығар еді. Сонау көне грек өмірін көрсететін Эврипидтің «Медеясындағы» Ясоннан, В.Шекспирдің «Макбетіндегі» (қазақшаға аударған Е.Бөкетов) Макбеттен бастап бүгінгі күн тақырыбына жазылған пьесалардағы геройларға дейінгі аралықтағы сыннан абыроймен өткен актер деп білеміз. Оның жасаған әлеуметтік геройлары өткен ортасымен де, психологиялық срекшеліктерімен де бір-бірімен қатар қоюға келмейді. Мысалы, «Қозы көрпеш – Баян Сұлудағы» Қодар, «Жалбырдағы» Жалбыр, «Құлыным меніңдегі» Бозтайлақ, «Ұлан асудағы» Абылай, «Аманкелдідегі» Аманкелді Имановтың бейнелері. Актердің диапазонының кеңдігін, мүмкіндігінің молдығын байқатады.



Талғампаз көрермен қауымға өзіндік өнер өрнегімен танылған Қарғамбай актерлік шеберлігін күн сайын пайдалап келеді. Ол қандай рольді орындаса да оның үқсастығынан сақтанады. Әрбір образ өз алдына бір бөлек дүние.

Бүгінде Қарғамбай қанаты қатайған, кемеліне келген шақта оның өнер жолында бергенінен берері көп.

Театрдың елу жылдық мерекесіне орай Қарғамбай Сатаев тағы бір үлкен қуанышқа ие болды. Оның көп жылғы табысты еңбегі ескеріліп, «Қазақ КСР-нің халық артисі» деген құрметті атақ берілді. Біз оны жоғары атақ алуымен құттықтай отырып, алдағы уақытта да жемісті өнерімен көрермен қауымды қуанышқа кенелте береді деп сенім білдіреміз.

*СУРЕТТЕ: Ерлі-зайыпты артистер.  
Сәуір, 1992 жыл.*

**ЕСКЕРТУ:** Бұл күнде Қазақ КСР-нің халық артистері Қарғамбай Сатаев пен Әсия Абылаева құрметті демалыста. Алматы қаласында тұрып жатыр. Ақан Сатаев деген ұлдары талантты кинорежиссер, көптеген ленталары көрермен жұртшылықтың жоғары бағасына ие болды.

## «КОНСАЛТИНГ КЕҢ ҚҰЛАШ ЖАЯДЫ»



Кейінгі кездері әлемнің барлық дамыған елдерінде кәсіпкерліктің ерекше жеке түрі кенес берушілікке (консультативтік) ерекше назар аударып келе жатқаны мәлім. Бұл саланы қазір «консалтинг» деп атап жүр. Кәсіпкерліктің осы түрі туралы облыстық сауда-өнеркәсіптік палатасының төрайымы Нөсіп Мұсатайқызы СЕЙТОВАДАН сұраған едік.

*– Кәсіпкерлік қызметтің бұл түрінің біздің елімізде және басқа да экономикасы өрлеген елдердің даму деңгейімен салыстырғанда оның жылдам қарқынмен алға басып келе жатқандығына көз жеткіземіз. Сондықтан да, ондағы консалтингтің ролі қандай?*

– Қазіргі кезде Қазақстанда бірнеше жүздеген консалтингтік фирма бар (салыстыру үшін айта кетейік – алақандай Голландияда сондай фирма 2000-нан астам). АҚШ-та осындай салада 700 мың адам еңбек етеді, олардың жылдық қызметінің көлемі 50 млрд. доллар. Тек эконо-

микасы дамыған елдерде ғана емес, дамып келе жатқан елдердің өзінде кеңесшілерді (консультанттарды) пайдаланбай ешқандай да экономикалық және басқарушылық шешім қабылданбайды. Менеджмент жөніндегі Еуропалық анықтауыш-көрсеткіш қазіргі кезде жалпы басқару, әкімшілік, қаржы басқаруы, кадрларды басқару, маркетинг, өндіріс, ақпараттық технологиялар, мамандандырылған қызмет сияқты сегіз топтың басын біріктіретін консалтингтік қызметтің 84 түрін көрсетеді. Шағын бизнес субъектісі (ШБС) аудитті, бухгалтерлік қызметті, маркетингті қосқанда ақпараттық технология мен мамандандырылған қызметті кебірек қажетсінеді. Сондықтан да, осындай қызметті консалтинг жүзеге асырады.

*– Кәсіби консалтинг бизнес инфрақұрылымының бөлінбейтін элементі болып табылады және ол ірі кәсіпорынға да, шағын кәсіпорынға да қажет. Соған орай олар қиындықтан қалай шығады?*

– Кез келген шағын бизнес субъектісі өзінің штатында заңгерді, маркетингші және бағдарламалық өніммен жұмыс істей алатын қызметкерді ұстауға мүмкіндігі бола бермейтіндігі рас. Бірақ оларға жұмыс атқаруы қажет.

ҚР Экономикалық зерттеу институтының дерегіне қарағанда сауал-сұрақ берілгендердің 75%-ы несие ресімдеу кезінде көмек қажет ететіндігін және ондай қызметке ақы төлеуге дайын екендігін атап өткен. Сауал қойылған кәсіпкерлердің 60%-ы жобаны жүзеге асыру үшін қажетті рұқсат алған соң заңгерлік және нотариалдық кенсе мамандарының қызметін пайдалануға мәжбүр болған. Сол сияқты осы институттың жүргізген зерттеуіне қарағанда кәсіпкерлердің 40%-ы бизнес-жоспар жасаған кезде олар дайындалған құжат негізінде несие алуға кепілдік берген жағдайда консалтингтік фирмалардың қызметін

пайдалануға және несие сыйақысының процентін төлеуге дайын екендігін көрсеткен. Сұрау салынған кәсіпкерлердің 33%-ы бизнес-жоспарды кеңес алу үшін мамандарды тарта отырып өздерінің тезірек жасайтындығын және олардың қызметі үшін тиянақты баға бойынша ақы төлеуге дайын екендігін айтқан. Ал 27%-ы өздері жасаған бизнес-жоспарды банктің талабы мен ескертпелерін орындай отырып консалтингтік компаниялардың толықтыруын және ол қызметі үшін несие сомасының 0,5 - 1,5%- ынан аспайтын тиянақты баға бойынша төлеуді ұсынады.

Жауап қайтарғандардың ішкіріне қарағанда бұл сала бойынша конкурстық орта құрылса кейбір жағдайда 500-700 АҚШ долларынан асып кететін тиянақты бағаны төмендетуге мүмкіндік береді. Біздің облыста бұл тариф 200 АҚШ долларынан аспайды.

*– Енді ақпараттық қызмет саласындағы жағдайға тоқтала кетсеңіз...*

– Кейінгі екі-үш жыл ішінде кәсіпкерлік саласындағы ақпаратқа тауар ретінде қарау көзқарасы пайда болған. Егер 1995-1996 жылдары әр түрлі ақпарат үшін ШБС-нің тек әрбір екінші өкілі ғана ақы төлеуге дайын болса, енді қазір ол төлемі қажетті ресурс ретінде қабылдануда. ШБС үшін сұранысы көп ақпараттар – нормативтік-құқықтық ақпарат, ішкі және сыртқы сағу нарығы туралы ақпарат, жаңа технологиялар туралы ақпарат, несиелендіру көзі мен жағдайы, бірлескен өндіріс үшін әріптестік, кадрларды оқыту және қайта даярлау туралы ақпараттар.

Егер ақпаратты алу көздері туралы айтатын болсақ – бұрын шағын кәсіпорын басшылары ақпарат алу үшін бұқаралық ақпарат құралдарын, билік органдарындағы бейресми байланыстарды, таныс кәсіпкерлердің әңгімесін пайдаланған болса, енді қазір өсіп келе жатқан сұраныс та-

ныс кәсіпкерлер мен іскерлік қатынастардың ақпараттымен қанағаттанбайды, оған анықтамалық және арнайы әдебиеттер, каталогтар, Интернет желісінің ақпараттары, сол сияқты арнайы ұйымдастыру және сауда плакаттары қажет. Сол сияқты сауда көрмелері мен жәрмеңкелердің маңызы да арта түсуде.

Қазақстанның экономикасының индустриалдық-инновациялық дамуы ауқымында ғылым көбірек қолданылатын шағын кәсіпкерлік саласында консалтингтің ролі зор. Оның өзінің мынадай ерекшеліктері бар: кеңес беру қызметімен қоса бизнес-консалтингке жатқызылатын қызметтер (қаржыландыру көзін іздестіру, бизнес-жоспарлау, қаржылық талдау және салық салу), ғылыми-техникалық саланың шағын кәсіпорындарды технологиялық өнімнің дизайны, технологиялық аудит, технология трансферті, сапаны басқару, технологиялық өнімнің маркетингі, материалдық емес активтерді басқару сияқты технологиялық консалтингке қатысты қызметті де қажет етеді.

**– Консалтингтік қызмет нарығын дамытудағы халықаралық байланыстарыңыз қандай?**

– Бір кездері ТАСИС бағдарламасының ауқымында қаламақысыз негізде, оларға тек тамығын, жағын орнын және жергілікті жүріп-тұру жол ақысын төлеп, шетелдік кеңесшілерді шақырту мүмкіндігі болған. Сол сияқты ТАСИС бағдарламасының ауқымында жеке компаниялардың менеджерлерін конкурстық негізде халықаралық тәжірибеден өткізу жүзеге асырылып келді. Мұндай тәжірибеден американдық САБИТ бағдарламасы бойынша да өту ұсынылады. Қазақстандағы Италия Елшілігінің сауда айырбасын дамыту жөніндегі бөлімі 2002-2003 жылдар бойы ШБС үшін сыртқа сауда мәселесі бойынша көптеген тегін семинар өткізді.

Қазіргі кезде біздің сауда-өнеркәсіп палатамыз шетелдермен байланысты жандандырып келеді. Біз Екатеринбургте (Ресей) «Уралгрит» білім беру орталығында бірлескен семинар өткіздік. Онда таптануға қарсы жұмыстар бойынша оқыту жүргізеді, семинарлар, конференциялар мен мамандандырылған шаралар өткізеді. Осы заманға сырлау мен бояудан тазартуды үйретеді. Сол сияқты Жапония үкіметінің қолдауымен Европа реконструкция және даму банкі ВАС бағдарламасын жүзеге асыруда. Онда Қазақстанның шағын және орта бизнесін дамыту үшін консалтингтік жобаларға қолдау көрсетіледі. Қазақстандағы консалтингтік нарық қызметі дамытылады. Біз бұған қоса Кәсіпкерлерді біріктіру үшін Халықаралық менеджмент институтымен Ресей Сауда-өнеркәсіптік палатасымен біріге отырып, Қарағанды облысының кәсіпкерлері үшін сыртқы экономикалық қызмет бойынша алты семинар өткіздік. Биылғы жылдың басынан бері Беларусь Республикасына скірет барып, Минск және Брест қалаларында болдық. Оның алдында Свердлов облысына (Ресей) және Словакияға сауда-экономикалық миссиямен барып қайттық. Осы шаралардың барлығында да консалтинг мәселесі сөз болды.

– *Бұл салаға мемлекеттік қолдау бар ма?*

– Иә, бар. Мемлекеттік қолдаудың арқасында ҚР Индустрия және сауда министрлігі шағын бизнесті қолдау жөніндегі қызметті сағын алу бойынша Қарағандыда өткізген тендерде Қарағанды сауда-өнеркәсіптік палатасы базасында шағын және орта бизнесті қолдау орталығы құрылды.

Шағын кәсіпкерлік саласындағы кеңес беру қызметінің нарығы дамып келеді. Оншақты жыл бұрын ШБС-і үшін облысымызда бухгалтерлік есепті енгізіп, салық декларациясын тапсыру жөнінде шағын кәсіпорындарға көмек көрсету

үшін орталықтандырылған бухгалтерия, мамандарды еңбекке орналастыру жөніндегі агенттік құрылып, Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарты бойынша бухгалтерлерді оқыту және даярлау жүргізілді, фирмаларды тіркеуге дайындауға, соқтың талап және шағым арыздарын дайындау, фирмаларды тіркеуге ықпал ету жөніндегі заңгерлік агенттіктер және басқалар құрылған. Сонымен қоса мұндай дамуға бөгет болатын кейбір жағдайлар бар. Фирманың табысына консалтингтің ықпалына баға берген кезде іскерлік белсенділік, жинақталған капитал мөлшері және билік органымен байланыс сияқты факторлардан сон арнайы кәсіптік білімнің ең соңғы орын алуы осы сөзімізге дәлел.

Сөзімнің соңында ҚР Президентінің халыққа Жолдауында бәсекеге төзімді өнімдер шығару және кәсіпорындардың менеджмент жүйесіне сапаны бірінші кезекте енгізу қажеттігіне баса тоқталғандығын атап өткім келеді. Қазіргі кезде Президенттің Жолдауында алға қойылған міндеттерді жүзеге асыра отырып, кеңесшілік қызмет атқаруға дайын мемлекеттік те, мемлекеттік емес те құрылымдар бар. Осылардың қызметін дұрыс пайдалана білейік.

*– Әңгімеңізге көп рахмет.*

## АҚТАСТЫНЫҢ ОЙНАЙДЫ АҚ БАЛЫҒЫ



Биік бөгеудің үстінде тұрмыз. Ақтастының су қоймасы айпадай жалтырап жатыр. Бір кезде бұл жерде жіңішке ғана сызылып аққан жіңішке өзен ғана болған деп ойламайсыз да. Оны көзге елестетудің өзі қиын. Осындай қол осы жерде өмір бойы болған сияқты, бәрі табиғи түрде көрінеді. Алыс жағалауларының барлығында қамыс өскен. Сол қамыстардың арасында қайық үстінде балық аулап отырған балықшылар байқалады. Мына төменгі жақта осы көлдің нелерінің айналдыра орнатқан темір вагонеткалары, ортасында ақшаңқан киіз үй тұр.

Тыныштықтың тылсым сәтін анда санда шаңқ ете қалған шағаланың үні ғана бұзады. Кейде көл үстіне шыққан мо-



торлы қайықтың түрілі де осы Ақтасты даласын басына көтеретіні бар. Негізінен алғанда алып алқапқа бейқам тыныштық жайлаған.

Иә, бұл бір қарағанда ғана. Ал, шын мәнінде бұл жерде тыныштық қана емес, қайнаған өмір, қызу еңбек те бар. Көл иесінің томендегі тұрағына түскен кезде осы еңбектің күәсі боласыз.

Көлиесі Серік Тайтөлеуов көп жылдан бері кәсіпкерлікпен айналысып келе жатқан азамат. Ол әуелде газ шаруашылығын дүрілдетіп қолға алған болатын. Бір кезде қалаға Алматы – Астана күре жолының оңтүстік-шығыстан кіре берісіндегі (шіркеудің маңында) газбен жүретін автомобильдердің бос баллондарын толтырып немесе толығына айырбастан беретін арнайы орын ашқан. Кейін оны қаланың сыртына ауыстырды. (Қазір «Құрма» құс фабрикасына жете бергенде сол жақта тұр). Онда да көптеген табысқа жетті. Секең енді осы жеткен жерінде тоқырап, токмейілісін отыра алмады, кәсіпкерлікті одан әрі дамытуды ойлады. Ақыры газ шаруашылығын басқа адамға тапсырып, осы көлге иелік етуді қолға алды. Бұл Ақтасты су қоймасы сонау кеңестік дәуірде «партияның дана басшылығының» арқасында дүниеге келген болатын. Оның арғы түпкі мақсаты Ертістің суын Жезқазғанға жеткізу жобасында жатыр. Шын мәнінде құлазыған далаға Ертістің өзені өзінің суын берсе, қандай ғанибет болар еді. Жолшыбай сусыраған талай елді мекен жасыл желекке бөленіп, жайнап кетер еді ғой. Бірақ ол күн артта қалды. Енді ондай жобаның ауылы алыс. Соған орай «алыстан арбалағанша, жақыннан дорбалаған» дұрыс.

Көл иесінің және балықшылардың тұрағына келдік. Тура шетелдегідей бәрі тап-таза жиналып, мұнтаздай сыпырылған. Жұмысшылардың әрқайсысы өзіне тапсырылған міндеттерін орындап жатыр.

Жұмысқа лайық жеңіл киінген Серік Ынтуұлы біз келгенде жұмысшыларға бүгінгі атқаратын жұмыстар жайын түсіндіріп, әркімге жекелей тапсырма беру үстінде екен.

Жацаарқа ауданының тумасы Секеңмен әңгімелесе қалсаңыз, ол өзінің Қызылжар қаласындағы пағашы апасының қолында өскенін, кейін өзінің туған жеріне бір ауыз қазақша білмей келгендіктен «орыс Серік» атанғанын қызықты етіп әңгімелеп береді. Оның әңгімесінің күлдіретін де, адамды ойға қалдыратын да жерлері бар. Соның әсерінен өле-өлгенше шешесінің атын атап кетті. Басында шешесін «Кәмила» немесе «тетя Катя» дегенде бір түрлі ерсілеу көрінетін. Қазір марқұм анасын ақ жауып, арулап қойғаннан бері «біздің мамаша» деп есіне алып отырады. Мұны айтып отырған себебіміз – қазір мақалдап, мәтелден сөйлегенде бір кезде «орыс Серік» атанғанына сенгің келмейді.

Сол Секең енді балық шаруашылығымен айналысуды қолға алынды. Ол өзі бұрыннан әуесқой аңшы. Қыс айларында «Джипке» мініп алып, оншақты күн бойы тау-тасты аралап, қасқыр ататын шақтары болады.

Шаруашылықты көрсетуге Серіктің өзі бізді бастап жүрді. Ең әуелі азық дайындау цехын көрдік. Бір кезде мал бордақылау кешендеріндегі ірі қараға құрама жем дайындайтын цехтарды көргенбіз. Тек көлемі ғана шағын екен, әйтпесе мына цех та сол сияқты. Екі жұмысшы жем дайындаумен айналысып жатыр. Негізінен мұнда әр түрлі жармалардың қоспаларына балық қосады екен. Ол үшін балықты арнайы ауламайды, торға түскен балықтардың арасында жеуге жарамайтындары болады екен, соларды пайдаланады. Олар жалпақ тілмен айтқанда бұрын өзенде болған, қазір осы көлде өз бетімен таралып, өсіп жатқан саусақтай ғана жабайы балықтар.

Бұдан соң инкубация цехына келдік. Бұл жерде қазір жұмыс жоқ. Өйткені уылдырық шашатын уақыт емес. Мұнда

балықтардың уылдырығын әкеліп, қолдан ұрықтандырады да, кішкене майшабақ пайда болған соң арнайы тоғанға жібереді. Осындай майшабақ жіберіліп, өсірілетін екі тоған бар екен.

- Осы майшабақтар, - дейді Секең, - екі жылдан соң салмағы үш килоға жуық үлкен балық болады. Екі тоғандағы әрқайсысы 500 мыңнан болатын бір миллион майшабақ көлге жіберілді. Сонда әр балық 2 АҚШ долларынан тұрады деп есептесек, екі жылдан соң 2 миллион доллар шығарады. – Бұдан соң ол арнайы тор ішіндегі үш жығы тұқы балықтарын алып шығып көрсетті. Қазір негізінен өсіп жатқаны осындай тұқы тұқымдас балықтардың төрт түрі екен. Сол сияқты ала балық (сиг) тұқымы, тағы репус және пилит балықтары өсіріліп жатыр. Олар кішкентай болғандықтан аулайтын уақыт әлі жетпегі. Келешекте шұбар балықтың (форель) түрлерін, бекіре өсіруді жоспарлап отыр.

Серік Ынтуұлының айтуына қарағанда Көкшетаудағы балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтымен тығыз байланыста. Солардан мамандар келіп, ақыл-кепес беріп тұрады. Бұлардың өздері де барып, кейбір жайларды көздерімен көріп, біліп қайтады. Бір сөзбен айтқанда мұнда балық өсіру ғылыми негізде жүзеге асырылуда. Мұндағы жабдықтардың барлығын да ҚХР-нан Серіктің өзі барып әкелген, әлі судай жаңа. Моторлы қайықтардың бірнеше түрі су бетінде әрлі-берлі ойқастап жүр. Ау, құрал-сайманның балық өсіруге қажетті барлық түрі бар. Сиымдылығы 20 және 10 текше метрлік екі тоназытқыш жұмыс істеп тұр. Жемдік коспа әзірлеуге қажетті құрамның түр-түрі қап-қап болып үйіліп жатыр. Айтпақшы, балық етін тартып (фарш дайындап), котлет пісіретін құрылғылар да бар. Бір қызығы балық етін бірден тартқанда ол сұйық болып кетеді екен. Сондықтан, балық етін айналып тұратын арнайы машинадан өткізіп, құрғатып барып тартады.

Келесі жылдан бастап жалпы көлемі 860 гектар Ақтасты су қоймасы толық қуатында жұмыс істейтін болады. Сол кезде көлдің әр гектарынан 3 центнерден 5 центнерге дейін балық ауланбақ. Бұл дегеніңіз үлкен байлық қой. «Балық та байлық көзі» деген қапатты сөз осындайdan шыққан болар.

Әңгімемізді биік бөгеудің үстінде тұрған жерімізден бастаған болатынбыз. Бұл жерде бір кезде «үкіметтің өзі» салған үлкен гимарат бар. Ол осы су қоймасындағы шлюзге ие болатын қызметкерлер үшін салынған болуы керек. Қазір оны Сәкен қонақ үйге айналдырған. Ішпне кірсеңіз – мұнтаздай. Кейінгі үлгімен жөндеуден өткізілген. Бөлмелерінде асты-үстілі темір төсектер қойылған. Балық аулауға келгендердің тиісті жамбас ақысын төлеп, түнел шығуына да болады. Сол сияқты қармақпен балық аулауға келген әуесқой балықшылар көл иесінен бір күні 1 000 теңгеден рұқсат ретінде жолдама алады екен. Ал, жолдама алушылардың саны күн сайын 15-20 адамнан кем болмайды. Ондай әуесқой балықшылардың орны көлдің екінші жағында.

Сөз соңында айтарымыз – кәсіпкер Серік Ынтуұлы зайыбы Қалдыбаламен екеуі ақ балығы шоршып ойнаған Ақтастыдағы шаруашылыққа басшылық жасап, оның дұрыс жұмыс істеуі үшін барлық мүмкіндікті жұмылдыруда.

СУРЕТТЕ: кәсіпкер Серік ТАЙТӨЛЕУОВ (оң жақта) пен егерь Жұмақан ИГЕМБЕКОВ ауланған балықтарды көрсетуде.

**2011 ж.**

## ЕЛІНЕ ЕҢБЕК СІЦІРГЕН



Тарих қойнауына енген 2008 жылы облысымыздағы Ақтоғай, Шег, Нұра аудандары құрылғанына 80 жыл, Бұқар жырау ауданы 70 жыл толу мерейтойларын атап өтті. Кезінде бұл айтулы мерекелер жайлы газеттерде көлемді материалдар да жарияланды.

Біздің ойымызша, аталмыш мерейтойлар – сол өлкенің тағдыр-талайы, сол өңірде ғұмыр кешіп, еңбек еткендердің іс-әрекеті, тарихы, пешенесіне жазылған жаз-

мышы. Қай аудан болсын, мерейтой тұсында күні кешегі аға буын өкілдерін айрықша ілтипатпен атап, қазір де жер басып жүргендеріне құрмет көрсетті, бақилық болып кендеріне мінәжат етті. Олай болуы заңды да, себебі – адам қандай қоғамның болса да баға жетпес асылы, ең қымбат капиталы. Сондықтан да, егер науқандық іс-шаралар аясында ғана еске алып, той өтісімен естен шығарсақ, біздің бүгінгі азат өміріміздің, тәуелсіздігіміздің іргегасын құйып, қабырғасын тұрғызған кешегі аға буын өкілдері алдын-

да кінәлі болғанымыз. Бүгінгі ұрпақ-кешегі буынның ісін жалғастырушы, мұның мұндап, жоғын жоқтаушысы болса ғана дәстүр жалғастығы өз көрінісін таппақ.

Шет ауданының 80 жылдық мерейтойы тұсында сол өлкенің көптеген азаматтарынан хаттар келіп түсті. Бәрі де жүрекжары пікілерін айтады, еліне елеулі, халқына қалаулы жандар туралы мақала жарияланса екен дейді. Әрине, қазақ болмасының облыс бойынша бірден-бір жанашыры біздің «Орталық Қазақстан» газеті бірталай дүниелер жариялады, бәрін жариялауға мүмкіндік бола бермейтіні және ақиқат. Дегенмен, солардың ішінде біраз азамат туралы айта кетуді жөн көрдік. Мақаламыздың бас қаһарманы – Жұматай Тәкішев. Көркемөнерде жинақтау деген ұғым барын ескерсек, Жүмекең марқұм туралы қалам тербей отырып, сол оңірдің бүгінгі күнгі жеткен жетістіктеріне шама-шарқышша ергелікеш азды-көпті үлес қосқан айтулы азаматтар Қасқатай, Есмақай Ордабаевтар (ол кісілер туралы ұрпақтары кітап шығарып, ас бергені, құран бағыштағаны туралы газеттерде жазылған), С.Сыздықов, С.Отенов, М.Садықов, А.Пақыпов, Т.Отыншин, Қ.Борнаев, И.Әлкеев, М.Күлейменов, Ж.Омаров, О.Бөкенов, Е.Сафонов, Ж.Төкенов, Қ.Түйтебаев, К.Тілеубергенов, Ш.Жонкин, т.б. азаматтарды атағанымыз. Есімдерін толық тізіммен бермегенімізге кешірім отінеміз. Шүкіршілік, айтулы азаматтар баршылық. Ортамызда жүрген Ш.Жұқанов, Ж.Құтжанов, Ж.Темірбековтей ағаларымызға ұзақ ғұмыр тілейміз, бакилық болғандарына құрмет көрсетіп, қабірлеріне салған бір уыс топырағымыз деп түсінер оқырман дегіміз келеді.

Жұматай аға Тәкішев 1913 жылы Шет ауданында туып, 1988 жылы дүниеден озды. 1939-1942 жылдары Шет аудандық комсомол комитетінің хатшысы, сәл кейінірек аудандық партия комитеті насихат бөлімінің нұсқаушысы болып қызмет атқарды.

1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қағысты, сұрапыл апаттың ең соңына дейін болып, 1945 жылы маусым айында елге оралады. 1946-1956 жылдары ауданның Сталин атындағы колхозында басқарма бастығы болды. 1956-1957 жылдары Ақтөбе колхозында ауылдық Кеңестің, 1958-1959 жылдары Ақбауыр – Роза Люксембургтегі ауылдық Кеңестің төрағасы қызметін атқарды. 1959-1961 жылдар аралығында Ақтөбе колхозында басқарма бастығы болады. 1961-1965 жылдары Орджоникидзе атындағы совхозда жұмысшылар комитетінің төрағасы бопып қызмет атқарса, 1965 жылы «Кеншоқы» совхозының Нұра бөлімшесіне меңгеруші болып тағайындалады. 1967 жылдан 1973 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін сол совхоз қарайтын Нұра ауылдық Кеңесінің төрағасы қызметін абыройымен атқарды.

Соғыс жылдарында көрсеткен ерлігі үшін 2 рет орденмен, бірнеше медальмен марапатталған. Бейбіт замандағы сіңірген адал еңбегі үшін республикалық, облыстық, аудандық ұйымдардың Құрмет грамоталарына ие болды. 1973 жылы зейнеткерлікке шыққанда Жезқазған облыстық Кеңесі атқару комитетінен арнайы аты-жөні жазылған алтын сағатты сыйға алды.

Тарих жаңына көміліп, біртін-біртін көмескілене бастаған Қазан төңкерісінің алды-артында туған ұрпақ тағдырдың тепершін аз көрген жоқ. Жұмекең де есейіп, буыны қатая қоймаған тұста қалың елінің аштықтан жаппай қырылғанын жас болса да, түйсініп көріп өсті. Дәл сол буын өкілдері үшін камсыз да қызықты, балғын балалық шақтың қайталанбас сәттерін сезіну бола қойған жоқ. Жұмағай аға да жастау болғанымен, жиырмасыншы жылдардың жымысқы саясатына, отызыншы жылдардың ойранына куә болды. Ерте қатайып, ерте есейді. Оған өмірдің өзі ұстаз болды.

Сауатты азамат болғандықтан, соғыстың алдындағы жылдарда жастар жетекшісі боп, аудандық партия комитетінде жауапты қызметкер боп жүргенінде, жақсыны көре алмай, қызғаншақтық, іш тарлықпен біреулер мұның үстінен арыз жазып, содан «әне ұсталады, «міне ұсталады» деген үрейлі күндер мен түндерді басынан өткергенін, сөйтін жүргенде, ел басына күн туып, соғыс басталған соң, қызыл көз белсенділердің «қырағылығы» бәсеңсіп, яғни «балапан басына, тұрымтай тұсына» заманы туып, ол кісіні сол кездің ойранынан соғысқа аттануы ғана күтқарғанын қазірде біреу білсе, біреу білмес. Бірақ ұлы тореші – тарихтың білетіні ақиқат. Мына фәни жалғаннан көрген қияметінің бірі осы болса, екіншісі және ең алапаты – ол кісінің үш жылдам астам уақыт қыш-қызыл қан кешіп, қырғын майданда болуы еді. Жаралаңды, госпитальда болды. Алайда, соғыс әбден бітіп, қарулы ұрыс тоқтаған соң ғана елге оралған Жұмекең ешкімге күш көрсетіп, «мен – майдангермін, менде артықшылық болуы керек» деп біреудің алдына барғанын, қызмет, лауазым ізден, әскери билеті мен партия билетін көлденең тартқанын, менменсіген, тәкаппарсыған мінезін көріп едік деп ешкім де осы уақытқа дейін айтқан жоқ. Біреуден ілгері, біреуден кейін болайыншы демей, тәңірінің азды-көпті ризығын татып, барынша адал, барынша пәк болғанын ел-жұрт жыр қып айтады.

Әрине тұрмыстың ауырлау кезінде шаруашылық басқарған адамның барлық елге жағуы мүмкін емес қой. Біреу ананы біреу мынаны сұрайды. Жұмыс талап етіп, тәртіпке шақырсаң да біреу түсініп, біреу түсінбейтін сәттер болады. Жоғары органдарға шағыну, арыз жазу дегендердің адам жүйкесіне әбден тиіп, қажытатыны ақиқат. Уақыттың қатал кезі, әсіресе, елуінші жылдардың соңына дейін ел жағдайы түзелген еді деп ешкім де айта қоймас. Міне, ауыл



наруашылығы сияқты ауыр салада басшы болып қызметтер атқарған Жүмекең қол астындағы адамдарды ақымен, сабырмен басқарып еді дегенді Шет ауданының көне көз қариялары осы уақытқа дейін айтады. Ол кісі шын мәнінде көптеген замандастарына ұстаз бола алды. Ақылын айтты, ашуын баса білді. Жан дүниесіне үйіліп, кез келген еңбек адамымен тең дәрежеде сөйлесе алды. Әр адамның мұн-мұқтажын кәнігі тамыршыдай сезе біліп, шама-шарқының келгенінше жәрдемін көрсетуге талпынды. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деп ұрандаған заманда, балашағаның аузынан жырып, соңғы панына дейін үнемдесен едің соғыс жылдарын айтпай-ақ қояйық, соғыстан кейінгі жылдарда да көпке дейін ауыздары аққа тиіп, ырга-жырга болғаны шамалы-тын. Міне, осы тұста басшылық қызметте жүрген Ж.Тәкішев көңілдеріне қаяу түсіп, жүден жүрген жұртты барыпша қолдай білді. Біріне ақыл айтты, біріне рухани да, материалдық та тұрғыда демеуші, қолдаушы болды. Сірә, сондықтан да болса керек, қазіргі Ақбауыр, Кеншоқы, Ақтөбе сияқты ауылдардағы көне көз қариялардың ол кісінің есімін аса құрметпен, ілтипатпен еске алатынын барыпша қадап айтқан абзал.

Жүмекең, ағамыз құдай қосқан қосағы – Нәсжан апамызбен (ол кісі де бақилық боп кеткен, рухы пейіште шалқысын!) бірге он шақты бала өсіріп тәрбиеледі. Аманкүл, Әсма, Аманкелді, Сәтжан, Дәмет, Тілеукеш, Қуаныш, Болат, Алмагүл сияқты ұрпақтары жүрек қалауымен ұстаздық мамандықты қалап алды. Әке-шешенің олардың бойына сіңірген ең басты өнегесі, ұлағаты – өзгенің ала жібін аттамау, ешкімді ғайбаттамау, тәңірінің адам – пендесіне бұйыртқан ырзығын адал еңбекпен тауып жеу еді. Нәсжан анамыз да ежелден ән-күйді, ұлттық руханиятты кастерлеп өскен өлке – Ақтоғай ауданының, онда да шертпе күйдің

айтулы шебері, сазгер, күйші, домбыршы Аққыз анамыздың ұрпақтарының бірі еді. Сірә, нағашы жұрттың шарапаты болар, осыдан бірер жыл бұрын Ақтоғай жерінде дүбірлі той өтті. Аққыз анамызға құрмет көрсетілді. Сол айтулы іс-шараның басы-қасында аудан басшыларымен бірге жүріп, демеушілік көрсеткен, шараның абыройлы өтуіне ерекше үлес қосқан азаматтардың бірі Жұматай Тәкішев ағамыздың ұлы, Аққыз Ахметованың жиені – Беркімбай (Болат) болғанын бүкіл ел біледі.

Жүмекеңнің өзі жоқ болса да, Құдайға шүкір, ұрпақтары өсіп, жетілді. Ұрпақ орбінгі, тәрбиеленді. Бәрі де айтулы аталарыш құрмет тұтады. Құран бағыштап, мәңгілік тыныс тапқан жеріне барып, дұға бағыштайды. Сірә, өмірде болған жақсы адамның бақиға аттанған сәтінен бастап, екінші ғұмыры басталады деседі ғой, сол сөз рас болар...

**2008 жыл.**

## СОТ САЛАСЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ



Сот саласының сара жолында еңбек етіп, өскелең ұрпаққа жеке басының өнегесімен, ұлтымыздың абыройын асырып, қазақтың бар асыл қасиетін бойына сіңірген 85 жастағы ардагер Рысбала Тілемісова анамыздың есімі Сарыарқа өңіріне жақсы таныс.

Рысбала Көшімқызы 1925 жылы 25 мамырда ақ басты Алағандың баурайындағы Алматы қаласында дүниеге келген.

Ер азаматтың барлығы қан майданған аттанған сонау 1943-1945 жылдары заңгерлер мектебін тәмамдағаннан кейін, Фрунзе ауданында өзінің ең алғаш еңбек жолын сот орындаушысы болудан бастаған. Одан соң 1951 жылы Қарағанды қаласындағы Шахтинск ауданының 3-ші және

2-ші аумақтық сотына судья болып сайланған. Міне, осы күрделі кезеңдерде өмірін аса күрделі мамандықтың иесі болуға арнаған аяулы жан сот төрелігін әділ атқаруға серт берген екен.

Дана халқымыз «Талапты ерге нұр жауар» деп бекер айтпаса керек. Осындай таудай талап пен тынымсыз еңбектің, мамандыққа деген күштарлықтың арқасында Рысбала Көшімқызы талай асу-белестерді бағындырды.

1954 жылдан бастап 1963 жылға дейін Р.Тілемісова Қарағанды қаласы Шахтинск және Киров ауданының халық сотында сот төрелігін жүзеге асырды. Осы аралықтағы қызмет баспалдақтары өзінің білімі мен біліктілігін, тәжірбиесін және өзін рухани жағынан да байытты, шырықтырып, шынықтырды.

Қара қылды қақ жарып, төрелік айту – терең білім мен ұшқыр ойды қажет ететіні белгілі. Ал мұндай қасиетпен қоғамға адал қызмет етіп, көпшіліктің құрметіне бөлену үшін едәуір уақыт бойы күллі қажыр-қайратыңды жұмсап, табанды еңбек етудің арқасында ғана жетесің. Осындай қиындықтан жол тауып, үлкен талғампаздық пен іскерліктің арқасында 1963-1973 жылдар аралығында Қарағанды облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының мүшесі болып сайланады. Сот саласында жоғары дәрежедегі заңгер ретінде өзін көрсете білді, сондай-ақ, барлық сот қызметінде өзінің жетекші іскерлігімен көзге түсіп, үнемі қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын. Ұжым арасында жұмыс бабына қатысты әр түрлі шараларды тиянақты әрі жедел ұйымдастырып, әріптестерімен тіл табысатын. Осы тұста «Адамға қалай болса да, қашан болса да пайда келтіретін ой мен іс ізгілік аталады. Ізгілікке ұмытылу, жауыздықтан безу адамның жаратылысының өзінде бар нәрсе» – деген Мағжан Жұмабаевтың оймақтай

ойы ғасырдап-ғасырға жалғасып келеді. Бұл, әсіресе, судья үшін аса маңызды. Ендеше, Рысбала Көшімқызы осы өмірдің шыңдалу атты мектебінде өзіне жүктелген мәртебелі міндетін әрдайым адал, кіршіксіз атқарды. Осылайша, Конституция мен заңдардың үстемдік құруын қамтамасыз ету, өзге де заң нормаларының дәл әрі мүлтіксіз қолданылуын әрдайым есінен бір сәт шығарған емес.

Адалдықты әрқашан алға тартқан, оны абыроймен жүзеге асырған Рысбала апайымыз 1973 жылдан 1987 жылға дейінгі аралықта облыстық сот төрағасының орынбасары болып қызмет атқарды.

Осындай үлкен заңгер мектебінің заңгер кіршінін берік қалап, саналы ғұмырының 42 жылын сот саласына арнаған. Осы еңбек жолында сот төрелігін адал әрі мінсіз атқарды. Атқарған еңбегінің жемісі ретінде облыстық және республикалық деңгейдегі сот органдарының басшылары жоғары бағалады.

Қазір Рысбала Тілемісова апайымыз облыстық сот жанындағы ардагерлер кеңесінің төрайымы. КСРО және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің марапаттарымен және «Еңбек ардагері», басқа да медальдармен бірнеше рет, биыл Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай Қазақстан Республикасы Судьялар одағының «Үш би» белгісімен марапатталған.

Үстіміздегі жылдың мамыр айында Рысбала Көшімқызы 85 жасқа толды. Осы мерейлі той қарсаңында Қарағанды облыстық сотында мерекелік шара өткізілген еді. Онда облыстық соттың төрағасы Ермек Серікбаев жүрекжарды ақ тілегін білдіре келіп, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Алғыс хатын табыс етті. Абыз қарияға ұжым атынан тарту-таралғы жасады.

Облыстық сотта Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай

ұйымдастырылған салтанатты кеште Рысбала Көшімқызы марқұм жұбайы, Ұлы Отан соғысының ардагері Төлеубек Сұлтанбековті көзіне жас ала отырып еске алды. Сүйікті жары Төкең Павлодар облысының Баянауыл ауданында 1922 жылы дүниеге келген екен. Отағасынан ерте айырылып, төрт баласымен жалғыз қала береді. Өмірдің тауқыметін басынан кешіргенімен асыл да аяулы жар, қызметін абыроймен атқара жүріп, өнегелі ұрпақ тәрбиелен шығарады.


Осындай үлкен құрметке бөленген сот саласы ардагерінің отбасында үш қыз бен бір ұл тәрбиеленген. Тұңғыш қызы Сәуле Сұлтанбекова ұрпақты білім нәрімен суындатқан ұлағатты ұстаз. Ал, Сәлима Сұлтанбекова 1961 жылы Е. Бокетов атындағы ҚарМУ-дың құқықтану факультетін тәмамдаған. Анасының жолын қуып келе жанқан Сәния адвокат болып қызмет жасайды. Одан соң кенже қызы Сәлима, оның негізгі мамандығы физика пәнінің мұғалімі. Алайда, өмір ағымына орай бүгінде ол осындағы бір әскери бөлімде техникалық басшысы болып қызмет атқарады. Өке жолын қуып, ошақтың отын маздағып, өнегелі ұрпақ тәрбиелеген кенже ұл Қуат Сұлтанбеков Отапына адал қызмет еткен, бүгінде еліне еңбегі сіңген авиация-инженері, отставкадағы полковник.

Өмірде бірталай күрделі белестерді басынан кешіріп, қоғамның таудай жүгін арқалаған сот ардагері Рысбала Көшімқызына зор денсаулық, отбасына баянды бақыт, шөбере, шөпшек сүйеге тілектестік білдіреміз.

**2009 ж.**

**СУРЕТТЕ:** Сот саласының мақтанышы атанған Рысбала Көшімқызы ТІЛЕМІСОВА мен Қарағанды облыстық сотының торағасы Ермек СЕРІКБАЕВ салтанатты жиын кезінде.

## ЕЛ АРДАҚТЫСЫ



Адамзат қоғамында еш уақытта мәнін жоғалтпайтын ерекше бір құндылық бар. Ол – адамның ар тазалығы, азаматтық ажары, кісілік келбеті. Замана өзгеріп, қоғам қанша алмасса да, еш комексіленбейтін ұғымдар осылар.

Осы мақаланың кейіпкері – Бекежан Хамзаұлы Хамзин туралы айтқанда, жоғарыдағы қасиеттерді оның болмыс-

бітіміне тән десек, артық айтқанға жатпас деген ойдамын.

Бекежан Хамзин 1939 жылы 24 сәуірде Шет ауданына қарасты Сталин атындағы колхозда (қазіргі Кеншоқы ауылы) дүниеге келеді. Ақсу-Аюлыдағы орта мектепті бітіреді. Ленинградтағы инженерлік-құрылыс институтына түспек болып, сонда келеді. Алайда, конкурстан өте алмай, сол тұста Бүкілодақтық құрылыс болып есептелген Красноярск қаласына комсомолдық жолдама бойынша барып, еңбек етеді. 1958 жылы елге оралып, Сталин атындағы колхозда, кейін ол Орджоникидзе атындағы совхоз құрамына енген соң, сол совхозда механизатор, шофер болып істейді. 1963 жылы Қарағанды политехникалық институтына автокөлік

мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны сәтті тәмамдайды. Бір жылдай Целиноград облысындағы «Шалқар» совхозында автомеханик болып қызмет атқарады.

Бекеңнің бұдан кейінгі бүкіл қызмет жолы туған өлкесі – Шет ауданымен тығыз байланысты. Аудандағы іргелі шаруашылықтардың бірі – «Шет» совхозында ишкенер, бас ишкенер болып істейді. Шет аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында бас ишкенер, аудандық «Сельхозтехника» бірлестігінің бастығы, аудандық агрооперкәсіптік бірлестігі бастығының орынбасары, бірінші орынбасары болып қызмет атқарды. 1988 жылы баламалы пегізде сайлауға түсіп, 1991 жылға дейін ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағы аудандық комитетінің төрағасы қызметінде болды. Одан соң Орджоникидзе атындағы совхоздың директоры, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, бас маманы қызметтерін атқарды. 1997-2003 жылдары зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың Шет аудандық бөлімшесінің бастығы болып істеді. Бірнеше рет ауылдық, аудандық Кеңес депутаты болып сайланды. Өзіне жүктелген сайлаушылар аманатын абыроймен атқаруға бар күш-жігерін жұмсады. Қазір аудандық мәслихаттың депутаты болып жүрген Бекежан ағамыз «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен және зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың «Үздік маман» белгісімен марапатталған.

Тағдырдың адам-пендесінің маңдайына алдын ала жазып қоятын жазмышынан Бекең де тыс қала қойған жоқ. Ұлттық руханият мұраларын жағқа біліп, жырып беретін, ел арасында «хакім Хамаң», «ғалым Хамаң» деген атқа ие болған, мына жарық дүниеде небары 55 жыл ғана ғұмыр кешіп, бақиға аттанған әкесі Хамза марқұмның аялы алақанының жылуын сезіну де жонді бұйырмапты. Анасы Нұрғамила өмірден тым ерте кетті. Екінші анасы Кенжеш осы бертінде,



яғни 2006 жылы 92-ге қараған шағында дүниеден озды.

Бекең де, онымен құралпы замандастары да екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында дүниеге келгендіктен, сол тұстағы қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттардың аясында болып, ерте есейді. Еңбекке ерте арабасты. Жетіспеушілікті, тұрмыс қияметін бүкіл ел сияқты бұлар да көрді. Бұларды жігерлендірген нәрсе ертеңгі күнге деген сенім еді, ел-жұртымызға лайықты еңбек етеміз деген асқақ арман еді.

Дәл осы буын сол тұстағы партия, кеңес ұйымдары сеніп тапсырған жұмысты абыроймен атқаруға оарлық таланты мен іскерлігін аянбай жұмсады. Олар өз елінің, бәрінен бұрын, қазақ елінің мұңын мұңдап, жоғын жоқтады. Мамандығы инженер болғандықтан, техниканы сақтау, күту жөніндегі Бекең бастамашы болған небір игілікті істердің арнайы плакат болып, барлық шаруашылықтарға насихатталып, үлгі ретінде ұсынылғанын аудан жұртшылығы жақсы біледі. Қазіргі таңда әлемнің мықты дамыған елдерінде озық технологияның қаншалықты дәрежеде игілікке айналып жатқанын жақсы білеміз. Алайда «Шет» совхозында бас инженер болып жүргенінде алғашқылардың бірі де, бірегейі де болып, сиырды автоматтандырылған әдіспен саууды, мол өнім өндіруді қолға алғаны да рас. Озық әдістің шаруашылықтарға енді ғана келе бастаған тұсы. Көкейдегі ой табан астында қалайша жүзеге ассын!? Қаңқу сөз де көп болды, Бекеңді аудандық партия комитетінің бюросында қарап, жазалағанын да қазір біреу білсе, біреу білмейтін шығар. «Аққа құдай жақ» деген, әділдікті Жезқазған облысындағы басшылардан, инженер мамандардан тауып еді.

Кезінде бірталай лауазымды қызметтер атқарған, таны- мал азамат Боранбай Жұмкин бірде былай деп еді: «Мен Бекеңмен замандаспын. Аздаған жас айырмашылығымыз

бар. Кезінде ауыл шаруашылығы басқармасындағы бас инженерлік қызметінен ауысқанымда аудан басшылары «Сенің орныңа кімді қоямыз?» деп сұрады. Мен ойлапбастан: «Шет» совхозының бас инженері болып жүрген Бекежан Хамзинді ұсынамын» дедім. Ол тараптан «Сол жігіт тым бетті, ұшқырлау емес пе?» деген күдік айтылды. Мен өз дегенімнен қайтпадым. Ақыры Бекен аудан орталығына көшіп келіп, жаңа қызметіне кірісті. Ол кісі кейіннен «Сельхозтехника» бірлестігінде бастық бол істегенде, мен Бекеннің қол астында қызмет атқардым. Мұның бәрін мақтап ретінде айтып отырған жоқпын, жоғарыдағы «тым бетті» деген сөзге орай айтып отырмын. Егер «Осынау азаматтың еңбегін елінің елеген себебі неде?» – деп сұрасаңыз, мен: «Ол – Алланың ақ жолымен жүруді мақсат еткендігі адамгершілік арына әділеттің ақ туын серік етуі», – деп жауап берер едім».

Асылы, қандай азамат болса да кезінде атқарған биік лауазымды қызметтерімен, атақ-дәрежесімен емес, қарапайым ғана адами болмысымен, адамгершілік сипаттарымен дараланады ғой. Ал, ондай қасиеттер туа біткен сипаттар болуы мүмкін. Сондай-ақ, өзін қоршаған әлеуметтік орта, кіндік қаны тамған жер, ата-бабалар әулетінен келе жатқан дәстүр жалғастығы – бәрі де азаматтың шынайы қалыптасуында ықпалын тигізер жайттар.

Нұра (қазіргі Кеншоқы) ауылы – Бекеннің кіндік қаны тамған жер. Бұрынғы Орджоникидзе атындағы совхоздың ұлы би Жанғұттының есімімен аталуына да ат салысқандардың бірі – осы Бекен болатын. Ал қоршаған ортасына келсек, Қасқатай, Есмақай, Әкімбек, Майшеке, Дәрімбай, Әлімқұл, т.б. елге сыйлы, аузы дуалы адамдардың батасын алды, тілектестігін сезді, шарапатын көрді. Бұл қатарға Жұматай, Әлкен, Көпшімбай сияқты ағаларын да қосқан абзал.

Бекежан Хамзин бір сөзінде былайша сыр шерткен еді: «Сопау институт бітіргенімде механик болып, Целиноград облысының «Шалқар» совхозында істегенімде совхоз директоры болған, кейіннен Көкшетау облысының бірінші басшысына дейін өскен Қ.Таукеновті, «Шет» совхозында істегенімде іскер басшы болған, ағалық қамқорлығын көрсеткен Б.Қапасовты. Шет ауданында басшылық қызмет атқарған С.Медеубаевты, өзіммен бір класта оқыған танымал жан, академик Ж.Ақылбаевты, белгілі кайраткер Қ.Медиевті, жазушы, тарих қойнауына үңіліп жүрген К.Жүнісовті, жүзінен имандылық иірімдері тоғіліп тұратын М.Бастинді, аяулы жан Қ.Қаппаровты, белгілі инженер-көпші Б.Мұқатаевты, жан достарым Жамбыл мен Зекең, Шәкен, Берген, Тілеуқабыл, Социал. Үкал, жасы кіші болса да іні-дос боп кеткен Есенкүл Түсіновті, басқа да азаматтарды айрықша құрметтеймін».

Бекеңнің ұлы нағашысы – заманының от тілді, орақ ауызды, күрескер ақын дәрежесіне көтерілген Дия қажы Ахметұлы. Ағамыздың әділеттілік үшін басын отқа да, суға да салудан тайынбайтын кесек те мәрт мінезі, аздаған тіктігі мен кіділігі, сірә, ата-бабалары Құсайын, Обиштен, әкесі Хамзадан, ұлы нағашысы Дия қажыдан мирас боп жүкқан-ау деп ойлаймыз. «Менің бақытым – тәңірінің маған алтындай ұл-қыздарымды, немере, шөберелерімді сыйлағанында. Біз әкемізден айрылғанда мен мектеп жасында едім, теге інім Мәуен 7 жаста, қарындасым Рымкүл 3 жаста, інім Мұхтар 2 жаста еді. Әке аруағының шапағаты тиген шығар. Мәуен – ғылым докторы, профессор, Рымкүл – педагог. Мұхтар – Ақтоғай ауданының прокуроры. Мен солармен, перзент, ұрпақтарыммен мақтанамын», – дейді абзал аға.

Бекежан аға Тайтөлеу Мырзағалиқызымен отасып, төрт перзент көріпті. Талғаты – құқық қорғау органының

қызметкері, полиция майоры. Баяны – облыстық медицина орталығында бөлімше меңгерушісі. Гауһары – салық комитетінде бас маман. Неризаты – банк қызметкері. Тәубе дейік. Тайтолеу жеңгей екеуі пемере, шөбере сүйін отыр.


Орине, осынау шағын мақалада еңбегін елі елеген абзал азамат жайлы барлық жайтты қамту мүмкін емес. Жетпіске толған мерейтойы тұсында Бекежан ағамыз бен жан жары Тайтолеу жеңемізге ұрпақтарыңыздың қызығын көріңіздер. Алла барша жақсылықты пәсін етеін деймін.

**2009 жыл.**

Үшінші бөлім

-----

## МАЙДАНГЕРЛЕР



## ҚАЛАМЫЗДЫҢ ҚАДІРМЕНДІ АЗАМАТЫ



Біздің қалада ел құрметіне бөленген талай қадірменді азамат бар. Солардың бірі – Қанас Түсіпов ағамыз. Мен ол кісіні \* 1969 жылы Қарағандыда Совет ауданы құрылғаннан бері білемін. Бұрын төрт қана ауданы бар қалаға жаңа бір аудан қосылды. Бұрынғы Совет даңғылының бойымен вокзалға қарай бет алғанда оң жағы, Үлкен Михайловка поселкесі, Үлкен Михайловка станциясы, кейіннен салынған Оңтүстік-

Шығыс елді мекені кірген жаңа аудан ашылған еді. Қапекен ағамыз сол кезде Жаңа ашылған Совет ауданының ең бірінші аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы болды.

Ол кез қаламыздың әлі толық салынып бітпеген уақыты. Қазіргі Крылов және Кривогуз көшелерінде мұндай биік үйлер жоқ. Бір-біріне тіркестіріп сала берген өңкей жеркелерге толып тұратын. Сол жеркелердің арасында талай қылмыстар жасалынады. Сондықтан да, Қапекен аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы болып тұрған кезінде осындай жеркелердің тезірек жойылып, оның орнына көп

қабатты ғимараттар тұрғызылуына белсенді үлес қосты. Ол кісі аудан қоншалары мен кварталдардың бейнесін ғана емес, өндірістік ұжымдардың еңбек жағдайына да баса назар аударатын. Еңбек және өндірістік тәртіптің нығайтуына көңіл бөліп, әлеуметтік саланы дамытуға ат салысты.

Қапекеннің еңбек жолы туралы сөз еткенде ол кісінің бұрынғы «Сталинуголь» тресіне қарасты №35 шахтада (кейіннен «Майқұдық» шахтасы) кен мастеры, еңбекті ұйымдастыру жөніндегі инженер, нормалаушы сияқты жұмыстар атқарғанын еске ала отырып, кейіннен сол шахтада партия ұйымдастырушысы болған жылдарын ерекше айтып отырды. Ол елуінші жылдардың аяғы болатын. Бұл кезде наряд бөлмесіне кеншілер қолына күрек-сайманын ұстап, қалай болса солай жұмыс киімімен келетін. Жиналып алып темекі шегетін. Наряд бөлмесінің іші шаң-тозаңдан көрінбейтін. Ақшап, тазалан қойса, екі-үш күннен соң қайта кірлен кететін.

Мұндай көрініс Қапекенге ұнамайды. Бір күні ол шахта комитетінің төрағасы Николай Иванович Ковалевпен келіседі де, екеуі шахта директорына кіреді. Партия ұйымы басшысының сөзін кәсіподақ комитеті мен комсомол комитеті қолдаған соң директор да жақсы іске демеу көрсетеді. Сөйтіп, шахтадағы наряд бөлмесіне жұмыс киімімен кірмеу керектігі жөнінде бұйрық шығады.

Бұдан кейін наряд бөлмелері ретке келтіріліп, іші әдеміленіп, сырланады. Терезе алдына гүл отырғызылған құмыралар қойылатын болды. Кеншілердің өздерінің көңілдері көтеріңкі бола түсті.

Шахтада шаштаразы, аяқ киім жөндеу, жұмыс киімінің жыртылған жерін тігіп беру сияқты тұрмыстық қызмет көрсетіле бастады. Шахтаға түсіп бара жатқан жұмысшы газды су немесе жай су толтырылған торсықша байлап алатын болды. Асхананың жұмысы жақсы жолға қойылды.

Бұл жұмыс ретке келтірілген соң маскүнемдікке қарсы күрес басталды. Күн сайын шахтаға медициналық

айықтырғышқа кем дегенде 15-20 адамнан түскені туралы қағаз келеді де тұрады. Бір күні Қапекен айықтырғышқа келіп байқаса, шахта жапындағы базардан мас күйінде алынғандардың барлығын осы шахтаның кеншісі деп тіркей береді екен. Содан ол кісі ерінбей-жалықпай түн ортасында келіп, өз жұмысшыларын танып алып отырыпты. Айықтырғышқа түскен кеншіге тиісінше жаза қолданады. Сөйтіп қана шахтаның «өзі ашылады». Бұдан кейін шахтада айықтырғышқа түсу саны күрт кеміп, кейіннен шара қолдану нәтижесінде мүлде тоқталады. Ақыр аяғында сол №35 шахта көмір өнеркәсібі саласы бойынша ең бірінші «Коммунистік еңбек коллективі» атағын алады. Әрине, қазіргі кезде «коммунистік» деген сөзден шошып, қолданыстан шығарып тастағанымыз рас. Бірақ сол кезде елді ортақ еңбекке жұмылдыруда бұл сөздің ерекше роль атқарғанын жоққа шығаруға болмайды. Мұнымен қоса сол алпысыншы жылдардағы «коммунистік еңбекті» сексенінші жылдардың басындағы «коммунистік еңбекпен» салыстыруға болмайтындығы елдің бәріне аян. Сөйтіп, №35 шахтаның бұл ісі бүкіл комбинат шахталары арасында қолдау тауып, шахта кеңсесінде таза киіммен жүру басталады.

Қапекен одан соң Қарағанды қалалық халықтық бақылау комитетін де талай жыл басқарды. Осы жылдар ішінде де ол кісі тапсырылған жұмысты абыроймен атқарып, көпшілік құрметіне бөлене білді. Қайда қызмет атқармасын шыншылдығымен, әділдігімен көзге түсті.

Қарағанды қаласында облыстық қоғамдық тамақтандыру басқармасы құрылғанда да Қапекен оның ең бірінші бастығы болып, осы басқарманы ұйымдастыруға белсене қатысты. Ақыры осы салада қызмет істеп жүрген кезінде ешқандай жаманат жапсырмай құрметті демалысқа шығып, зейнеткер атанды. Бұдан соң да қарап отырмай, әр түрлі қызметтер атқарды, «Қарағанды» және «Қазақстан» қонақ үйлерінде



директор болды. Мұнда да көптеген жақсы бастамалардың бастаушысы бола білді.

Осындай еңбек десе ерінбейтін, қашан да жақсы істің бастаушысы болып жүретін алғыр ағамыздың биылғы мерейлі мереке қарсаңында Ұлы Отан соғысының ардагері екенін де естен шығаруға болмайды.

– Мен 1943 жылы қаңтар айында Қарқаралы қаласынан әскерге аттандым, - деп еске алады Қапас Түсінов ағай. – Содан бір жыл бұрын оныншы класта оқып жүрген кезімде мұғалімдер даярлайтын 10 айлық курсты бітірген болатынмын. Бізді «Бесоба» колхозына жұмысқа жіберген еді. Сонда мұғалім болып жүрген жерімде әскерге жөнелтті ғой. Он сегіз жасқа жаңа іліккен жасөспірім жігіттерміз. Бәрімізді Иркут облысындағы Мальта станциясына алып келді. Сонда біраз жаттығудан өткен соң Шығысқа қарай ала жөнелді. Бұл кезде жапондар Моңғолия жері арқылы сұғышып кіре бастаған. Содан жапондарға қарсы соғыстық.

Сол бағыттағы Мугдин, Хайлар қалаларын жаудан босаттық. Бұл Хайлар қаласы шекарада болатын. Біздің 76-шы мотоатқыштар полкіне онша қиын бола қойған жоқ. Өйткені, біздің алдымызда соққы беруші отряд жүріп отырды. Кейде біздің полктің де ұрысқа килігіп қалатын кездері болды. Мен 81 миллиметрлік миномет ротасында көдеуші болдым.

Хайларды босатып, жауды қуып бара жатқанда олардың қарсылығы онша күшті болған жоқ. Қаша ұрыс салып отырды. Жапон самурайларының ешкім күтпеген тұтқиыл әрекеттері аса көп. Сондықтан да, сақ болмасаң, қауін деген аяқ астында. Сондай әрекеттердің талайына тойғарыс бердік қой. Қазір солардың көпшілігі ұмыт болыпты.

Аса күшті қарсылыққа 1945 жылдың тамыз, қыркүйек айларында Үлкен Хинган асуын алған кезде кезіктік. Жер жағдайын жақсы білетін жапон солдаттары әрбір тастың, әрбір бұтаның түбін паналап алып, көпке дейін алға бастыр-

май қойды. Томеннен өрлеп келе жатқан бізге жоғарыдан атқылап, көп шығынға ұшыратты. Тығылып отырып, қалт еткен солдатты ағып түсіре бастады. Міне, сол асуда ауырартиллерияны алға сүйреймін деп жүріп, тартпа батып, мына оң жақ нығымды езіп жіберді. Жастықтың әсерінен оны да байқамашпын. Сонымен, көретін күнімнің, тататын дәмімнің молдығынан болар, әйтеуір аман-есен Қарағандыға соғыс біткен соң оралдым ғой...

Соғыстан соң шаңырақ көтерген Қапекен мен Қайшатай жеңеміздің тұңғышының есімін әкесі Дүйсекең мен шешесі Жәмшә Орал деп қойды. Қазір Қапекеннің балаларының барлығы жоғары білімді. Ал, ортаншы қызы Ләззат болса, заң ғылымдарының кандидаты. Санкт-Петербуркте қорғады, қазір университеттің заң факультетінде аға оқытушы.

Міне, «Отан соғысы», «Құрмет білгісі» ордендерінің иегері, 12 медальмен, екі рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен және Грамотасымен марапатталған, «Құрметті шахтер» атағын алған қадірменді ағамыз, қаланың белгілі азаматы Қанас Түсіповтің көмірлі Қарағандыны көркейтіп, өркендетуге қосқан бұдан басқа да айтылмай қалған еңбектері жеткілікті. Сондықтан да, жетпістің биігіне шыққан Қапекене зор денсаулық тілейміз. Осыған орай, қалалық мәслихат Қарағанды қаласының өркендеуіне үлес қосқан осындай ардақты адамға қаланың «Құрметті азаматы» атағын беру мәселесін қарағаны артық болмас деген де ойымыз бар.

**СУРЕТТЕ:** қаладағы қадірменді адамдардың бірі Қапас ТҮСІПОВ ағамыз немересімен бірге.

**Наурыз, 1995 жыл.**

**ЕСКЕРТУ:** бұл мақала Ұлы Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында жазылған болатын. Қазір 88 жасқа толған ағамыз Қарағанды қаласында тұрып жатыр.

## НҮРЛЫ НҮРА ТУМАСЫ



Есімі көпке мәлім азамат нұрлы Нұра даласында туып-өсіп, өзінің туған жерінде топырақ бұйырған Қанания Оубәкіров ақсақалды көпшілік ел біледі. Ол кісі әділет органдары мен сот органдарында көп жыл қызмет атқарған заңгер еді. Ұзақ жылдар ол кісінің суреті облыстық әділет басқармасының Құрмет тақтасынан түскен жоқ.

Нұра ауданының Көбетей аулында дүниеге келген Қанакең орта білім алған соң Алматы заң мектебін бітірген соң 1930 жылдан бастап заңгерлік қызмет атқарады. Әуелі еңбек жолын Киевка кентінде аудандық соттың статисті қызметінен бастайды. Одан соң аудандық ОСОАВИАХИМ кеңесінің төрағасы болады. 1932-1934 жылдары Жараспай аулында комсомол комитетінің хатшысы да, аудандық халық шаруашылығы бөлімінде есепші, балалар үйі директорының орынбасары да болады. Кейіннен аудандық АХАЖ бөлімінде инспектор, аудандық сотта соттың орындаушысы қызметтерін атқарады. Осы қызметте жүргенде

Кеңестік Қызыл әскер қатарына шақырылып, міндетін Ашхабад қаласында өтейді. Мұнда ол артиллерия полкінде оқтаушы болады. көмсергі міндетін қоса атқарады. Орта Азия әскери округіндегі 568 артиллерия полкінде қатардағы қызыл әскер болып жүрген кезінде Ұлы Отан соғысы басталады да, 1942 жылы бүкіл артиллерия полкі Батыс майданға аттандырылып, сұрапыл соғысқа араласып жүре береді.

«Артиллерияны солдаттар «соғыс құдайы» деп атайды. 122 миллиметрлік гаубица батареясында өзіммен бірге алынған құрдастарым Хамзе Манабаев пен Майжан Наурызбаев болды. «Белый огонь!» деп әскери бұйрық берілгенде зенбірегіміз аузынан жалын құсып, ажал оғын нәсерлетуші еді. Сонда, талай-ғалай қанқұйлы жауды сұлатып түсіргендей, кереметтей сүйсініш халге көшетінбіз. Бәрінен де баудай сұлап өліп жатқан адамдарды баса-көктеп отуден артық азап жоқ шығар бұл өмірде. Амал несілік, соның бәрін көзімізбен көрдік. Екі жарым тонналық зенбіректі жаяу сүйреген кездеріміз де болды...», - деп жазған екен Қанапия Әубәкіров ақсақал өзінің бір естелігінде.

Толарсақтан саз кешіп, ауыздықпен су ішкен, мұз төсеніп, қаржастанған ауыр күндерде мойнына және беліне жарықшак тиіп, бірнеше рет жараланады, соңғы жолында Воренез қаласындағы госпитальға жеткізіліп, ұзақ жатып емделеді. Одан соң емін Куйбышев қаласында жалғастырады. Бірақ жарасы асқынып, жазылмай қойғандықтан комиссия елге қайтаруға шешім қабылдайды.

«Туған жердің түтіні де ыстық» дегендей, Кәкең еліне оралған соң Сарыарқаның саф ауасы, жылқының қазықартасы мен қымызы шипа болып, бірнеше айдың ішінде айығып шыға келеді. Науқасынан айыққан Кәкең қайтадан майданға сұранады. Бірақ оны қайтадан жібермейді. Өйткені тылға да адамдар қажет еді.

Бір күні оны аудандық партия комитетіне шақырады. Не үшін шақырғанын білмеген Кәкең көңілінде күдікпен келсе, оған сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жәми Ахметов деген кісі КПСС мүшелігіне қабылданған туралы партиялық билет табыс етеді. Сөйтсе, ол майданда жүргенде КПСС мүшелігіне кандидат болған екен. Майданнан госпитальға хабарласса, олар мұның еліне аттанғанын хабарлайды. Содан билетті тұрғылықты мекенжайы бойынша жіберген екен.

Әуелі 1942 жылы Нұра аудандық сотында халық судьясы болады. Кейіннен облысымыздың Қоңырат (Ақтоғай) және Қу (Егіндібұлақ) аудандарында халық судьясы қызметін абыроймен атқарады. Кейіннен адвокаттық қызметке ауысып, 1979 жылы зейнеткерлікке шыққанынша Нұра ауданындағы Киевка кентінде заң кеңесінің меңгерушісі қызметінде болады. Зейнеткерлікке шыққан соң Қарағанды қаласына көшіп келіп, 1996 жылы қараша айында бақилыққа аттанады.

Кәкеңнің соғыс жылдарындағы болсын, бейбіт еңбектегі болсын өмір жолы кейінгілерге үлгі-өнеге. Ол кісінің халық алдындағы ерен еңбегі кезінде Үкімет тарапынан лайықты бағаланған. «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін» және «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медальдарымен, бірнеше мерекелік медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Бұған қоса жергілікті жердің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарының өзі бір төбе.

Ұлы отан соғысының ардагері Қанапия Әубәкіровтің есімі Қарағанды облыстық әділет департаментінің «Құрмет кітабына» жазылған. Суреті әділет департаментінде «Құрмет тақтасында» көп жыл бойы ілініп тұрды. Осындай құрметті адамның жары Әсия апай да ол кісіден соң екі айдан кейін дүниеден өтті. Қазір артында өшпес із қалдырған

Кәкеңнің балалары ол кісінің жолын жалғастырып жатыр. Балаларының барлығы да жоғары білімді, бір-бір мамандықтың иелері. Үлкені Күләш – дәрігер, қазір зейнет жасында. Бақыт – инженер, әскери бөлімде қызмет атқарады. Майрасы – бухгалтер. Талғат, Бауыржан, Руслан атты жиенері бар. Олар да жоғары білім алған, Тәуелсіз Қазақстанымыздың гүлдене беруі үшін еңбек студе. Ұлы Ерболат – әке жолымен заңгер болды. Кезінде тергеуші, судья болып қызмет атқарды, қазір адвокат болып жүр. Ерболаттың Гүлмира, Жеңіс, Нұрлан деген балаларының барлығы да жоғары білімді. Нұрланы болса заңгер, өзінің атасы мен әкесінің жолын қуғандығын мақтан етеді.

Жуырда Әубәкіровтер әулеті тағы бір қуанышқа кенелді. Қарағанды облыстық адвокаттар алқасының шешімімен Нұра ауданындағы филиалына Қанапия Әубәкіровтің атын берді. Енді ол «Нұра ауданының Қ.Әубәкіров атындағы заң кеңесі» деп аталатын болды. Жуырда оған аудандық әділет басқармасында тіркеуден өткендігі туралы арнайы куәлік тапсырылды.

Заңгерлер әулеті үшін бұдан артық қуаныш болар ма?! Ардагерлерді құрметтеудің бұл да бір көрінісі екендігі сөзсіз.

**2011 ж.**

## АСҚАР ТАУМЕН ТЕҢ ЕДІ



«Майдангерлер туралы сөз қозғалғанда ардақты әкеміз көз алдымызға келеді. Біреулер әкесі туралы айтса да біздің әкеміз еске түседі. Соғыс туралы кино болып жатса, әкеміз соның ішінде жүргендей, телміре қаламыз. Бір сөзбен айтқанда, әр нәрседен әкеміз ойымызға орала береді», – деп еске алады асқар таудай әкелерін Атасу кентінің тұрғындары, ағайынды Біләловтер.

Ұлы Отан соғысының және бейбіт еңбектің ардагері Топчып Біләлов 1923 жылы Қарғалы аулында дүниеге келген екен. 1942 жылы сәуір айында басқа да жауынгерлермен бірге Шет аудандық әскери комиссариатынан майданға аттанған.

Соғыс кезінде Бірінші Украина майданында 13-ші атқыштар полкінде жаумен жанқиярлықпен шайқасыпты. Қатардағы атқыштан бөлім командиріне дейін көтеріліп, кіші лейтенант шенін алған. Көрсеткен ерлігі үшін «Отан соғысы» орденімен, «За отвагу», «Маршал К.К.Жуков», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды. Соғыста бірнеше рет жеңіл жарақат алған. Соңғы рет 1943 жылы көктем айында Кенигсберг қаласын азат ету

кезінде ауыр жарақаттанып, госпитальге түседі. Айығып шыққаннан кейін, 72-ші ауыр танкілер полкіне қосылып, соғысқа қайтадан кіреді. Содан соғыс біткен соң 1945 жылы қыркүйек айында елге аман-есен оралынты.

Ол сұрапыл соғысты басынан өткеріп, жеңіске жеткізген, сол жылдардағы майдан қиындықтарына төзіп, сонысымен Жеңіс күндерін жақындатқан ерлігімен балаларының мақтанына айналған. Соғыс ардагері ретінде елге-жерге деген шын сүйіспеншілігімен, ерліктерімен, қайсарлығымен, жігер-қайратымен, Отан қорғау сезімімен кейінгі ұрпаққа үлгі бола білді.

«Қан майдан, сұрапыл соғыс жылдарында «Отан үшін отқа түс, күймейсің!» деген ұранмен шайқасқан, бүгінгі күні ортамызда жоқ болса да әкеміздің ерен ерліктеріне бас иіп, елге еткен еңбегіне құрмет көрсету бүгінгі біздің өтелмес парызымыз». – дейді балалары.

Соғыстан оралған жылдың күзінде Рахима Смағұлқызы Жуасбасвамен отау құрып, шанырақ көтерді. Содан көп жылдар Қарғалы сүт зауытында май жинаушы болып, ал 1950-1971 жылдар аралығында Қазақстан темір жолы Қарағанды бөлімшесінде жол бақылаушы болып еңбек етіпті. Абыройлы қызметі үшін бірнеше рет Үкімет Грамоталарымен марапатталады.

Дүниедегі әрбір жанның ең қымбатты да қадірлі адамы – оның ата-анасы. Ата-ана балаға «әлемнің жарығын сыйлаумен» қатар әлпештеп өсіріп, тәрбие береді. Ал, сол ата-ананы сыйлау, құрметтеу, қадірлеу, үмітін ақтау перзенті үшін үлкен парыз екені сөзсіз.

Ұл ер жетіп, қыз бой жеткен соң ата-ананың тірегі болуы және өзіне артылған үмітті ақтай білуі қажет.

Ақылшы – арқа сүйер жан әкесі мен асыл анасы бүгінде орталарында жоқ болғанымен, «Орнында бар оңалар» де-



ген сөз тегін айтылмаса керек. Топыш ақсақалдың отбасында 11 бала болған. Үлкені Алтын Жаңаарқа ауданы Н.Крунская атындағы мектепте ұзақ жылдар математика пәнінің мұғалімі болып, зейнеткерлікке шыққан. Қазір өзі әже. Одан соңғы Аманбек, Хамидолла, Абдолла болса, біреуі Қарамұрын астық қабылдау пунктінде бас инженер, біреуі Красная Поляна аулының көп жылдар әкімі қызметін атқарған, біреуі жүргізуші болған. Өкінішке қарай сүм ажал оларды кенеттен алып кеткен екен. Ал, Алма Жезқазған қаласының №8 мектеп-гимназиясының жоғары сапалы ұстазы. Өрік Жаңаарқа санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау орталығының жоғарғы сапалы лаборанты. Айнагүл әке жолын қуып, темір жол саласында Жаңаарқа сигнализация және белгі беру дистанциясының бас бухгалтері қызметін атқаруда, Жаңагүл болса Қарағанды қаласында №1 перзентхананың лаборанты. «Әке көрген оқ жонар» дегендей Жандолла, Ардақ және қара шаңырақта отырған Бакытжан «Тән-Сәт» шаруа қожалығында қызмет атқарады.

Аналары Рахима Смағұлқызы осыдан екі жыл бұрын өмірден озған. Әр адам жарық дүниеге келгенде алдымен анасын көреді. Ана – барлық өмірдің бастауы. Адам бойындағы барлық асыл қасиет күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен дариды. Сондықтан да балалары мына жарық дүниеге әкелген аналарының алдында басын иеді.

Отбасында көрген тәлімнің, жадына тоқыған тәрбиенің арқасында балаларының барлығының көкірегі ояу, есті болып өскен. Сыйластық пен бірлікте өмір сүріп келеді. Олар бірін-бірі демеп, сүйеу бола біліп, өмір бойы ынтымағы жарасқан. Мұндай жарастықты, бір-біріне деген сыйластықта болып өсуіне осыдан он жыл бұрын дүниеден өткен әкелерінің берген тәрбиесі деп түсінеді. Ата-аналарын ардақ тұтып, әрқашан еске алып, дұғаларын бағыштап отырады.

## КҮЙ ҚҮДІРЕТІ



Алқакотан отырған шағын топты күй құдіреті баурап алған. Барлығы да қаз мойын қоңыр домбыраның шанағынан төгілген сұлу сазға құлақ түріп, домбырашыға көз тіккен.

Екі иығын қаршығадай қомдап, әсем әуенге беріле теңселіп, қосіле күй тартып отырған адам орта жастан асқан жігіт ағасы еді. Оның оң қолы домбыраның қос ішегінің көз ілестірмес жылдамдықпен шерте дірілдетсе, сол қолы пернелердің үстімен жорға аттың аяқ алысындай ептілікпен майпаңдайды.

Бірде қалқи өрлеп, бірде баяулап, қырық құбылған төкпе күйде бұрын естілмеген ерекше бір лебіз бар. Бірде мұнды, бірде шат, бірде қайғылы үн төгіледі. Қанқұйлы жаумен шайкаста жараланған жас жауынгердің қайтпас қайсарлығы, жауына деген өшпенділігі, өмірге деген құштарлығы, Отанға деген адалдық сезімі домбыраның қос ішегінен күй болып төгіліп жатыр.

Елдің қоңілін жаулаған сиқырлы әуен аяқталғанда отырған жұрт серпіліп сала берді.

– Оу, деген-ай!

– Міне, күй деп осыны айт!

– Күйші болсаң осындай болыңдар, жігіттер! Торт аяғың тең басқан жорға деңіз...

– Алтекеснің өзі шығарған күйі, – деп мына жақтан біреу сөзге араласты.

– Алтеке, бұл қандай күй? – деп сұрады бірі.

Домбырасын алдына көлденең ұстаған Алтекес күй туралы әңгімелен берді.

– Бұл менің қанды көйлек жолдасым, Совет Одағының Батыры Қазбек Нұржановқа арнаған күйім еді. «Досыма» деп аталады.

Бұдан соң отырғандардың үлкендері:

– Алтеке, енді бір күй орындап жібер, - деп қолқаласа, кішілері:

– Ағатай, тағы бір күй тартып беріңізші, - деп өтіне бастады.

Домбырасын іргеге сүйсей берген домбырашы көңтің сұрауы бойынша аснапты қолына қайтадан алды. Тершіген маңдайын сүртініп, желініп алды да, бұрауын өзгертін, құлақ күйіне келтіре бастады. Әуені әлгіден бөлек тағы бір күйдің ырғағына келтіріп алды да, тарға жөнелді.

Бұл күйдің әлгіге қарағанда екпіні де, тарту мәнері де бөлек. Бебеу қағып безілдемейді, баяу қалқып, қоңыржай үнмен жүректі тербейді. Көз алдына керіле қанағ сермеген аққу құс елестейді. Біресе қаздың қаңқылы, аққудың сұңқылы құлағына жетеді.

– «Аққу күйі» ғой бұл. – Оңашалау отырған екі жігіттің бірі жанындағыға сыбыр ете түсті.

– Оны да өзі шығарған ба?

– Жоқ, бұл халық күйі.

Сикыр үні күй болып тербеген домбырасын жанына сүйеген Алтекең «Аққу күйінің» шығуы туралы аңызды мәнерлеп айтып берді.

... – Ертеде шылауына шыр бітпеген бір кедей жігіт болыпты. Оның бар байлығы шиті мылтығы ғана екен. Мінерге аты да болмаған жігітті жұрт «Жаяу мерген» атапты.

Бір күні Жаяу мерген жазытұрымғы су тасқынынан қалған көлшікті жағалап, құс аңдып жүргенде кенеттен алыста ұшып келе жатқан қос аққуды көреді. Аққу өте кірпияз, талғампаз құс. Оның мұндай жай суга, көлшік-шалшыққа қонбайтыны өзіне аян. Сондықтан, ол өз өмірінде тұңғыш көрген сұлулық патшасын өзінен алыстатқысы келмейді. Қапысып тауып сол әдемі дүниені өз қолына қондыруға құлшынады. Ол Қондыртөбенің басына шығып, аспанда қалықтай ұшқан қос аққуды қарауылға алады.

Сол маңда мергенмен замандас, атағы алысқа кеткен бір домбырашы, сері жігіт болыпты. Ол да астындағы жалғыз атынан басқа тігерге тұяғы жоқ кедей екен. Ол да сол күні таңмен таласа тұрып, домбырасын беліне қыстырып, ел аралауға шығады. Кенет оның құлағына аққудың сыңғыр үні шалынады. Қос аққудың қанат сылдырынан шыққан биязы сусыл жігіттің сезімін оқыс селт еткізгендей болады. Ат үстінде келе жатқан беті домбырасын қолына алып, аққу үніне салып, шерте жөнеледі.

Сол бетімен серінің аты да домбырада шертілген аққудың үніне құлақ түріп, билей басқан бойда айдай әдемілікті қарудың қарауылына алып, бейқам отырған мергеннің үстінен бір-ақ қарғып өтеді. Мерген аунап түседі. Домбырашының аты да кілт тоқтай қалыпты.

Орнынан атып тұрған мерген салт аттының шаужайына жармасады. Екі жігіт ұзақ арпалысады. Әбден демдері бітіп,

шаршаған соң барып, тілге келеді. Мерген жігіт өкініп, аққуды атын алуға домбырашының бөгет жасағанына ызаланады. Сері жігіт болса – апаның аққу үшін домбырасына қосқан күйін аяқтапмай, бөлін жібергеніне респжиді.

«Қане, тартшы сол күйінді! Тыңдайық... Егер күйің ұнаса – сенікі жөн, ұнамаса – тобелестің көкесін сонда көресің!» – деп мәрт мінезді мерген өз кесімін айтады.

Сол арада күй шертіледі. Күй құдіретінің ғажайып қуаты табиғатынан қаталдыққа бейім, аңғал мінез мергеннің жан дүниесіне ерекше бір жылы әсер қалдырыпты.

Мерген күйші жігіттен кешірім сұрап, екіншіде аққуды атнасқа серт береді. Сөйтін, мерген мен домбыраны жігіт дос болып өтіпті...

Міне, «Аққу күйінін» туу тарихы осылай...

- Алтекең нағыз өнер адамы екен-ау. – Оқана отырған скеу ақырын әңгімеге кірісті. – Бұрын қайда істегенін білмейсің бе? Қазір зейнеткер ғой?

- Иә, қазір зейнеткер. Сен бұл кісіні қалайша білмейсің? Бұл кісі Алтынбек Досмағамбетов деген ағай емес пе? Көп жыл бойы сауда саласында қызмет істеген...

- Сауда орнында дейсің бе?

- Иә, сауда орнында. Қарағанды, Ақшағау, Никольск қалаларында. Ақтоғай, Жаңаарқа аудандарында қызмет атқарған. Құрметті демалысқа шығар алдында Саяқ кентіндегі тұтынушылар қоғамының бастығы болды. Жалпы, сауда орнында қырық жылға жуық мүлтіксіз жауапты қызмет атқарған адам.

- Япыр-ай, ә! Осындай өнерпаз адамның сауда саласында істеді дегенге, тіпті, сену қиын.

- Міне, мәселе сонда ғой. Өнер деген нағыз саф алтынның сынығын тот басуы мүмкін бе?! Алтекең тек күй шығарумен ғана айналыспайды, өлең де жазады, ән де шығарады.

Олеңдерінің көпшілігі газет-журналдар беттерінде жарық көріп жүр.

Бұл кісі Ұлы Отан соғысына да қатысқан. Жеті жылдай уақыт әскер қатарында болып оралған Алтекеңнің «Досыма», «Қайран шешем», «Құрбыжан», «Сағыныш» атты күйлері еліне, туған жеріне деген сондай ыстық махаббаттан туған болса керек.

Қазір өзің де тыңдайсың. Алтекең күйлерін тартып болған соң өлең айтуын сұраймыз...

Айтқандай-ақ. Алтекең өзінің жоғарыда аталғандармен қоса «Бөбегім», «Балықшылар күйі», «Жалғыз ишек» сияқты күйлерін орындап болған соң отырғандар ән салып беруін сұрады.

Бұдан соң әрбір олеңнің жазылу тарихын түсіндіре отырып, Алтекең тыңдаушысына берер тамаша әсерімен, мазмұны құнды «Жетім қыз», «Көкжорға», «Қыз зары» әндерін нақышына келтіре қоңыр дауыспен орындап берді.

Нағыз өнерді тапшы, өнер шеберлерін қастерлей білетін өнерсүйгіш халқымыз осындай жандарды құрмет тұтады. Біржанды – «Сал» деп, Ақанды – «Сері» деп еркелеткен халқымыз қазір де осындай Алтынбек Досмағамбетов сынды дарын иелерін биік мәреге көтереді десек, қазір Балқаш қаласының жанындағы Қоңырағ поселкесінде тұратын Алтекеңді сол төңіректің адамдары түгел білуі осы сөзімнің айғағы. Жетпіске қарай қадам басса да халық өнерін дәріптеуге өзінше үлес қосып жүрген шертпе күйдің шебері Алтекеңді елуді жаңа ғана еңсерген деп ойлар едіңіз. Мүмкін, оны жасартып көрсететін де халқымыз қастерлеген күй құдіреті болар.

Осындай ел ішіндегі алтын кеніш - өнер шеберлерін баспасөз бетінде дәріптеп, олардың туындыларын қағаз бетіне түсірсе игілікті іс болар еді.

ЕСКЕРТУ: Бұл мақала 1980 жылы жазылып, газетке бастырайын деп отырғанымда Алтекең пағаным жол апатынан қаза тапты да, тартпамда қалып қойған еді. Содан сақтаулы тұрған осы қолжазбаны жариялаудың сәті енді түсіп отыр ғой деп ойлаймын.

## ҚАЙЫСПАҒАН ҚАРТ САРБАЗ



Ұлы Отан соғысының ардагері, қаламыздың және Шет. Жаңаарқа аудандарының Құрметті азаматы Кәмәли Жұмағайұлы Дүйсембеков жуырда тағы бір қуанышқа кеспелді. Украинаның үшінші дәрежелі «Мужество» орденіне ие болды. Ағамыз әлі тың. Сексеннің жетеуіне қарағанымен әлі қайратты. Сонау өткен күннің елестерін әлі есінен шығара қоймаған. Сол қалпында әңгімелеп отыр.

Соғыс басталған кезде оң алтыдағы бозбала шағы екен. Бірақ ол кезде бозбалалық құру қайда. Тапшың атысы, күннің батысы жұмыста. Сөйтін жүрген кезде «соғыс» деген сұмдық сөз лезде тарап кетті. Елдің берекесі қашқан. Ер азаматтарды майданға аттандыра бастайды. Кімнің болсын оң мен түстің арасында жүрген шағы. Ол кезде қаладағы № 1 кірпіш зауытында әкесі мен ағасы жұмыс істейтін. Соларға еріп бұл да келген. Ол кезде қолынан келген жұмысы ат айдаушы болды. Былай қарағанда жеңіл жұмыс сияқты. Бірақ ол жеңіл жұмыс емес еді. Пештен күйдіріліп шыққан, алақанды қаритын ыстық кірпішті екі ат жегілген вагонетканың ішіне жағалай қолмен қалайды.



Оған екі мыңдай кірпіш сияды. Аяқта қайбір киім болсын, пештен ұшып түскен шокты басып кетіп, табанын да сан рет күйдіріп алды. Вагонетка толған соң 1-2 шықырым жерге апарады. Ағасы және басқа кісілер жерден топырақ қазады. Соны артып зауытқа әкеледі. Бұл ат айдаушымын деп қарап тұрмайды. Жұмысшылармен бірге жүріп, солар сияқты жұмыс істейді. Бұл вагондарға біреу ие болады. Ақшаны солар алады да, бұларға тиесіні бөліп береді. Кейде олардың бермей кететін уақыттары да болады. Көң ұзамай ағасын майданға аттаңдырады. Үйде шешесімен екеуі ғана қалады. Әкесі болса, осы зауытта жұмыс істеп жүріп 1938 жылы науқастанып қайтыс болған еді.

Сондай жұмыстан шаршап жүрген кезінде бір кісі аудандық қаржы инспекциясына салық жинаушының көмекшісі керек екендігін айтады. Аудандық инспекцияның бастығы Хабибуллин деген кісі екен, барып жолықса, қарсы болмайды, қабылдайды. Енді қолында 6-класс бітірді деген табельден басқа ештеңесі жоқ Кәмали құжат жинауға кіріседі. Кәмалидың туған жері 7-ші ауылға қарайды. Ол кезде бұл ауыл орталығы қазіргі «Сарыарқа» әуежайының орнында болатын. Таңертең жаяу шығып, колхоз орталығына түске қарай жетеді. Өйткені ауыл кеңестің тіркеу кітабы сонда екен.

Кеңсеге келсе, ешкім жоқ. Бұл кеш батқанша күтеді. Кешке жақын екі аттылы кісі кеңсеге келеді. Олардың бірі – Әбіл, екіншісі – Біләл екен. Бұларды Кәмали аздап шырамытады да, өзінің аты-жөнін айтады. Құжат алу үшін анықтама қағаз керек екендігін түсіндіреді. Әбіл: «Ертең кел», - дейді. Оған Біләл: «Жоқ, Әбіл, қағазын жазып бер. Өзіміздің Дүйсенбектің Жұматайының баласы екен», - дейді. Сөйтіп, керек қағазын алып, кейін қайтады. Айтпақшы, жолға құйып алған айранының жартысын ішіп, қалғанын шөлмегімен осы ауылға жете бере тығып кетеді. Қайтар жолда сол ай-

ранды тауып ішін, жүрегін жалғайды. Бұл кезде кеш батып кеткен. Түшнің бір уағында үйіне жетеді. Қайда кеткенінен бейхабар шешесі мұны көріп: «Осы уақытқа дейін қайда жүрсің», - деп ұрса бастайды. Бұл болса: «Балалармен ойнап жүріп қалдым», - дей салады.

Ертеңіне Михайловкадағы паспорт столына барып, әлгі анықтама бойынша үш айлық уақытына толқұжат алады. Толқұжатты жазып беріп тұрып, бұған әскерге шақырылушылардың (допризывник) есебіне қояды. Толқұжатпен Целин аудандық қаржы инспекциясына барып, салық жинаушының көмекшісі болып қызметке кіреді. Содан тура үш ай өткен соң әскери комиссариатқа шақырады. Бұлардың еңбек армиясына баратындығын хабарлайды. «Маржанқол аулына мал бағуға барасың», - дейді бұған. Бұл: «Бармаймын», - дейді. «Онда шахтаға жер астына жұмысқа кетесің», - дейді бұған. Бұл: «Бармаймын», - дейді. «Еңдеше соғысқа кетесің», - дейді бұған. Бұл сонда: «Барамын», - дейді. Содан бірнеше күннен соң әскерге алады.

Әскерге аттанған күні тура кешегідей көз алдында.

- Елдің барлығы жылап-сықтап жақындарын шығарып салып жатыр. Он екі баланы, ішінде үш-төрт орыс баласы бар, ағаш вагонға отырғызды. Шығарып салуға шешем келген, бір кезде кетіп қалды ғой десем, шешем қайтпапты. Ел у-шу болды. Бір әйел рельске барып, поезды жүргізбей рельске жатып алыпты. Сөйтсем, бұл әйел менің шешем екен, - деп еске алады бүгінде Кәмекең.

Барлығын бірнеше күн жүріп Мәскеудің Ногинский ауданына алып барады. Мұндай ірі қаланы біріңгірет қорулері, Жан-жақтарына қарап таң болады. Аспанда теңкиіп-теңкиіп дирижабльдер қаптап тұр. Анда-санда бомбаның жарылған гүрсілі естіледі. Сол жерде қазармаға орналастырып, бірнеше күн жаттықтырған соң Вологдаға қарай 111 дивизияның құрамында алып жүреді. Солдаттардың киімін бере бастайды. Бұлар өлген солдаттардың гимнастеркасы мен шинелі екен. Кәмекеңнің бойының кішкентай болғандығы сондай

– ең кіші үшінші өлшемді шинельдің өзі сүйретіліп жатады. Сол кезде жаттығу кезінде «Иыққа!» деген кезде винтовканы бір қолмен иыққа апару керек болса, жас жігіттің бір қолының қауқары жетпегендіктен екі қолымен иығына салады екен.

Бұлар мінген эшолон Сталинградқа бет алады. Бұл кезде жау «Күн көсем қаласына» төніп тұрған. Жаңа келгендерді қаланың оңтүстік-шығыс жағына орналастырады. Бұл 1942 жылдың желтоқсан айы болатын. Бомба мен оқ, снаряд жаңбырша жауды деп айтсақ, асыра сілтеген емес. Бір толас тапшайды. Ілгіт, бас көтертпейді. Күн сайын бірнеше жүздеген самолет үстерінен ерсілі-қарсылы ұшып өтеді. Бір күні қалың қар жауып, қатты боран болады. Өздері тоңып отырса да, жауынгерлер мұндай сәтті ұнағанды екен. Өйткені, жердің барлығы ашпақ болып тұрғанда жау бомбардировщиктері нысанаға дәл түсіре алмайды.

Бұл кезде Мамаев қорғаны мен темір жол станциясы жаудың қолында. Сталиннің атақты «Ни шагу назад!» деген атақты бұйрығы да осы кезде шыққан екен. Бір күні «темір жол станциясы біздің қолда» деген хабар жетеді. Сол күннен бастап Қызыл әскерлер күшіне еніп, қаланың бағысынан төніп тұрған фашистерге қарсы көтеріледі. Әрине, қарсылық күшті болады.

- Бір күні таңғы төрттің кезінде Котельников деген станцияға келдік. Жау қалың ұйқыда екен. Шабуылға бұйрық берілді. Немістер қаруларын алып та ұлгерген жоқ. Көйлек-дамбалдары ағараңдап, қашып бара жатқандарын көрдік. Бізде мол сенім, күш-қайрат пайда боды, - деп еске алады Кәмекең.

Донның бойына келеді. Әр шақырым жер үшін жаумен шайқаса отырып Пролетарский, Царский станицаларын азат етеді. Бұл уақытта оларға да қосымша күш келіп, бұлар да басқаларға көмекке барып, жауды ығыстыра бастаған болатын.

Дон өзеніне келіп жетеді. Ағысы қатты екен. Соған карамастан кешіп өте бастайды. Көптеген адам суға батып кетеді. Бұлар аман-есен келесі бетке шығады. Адамның төзімділігіне таң қалады Кәмекең. Бір мектенге келеді. Бәрі нықтарын тіреп, қатар-қатар тұра қалады. Үетінің суы көп уақыт отпей-ақ кеуіп шығады. Новочеркасск, Аксайды босатады. Біресе – жаудың қолына өтіп, біресе - Қызыл әскерлер жеңіп, ақырында Дондағы Ростовты босатады.

1944 жылдың қаңтар айында Донбастың маңындағы Кіші және Үлкен Лепетиха қалалары үшін қатты соғыс болады

4-ші украин майданы, 13-і корпус, 24-і гвардиялық дивизия құрамында Қырымды, Перекоп, Чапльыки қалаларын азат етеді. Әсіресе Турецкий вал аталған үлкен жырадан оту күшке түседі. Оның ұзындығы бірнеше ондаған шақырым, ені 20-30 метр, тереңдігі 4-5 метр. Қызыл әскерлердің келегін жағы тап-тақыр, ар жағында жау әскері. Бұдан өту үшін айла қолдануға кіріседі. Ол үшін әрбір солдаттың екідеп адамға үкесі қуыршақ жасауы керек. Обдеп дайын болған кезде түн ортасы кезінде шабуылға шыққандай жалпап әрекет жасап, жаңағы қуыршақтарды қозғай бастайды. Алыстан карағанда жүріп келе жатқан адам сияқты болып көрінеді. Сол кезде немістер жағы ата бастайды. Бұл түнгі кезде жақсы көрінеді де, біздің әскер артиллериялық дайындықты бастап кеп жібереді. Екі сағат артиллериядан атқылағанда олардың орны ғана қалады. Сол кезде бұлар шып шабуылға шығады.

Қырғын соғыстың басынан аяғына дейін аман-сау жүрудің өзі ерлікпен тең. Үш мыңға жуық шақырым жерді жаяу жүріп, көптеген үлкенді-кішілі өзендерді кешіп өтіп, Украинаның үлкенді-кішілі қалаларын, көптеген елді мекендерін азат етуге қатысқан. Қырымға келген соң да бұл жердегі көптеген қалаларды босатуда жанқиярлықпен

шайқасады. Жаумен шайқаста әбден ысыған оны тапкіге қарсы ататын мылтықпен қаруландырады. Евнатория қаласын азат еткені үшін бұлардың дивизиясына Евнатория атындағы 24-ші гвардиялық дивизия атағын береді.

Қырымды азат ету кезінде ешкімді тұтқыға алмауға, жаппай атып тастауға бұйрық беріледі. Бірақ бұлардың шабуылшы отряды тек қарсылық көрсеткендерді ғана болмаса, басқаларға қайырымдылық жасаған екен.

Бұған дейін бірнеше рет жеңіл жарақат алған ол Пузанов қаласы үшін ұрыста оң жақ иығынан ауыр жарақатталады. Алдымен дала госпиталында емделеді, одан соң бірнеше қалалар арқылы Иркутск қаласына жеткізіледі. Осында 5-6 ай емделген соң 1944 жылдың қыркүйек айында туған елге мүлде оралады.


Сұрашы соғыс жүрін жатқан 1943 жылы партия қатарына өткен Кәмекең соғысқа кетер алдында өзі жұмысшы болған бірінші кірпіш зауытында директор, Қарсақбай қалалық, Жезқазған, Ворошилов аудандық партия комитеттерінде қызмет атқарып, Алматы партия мектебінде тыңдаушы болады. Оны бітіріп келген соң Жанаарқа және Шет аудандарында 29 жыл бойы партия, совет қызметтерін атқарады. Кейінгі жылдары зейнеткерлікке шыққанға дейін Жезқазған облыстық баспа ісі жөніндегі басқармада басшылық лауазымдарда болады.

Бұрын алған екі дәрежелі «Ұлы Отан соғысы», бір екінші дәрежелі және екі үшінші дәрежелі «Данқ» ордендері мен бірнеше медальға қоса кейін Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің әрбір мерейтойындағы медальдармен марапатталған. Одан соң бейбіт еңбектегі жетістіктері үшін «Октябрь революциясы», «Еңбек қызыл ту», «Құрмет белгісі» ордендерін омырауына қадады. Биылғы жылы да Кәмекең үшін қуанышты жыл болды. Енді ол кісі Украинаның «Мужество» орденін жарқыратып тағатын болды.

Осындай ардақты ағаға алған марапаттары құтты болсын, денсаулығы мықты болсын деп тілек айтамыз.

**2010 ж.**

## АРТЫНДА ҰРПАҒЫ БАР



Мәкет аға менің үлкен әкемнің ағасы Кеңжетайдың баласы. Есімді алдыр-бұлдыр білетін шағым. Анам жаздығүні маса, шыбын-шіркей шақнасын деп басында күләнарасы бар жұқа сулық кигізін қояды. Мәкет аға есіктің алдынан өткенде «Осы саған-ақ күнде жауын болады екен» деп күлін, басымнан сыйнайды екен. Анам болса «Мәкет ағаны «Ақке» деп айт» деп үйрететіні есімде қалыпты.

Сол кісі қайтыс болғанда бүкіл ауыл адамдарының жылағаны әлі күнге дейін алдыр-бұлдыр есіме оралады.

Ақкемнің Нәкіжан деген жалғыз қарындасы қазір Қызыларай аулында тұрады. Сол кісі былай деп еске алады:

– Ата-анадан екі-ақ бала болдық. Анам көп бала туған екен, бірақ солардың барлығын қара жер жалмаған екен.

Ұлы Отан соғысына қатысқан ағам Мәкет 1912 жылы туған еді. Қазір менің өзім 75 жасқа келдім. Сонда да ағамның бейнесі күні кешегідей көз алдымда. Ұлы Жеңістің 60 жылдығы жақындаған сайын сол қиын-қыстау кезең көз алдыма жаңғырып келе береді.

Ағайым Қарқаралыдан 8 кластық білім алды. Осы аз біліммен сол уақыттың сауаттысы еді. Үмырының қысқа болатындығынан ба, алғыр, халықпен жылдам тіл табысатын қабілетті болды. Марқұм ат жалын ерте тартып мінді. Жас болса да бас болды. «Қызылжар» колхозында ауылдық Кеңес хатшысы, одан соң басқарма болды. 1940 жылдан 1942 жылға дейін Кызыларайда ауылдық Кеңестің торағасы болып, ауданға тұтынушылар қоғамына қызметке ауысты. Өскерден тұтыну одағының бронімен біраз уақыт қалып жүрді. Ақыры қарғыс атқыр қанкүйлі соғыстың зардабы біздің отбасымызға да тимей қалған жоқ. 1943 жылдың 18 мамыры күні біздің ауылдан бес адам аттанды. Үйде әке-шешем, жеңгем, ағамнан туған екі айлық бала Рымхан қалдық. Үйдің сұрқы кетіп, жылау-сықтау, күрсіну... Өйткені, бұл кезде елге, әр үйге «қара қағаз» келіп, ойранып салып жатты. Біздің үйде де үрей, қорқыныш үдей түсті.

Содан 1945 жылдың 24 қыркүйегі күні ағам қайта оралды. Сол күнгі қуанышта шек жоқ, «ақ түйенің қарны жарылып», сол уақыттың бар мәзірі дастарқанға салынған той болды.

Бірнеше ай хат-хабарсыз кеткен еді. Сол кезде аяғына, кеудесіне оқ тиіп, жараланған екен. Екі бұғанасын алызып тастапты.

Шамалыдан соң Буденный атындағы колхозға басқарма болды. Сол елде 7 жылдай болдық. Бірақ соғыс салған жара сыр бере бастады. Содан «Қызылжар» колхозына басқарма болып ауысты. Ақыры ауруы мендел, 1952 жылы қоңыр күзде қайтыс болды.

Бір дәтке қуат ететініміз – артында ұрпағы қалды. Өкесі соғысқа аттанғанда қалған екі айлық бала Рымхан қазір пайғамбар жасынан асты. Ұлын – ұяға, қызын – қияға қондырды дегендей. Сол Рымханның 6 баласынан қазір

ағамның 11 небересі бар. Алладан ендігі тілейтінім – сол Рымханның, оның балалары Жұмаханның, Әділханның, Зәурештің, Ардақтың, Гүлімнің, Меруерттің амандықтары. Ендігі ұрпақ соғыс дегенді тек кинодан ғана көріп, аспаңдары ашық, өмірлері жарқын болса екен деп тілеймін...

Міне, қарт ананың осы тілегі қабыл болсын дейміз.

**2005 жыл.**



## ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫ ЖАУЫНГЕРЛЕР



Өмірде талай оқиғалар бола береді. Тағдыры қыл үстінде тұрған сәтте танысып, өмір бойы бірге өткен адамдар да бар. Қазір бакилық болғанымен бұрын облысымызда тұрған, қызмет атқарған, ұлағатты өмірлерімен кейінгі жастарға үлгі болған сондай адамдар ерлі-зайыпты Шакар Төлеубайұлы мен Рахима Жанқұлқызы Көшімбаевтар еді. Бірі танк батальонының командирі, екіншісі әскери дәрігер болған олар Польша жеріндегі қанды қырғын кезінде, майдан даласында танысқан екен. Бұл адамдар туралы очерк кітапқа да енді. (Ермағамбет Лұқпанов, Мағауия Сембаев «Жауынгер қыздар» - «Боевые подруги». Қарағанды, 1995 ж.).

Шакар Төлеубайұлы 1916 жылы бұрынғы Ку ауданында (кейін Егіндібұлақ ауданы болды, қазір Қарқаралы ауданының құрамында) туған екен. Ол кездегі балалардың еңбекпен ерте есейгені мәлім. Шәкең де 1935 жылы еңбек жолын округтік комсомол комитетінде бастаған екен. Содан 1937 жылы Қызыл әскер қатарына алынып, бір жылдан соң Қиыр Шығыста Хасан және Халкин-Голь көлінің маңында жапон басқыншыларына қарсы күреседі.

Ұлы Отан соғысы басталған шақта оны Батыс майданға аттандырып, енді ол неміс-фашистеріне қарсы соғысқа кіреді. Содан ол қанқұйлы жаудан туған жерін қорғай отырып қатардағы жауынгерден гвардия майоры дәрежесіне дейін көтеріледі. Атақты Ленин орденді Кантемиров танк дивизиясындағы бір танк батальонына командирлік етіпті. 1943 жылы М.Фрунзе атындағы Әскери Академияның қысқартылған курсының тыңдаушысы болады.

Шегіне бастаған жауды танк корпусы да өкшелеп қуа түседі. Темір құрсаудың ішінде отырғанмен шынжыр табанды тажалдардың шайқасы оңай болмайды. Оның үстіне жау да оліспей беріспеуге бекінген. Көмейінен от бүркіп, олім шашқан алыптар жер бетін дірілдетіп, аспан астын жаңғыртып жібереді. Мұндай сәтте қарсы келіп қалған жау тажалына қасқая қарсы тұру да оңай болмайды. Батальон командирі жүректі болып, өзі қарсы тұрып, басқаларды бастай білуі, ұрысты дұрыс ұйымдастыруы керек. Мұндай сәттер Шәкең өмірінде сан мәрте қайталанғаны сөзсіз. Төрт рет жарақаттануы соның куәсіндей. Көретін қызығының көп болғандығынан да шығар соның бәрінен де аман қалған екен. Танктеріне немістің снаряды тиіп, жана бастаған уақыты да болған.

Денсаулығына байланысты 1946 жылы маусым айында әскер қатарынан запасқа шығып, туған елге орала-

ды. Қарағандыда екі жыл облыстық партия комитетінің ұйымдық-нұсқаушылық бөлімінде нұсқаушы болып қызмет атқарады. Содан, яғни, 1948 жылдың қараша айынан 1980 жылдың маусым айында құрметті демалысқа шыққанға дейін кәсіптік білім беру саласында еңбек етті. Ульянов ауданына қарасты Свердлов атындағы совхозда (қазіргі Бұқар жырау ауданындағы Көкпекті ауылы) №28 селолық кәсіптік-техникалық училищеде жиырма жылдан астам уақыт бойы директорлық қызмет атқарды. Жас ұрпақ жанына білім пәрін күйды, оларды механизатортыққа және басқа да ауыл шаруашылығы мамандығына үйретіп, адамгершілігі мол азамат болуға тәрбиеледі.

Ол кісі майдандағы ерлігі үшін екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, екі мәрте «Қызыл жұлдыз» орденімен, оннан астам медальдармен марапатталған. Ондай наградларына кейіннен «Еңбектегі ерлігі үшін», «Тың көтергені үшін» сияқты бейбіт өмірдегі марапаттары қосылды. «Кәсіптік-техникалық білім беру ісінің үздігі» құрметті атағына ие болды. Ауыл шаруашылығы үшін кадрлар даярлаудағы алға қойған міндеттерді абыроймен жүзеге асырғаны үшін Қазақ КСР-нің «Алтын Құрмет» кітабына есімі жазылды. Екі рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасын алған. Ол кісінің елге аман-есен оралған соң үйленген жан жары, өмірлік қосағы, медицина қызметінің капитаны Рахима Жанкүлқызы еді. Рахима шешей 1921 жылы туған. Орта мектептен соң Алматы медицина институтын 1942 жылы бітіреді. Бір жыл қызмет істеген соң Фрунзе әскери комиссариаты арқылы майданға алынады. Мәскеу қаласында қысқа мерзімдік жас жауынгер курсынан өтеді де, Бірінші Украина майданындағы эвакуациялық госпитальға дәрігер етіп жібереді. Содан бастап майдан даласындағы Курск, Белгород, Дембина, Краков, Глейвиц жолымен жүріп өтеді.

Берлинге негүрлым тақаған сайын Рахима дәрігер болып жүрген дала госпиталі де жау соңына түскен әскерлердің ізінен қалмай отырды. Бұл кезде олардың жолы гвардиялық Қызыл тулы Ленин орденді Кантемиров танк дивизиясымен қатар жатқан еді. Кейде бір болмашы нәрсенің өзі үлкен оқиғаның себепкері болатышы бар. Соғыстың толас ташқан бір сәтінде госпитальға кірген генерал Сүлейманов сөз арасында мұның қазақ екенін біліп, қазақ майоры Шакар Кошкімбаев деген жерлесімен таныстырған. Сол таныстық соғыс аяқтатқан соң да бүкіл тұмыр бойы жалғасты. Отты жылдардың қиындығы мен шыңдалған жастар соғыс бітіп, елге аман-есен оралған соң шаңырақ көтерген еді. Қиынқыстау кезеңдерде мұндай ой саналарына кірген де жоқ. (Ол кезде саналарында сұм соғыстың ажал сенкен оғынан аман қаламыз ба деген ой ғана болатын). Қанша дегенмен де соғыс ойыншық емес. Жеңіс туралы қуанышты хабар Дрезден қаласында тұрғанда қалықтан ұшып жетіпті. Сол күнгі қуанышты өмір бойы ұмытпаған скен.

- Мамам соғыс жылдарын еске алғанды онша ұната қоймайтын. Бірақ, өтінген сәтімізде аздап қана айтып беретін. «Сұм соғысты несіне еске аласындар. Соғыстың аты өшсін. Ондай ғаламат енді қайталанбаса скен. Сендер оны көрмей-ақ қойындар» деп отыратын, – деп еске алады қызы, анасының жолын қуып, көп жыл медицина саласында қызмет атқарған, қазіргі құрметті демалыстағы Римма Шәкарқызы.

Рахима шешей соғыстан соң облыстық клиникалық ауруханада қызмет атқарған. Клиникалық ординатураны бітіреді. Одан соң көп жыл сол кездегі Свердлов совхозында тұрып, учаскелік аурухананың бас дәрігері болады. Соғыс жылдарында екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, бірнеше медальдармен наградталған. Одан соң бейбіт еңбек кезіндегі

наградалары да толып жагыр. Денсаулық сақтау ісінің үздігі атағын алған. Бірнеше рет Ульянов аудандық Кеңесіне депутат болып сайланған. Ол кісі өзінің майдап жолымен жүріп өткен етігін және койлегін, құтысы мен шапынқысын өмір бойы қастерлеп, сандық түбінде сақтаған екен. Кейде алып шығып, сол күндерді еске түсіреді.

Ұлы Отан соғысының ардагерлері Шакар ағай мен Рахима апайды білетіндер әлі күнге дейін ұмытпай, ол кісілердің адамгершілік асқақ қасиеттерін айтып отырады. Ол кісілерді ауылдастары зор құрмет тұтқан. Міне кешегі күні қан кешкен, кейіннен бейбіт еңбекте ел игілігі үшін еңбек еткен осындай ардагерлеріміздің өзі жоқ болғанымен артында қалған ұрпақтары, олардың көзін көрген адамдар бар. Сондықтан да, олар Ұлы Жеңістің 60 жылдығына орай марқұмдарды тағы бір еске алып, олардың аруағына дұға бағыштайды. Оларды ардақ тұғып, мақтан етеді. Шып мәнінде олар мақтан тұтуға лайықты жандар ғой.

**СУРЕТТЕ:** Польша жерінде танысқан қыз бен жігіт, кейін ерлі-зайыпты Шәкар және Рахима КӨШКІМБАЕВТАР.

**2010 ж.**

## БАТЫЛ БАРЛАУШЫ



Бұл күнде өзі жоқ болғанымен артында ошпес із қалдырған талай ардагерлердің өмір сүргені аян. Солардың бірі. Қалманбай Қошімбаев марқұм еді.

Кокшетау облысына қарасты Степняк қаласында (қазір Ақмола облысында) дүниеге келген екен. Ауыл балалары сияқты ат жалын тартып мінгеннен бастап колхоз жұмысына аралсады. Кейін, яғни 1936 жылы Қазақ педагогикалық институтын тарих-география мамандығы бойынша бітіреді.

Әскерге Балқаш қаласындағы №2 қазақ орта мектебінде директор болып істеп жүрген кезінде, соғыс басталардан бұрын аттанып, барлаушылар отрядында болған. Ұрыстың алғашқы күнінен бастап майдан даласында қан кешеді. Майдан даласында сан рет қауіп-қатерге бастарын тігіп, бораған оқтың астынан «тіл» әкеліп жүреді.

Бір жолы барлаушылар сым қоршаудың жанына жақын келіп орналасады. Олар бұл екі шақырымдай жерге жер бауырлай еңбектеп отырып жетеді. Бұған дейін олар жаудың

бекінісін күндіз-түні бақылаған болатын. Ату орнын, гитлершілердің көрінегін жерлерін анықтап қойған. Қар үстінде жатып өздерінің жақындайтын жолдарын белгілеген. Бөлімше командирі, аға лейтенант Рожнов бақылауға өзі басқару жүргізіп, жау бекінісіне кезекті шабуылдың жоспарын өзі жасаған болатын.

Жауынгерлерді жанына жинап алып, тансырманьщ жауаптылығын, өте абай кимылдау қажеттігін, бірақ жылдам әрекет ету керектігін қатты ескертті.

Немістердің ДЗОТ-ына ең бірінші болып Қалмапбай Көшімбаев жақындады. Парторг Көшімбаев осы жолы да батылдығы мен жаужүректігін көрсетті. Фашистердің аянына жақындаған сәтте ол граната лақтырды. Ыңырсыған және айқайлаған дауыстар естілді. Жанындағы ДЗОТ-тан барлаушыларға жау пулеметінің оғы борап кетті. Көшімбаев оған да граната лақтырып үлгерді. Барлаушы нысанаға дәл түсірген екен – жау пулеметінің үні өшті.

Көшімбаевтың артында еңбектеп келе жатқан басқа да барлаушылар алға ұмтылды. Бірнеше минуттан соң олар бір ДЗОТ-тан екіншісіне қарай еңбектеп жетіп қалған бір фашисті байқайды.

– Тірідей ұстаймыз! - деп айқай салады Көшімбаев.

Қызыл әскер Мырзахметов жыраға секіріп түсті. Неміс штыгымен жасқап, одан әрі жылжи берді. Сол кезде жыраға секіріп түскен Көшімбаев оны автоматтың дүмімен басынан соғып, есінен тандырды да, аузына қолғабын тығындады. Сөйтіп, қос жауынгер бөлімшеге «тіл» алып оралды.

Оның батыл барлаушы болғандығын айғақтайтын материалдар сарғайған қағаз беттерінде сақталыпты. Фото суреттер альбомының бір бетінде газеттің екі кесіндісі жапсырылған екен. Оның жоғарғы жағындағысында былай деп жазылған: «Әскери кеңестің бұйрығы. 7 қараша 1942 жыл. Қимыл

үстіндегі армия. Майданда неміс басқыншыларымен күрескені және ерлік көрсеткені, командованиенің әскери тапсырмасын үлгілі орындағаны үшін КСР Одағы Жоғарғы Кеңесі президиумының атынан Әскери кеңес мұналарды марапаттайды:

Қызыл Ту орденімен

– Сержант Көшімбаев Қалманбай.

– Қызыл әскер Мырзахметов Спатай.

Әскери кеңес».

Осы ерлік туралы майдандық газеттің 1943 жылғы Жаңа жылдық санында арнау олең басылығты. Соның бір шумағы Қалекенге арналады:

– Мы язык немецкий знаем.

Он для нас весьма знаком.

За ночь храбрый Кошумбаев.

Овладел их «языком». - деп жырлайды А.Сотников деген ақын.

Соғыстан оралған соң Балқаш қаласындағы №2 мектепте директорлық қызметін қайта жалғастырады. Сол қызметте 60-шы жылдардың аяғына дейін, зейнеткерлікке шыққанша еңбек етеді.

Альбомның енді бір бетіне оқушысының ескерткіші жапсырылыпты. Онда былай деп жазылған: «...Бұл уақыт адам баласының өміріне күн орнына түн орнатқысы келген, 1941 жыл мен 1945 жылдың арасындағы фашизмнің жан тәсілім бергенге дейінгі арпалыса соғысқан тарихи кезеңі еді. Мінеки, осының салдарынан ойлаған ой, алға қойған мақсат жайына қалып, жас та болсам колхозда еңбекке араласып, балықшы болып істеп, снаряд орнына неміс фашизміне балықты төбесінен ұруға атсалыстым... – деп соң оқушы өзінің жоғары оқу орнына түсіп, өмірден өз орнын тапқысы келетіндігін жаза келіп: - Менің өмірге құлаш ұрып, өмірге



жол ашуыма аянбай еңбек етіп, саналы білім, саналы тәрбие бергеніңіз үшін сізге көптен-көп рахмет айтам.

Ескерткіш берілді мектеп директоры Қосымбаев Қалекене.

Жазған өз оқушыңыз Сүйменбаев Мұқажан.

5 шілде 1949 жылы» деп аяқтаған екен.

Бұл жолдардан мектеп директоры болған, ұстазы Қалманбайға деген шәкіртінің шынайы сезімін байқаймыз.


Ол кісі 1951-1954 жылдар аралығында Өспен аулындағы орта мектеп де директоры болып, зейнеткерлікке шыққан соң да біраз жыл мұғалімдік қызмет атқарған.

Өмірін педагогикалық қызметте өткізген, зейнеткерлікке шыққан соң Қарағанды қаласында тұрып, 1979 жылы 76 жасында дүниеден өткен. Қалекеннің ұрпақтары әр түрлі салада еңбек етіп жағыр. Үлкен ұлы Ерғұлан Қарағанды политехникалық институтын бітіріп, көп жыл Жезқазған қаласында «Сельхозтехника» бірлестігінде қызмет атқарды. Екінші ұлы Марғұлан Мәскеудің халық шаруашылығы институтында экономика ғылымдарының кандидаты атағы үшін диссертацияны абыроймен қорғап, көп жыл Қарағанды экономикалық университетінде, одан соң Қарағандының маңызды білім беретін «Болашақ» институтында доцент болды, Қазақстан-Ресей университетінде істеп жүргенде профессор атағын алды. Мағауия Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Қарағанды облыстық филиалын басқарды. Бұлар қазір бақилық болған. Қыздары Мағираш та жоғары білімді экономист. Қарағанды қаласында тұрады.

Батыл барлаушы болған ұстаз Қалекеннің немерешөберелері өсіп жатыр. Олар өз аталарын мақтап тұғады.

**2012 ж.**

## АҒАНЫҢ АСҚАҚ АРМАНЫ



Өркімнің өз арманы бар. Сол арманға жету жолында өзінің жүріп өтер жолы бар. Адамның талайына жазылған тағдыр бойынша өркімге әр түрлі жол бұйырады. Сондай жолдың түзуімен де, бұралаңымен де жүріп өткен ағаларымыздың бірі қазір Жаңа Майкүдықта тұратын Мүбәрак ағамыз.

Бала арманшыл болады. Сол арманға жетуді алдына мақсат етіп қояды. Қазіргі Доскей ауылында туып-өскен Мүбәрак та оқып, шахталары ширыға жұмыс істеп жатқан Қарағандыда ел қатарлы қызмет атқаруды ойлап, қаладағы Киров атындағы мектептің сегізінші класын бітірген соң кен техникумына түседі. Бірақ қашан да ойлаған істің жүзеге аса бермейтіні бар ғой. Аяқ астынан қарғыс атқыр соғыс басталып, 1942 жылдың маусым айында екінші курста оқып жүрген кезінде әскерге алып кетеді. Сұм соғысқа лағнет айтқан бір топ жаспен бірге бұл да аттанады. Бұларды Петропавл қаласына әкеліп, соғыс басталысымен Қазақстанға Ленинград түбінен көшіріліп әкелінген

Селешипск әскери авиация мектебінің авиамеханиктер даярлайтын бөліміне жібереді. Қаламыздың Құрметті азаматы, соғыс және еңбек ардагері Қали Аманбаевпен бірге аттанған ол осы оқу орнында қатар оқыған екен. Бұл шақты Мүкей:

– Бір жылдан соң оқуды бітірген Қалікенді соғысқа аттандырды, менің және бірталай бұрынғы курсантты тылға, әскери ұшқыштар даярлайтын Армавир мектебіне жіберді. – деп еске алады. – Майданға аттандыратын истребитель ұшқыштарын даярлайтын бұл мектепте авиамеханик болып істедім. Менің міндетім – бекітіліп берілген самолетті әрқашан түзу жағдайда ұстап, болашақ ұшқыштардың тапсырылған бағдарлама бойынша Як-7, Як-9 сияқты самолеттерде ұшуды үйрену үшін үнемі қалыпты жағдай жасау болады.

Бұл училище кейін Өзбекстанға ауыстырылды. Ол жақта күн ыстық. Сондықтан, ұшқыштар таңертең ерте сағат төртте тұрып, содан күн шыққанша ұшады. Әрбір курсантты кем дегенде 20-30 рет ұшырып үйретеді. Соларды ұшырып жіберген соң, ол аман-есен оралғанша жүректен-жүрек қалмайды. Ұшақтың бірдеңесі жөнделмей қалды ма, болмаса бірдеңесін қосуды ұмытып кеттім бе деп ойлап берекең кетеді. Қашан қонғанша іштей Құдайға сыйынып тұрамын. Әйтеуір менің таранымнан кемшілік бастаған, аса жылдам ұшатын самолеттер ғой, жерден көтерген кезде дөңгелектерін бауырына жинап алады да, қонар кезде қайтадан түсіреді. Ал, біздің курсанттар болса, кейде қонар кезде дөңгелектерді түсіруді ұмытып кетеді де, бауырымен келіп қонады. Болмаса жайлап қона алмай, жерге келіп топ ете қалады. Бұлардың барлығы апатты жағдай. Оның барлығында да самолет бүлінеді. Машина қанша бүлінсе де оны таңға ұшуға дейін дайын етіп қою қажет. Бұған қоса ұшып келген адамнан қандай қауау байқағанын сұрап.

оны ретке келтіреміз. Біз бұл міндеттерді жауапкершілікпен орындап отырдық.

Фашистік Германия талқандалған соң біздің бір топ авиамеханикті әуе қорғанысының жауынгерлік әскери бөлімшелеріне жөнелтті. Сөйтіп, Ұлы Жеңіске өзіндік ерекше үлес қосқан, соғыс жылдарында жау авиациясының көптеген самолеттерін жер жастандырған ондаған Кеңес Одағының Батырын шығарған 49-шы Гродненск истребительдік авиация полкінің авиамеханиктер қатарын толықтырдым.

Жаңа полкке келген соң американдық «Кобра», «Кипг-кобра», кеңестік «Як-3» сияқты самолеттердің материалдық бөлімімен танысып, олардың әскери тапсырмалар бойынша ұшу-жаттығуына қызмет көрсетуге тура келді. Бұдан соң көп ұзаған жоқ біздің Як-15, Як-17, МиГ-9 сияқты қос реактивті двигательді және күшейтілген қару-жарақты дыбыстан жылдам истребительдер келе бастады. Оларға да қызмет көрсетуді жылдам үйреніп алдық...

Мүкең әскер қатарынан 1950 жылдың наурыз айында босапты. Әуелде кәсіптік-техникалық білім беру саласында біраз қызмет істейді де, кейіннен партия органдарына ауысады. Осы салада да үзбей жиырма жыл қатарынан қызмет атқарған екен. Осы жылдар ішінде СОКП Орталық Комитеті жанындағы партия мектебін бітіріп, жоғары білімге де ие болады, жоғары беделге де қол жеткізеді.

Партиялық қызметті сол кездегі теміржол аудандық партия комитетінде нұсқаушылықтан бастайды. Кейін Октябрь (ол кезде Сталин) аудандық партия комитетіне ауысады да, шамалыдан соң ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болады. Осы уақыт ішінде Мүкең алты бірінші хатшымен қызметтес болған екен. Бір «қызығы» солардың ешқайсынан сөгіс не ескерту алып көрменгі. Қайта бірнеше мәрте аупартком бю-

росының мүшесі, халық депутаттары аудандық кеңесінің депутаты болып сайланған.

Мүкеңнің өміріндегі тағы бір кезең - шахтада істеген жылдары. 1979 жылы «Майқұдық» шахтасына басқаруды және еңбекті ұйымдастыру жөніндегі инженер болып барған екен. Сөйтін бала кезгі арманын жүзеге асырыпты. Жердің үстіндегі қызмет пен оның астындағы жұмыс бірдей емес. Бұл жерде Мүкеңнің соғыс басталған жылы кен техникумының екі курсын бітіруі пайдасын тигізді. Жер астындағы еңбекті тез арала игеріп кетті.

Содан ол кісі осы шахтада он сегіз жыл істеп, құрметті демалысқа шықты. Облыстық дәрежедегі дәрбес зейнеткер атанды. Мүкең зейнеткер атанғанымен де еңбектен қол үзбеді, тағы да бес-алты жыл еңбек етті. Одан соң да қарап отыра алмады, Октябрь аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы болды. Содан бергі уақыт ішінде облысымыздағы ардагерлер қозғалысының белсенді мүшесі. Кейінгі он бес жылға жуық уақыттан бері Октябрь аудандық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесі төрағасының орынбасары болып, қадірменді қариялардың мұң-мұқтажын жоқтау ісіне белсене араласып келеді. Қазір омырауына «Құрмет белгісі» орденін және оннан астам медальді жарқырата қадаған Мүбәрак Мұстафаұлы Құлтанов ағамызды сондықтан да Октябрь ауданының тұрғындары жақсы біледі, сыйлайды, құрмет тұтады.

Осындай сыйлы адамның бес баласының екеуі орта арнаулы, үшеуі жоғары білімді. Қазір Мүкең олардан он бір немере сүйіп, қызығын көруде. Соғыс жылдарындағы тыл еңбеккері санатындағы ағамыз бұл күнде сексен жастың сенгірінде. Соған қарамастан әлі де тың, үйде қарап отырып қалмай, қоғамдық жұмыстарға да шама-шарқынша араласып отырады. Октябрь ауданының мектеп оқушылары шақырған

кездесулерден қалмайды. Өзінің өмірден түйгенін, көрген-білгенінен қызықты әңгімелер айтып береді. Сол арқылы жас жеткіншектерге патриоттық-адамгершілік тәрбие беру ісіне де белсене араласып жүрген ардагеріміз деп айтуға әбден болады. Ол кісінің өмір жолы кейінгі жастарға ғибраты мол оңеге екені сөзсіз.

**ЕСКЕРТУ:** Бұл мақала 2004 жылы желтоқсан айында Мүкеңнің 80 жасқа толуына орай жазылған болатын. Қазір ол кісі бақылық болған.

## ШЫҒЫС МАЙДАНДА ОТ КЕШКЕН



Соғыс басталғанда Дөкен басқа да қара домалақ балалар сияқты ауыл мектебінде оқып жүрген. Біраз уақыттан соң шағын ауылда қара жамылғандар саны көбейіп, ер-азаматтардың бәрін майданға аттандырып жатты. Отан қорғауға араласу, ерлік көрсету мұның да ойында жоқ емес. Басқа да балалар мен қосылып жаз бойы колхоз малына шөп шабады, қыста фермаға

барып көмектеседі. Ауылдағы жеті жылдық бітірген 1943 жылы әскерге алынды.

Содан бұлар мінген эшелон шығысқа қарай бет алып, Иркутск қаласына келеді. Мұнда Қазақстанның оңтүстік және орталық өңірінен жасақталған артиллеристер дивизиясы құрамына қосылады. Елге деген сағынышта шек жоқ. Өзі туып-өскен Нұра бойын, ондаған Қобыкөл ауылын күн сайынғы қиындығы көп әскери дайындықта жүргенде де есінен бір тастаған емес. Әкесі мен шешесі, бауырлары көз алдында тұрады да қояды.

Сөйтіп жүргенде екі жыл уақыт тағы өтеді. Батыс майданға жібермейді. Бұл Шығыста екінші майдан ашылып,

Жапониямен соғыс басталған шақ. Сөйтіп, Германия өзінің сөзсіз тізе бүккендігін мойындаған 1945 жылдың 9 мамыры күні Дәлелі Бекәқұлы соғысқа кіреді. Бұл кезде Забайкаль әскери округіндегі олардың полкі Манчжурияда еді.

Жиырма жастағы қылшылдаған жігіт артиллерия оқтаушысы болатын. Снарядты орудияның дәл жанына қоюға болмайды, оны он метр жерден тастап әкеліп оқтайды. Диаметрі 76 мм зеңбіректі ХТЗ тракторымен сүйретіп жүреді. Оған жанармай артқы жақтан тасып жеткізіледі. Бірде жанармай таусылып, трактор тоқтап қалады.

Полк командирі де, батарея командирі де орыс жігіттері еді. Батерия командирі Забелин деген өзіміздің жерлесіміз, атбасарлық болатын. Сол екеуі келісіп, жан-жаққа барлаушылар жіберді. Барлаушылар осыдан оншақты шақырым жердегі бір шалашта жанармай бар екенін біліп келді. Ол жапондар тұрған қазарма екен. Соған машина мен кісі жіберді. Жолдың екі жағы ор, жан-жаққа бұрыла алмайды. Сол жолмен таяп, 50 метрдей қалғанда ағып, жүргізушіні жаралапты. Жанындағы солдат қапып келді.

Төрт орудияны бір батарея деп атайды. Біз сол батареялар ішіндегі үздігі болатынбыз. Сондықтан, жауды құрту біздің батареяға тапсырылды. Төрт зеңбірек бірдей атылған кезде әлгі шалаш аспанға бірақ ұшты.

Машина жүргізуші жігіт партия қатарына жаңада ғана кандидат болған екен. Оның төс қалтасындағы кандидаттық карточкасын оқ тесіп өтіпті. Өзіп жол жиегіндегі шөптің арасынан тауып алдық. Бет-ауызы қап-қан. Командиріміз құлағын тосып көрді де: «Мынау тірі», - деді. Медсанбатқа анарып тапсырдық. Кейіннен есін жиған соң білсек, жапон солдаттары оны оқ шығарып қайтеміз, өзі-ақ өледі деп ұрып-ұрып тастап кетіпті.

Тамыздың жетісі күні Забайкаль әскери округінің



қолбасшысы Малиповскийдің бұйрығымен бүкіл әскерді шекара түбіне шоғырландырды. Командирімізден шекараны барып көріп келуге рұқсат сұрадық. Ол әрбір полктен бір адамнан баруға рұқсат берді. Біздің полктен бір орыс жігіті барды. Біраздан соң түк те жоқ деп қайтып келді. Сөйтсек, шынында да құр тікен сымнан басқа ештеңе жоқ екен. Біздің түсінігімізде шекара деген тас дуал ма, әлде басқа ма, әйтеуір бір алынбайтын камал сияқты болып көрінетін. Содан тамыздың тоғызы күні шекарадан өттік қой.

Хайлар чеген қалаға келіп кірдік. Бір айтатын жағдай – осы қалаға кіретін ұзындығы 7 шақырым тас жол бар. Бізде сонымен келгенбіз. Рас-өтірігін кім білсін, осы жолда келе жатқан танкі, самоходкасы, тағы басқа техникасы бар 40 мындай жауынгер қырылышты. Өйткені, тас жолдың екі жағы терең ор, одан әрі қалың өскен шөп, камыс. Жапон самурайлары сол шөптің арасына тығылып алып, екі жақтан атқылай берген ғой.

Сол қаланың астын үңгіш, үш дивизия тығылып жатыпты. Біздің солдаттар көшеде келе жатып жоқ болып кетеді. «Егер мұны тоқтатпасаңдар, бүкіл қаланы жоқ қылып жібереміз», - деген соң ғана мұндай әрекеттер тоқтатылды. Қазір сол қаланың сыртында Кеңес жауынгерлері жерленген «Бауырластар қабірі» бар, - деп Дөләш Ысқақұлы майдан әңгімелерін аяқтады.

Жапония тізе бүккен соң елге қайтатын шығармыз деп жүрген. Содан бес жылдан соң зорға қайтарады ғой. Өйткені, дивизияны бұрынғы тұрған жері Чита облысына әкелген соң қайтадан құрады. Ол кезде Дөкенді жеті кластық білімі болған соң авиацияға кіші маман даярлайтын мектептің тоғыз айлық курсына жібереді. Оны бітірген соң Камчаткаға аттандырады. Сонда бес жыл бойы авиацияда моторист болып істейді. Мұндай мамандық ол кезде мүлде

жоқ болғандықтан. Дөкеңді екі жыл мерзімінен артық әдейі ұстапты.

Жалпы саны жеті жыл әскерде болып, елге оралған соң үйленіп, шаңырақ көтереді. Әуелде Нұра ауданы бойынша агент болады, одан соң өзінің туған ауылы Куйбышев совхозына (қазіргі Ақмешіт ауылы) келеді. Ауылдық Кеңестің төрағасы, Семеновка селосында (қазіргі Қобыкөл ауылы) ферма меңгерушісі болады. Содан зейнеткерлікке шыққан.

Қазір 75 жастағы қарияның омырауында екінші дәрежелі «Отан соғысы» ордені мен көптеген медальдар жарқырайды. Бәйбішесі Зәкіш екеуі сегіз бала тәрбиелеп өсірген. Іштерінде жоғары білім алғандары да бар. Бәрі де өз алдына үй болып кеткен. Кіші баласы Бауыржан мен келіні Айша өз қолдарында. Бүгінде қос қария немерелерін қызықтап, Қобыкөлде тұрып жатыр.

Ақсақал Президент саясатына дән риза. Зейнетақысын уақытымен алып тұрады. Ол үшін Нұра ауданының әкіміне деген алғыс сезімін жеткізуімді өтінді.

**ЕСКЕРТУ:** Бұл мақаланың жазылғанына да он төрт жылдан астам уақыт болыпты. Ұлы Жеңістің 60 жылдығына орай соғыс ардагері ретінде Дөкең пәтерге ие болған еді. Бәйбішесі Зәкіш апа да ертерек бақилық болып кетті. Биыл, яғни, 2013 жылдың маусым айында 89 жасқа қараған шағында Дөкең де Қарағанды қаласында өмірден өтіп, туған жері Қобыкөл аулындағы аға-баба қорымында жамбасы жерге тиді.

## МАЗМУНЫ

### Бірінші бөлім ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЛҒАН ЖАЛЫҚПАС

Ұлағатты ұстаз, іскер басшы .....	4
Бастауыштың білігірі .....	10
Жарты ғасырлық жол .....	13
Бағдат шыққан биіктер .....	20
Халықтың Қанаты .....	24
Беделді белестер .....	28
«Жетістіктеріміз айтарлықтай» .....	34
Мәртебелі мамандық иесі .....	42
Халқы қадірлеген ұстаз .....	48
Жәкең жырау атында .....	50
Жүрегі жылы жан .....	56
«Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпак» .....	60
Он саусағынан өнер тамған .....	65
Шаңғышы .....	69
«Халыққа қызмет – зор міндет» .....	73
Үйлесімді істердің ұйытқысы .....	79
Ұстаз атындағы дәрісхана .....	82
Түлектерін ұшырды .....	86
Ұрпаққа ұлағат .....	89
Өнер жолында .....	92

### Екінші бөлім ЕҢБЕГІМЕН ЕҢСЕЛІ

Бір әулеттің ұйытқысы .....	98
Пима басқан Қасым .....	101
Әке жолымен .....	106

Алғысқа бөленген азамат .....	110
«Сапа – басты көрсеткіш» .....	115
Луыл ардақ тұтты .....	120
Самолетті тоқтатқан .....	125
Белгілі әннің авторы .....	130
Пұр шуағы шашылған .....	134
Шахтер Шәкен.....	139
Ел білетін Біләл .....	142
Әділдік ақ жолында .....	147
Байлығы істің басында .....	158
«Темір тұлпарды» тізгіндеген .....	162
Өмірі өнегелі өрен.....	166
Қатайған қанат талмайды .....	179
«Консалтинг кең құлаш жаяды» .....	185
Ақтастының ойнайды ақ балығы .....	191
Еліне еңбек сіңірген .....	196
Сот саласының мақтанышы .....	202
Ел ардақтысы .....	206

### Үшінші бөлім МАЙДАНГЕРЛЕР

Қаламыздың қадірменді азаматы.....	213
Нұрлы Нұра тумасы .....	218
Асқар таумен тең еді .....	222
Күй күдіреті .....	225
Қайыспаған қарт сарбаз .....	231
Артында ұрпағы бар .....	237
Ерлі-зайыпты жауынгерлер.....	240
Батыл барлаушы .....	245
Ағаның асқақ арманы .....	249
Шығыс майданда от кешкен .....	254

**Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ**

# **Азаматым – асқарым**

Басуға 03.12.2013 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/16.

Қарін түрі Times New Roman.

Қағазы офсеттік. Көлемі 15,11 баспа табак.Тансырыс №3413

Таралымы 500 дана.

ЖШС «Tengri Ltd» баспаханасында басылып шықты.

100022, Қарағанды қ., Бұқар Жырау даңғылы, 84 үй.

Тел.: 8 (7212) 43 19 54.

Моб.: 8 (702) 222 30 22, 8 (700) 222 30 22

e-mail: tootengri@mail.ru



**Сүйіндік Жұмабайұлы ЖАНЫСБАЙ** – Қазақстан Жазушылар одағының және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Құрметгі журналисі, Республикалық «ЗдравРеформ» конкурсының жүлдегері, Орта Азия Экологиялық журналистика фестивалінің дипломанты. «ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне 10 жыл» мерекелік төсбелгісімен марапатталған. Облыс әкімі «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері.

ҚарМУ-дың филология факультетін бітірген. Студент кезінде Қарағанды қаласындағы Совет аудандық ПБ-де учаскелік инспектор болды. Сарап педагогикалық училищесінде сурет және сызу пәндерінің оқытушысы, Қарқаралы ауданындағы «Ынтылы» совхозындағы №30 сегізжылдық мектепте, Қарағандыдағы Н.Нұрмақов атындағы №2 мектеп-интернатта мұғалім болған.

Шығармашылық еңбек жолын 1974 жылы Қарағанды облыстық теле-радио комитетінде редактор болып бастаған. 1980 жылдан 2013 жылға дейін облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде тілші, аға тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы болып қызмет атқарды.

Көптеген кітаптардың авторы. Солардың ішінен милиция өмірінен «Өкініш» (орыс тілінде «Взятка») атты әңгімелер мен очерктер жинағын, «Адамша кел» әзіл-сықак әңгімелерін, «Ауылымды аңсадым» өлеңдер жинағын, облыстың экологиялық мәселелеріне арналған «Сарыарқаның самалы» жинағын, «Кездесу» атты повестер мен әңгімелерін, «Ақабайдың ала қабы» атты әзіл-сықактарын, орыс тілінен аударған «Алтай ертегілері» кітабын, «Азаматым – ардағым» атты портреттер кітабын атауға болады.

